Осы кезең маңызды оқиғаларға толы болды. Орта Азия отарға айнала бастады. Халық Иасауи хикметтерінен ғана жанына тыныштық тапты. “Диуани Хикметтің” алғашқы тас баспа нұсқалары да көбейе бастады. Қолжазбалар да қолдан көшіріліп жатты.

Сол дәуірдің тағы бір атақты ақыны, Үстірт жерінде, қазіргі Түркімен сахарасында өмір сүрген Мақтымұлы Фирағи (1733-1797) “Құл Қожа Ахмет Иасауи” атты өлеңінде:

Ғашықтардың ах-ында, Құтб-ул Исламда,  
Жайхун бауырында, Садра сахарада,  
Иасы шахарында,  
Менің сахиб жамалымды көрдің бе?  
Әзіреті Әли жеткізген әлемге дағуа,  
Қафтан-қафқа түсті Әзіреттің үні.  
Әй, жеті ықылым иесі Ахмет Иасауи,



Менің сахиб жамалымды көрдің бе?  
Мекендеген Қаратаудың бауырында,  
Ғалымның елінде, Исаның орнында,  
Жердің арқасы, Көктің ішінде,  
Менің сахиб жамалымды көрдің бе? [7, 54-55 бб; 277.]

Иасауи жолының моральдық, этикалық негіздерін хатқа түсірген, Иасауи жолы мен мәдениетінің көрнекті өкілі, Сұлтан Ахмет Хазини болатын. Бұл жөнінде «Тарихтағы Иасауи мәдениеті» атты тарауда тереңірек тоқталып өткенбіз. Оның қаламынан шыққан “Манба ул-абхар фи рийаз ил-абрар” және “Жауахирул-абрар мин амуажил-бихар” атты еңбектер Иасауи жолының мақсаттары мен мәнін тарихи-рухани, әдеби сипатта танытқан. Бұл еңбектердің мазмұнында Иасауийа тариқатының этикасы, фақр-рухани кедейліктің маңызы, сопылық моральдың қажеттілігі, рухани кедейліктің шарттары баяндалған.

Хазини Қожа Ахмет Иасауи туралы былай дейді:  
«Қожа Ахмет Түркістан мен Шамның шайхы,  
Барлық жария зікір тариқаты даналарының данасы,  
Болды мәшхүр, Хз.Али жолындағылардың шахы,  
Батыс пен Шығыста Ахмет Иасауи  
Арабтардың тірегі, парсы пірі, түріктердің шайхы,  
Дүниенің көсемі, ұлы әзиз, құтыптар құтыбы,  
Сардар Шайхы, Хз. Али жолындағылардың сейді.  
Ғұлама мен даналардың атасы,  
“Ладун ілімі”көрініс тапқан айнасы  
Екінші Мұхаммед ол Түріктердің Сұлтаны,  
Дін мен дәулеттің данасы, шайхы.  
Түзді әлемде ғажайып силсила  
Түсті арз-и қалбтерге зілзала  
Әулиеден ешкім оған тең емес,  
Тақуадан ешкім оған тең емес.  
Хақиқат шахарында оған тең ешкім жоқ.  
Киді, келді мираж хиркасын

Қияметке дейін тариқаты жалғасады» [8, 18/65]. Бұл еңбек Иасауи жолы мен Иасауи туралы аңыздарды қамти отырып, оны нұр, Алланың сырын ашушы, барша шайхтардың шайхы, Мауараннахр пірлерінің тандаулысы, түрік машайыхтарының қақпасы, ұстазы, мәңгілік тариқат ара зікірінің атасы, әлем мойындаған темірқазық екендігін дәріптеген. Рисалада Иасауидің сопылық туралы ойлары, “өлмей тұрып өлу” ұстанымына негізделген фақр философиясы талданған [9, 10 б.].

Хазини – Иасауийа тариқаты мен оның негізін қалаған Иасауидің артына қалдырған мұрасын Данышмендиден кейін хатқа түсіріп, Османлы топырақтарына жайған ғұлама. Атақты иасауитанушы, түрік ғұламасы Фуат Көпрүлү өзінің “Түрік әдебиетіндегі алғашқы сопылар” атты еңбегінде Хазинидің “Жауахир-ул абрар” еңбегінен пайдаланған [10, 35 б.; 98 б.].

Әлішер Науаи “Насаимул Махабба” атты еңбегінде былай дейді: “Қожа Ахмет Иасауи (қаддасалаху тағала сирраху) Түркістан елінің шайх-ул машайыхы еді. Мақамы ұлы, мәшһүр, әулиелік кереметінде кемшілік жоқ. Муридтері мен серіктері көп, астанасында ханы мен қарасының шексіз ықыласына бөленіп жүретін. Имам Жүсіп Хамаданидің сұхбаттасы еді. Шайх Нажмеддин Кубра Қожа Ахмет Иасауидің рухани қызметінде болып, оның тәрбиесін көрген. Оның мазары Түркістанда Иасы деген жерде, сол жерде туылған еді. Ол Түркістан халқының дұғасының құбыласы...” [2, 383 б.]. Бұл еңбек Жамидің “Нафахатул Унс мин Хазарат-ил Қудс” атты библиографиялық еңбегінің кеңейтілген түрі. Науаи бұған қосымша 150 ден астам түркі машайыхтары туралы мәлімет қосып, атын өзгертіп, 1495 жылы қайта көшіріп шыққан болатын [2].

Науаи дәуірінде өмір сүрген Фахруддин Али Сафии Ибн Камалуддин Хусайн ал Уайз ал-Кашифидің “Рашахат-ул айн-ул хайат” еңбегінде Иасауи туралы мәлімет бар. Бұл кітап негізінен “...Қожа Убайдуллах Ахрар туралы жазылған болатын. Кашифи, Қожа Ахрар қай жерде қай шайх туралы айтса, сол шайхтың қысқаша өмірбаянын жазып қалдырдым” [11, 10 б.] дейді.

Бұл кітап негізінен хожаган силсиласы, яғни, Нақшбанди тариқатының өкілі Хожа Убайдуллаға арналды. Хожа Убайдулла Қожа Ахмет Иасауиді өзіне пір тұтқан. Сондықтан еңбек түркі машайықтарынан басталып жазылады. Кашифи Иасауи туралы, Ахрардың баяны бойынша мәлімет береді: “Қожа Ахмет Иасауи Жүсіп Хамаданидің үшінші халифасы еді. Түріктер оны Ахмет Иасауи дейтін. Түріктер “ата” деп, ұлы бабасына, Ұлы машайықтарға айтады. Түркі елінің атақты қалаларының бірі Иасыда туылған. Қабірі де сол жерде. Кереметі ұлы, мақам мәртебесі жоғары еді” [11,22-35 бб.]. Кашифи Иасауидің Түркістандағы тарихи орны, әулиелік рөлі жөнінде, ұстазы Арыстан баб, шәкірттері Мансұр Ата, Абдулмалик Қожа, Тажи Қожа, Сайид Ата, Сулайман Ата, Сайид Мухаммед Данышменди, Хақим Ата, Зәңгі ата, Ұзын Хасан Ата, Исмаил ата, Исхақ Қожа, Садр ата, Бадр ата, Аламин баба, Маудид шайх, Камал шайх, Хадим шайх және т.б. түрлі машайықтары туралы мәлімет қалдырған.

Атақты Молда Мұса да өзінің “Тарих-и амнийя” атты еңбегінде Иасауи туралы мәлімет береді. Иасауидің имам Мұхаммед Ханафи яғни, Хз.Али тұқымынан тарағандығын айтады [12, 286 б.]. Иасауи мәдениетіне қатысты оның Хз.Мұхаммед “берекесімен” Құт ілімін Түркістанға жайғандығын білдіретін “құрма аңыз” көптеген тарихи деректерден орын алған. Қожа Бухари Сайид Хасан өзінің “Музаккир-и Ахбаб” атты еңбегінде “Хз.Пайғамбар Арыстан бабаға Сұлтан Ахмет Иасауиді қалай табатындығын, оған тәлім-тәрбие беріп, өсіруін аманат етіп тапсырғандығын” [13, 299-301 бб.] жазады. Бұл аңыз бұл кітаптан басқа Орта Азияға танымал еңбектердің барлығында бар [14, 173 б.].

Аңызда ақиқаттың, тарихи шындықтың негізгі желілер бар. Иасауидің ұстазы, ілімінің мәні – құрманың символдық, терминдік анықтамасы арқылы сопылық жолдың сабақтастығы сөз болады. Аңыз болғанмен Иасауидің мемлекет, саясат және хан әулетімен тығыз байланыстылығы, Иасауи тариқатының әскери түркі тариқат екендігі зерттеушілер тарапынан жазылып жүр. Иасауидің ең атақты шәкірті Хақим Ата Құл Сүлеймен Бақырғани, ұстазы туралы: “... аслы оның хана-дан, білмес осы көп надан” деп жазады. З.В.Тоган да Иасауидің ескі көк түріктерден, Қарахан әулиетінен шыққандығы туралы жазып кеткен.

Иасауийа тариқатының бір ерекшелігі ондағы сопылық ұғымдарды беретін тіркестер тікелей асқа қатысты болып келеді. Мысалы, сопылық ілім – құрма, тариқат жаю – софра (дастархан) жаю, тұтмақ, әулиелік ишараты – софра қалдырмақ, тариқат қағидаларының ең бастысы – қонақ күту, ас жегізу, нан тарату және т.б.

Иасауи тариқатының әскери тариқат екендігі, тікелей мемлекет қолдауында болған көшкені мәдениеттің жемісі екендігін білдіретін “Қарашық” аңызы да көптеген трактаттарда жазылып қалдырылған. Онда қарашық тауы ислам аша келген билеушіге алдырмайды. Сол кезде жас Ахметтің әулиелік уақыты келіп “әкесінің дастарханын көтеріп” Қарашыққа келеді. 99.000 кісіге нан таратты”. Қарашық тауы тегіс жерге айналады. Барлық әулиелер Иасауиге құрмет етеді. Сол елдің ханы Иасауи деген кісі екен. Ахмет егер әлемде бізді сүйетін жан болса, сенің атыңмен еске алсын дейді. Содан бері Ахмет Иасауи деп аталады екен.

Бұл аңыз болғанмен Иасауидің Түркістан, Дешті Қыпшақ даласындағы исламды жаюдағы орны аңыз тілімен баяндалады. Аңызды герменевтикалық тұрғыдан талдап, сопылық ұғымдармен түсіндіретін болсақ, мынандай нәтижеге қол жеткізуіміз мүмкін. Біріншіден, Иасауи сол елдің ханының қоластында тариқатын дамытады. Иасауи тариқатының кемелденудің төрт шартының бірі “рабт-и сұлтан”, яғни, патшаға беріктік.

Патшаға қызмет хаққа қызмет, тариқат кепілі ретінде патшаны таниды. Екіншіден, дін мен мемлекет одағы, теократиялық білікті көрсетеді.

Үшінші, софра қалдыру, нан тарату, қарашық тегістеу – бәрі исламды жаюға, тариқатты үстем қылуды білдіретін ұғымдар. Сол кезеңдегі аңыздардың дені “Кедір-бұдыр” жер деп – кәпірлер мушрикер мекендейтін жерді айтады. Ал, “тегіс, жазық жер” деп мұсылман топырағына қарасты жерлерді меңзеген. Иасы сөзінің тегі “жазық, тегіс” деген мағынаға келеді. Сонымен Иасауи және мәдениетіне қатысты деректер “Кунх-ул Абрарда” да орын алған [15, 54 б.].

Қажы Бекташ Уәлидің “Уалаятнамасында” Қожа Ахмет Иасауидің тоқсан тоғыз мың муриді болғандығы айтылады [16].

Фаридиддин Аттар, “Мантқиқ-ут-тайр” атты еңбегінде Иасауидің ұлы Ибраһимға қатысты аңызды жазады. Онда Иасауидің төзімділік, сабыр, кемелдігі сөз болады [17].

Хусаммеддин Муслими, “Тауарих-и Бұлғарийа” атты еңбегінде Иасауи руханиятының Әмір Темірге күш-қуат бергендігін, оған ризашылығы ретінде Әмір Темірдің Түркістан ханы Ноғайбекке ғимарат салдыртқаны туралы жазады [18, 216.].

Иасауидей пірге Әмір Темірдің қызметі мен құрметі тарихтан белгілі. Әмір Темір Османлы патшасы Баязид Сұлтанды жеңерде Иасауидің “Жолдан өткенді нұрландырған, Бір демде әлемді Гүлістан еткен, Бес мүшкіл ісім түсті, оңай еткін, Ей, баршаның мүшкілік жан еткен” деген жолдарды жетпіс рет оқығанда Анкара соғысында жеңімпаз болдым” деп жазады [19, 00 б.].

Аңыз бойынша күнделікті ішіп жүрген шайымызды да Дешті-Қыпшақ даласына әкелдірген Иасауи бабамыз екен [20, 658 б.]. Аңыздарда Иасауи өлсе де, руханияты тірі, ол “ишаратымен” бүгінге дейін дүниенің төрт бұрышына ұстаз жіберіп отырған. Мысалы, қазақтар арасынан қыпшақ Бірәш ұлы Абираш Сопыны Бұлғар еліне жіберген. Иасауи Адай Ешмұхаммед Токмұхаммедұлы “Шайх Баба” атымен танылған, Батыс өңірінде жария зікір ұстазын руханиятымен тәрбиелеген [18, 22-24 бб.].

Дешті Қыпшақ даласында Иасауиді “Қара Ахмет”, яғни, Ұлы Ахмет деп таниды. Еділ жағасында: “Бұл сөздердің көбісі, Әулиелер ұлысы, Ахмет Иасауи сөзі, Оны сүйгенді Алла сүйеді” деген термелер бар [21, 2 б.].

Иасауи шәкірттері Дәшті Қыпшақ, Орал, Кавказ, Хорасан, Алтай, Шығыс Түркістан, Солтүстік Түркістан (Ауғанстан), Үндістан, Пакистан, Иран, Ирак, Түркия, Балқанға дейін барып “софра жайған”, яғни, Иасауийа тариқаты мен мәдениетін жайған. Солардың ішіндегі Анадолы топырақтарында мәшһүр болған Қажы Бекташ өзінің “Китаб-ул Фауaid” атты еңбегінде: “Бір дәруіш Қожа Ахмет Иасауидің алдына келіп, ей, ұстаз, маған “Таухид” мәселесін түсіндір, дейді. Иасауи оған шақпақ қантты көрсетіп, “Мынау не?” деп сұрайды. Дәруіш “бұл қант” деді. Иасауи оған шақпақ қантты беріп, енді осыны бөліп, майдалап әкелуін сұрайды. Дәруіш қантты бөлшектеп әкеледі. Шақпақ қант бірнеше бөлшектерге бөлініпті. Оның әрқайсысын бұл не деп сұрайды. Дәруіш бұл әрине қант дейді. Қант басқа формалар алды. Онда атқа, түйеге, қойға ұқсас формалар бар еді. Иасауи қайтадан енді, осыларды ұнтақтап келуін сұрайды. Дәруіш қантты ұнтақтап алып келеді. Енді бұл не дейді. Дәруіш әрине қант деп жауап береді. Иасауи, міне, таухид дегеніміз осы” деп жауап береді [22, 8 б.]. Жария зікір Иасауи тариқатының негізі әдістерінен саналады. Бұл туралы, Жалалдин Кашани: “Қожа Ахмет Иасауи Түркістан топырағында жария зікір жолын ұстаған. Нақшбандилер де өз жолын Түркістанға жаярда жария зікір салуға мәжбүр болған. Иасауийа тариқаты тарихи тұрғыдан нақшбандийа мен бекташийа тариқатына ықпал еткен. Кейбір деректер нақшбандийа тариқатының негізін салған Бахауддинді тікелей Иасауийа тариқатының өкілі ретінде танытады. Бахауддин Бухари, Иасауи шайхы Қусам Шайх пен Халип Атадан тариқат жолын үйренеді” [23, 416-417 б.].

Шарафуддин Иазди “Зафарнамасында” Иасауидің түркі мәдениеті, руханияты тарихындағы орнына бас иген Әмір-Темірдің оған кесене салдырғандығын жазып қалдырған. Маулана Абдуллах Садр деген кісі ғимаратты салуды ұйымдастыруды

мойнына алған. Ұстасы – Қожа Хусайн Шарази деген кісі болған. Әмір-Темір күмбездің, дуалдың шынымен қапталуын, мазар құлпытастың мәмәрден нақышталып өрнектелуін әмір еткен. Біткен соң қала халқын жинап, жетім-жесір, кедей бұқараға садақа таратып, Иасауи рухына құран бағыштатып, үлкен той жасатқан. Сосын әскеріне оралған [24, 112 б.].

Иасауи мәдениетінің тағы бір жалғастырушысы Құл Убайдидің «Диуанында» да Иасауиді пір тұтып, дәріптеген жолдар бар:

«Барша машайых сәруары, Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи,  
Сансыз муридтер рахбары, Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи,  
«Аллаһ» зікірі хамдамы, барша әулиелер ағзамы,  
Құдай сырының махремі, Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи,  
Бар дананың данасы, Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи,  
Хикмет теңізінің гауһары, Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи... [25, Р.8931]»

Иасауи мәдениетінің тағы бір өкілі Сәтгіұл жырау Иасауи туралы былай дейді:  
«Пәруар Пірдің басшысы,

Қожа Ахмет Иасауи, Түркістанда бұ да өткен,  
Туына жұртын түнеткен. Зікірін айтып зарланып,  
Пікірін бізге мұра еткен. Солардан мирас болынған,  
Шарифат шамы жағылған, Тарикат жолы табылған,  
Хақиқатқа бағынған. Әр орнында мешіт бар,  
Құдай үшін салынған, Бірден-бірге қаланған.  
Қожа Ахмет, Пір Бекет, Солардан үлгі алынған.

Сүгір Бегендікұлы атамыздың адамзат ұрпағының “жүзіңді нұрға, жүрегінді сырға толтырып, шайтаннан азат қылатын, көкірек көзін ашатын зікір ғибадатынан” хабардар етіп Иасауи мәдениеті туралы былай дейді:

«... Арманым осы жалғанда, Бір соға алмай барамын,  
Түркістан деген шаһарға, Қожа Ахмет Иасауи  
Зікірін айтып зарлаған, Жүзінен иман шашылған,  
Зікірмен шайтан қашырған, Көкірек көзі ашылған»

Аралбай Оңғарбекұлы (1854-1914) әрісі Пайғамбарымыздан, берісі Әзіреті Сұлтаннан, одан берісі Бекет Атадан жалғасқан шынжырлы руханият ілімінің шын жанашыры ұрпаққа былай деп өсиет қалдырады:

Көрерсің Хақтың дидарын, Кір жұқпаса діліңе,  
Адал болсаң дініңе, Жұмыртқадай аршылған.  
Жаппар Хаққа ұнайсың, Зікір айтып зарласаң.  
Жамағатқа ұнайсың, Пікір етіп барласаң.  
Одан өткен амал жоқ, Шартарапты шарласаң.  
Осыларға бекем бол, Ақыретті қамдасаң.  
Мединеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет,  
Маңғыстауда – Пір Бекет, Солардан сұра, нанбасаң!...

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Сүлеймен Бақырғани. «Бақырғани кітабы». «Евразия». Ташкент, 99. Дайындаған: И.Хаққұлов, С.Рафиддин. 15-16 бет.
2. Nevayî Ali-şîr. Nesayimü'l Mahabbe Min Şemayimi'l Fütüvve. Haz: Kemal Eraslan. Ankara 1996., (383 бет). 493 б.
3. Yunus Emre. Nayatı ve Açıklamalı Divanı. Ridvanoğlu. Elish Yay., Konya. 1999. s. 453 (94).
4. Tosun N., Ahmed Yesevi'nin Menakibi. IAm Araştırma Dergisi C.III, Sayı.1 (Ocak-Haziran 1998), 73-81ss.
5. Тоған З.В.. “Şeybanî şiirleri” /Yeni Türkistan. İstanbul, 1917. №1. s. 21-25.
6. Суфи Оллаяр. Сабот-ул Ожизин. Тошкент. «Мехнат» 1991, 28-47 б.

7. Махдумкули Фирағийнинг шеърлар тупламы, Собиратель: Шох Мухаммед Езмес, Кабул, 1360 х., б-54-55. (60).
8. Kur'an-i Kerim Meali. TDV,. уауылары. Istanbul. 1998
9. Нодирхан Хасан. Ахмад Махмуд Хазиний. Ташкент., “ФАН” нашриёти. 2001-104 б. 72 а; 10:
10. Köprülü. F. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. Ankara, 1991.7. Baskı. D.İ.Yayı., 415 s., 146-147 s.
11. Фахруддин Али Сафии Кашифи. Рашахату айнил-хаёт. Таржимон: Домла Худайберган ибн Бекмухаммад. Нашр: Хасанин., «Абу Али Ибн Сино», 2004.-536 б.
12. Molla Musa. Molla İsa Seyramî. Tarih-i emniye, Kazan, 1905. s. 286.
13. Насе Накібү'л eşraf Buharî Seyyid Hasan. Müzekkir-i Ahbab, Берлин. Кораль кітапханасы, қолжазба., 299-301 беттер.
14. Насі Süleyman Efendi. Divan-i Belagat unvan-ı Sultanü'r arifin Носа Ahmed Yesevî, İstanbul, 1299, s. 173.
15. Gelibolulu Mustafa Alî. Künhü'l Ahbar, с. 5. İstanbul, 1277, s. 54.
16. Vilayetname Menakib-i Hünkar Насі Bektaş Veli, İstanbul. 1958.
17. Feridü'ddin Attar. Mantıku'l-Tayr.
18. Хусамеддин Муслими. Рисала-и Тауарих-и Булғарийа. Казан. 1902. б. 21.
19. Timur. Çev: Hucendli Kadı Mahdum Nebî Can Hafif, Vakıvat-ı Timur, Taşkent, 1308.
20. Abdülkayyum Nasırî. Fevakidül Culesa. Kazan. 1884. s. 658.
21. Şemşeddin Muhammed b. Nur Muhammedü't Tarihi, Köylü İmanı, Kazan 1903, s. 2.
22. Hazret-i Hünkar Насі Bektaş-ı Veli'nın Vasıyetnamesi. (Kitabü'l Fevaid). İstanbul 1959, s. 8.
23. Lamiî. Nefehatü'l üns tercemesi, İstanbul, 1289, s. 416-417.
24. Cemal Anadol. A.a.e., 112. Şecefü'ddin Yezdî, Zafername-i Timur. Yazma Muhammed Ali bin Derviş Buharî; Zafername-i Timur tercemesi; Encyklopedie de L'Islam, Ahmed Yesevi; s.112.
25. Құл Убайди. Өз.Ғылым Академиясы Әбу Райхан Бируни атындағы Шығыстану Институтының кітапханасындағы сирек қолжазбалар бөлімінде Р.8931 тіркеулі.

**Қ.А. ЯСАУИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ ТАНЫМЫ**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ІЛІМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ**

**А.Т. Тайжанов,**

*филос.ғ. докторы, профессор*

*Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті  
Қазақстан, Ақтөбе қ.*

**Андатпа.** Қожа Ахмет Ясауи ілімі бүкіл түркі қауымына ортақ қазына. Алайда оны зерттеп, зерделеу тек Тәуелсіздік жылдары мүмкін болды. Автор мақаласында осы уақытқа дейін жинақталған материалдар негізінде және Ясауидің «Диуани Хикмет» еңбегін талдау арқылы оның қазақ руханиятына қосқан үлесін көрсетеді. Қоғамымыздың рухани жетілуі үшін жас ұрпақты имандылыққа, инабаттылыққа, отанын сүйуге, адамзатты құрметтеуге тәрбиелеуіміз керек. Автордың ойынша Қ.А.Ясауи мұралары осы істі жүзеге асыруға септігін тигізетін рухани танымдық мұра.

**Кілт сөздер:** Қ.А. Ясауи, руханият, діни таным, өмір мен өлім, патриоттық сезім, адами болмыс, адамгершілік, адалдық.

**Annotation.** The teachings of Khoja Akhmet Yassawi are a common treasure for the entire Turkic community. However, it was possible to study it only during the years of Independence. In the article, the author shows his contribution to Kazakh spirituality based on the materials collected so far and by analyzing Yassawi's work «Diwani Hikmet». For the spiritual development of our society, we must educate the young generation to be faithful, virtuous, to love the motherland, and to respect humanity. According to the author, the heritage of K.A. Yassawi is a spiritual and cognitive heritage that helps to implement this work.

**Key words:** K.A. Yassawi, spirituality, religious knowledge, life and death, patriotism, human nature, morality, loyalty.

Жақында Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайда ҚР Президенті дүниеге ақыл – парасатпен қарау және еркін ойлау секілді ханафизмге тән қасиеттер ислам өркениетінің қайта өрлеуіне жол ашқанын айта келіп: «Ислам дінінің Ұлы Дала төрінде таралып, тамыр жаюына орасан зор үлес қосқан, түркі әлеміндегі сопылық ілімнің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге айрықша назар аударуға шақырып, бұл мәселе бойынша арнайы симпозиум өткізудің қажеттігін» - айтты [1].

Қожа Ахмет Ясауидің өмір жолы, рухани мұралары жария бола бастағаны негізінен Тәуелсіздік кезеңінде. Кеңес өкіметі тұсында жалпы дінге, әсіресе, Ислам дініне деген көзқарас теріс қалыптасты. Маркстік – лениндік идеология тұсында дінді насихаттау, оның маңызын түсіндіру сол тұстағы саясатқа жат құбылыс еді. Сондықтан тіпті діннің имани – адамгершілікті жағы да айтылмады. Осындай себептердің салдарынан біздің бағзы заманғы бабаларымыздың әлемдік руханиятқа қосқан елеулі үлестерін жас ұрпақ тани алмайды. Көне ғасырларда Ұлы Дала пайғамбары атанған Заратуштра жасаған, Шығыстың мың жылдық даналығы жинақталған «Авеста» кітабы, кейінгі замандардағы Тәңірлік дүниетаным христиан, будда, ислам сияқты әлемдік

діндердің ең өзекті постулаттарына негіз болды. Осы тұрғыда алғанда «Ұлы Дала өркениетін рухы биік халықтар жасады»[2]-деген академик М.Қозыбаев тұжырымы, профессор А.Қыраубаеваның: «Ә.Марғұлан «Авестаны» жасаған Әмудария мен Аралды мекендеген ғұндар (*кердері, абдалдарды айтады*)»[3, 178] - деп ой қорытқандеген уәждері толық дәлел бола алады. Ал Сырдария мен Әмудария аралығын бағзы заманнан көшпелілер мекендегенін ғалымдар бір ауыздан тұжырымдаған. Сондықтан, көне түркілердің Тәңірлік дүниетанымы, Ислам діні, Ахмет Ясауи ілімі Орта Азия халықтарына, оның ішінде көне қазақтарға да ортақ рухани мұралар екені бұл күндері дау туғызбайды.

Қазақ философиясы тарихында Ясауи этикалық-философиялық көзқарасының маңызы мен мәнін ашудың практикалық пайдасы зор. Өйткені оның көзқарасының негізгі идеялары моральдық құндылықтарға табан тіреуімен қатар, өз өміршеңдігін жоғалтпастан, елдіктің сынға түсер әрбір шешуші сәтінде бой көрсетіп, өзектілігі артып отыр.

Тәуелсіз қазақ мемлекетінің баяндылығы мен өркендеуі үшін жүзеге асырылар ұстанымдар мен негізгі бағыттардың бірі - мемлекеттің бірегейлігінің негізі қазақ мәдениетін, оның рухани желісі түркі-ислам өркениетін зерттеу. Осы өркениеттің орталық дінгегі, руханиятымыздың айнасы, алғаш түркі сопылық мектептің негізін қалаған Қ.А. Ясауидің философиялық-этикалық ілімінің тарихи-мәдени және дүниетанымдық қайнаркөздері.

Сопылық адамның ерекше қабілеттерін ашуға арналған әлеуметтік дүниенің бір көрінісі. Сопылық деңгейге көтерілу үшін адам өз бойындағы кейбір қасиеттерін дамытуға тиісті. Ал оны істемеген адам сол бұрынғы қарапайым күйінде қалады. Сопылықтың құрылымында қатал шындық пен нәзік әлем, жарық дүние мен қара түнек, үйлесімділік пен шым-шытырық түйісіп, астасып жатады. Сопылықты түсінудің өзіндік тылсым тіні бар[4, 42]. Сопы – ислам дінін берік ұстаған адам, ол шариятты басты рухани күш ретінде қабылдап, тақуалық өмір салтын қадір тұтады.

Ұлы ойшылдардың айтып кеткен сөздерінде ғасырларды жалғастырып тұрған сыр бар, өмір мәніне тереңдей бойлаған өзек бар. Сондықтан да болар жалпы түркі тілдес халықтарға ортақ және мұсылман дінін уағыздаушылар пір тұтатын Хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи есімі қазақ даласының ойшылы тарихқа алтын әріппен жазылған алыптардың бірі.

Кең байтақ қазақ даласында талай ғұламалар өмір сүріп, әлем мен адам сырын ашуға талаптанған, тіршіліктің мәнін іздеп, құдіретті күштердің ықпалын талдауға ұмтылған. Міне сондай әр түрлі бағыттарға, салаларға бөлінген дүниетанымдық ізденістердің бір көрінісі – сопылық философия. Орта ғасырдағы сопылық дәстүрдің көрнекті өкілі Қожа Ахмет Ясауи ерекше тұлға ретінде халық санасында сақталған.

Кеңестік дәуірде маркстік – лениндік идеология «Дін апиын» деп үйретті. Әрине, діни сенімді апиынға теңегендердің пікірімен келісуге болмайды. Оның орнына қазіргі кезде қоғамымыздың алдындағы қауіпті, дерт, нағыз апиын – *нашақорлыққа* деген жиіркеніш сезімін жасөспірімдердің бойына сіңіруіміз қажет. Жастардың ата-бабасы ұстанған дінінен безініп, өзге дінге өтіп жатқан тұста, қоғамымызға жат болып саналатын қылмыстық әрекеттердің қаулап өсуінің себептерінің бірі – *нашақорлық*. Жастардың рухани құндылықтардан, адамгершілік бағдарлардан айрылуы олардың түрлі зиянды діни секталардың соңынан еріп кетуіне әкеліп соғуда. Көп дінге бөліну – қарама-қарсылықты дүниетанымға бөліну деген сөз. Оның арғы жағында көпэтникалық Қазақстан халқының бөлшектеніп, өзара жауығу құбылысы тұрғаны анық. Өйткені, дін – адамзат өміріне, оның рухани дүниетанымдық дамуына, көзқарасына ықпал жасап отыратын құндылық. Оның қоғамдағы ролі ерекше. Сондықтан, көпдінділіктің етек алуының табиғатын танып, оның елдің біртұтастығына зиянын тигізбеуін қамтамасыз етудің мемлекеттік шараларын жасау билік субъектілерінің саяси міндетіне айналып отыр.



Ыбырай Алтынсарин ислам дінін уағыздаудағы Қожа Ахмет Ясауидың еңбегін «шариғат мәнісін толық тексеріп, халыққа түсіндіріп берген еңбек» - деп жоғары бағалаған [5, 22].

Ұлтымызды сақтап, тегімізді бүтіндеу үшін, рухани тарихымызды түгендеу үшін жас ұрпақты ұлттық сауаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуіміз керек. Иmandылық тәрбиесінің мақсаты – адамзатты ақиқатқа жетектеу. Мемлекетіміздің, қоғамымыздың болашағына жауап беретін адал, мәдениетті, білімді азамат тәрбиелеу. Иман, инабат, адамгершілік, ізеттілік, ізгілік іздерінің қайнар көздерінің бірі – діни таным. Дін – адамның күнәдан тазару жолдарының, адамды адамшылыққа бастау, тәрбиелеу жолдарының бірі.

Қазақ халқының ата-бабасынан келе жатқан байырғы діні – Ислам діні. Ислам – ұлттық дін емес, ол әлемдік дін болып саналады. Ислам дінінің әлемдік деңгейдегі ірі өкілі, қазақ жерінде суфизмнің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи:

Діні бөлек, ол да адам,  
Қиянат оған жасама.  
Хақтың өзі жазалар,  
Қиянатшыл тамұқта, - деген болатын.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп Алланы таза жүреппен сүйген дана Абай: «Адамзаттың бәрін сүй «бауырым» деп» дейді. Адам, барлық адамзат баласын өзіне тең көрсе, діннің гуманистік потенциалына ден қойса, оның адами сапалары шындала түсері ақиқат. Өсек-өтірік айтпаса, алдамаса, ешкімнің ала жібін аттамаса, өмір бойы адамгершілік, имандылық жолымен адал жүріп, адал тұрса, ол адамның кісілікті кісі болғаны.

Кішіпейілділік, мейірімділік, ізеттілік, қиналған сәтте қол ұшын берушілік, әділдік тағы басқа асыл қасиеттер кісілікті кісілер бойынан табылады. Адал еңбек етудің орнына ұрлық-қарлық, жемқорлық жасаса, денсаулығын сақтау орнына арақ ішіп, наша тартып, ақылынан адасса, темекі тартып тәнін уласа, адал жар болу орнына отбасының ойранын шығарса, қанағат етудің орнына орындыққа қызығып пара берсе, немесе, пара алса, алақанына салып аялап өсірген ата-анасын қартайған шағында тастап кетсе, өз сәбиінен өзі безсе, сөзі дұрыс, ісі нақұрыс екіжүзді болса, әлсіздер мен жетімдерді қорласа – адамгершіліктен адалығы, имансыздығы.

Имандылық пен сауаттылық қасиеттерді қатар ұстап, ой-өрісімізді кеңейтіп жан-дүниемізді тазартуымыз керек. Себебі, имандылық адамның ішкі жан-дүниесінің тазалығын сақтаса, сауаттылық оның ой-өрісін кеңейтіп, әлеуметтік белсенділігінің артуына әсер етеді.

Қожа Ахмет Ясауи ілімі – тек дін мен мазһаб аясына сыймайтын шексіз руханиятқа бастайтын жол. Ясауи дүниетанымында «дертті адам», «топырақ адам», «кемел адам», «ғарип адам» тұлғалары да дәріптеледі. Оның бірі жалпы адам болмысына қатысты болса, екіншісі оның жаратылысына, үшіншісі мұқтаждығы мен қажеттілігіне, келесісі рухани тазарып жетілуіне т.б. қатысты айтылды.

Адам мәселесі негізгі болғандықтан, ғайып дүниенің бас көзінен көре алмайтын бірақ, жүрек арқылы сенетін нәрселерінің барлығы этико-дидактикалық ғибраттық маңызы бар дүниеге айналады. Гносеологиялық тұрғыдан ғайып дүниенің, көзге көрінбейтін рухани әлемнің кемел адам алдындағы кішіктігі, оның алдында бас иуі жайлы сыр жай адамға белгілі емес батини (*ішкі көзі*) көзі ашылған рухани кемелдікке ие адамға ғана белгілі.

Философия тарихында, діни – наным түсініктеріміз де өмір мен өлім мәселесі үнемі сөз болады, назардан тыс қалған емес. Ясауи дүниетанымында өмір мен өлім мәселесінің де мәні өзгеше. Оның түсіндіруінше, «өлімнің ақиқатын түсіну үшін, өмірдің мәніне жету керек, ал рухты білмей тұрып, өмірді тани алмайсың». Қожа Ахмет «нәпсіні – жамандықтың, рухты – жақсылықтың қайнар көзі» - деп санайды. «Өлі» және «тірі» ұғымдары рухқа байланысты. «Өлілер» - дүниеде нәпсінің құлы

болып өткендер, олар тірі болса да өлікпен тең. «Тірілер» нәпсілерін жою арқылы рухтарына «өмір» сыйлағандар, олар өлсе де мәңгілік өмірмен қауышқандар, «бақи» мәртебесіне жеткендер.

Жалпы бұл дүниенің мәңгі еместігінің, яғни, ақырзаман немесе қиямет-қайым күні болатындығының бір дәлелі адамның ажалдылығы. Дүниенің қызылды-жасылды бояуы адам көзіндегі перде, сондықтан жалғандықты жеңу үшін пердені ысырып қарау керек. Адам өлімді жеңе алады. Өлімді жеңген адам қияметтен де үстем. Гносеологиялық тұрғыда өлімнің танымдық мәні бар. Өлім фани мен бақиды ажыратушы.

Ясауи дүниетанымында физикалық өлім жоқ. Ол жай ғана рухтың тәннен айырылып, басқа бір халге ауысуы. Осыны терең сезінген дана Абай:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтып келіп, ойнап – күлмес.

«Мені» мен «менікінің» айырылғанын

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес» - деген Абайдың өлең шумағында өлімнің осы жалғанмен, ақиқатты ажыратушы ретіндегі танымдық мәнісі ашылады. Өлімнің бірінші сатыдағы танымдық мәнісі осы жалған мен ақиқатты ажырату болса, жалған мен ақиқатты, фани мен бақиды, нәпсі мен рухты ажыратқаннан соң, Ақиқатты тануға, бақиға ұласуға, рухты өсіруге талаптанушы адамның ақыл деңгейінде түсінгенін, жүрекке орнықтыруы, одан әрі іс жүзінде бастан өткізуі бар, бұл «Өлім алдындағы өлу». Ақыл деңгейінде қабылдаған білімді жүрек қалауына айналдыру, әрбір ізгілік ілімін сөз жүзінде қалдырмай іске асыру кәміл мұсылманның, кемел адамның басты мақсаты.

Аллаға құлшылықтың ең жоғары халі – еркіндік. Ясауи адам еркіндігін оның ішкі еркіндігі шеңберінде қарастырады. Ал ішкі еркіндік, ол моральдық еркіндік. Аллаға құлшылық ету, сол арқылы тазарту – толық еркіндік, азаттық.

Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып аяғын көп шалдырған

Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

Ясауидің 63 жасында қылуатке түсуі «Өлім алдындағы өлу» немесе «Өлімді өліммен жеңуімен» байланысты. Сондықтан да жалпы «Өлім» ұғымының мағынасын ашудың маңызы зор. Ясауи шығармашылығында ажалға байланысты шарифатқа сай жамандықтан сақтандыру, ізгілікке тәрбиелеу уағыз насихаты орын алғанымен қатар, өлім тақырыбының аса терең мән-мазмұнын ишаралап жеткізгеніне куә боламыз. «Өлім» - бұл дүниенің өткінші жалғандығын, баянсыздығын анықтайтын шындық.

«Өлу үшін туғансың оны да ойла» деп, дана Абай бекер айтпаған, өлім – ақиқат. Өлім – ғасырлар бойы адамзатты толғандырып келе жатқан көкейкесті философиялық мәселе. Негізінен өлім жайлы әңгіме бұл дүниенің баянсыздығы, өткіншілігімен байланыстырыла қозғалады. Шәкәрім де: «есің барда елің тап, өлгенде кірер жерің тап» деп бекер ескертпеген. Адам бұл дүниеге еріксіз келіп, еріксіз кетеді. «Адам бұл дүниеге қонақ» деген ұғым халық санасында терең таңбаланған. Бұл дүние адамның түпкі бақилық отанына қайтып оралар сапарында аялдап өтер керуен сарайы деген ұғым түсінік те, Хадисте айтылған.

Қожа Ахметтің «Диуани хикмет» кітабы – шын мәнінде, аса қасиетті асыл мұра. Өйткені, бұл кітапта оның Алла жолына жастай берілгендігі шынайы баяндалады. Ең бастысы осы шығармада бүкіл дүниенің ғажап сырлары, соның ішінде, әлемдегі күдіретті тұлға-адамзаттың тіршілік-ғұмырының мәні, мағынасы поэзия тілімен жинақтай түйінделген. Кітабы екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлім-*ғұмырнама*. Онда Ясауи өзінің жас шағынан бастап, үмбеттік, сүндеттік жолмен қылуатке түскенге дейінгі өмірін жырға қосып баяндап, Аллаға табынудың, шын берілудің үлгісін көрсетеді; екінші бөлім - *дүниенің болмысы* туралы толғау жырлардан тұрады.

Қожа Ахмет Ясауи «Хикметімен» танысқан әрбір адам оның жастайынан мұсылман ілімінен құмарта сусындап, өмірге ойлы көзбен қарап, парасаттылық келбет танытқанын және сегіз жасында-ақ өлең шығаруға бет бұрғанын байқайды. «Диуани хикмет» кітабының екінші бөліміндегі хикметтердің мәні, маңызы, ұсынбақ идеясы алдыңғы аталған бөлімдегі хикметтерден едәуір күрделілеу, ойлы, философиялық толғамдарға құрылған шығармалар деуге болады. Бұл бөлімдегі хикметтерді, әсіресе, құран, дін шариғаттары, өмір заңдылықтары, әділет пен арамдық туралы жырларды Ясауидің ақын үлкен ақыл-сезіммен, кемеңгерлік тебіреніспен жазғаны анық аңғарылады. Осы ерекшеліктеріне қарай кейбір зерттеушілер кітаптың екінші бөліміне жататын хикметтерді Қожа Ахмет тоқтасқан, кемеліне жеткен шағында шығарған болуы керек деген тұжырымдар жасайды. Ойшыл ақын өзінің он бесінші хикметінде адамгершілікке жат, жаман қылық жайында:

Наданменен өткен өмірің тозақ болар,

Надан барса дозақ та одан қашар.

Наданменен дозаққа қылма сапар [6, 157] - десе, отыз бірінші хикметінде:

Дүниеқорлар малын көріп мақтан қылар,

Мен-мендіктен ол құдайға күпір болар, [7, 120] - деп мал-мүлікке қызыққандардың екі дүниеде де опа таппайтынын баян етеді. Осы тәрізді, ақын құдайға құлшылық жасау туралы айта келіп:

Бұл жолдардың азабы: қайғы, мехнат,

Мехнат тартып, жапа шеккен көрер рахат,[8, 49] - деген тұжырыммен жаратушыға шын ниетімен құлшылық еткен, адалдықты, әділдікті таңдаған әрбір адамның мәртебесі барлық уақытта биік болатынын санаға салады. Осындай ойлы, өмірде тозбайтын, парасат биігінен айтылған жыр шумақтары бұл еңбекте көптеп кездеседі.

Түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы аса көрнекті ғұламасы, ойшыл қайраткері, ақыны Ахмет Ясауи жайлы сөз қозғағанда: дін уағызын жырлаған сопылық-мистикалық әдебиеттің ірі өкілі, «Ясауия» деп аталынған ағымның негізін қалаушы деген пікірлер мен тұжырымдар жиі айтылады. Алайда тарихи деректерге сүйенсек имангершілік тағлымдарын ана сүтімен бірге татқан Қожа Ахмет кейін мұсылманша оқып, ислам діні, білімі - ілімімен қаныға сусындап өскен соң жан-дүниесі кіршіксіз таза, пәк ниетті азамат болып қалыптасты. Ол оң мен солын айырған кезден бастап-ақ өмірдегі қорлық, зорлық, үстемдік, қатыгездікті көріп шошынып, еріксіз ойға шомады. Сөйтіп, оның осы даналық кітапты жазуына өз кезіндегі заманның кедірлі, бұдырлы, кесапатты келбеті тікелей әсер еткен болса керек. Ойшыл өз дәуіріндегі және болашақтағы да, әділет пен зұлымдықтың арпалысын кітабының елуінші хикметінде:

«Бейіш, тозақ таласар, таласуда мән де бар,

Тозақ айтар: мен артық, сараң құлдар менде бар,

Бейіш айтар: мен артық, пайғамбарлар менде бар»[9, 78]- деп, образды түрде бейнелеп көрсетеді. Әділетсіздік, қайырымсыздық барлық уақытта да болған. Алайда билік басында тұрғандар әділетсіз болса, ол ел – халықты аздырады. Осыны жан – тәнімен сезінген Ясауи:

«Ел, дүние, халқымызда қайрым жоқ,

Патша менен уәзірлерде әділет жоқ.

Дәруіштердің дұғасында қасиет жоқ,

Түрлі бәле халық үстіне жауды, достар»-деп сол тұстағы кейбір келеңсіз әлеуметтік жайлардан көпті хабардар етеді. Сөйтіп, бұл дүниедегі әділетсіздіктен, имансыздықтан қатты қапаланып, түңілген ақын:

«Жер астына қашып кірдім надандардан,

Қолым жайып дұға тілейін бір алладан.

Ұзарып жаным жүз тасаттық даналардан,

Дана таппай жер астына кірдім міне»[10, 103]- деп өз әрекетінен де көпті хабардар етеді, «Диуани хикмет» кітабын жазуға кіріскен. Ахмет Ясауидің бұл шығармасындағы ой-толғамдар Шығыстың даналық кітабын жасаған, Тәңірлік ілімді қалыптастырған Заратуштра пайғамбардың:

«Өз сөзін ұстап тұрмаған,

Жетесіз елін бүлдірер.

Өзін сұмнан да жексұрын,

Зұлым етіп көрсетер [11, 77] - деп басталатын ұзақ толғауымен үндесіп жатыр» - деген пікірде қисынсыз емес. Ендеше, Ахмет Ясауи тек ислам дінін ғана үлгі тұтпай, Шығыс даналары жасаған асыл мұралардан да нәр алғаны көрініп тұр. Ахмет Ясауи адамзат арасындағы теңсіздікті болдырмайтын, бір-бірін қанамай, тыныштықта, сыйластықта өмір сүретін жолды іздеді. Осындай кінәратты өмірдің басты себебі, ол мал-мүлік, байлық, дүниеқұмарлық – деген байламға келді, өйткені сол қу дүние, байлық, мансап үшін адамдар бір-бірімен қырылысады, жауыздыққа барады. Демек, оларды тоқтататын жолды табу керек. Ол жаратушы жолы, Тәңір, Алла жолы, шарифат жөні. Мұсылман ұстанымында тек имангершілікті ғана қалаған, қылдай қиянатқа бармайтын тақуа адам-құдайдың құлы. Сол көкейіндегі кемеңгерлік ойын адамзатқа жеткізіп, жер бетінде теңдік орнатудың жолын көрсету үшін Қожа Ахмет қасиетті асыл мұра-Құранға сүйене отырып, көптің көкейіндегі ойды білдірген жаңа еңбек - «Диуани хикмет» кітабын жазған болуы керек.

Сөз жоқ Қ.А.Ясауи бұл еңбегі арқылы ислам діні идеясын және адамзатқа ортақ әділет, тазалық, адамдық, имангершілік қағидаларын ғылыми тұрғыда әрі қарай өрістете дамытты. Кітаптағы басты қағидалар: мағрифат-білім, ғылым; шарифат-ислам дінінің жолы, заңы; тариқат-сопылық жол; хақиқат-құдайға ғашықтықпен құлшылық ету (*өзіңнің сеніміңді құлшыныспен орындау*). Ол сонымен қатар, осы айтылған қағидаларды бір-бірімен ұштастыра жүргізгенде ғана адамға көздеген мақсатына жетуге мүмкіндік туатынын мәлімдейді.

«Диуани хикмет» кітабындағы бірінші хикметте: «Мен «Дәптер сәни» сөзін аштым» - деген өлең шумағымен басталады [12, 6 б.]. Ғалым – зерттеушілердің пікірінше, бұл өлең жолдарындағы «Дәптер сәни» сөзі-екінші дәптер деген мағынаны танытады. Осыдан келіп, Қожа Ахметтің еңбегін-қасиетті құран кітабынан кейінгі сол бағыттағы екінші асыл мұра деп есептесек артық айтқандық болмайды.

Сөйтіп, Қожа Ахмет табиғат сыйлаған дарын, даналығының арқасында дін негізін қалыптастырып, кең көлемде дамытуға сүбелі үлес қосатын жаңа құнды еңбек жазып, ислам дінінің маңызын, мәртебесін ел-жұрт сүйсінетіндей етіп биіктетті. Ахмет Ясауи Исламтануда тың ғылыми арналар енгізумен қатар мұсылман діні шарифаттарын, идеологиясын тұтастай қамтып, оған өзіндік соны үлестерін қосып, көркем тілмен, жұртты тартар поэзия үнімен жырлаған, сол бағытта алғашқылардың қатарында жол салған ойшыл.

Кезінде Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы мен атақ – даңқы түркі – мұсылман әлеміне кеңінен танылып, Ясауише Хикмет жазу дәстүрге айналды. Мысалы, Кіші Азияда Қажы Бекташ, Жүніс Әміре, Сүлеймен Бақырғани Хикметтерінен Қ.А.Ясауи сарыны сезіледі. XII ғасырдан бергі Түркі халықтарының дүниетанымдарына елеулі ықпал еткен Ясауи сарыны әрісі Асан қайғыдан, берісі Абайға дейін жетіп, қазақ топырағында қалыптасқан ой кешу үрдісі арқылы біздің заман адамдарының да шығармашылықтарынан көрініс табуа.

Әрбір классикалық шығармаға тән қасиетке ие «Диуани – хикмет» қазіргі заманның өзінде құндылығы мен өзектілігін жоғалтқан емес, бұл еңбекте қойылған мәселелер идеялық жағынан халықты біріктіреді және адамның рухани дамуындағы биік белестер болып қала бермек.

Ахмет Ясауи мен оның шәкірттері туралы ақпардың кең тарауы олардың ислам дінін кең далада таратудағы маңызын білдіреді. Ясауи хақиқатқа бойлап ие болған

хикметтерін көпшіліктің рухани дәрежесімен санаса отырып қана жеткізген. Олардың рухани дәрежесі лайықты емес, көтере алмайтын хақиқат сырларды ашпаған, тұспалмен ишарамен жеткізу арқылы шектелген. Көптеген сопылардың «сахара» экстаз кезінде жария қылған сырлары рухани дәрежесі көтере алмаған көптің ақылына сыймай шарифатпен қайшылығын іздеп, бұрмалауға, сенімдерін шайқауға әкелгенін, дау-дамаға соқтырғаны белгілі. Бұл сопының үнемі көңілі жұмсақ сыпайылыққа, жетім, ғаріптердің басын сипайтын, мейірімділікке шақыратын мейірбандығының, адамдардың рухани дәрежесі мен нәпсісінің жағыдайы көтере алмайтын сырларға аса сақ болғанының көрінісі.

Ар мен ұят құнсызданған (*девальвация*) болса, онда заман әлеуметтік болмысы өркениеттен алшақтай түседі, халықтың өмірі тұрпайылана түседі. Міне, осындай кезеңдерде рухани дамудың жақтаушысы ретінде әлеуметтік сахнаға кемеңгер ойшылдар шыға бастайды. Осы тұрғыдан алғанда Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы кездейсоқ құбылыс емес, әлеуметтік өмір қажеттілігінен туындаған халықтың қалаулысы. Сөйтіп, Қожа Ахмет Ясауи әлеуметтік дүниенің әділетсіздігімен күресті адам өзінің жеке басының күнәларын жеңуден бастауға шақырады. Ол әлеуметтік төңкерістер мен қақтығыстарды тиімді құрал ретінде қарастырмайды. Рухани тазару, басқа түскен қиындықты қайыспай көтере білу, шарифат, тарикат баспалдақтарынан өтіп, хақиқатқа жету жолын II хикметте ұсынады.

Пендешіліктен руханилыққа көтерілу процесі бір сәттік құбылыс емес және ол кез келген пенденің қолынан келе бермейді. Қанағатсыздық құлдары мен тәубесіне келмеген менменсінген жандар сол пенделер күйінде қала бермек. Әрбір адам күнәсі үшін өмірде, өмірден кейін де жазасын алмақ. Осындай діни-этикалық идея өзінің тынымсыз реттеуші күшін қоғамға үнемі танытып отырады. Қоғамдағы парасатты ойлардың туындауына, оның әлеуметтік ортада кең тарауына ол біршама түрткі болды.

Құндылықтар иерархиясында сопылық дүниетанымы Алланы ең жоғарыға қояды, Алла әлемі – Ақиқат әлемі. Ал Ақиқатты түсінуге, игеруге, бағындыруға, дәлелдеуге болмайды, оны тек таза жүрекпен қабылдау керек, адам сол әлемге ақ ниетпен ұмтылу қажет. Алла мен адам арасындағы қарым-қатынастар негізінен құндылықтарды айырудан, жіктеуден тұрады. Егер адам өзіне рухани жетілуді, Ақиқатқа қарай ұмтылуды өмірдің негізгі құндылығы етіп қоймаса, онда ол негізінен нәпсінің құлы болып қала бермек және тұрмыстық деңгейдегі құндылықтар қақпанынан шыға алмай қалады.

«Жетілген адам» ілімі кейінгі тарихта көптеген ойшылдар үшін Тұлғаны зерттеудің негізгі бағдарына айналғанын соңынан келген даналардың көзқарастарынан байқаймыз.

Адам өз санасымен ғұмырда көптеген жалған мұраттар мен армандар жүйесін жасауы мүмкін. Әрине, олардың «жалған» болатыны бұл дүниенің жалған болуынан емес, немесе о дүниеге барғанда ғана барлық кереметтерге жетумен де байланысты емес. Бұл дүниені «жалған» ететін адамның пендешілігі, және оның жалаң ақылмен қалыптастырған құндылықтар жүйесі. Ал енді, өмір бойы жинаған малы мен дүние-мүлкінің пендеге сын сағаты келгенде түкке тұрғысыз игіліктер екенін, қаншама марапаттаумен келген атақ-даңқтың тек жалған эмоциялық іс-әрекеттердің нәтижесі екендігін аз уақытқа болса да түсінгендер де кездеседі, түсінбей бұл өмірде рухтар әлеміне өтіп кеткендер де жеткілікті.

Міне, сопылық құбылысы осы мәселелерді әлемдік өркениеттің алдына нақты кейіште өзектендірді, күн тәртібіне қоя білді. Оларды тек мәселе түрінде ғана қоймай, оны іс жүзінде қалай жеңіп, қандай рухани жолдармен тиімді нәтижелерге жетуге болатығын көрсетті. Сопылық іс-әрекеттің әлем тарихындағы осы талпыныстары мен ерекшеліктерді талай ғұламаларды ойлантты, толғантты және ол халық санасын үйлесімдендіруде үлкен рөл атқарды. Ғаламдық үйлесімділікке сәйкес қоғам өмірінде де өзіндік әділдік бар. Бұл адамда нәресте шағынан, есейіп қартайғанға дейін рухын

дамытуға, жанды кірден тазартуға мүмкіндігінің барлығы. Мәселенің қайнар көзі – сол мүмкіндіктерді пайдалануға асықпауымызда.

Рухани даму – тоғышарлықты женуде, Ақиқатқа барар жолында болу идеясында екендігі Қожа Ахмет Ясауидей ғұламаларға өз заманында белгілі болғаны байқалады. Олардың идеялық жағынан жалпыұлттық құндылығы қазіргі тарихи кезеңде де маңызды болып отыр.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. ҚР Президентінің Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі //Егемен Қазақстан, 15 наурыз 2024.
2. Қозыбаев М. Қазақ тарихы-дала өркениетінің құрамды бөлігі //Егемен Қазақстан, 3 шілде 1998.
3. Қыраубаева А. Қазақ мифологиясы және Авеста //«Жұлдыз» журналы, 1996, №2.
4. Идрис Шах. Суфизм. – Москва, 1994. 340 с.
5. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың белгісі. – Алматы, 1991. 125 бет.
6. Ясауи А. Диуани хикмет. (Аударма, транскрипция, мәтін, сөздік). – Түркістан, 2010. – 400 бет.
7. Бұл да сонда.
8. Бұл да сонда.
9. Бұл да сонда.
10. Бұл да сонда.
11. Авеста. Избранные гимны. Москва, 1993. 207 с.
12. Ясауи А. Диуани хикмет. (Аударма, транскрипция, мәтін, сөздік). – Түркістан, 2010. – 400 бет.

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ МЕН МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

**З. Жандарбек,**

*Тарих ғылымдарының кандидаты,  
Қазақстан Түркістан қ.*

**Андатпа.** Қожа Ахмет Ясауи жалпы Ислам тарихында, түркі тарихында шешуші рөл атқарған киелі тұлға. Қожа Ахмет Ясауидің дүниеге келумен ислам діні қайта жаңғырып, мұсылман халықтарының рухани-мәдени болмысын қайтадан қалпына келтіруге мүмкіндік алды. Ахл ал-Хадис өкілдерінің ықпалымен қасаң қағидаға айналған ислам діні өзінің рухани дінгегін қайта тапты. Соның арқасында Рухани әлем мен адамзат рухы арасында байланыс қайта орнады. Адамзат баласы сол кезеңде басына төніп келген ақырзаман апатынан аман қалды. Адамның рухани деңгейін «‘илм ал-йақин» деңгейінен «‘айн ал-йақин» деңгейіне көтерді. Адамның материалдық болмысы емес, рухани болмысы үстемдік алды. Бұл жалпы мұсылман халықтарының мәдениетінің көтерілуіне ықпалын тигізді. Түркі халықтары ясауийа тариқатының дүниеге келумен өзінің ұмытыла бастаған тілі мен дәстүрлі мәдениетін қайта жаңғыртты.

**Кілт сөздер:** Қожа Ахмет Ясауи, рухани әлем, тариқат, Ислам, хикмет.

**Annotation.** Khoja Ahmet Yasawi is a holy man who played a decisive role in the history of Islam and the history of the Turks. With the birth of Khoja Akhmet Yasawi, the Islamic religion was revived and the spiritual and cultural identity of Muslim peoples was restored. The Islamic religion, which became a radical principle under the influence of the representatives of Ahl al-Hadith, regained its spiritual support. Thanks to this, the connection between the spiritual world and the human spirit was restored. Humanity survived the apocalypse that befell humanity at that time. He raised the spiritual level of man from the level of “ilm al-yaqin” to the level of “ayn al-yaqin”. The spiritual nature of man prevailed, not the material. This contributed to the rise of the culture of Muslim peoples as a whole. The Turkic people revived their forgotten language and traditional culture with the birth of the Yasawiya sect.

**Key words:** Khoja Akhmet Yasawi, spiritual world, tariqa, Islam, hikmet.

**Кіріспе.** Ислам діні тарихында негізгі үш кезең бар. Алғашқы кезең – Мұхаммед Пайғамбар дәуірі. Бұл кезеңде ислам дінінің дүниеге келіп, мұсылман қоғамының, мемлекетінің қалыптасу кезеңі. Бұл кезең Мұхаммед Пайғамбардың дүниеден өтуімен аяқталды. Екінші кезең – ғұламалар дәуірі. Бұл кезеңде Ислам қоғамындағы Ахл ал-Хадис пен Ахл ар-Рай арасындағы идеялық талас-тартыс пен күрес кезеңі болды. Бұл күресте Ахл ал-Хадис бағыты жеңіске жетіп, ислам дініндегі стагнациялық үдеріс орын алды. Дін шариғаттың қасаң қағидалары шеңберінде ғана қаралып, иман-сенім мәселесі кері ысырылды. Ислам дінінің рухани қуаты күн санап әлсірей берді. X I ғасыр басында бүкіл Ислам әлемінің рухани қуаты сарқылып, Рухани әлем мен адамзат арасындағы байланыс тоқырауға ұшырады. Сол кезде тарих сахнасына Қожа Ахмет Ясауи шықты. Қожа Ахмет Ясауи жанқиярлықпен сол кезеңнің діндарларымен арпалыса жүріп, Рухани әлем мен адам рухы арасындағы байланысты қайта орнатты. Қожа Ахмет Ясауидің осы еңбегінің арқасында Исламдағы үшінші кезең - Әулиелер дәуірі басталды. Осылай Рухани әлем мен адамзат арасындағы пайғамбарлардан кейін үзілген байланыс қайта қалпына келтірілді. Ол кезеңнің басында «Ахмади-с-сани»-«Екінші Мұхаммед», «Қтуб ал-Ақтаб»-«Дүниенің тірегі» атанған Қожа Ахмет Ясауи тұрды.

### **Қожа Ахмет Ясауидің адамзат тарихындағы рөлі.**

Қожа Ахмет Ясауидің дүниеге келу кезеңінде Орталық Азияда Х-ХІІ ғасырларда Ахл ал-Хадис өкілдерінің ықпалы басым болды. Өзбекстандық зерттеуші А.Ахмедов Мауараннахрда ханафи мазхабының ролінің басым болғандығы туралы жазғанымен, [1, 22-23 бб.] Түркістан өлкесінде шафи'ийлар ықпалы басым болғандығы туралы тарихи деректер бар. Х ғасырда Түркістан жеріне келген ал-Муқаддаси шафи'ийлар ықпалында болған жерлер ретінде Шаш, Илақ, Сығнақ, Тараз аймақтарын көрсетеді. [2, 125 б.]. Ал, Насаб-нама нұсқаларында Бакр ад-дин Қаффал Шашиді (978 ж.қ.б.) Түркістан жеріне алғаш ислам дінін таратушылардың бірі «Исхақ бабтың тубба' таби'ны еді» [3, 64 қ.], - деп жазылады.

Демек, бұл жерлер, Түркістан жері Қожа Ахмет Ясауи ілімі тарих сахнасына шыққанға дейін шафи'ийлар ілімінің басымдыққа ие болғандығын көрсететін дәлелдер бар. Демек, бұл жерлерде араб дәстүршілдігі басым болды, - деп айтуға толық негіз бар. Ал, араб дәстүршілдігінің сол Түркістандағы түріктердің рухани-мәдени болмысына қаншалықты теріс ықпалы болғандығын айтып жеткізудің өзі қиын. Оны мынадай айғақтардан-ақ көруімізге болады. Мысалы, Қарахан мемлекетін құрған рулық-тайпалардың ХІІ ғасырда толығымен ыдырағанының, мемлекеттің басқару жүйесінің өзгеріп, парсылық сипат алғанына куә боламыз [4, 369 с.].

Себебі, Қарахан мемлекеттеріндегі ру-тайпалардың ыдырауы бұл кезеңде мемлекетті басқарудың түркілік сипаты толығымен өзгеріп, абсолюттік билікке негізделген басқару жүйесі қалыптасқанын көрсетеді. Оның себебі, қоғамдық қатынастарды реттеу түркілік салт-дәстүр негізінде емес, араб дәстүршілдігі-шариғат шеңберінде жүргізілгенін, некелік қатынас өзгеріп, бұрынғы экзогамдық қатынастың орнын эндогамдық қатынаспен ауыстырылғанына куә боламыз. Некелік қатынастарды өзгерту міндетті түрде түркілік рулық, тайпалық жүйелердің ыдырауына ықпал ететін негізгі фактор болғандығы анық.

Кезінде сол Қарахан мемлекетін құрған тайпалардың аттарын Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейін кездестіре алмауымыз, бұрынғы ру, тайпалардың толығымен ыдырағанын көрсетеді. Араб дәстүршілдігінің келуімен тек, рулық, тайпалық одақтар ыдырап қойған жоқ, жергілікті халықтың тіліне де ықпалын тигізді. Әдеби, ғылыми шығармалар тек араб, парсы тілдерінде жазылды. Оған дәлел ретінде Қожа Ахмет Ясауиге дейін бары-жоғы үш шығарманың ғана түрік тілінде жазылуы, атап айтқанда: Жүсіп Баласағунның «Құтты білік» [5, с. 127.], Махмуд Қашқаридың «Диуан луғат ат-турк», , Ахмет Йугнекидің «Ақиқат сыйы» атты шығармалардың жазылуы болатын [6, 17 б.].

Бұл кез келген халықтың діні мен діни танымын өзгертетін болса, онда дәстүрі мен мәдениетінің өзгеруіне ықпал ететін қауіпті факторға айналатынын көрсетеді. Түркістан жеріне шафи'ий мазхабының келуі түркілердің дәстүрлі мәдениетінен айырлу қаупін туғызды.

Алла мен мұсылман қоғамы арасындағы рухани байланыстың үзілуі мұсылман қоғамының рухани азғындауына әкелді. Адам баласының басына Алланың қаһарына ұшырау ықтималдығы күн санап күшейе бастады. Бұл кезеңді Қожа Ахмет Ясауи былайша сипаттайды:

Әулиелер айтқаны келді білем,  
Қиаметтің күні жуық болды достар.  
Есті құлдар болғанын білді білем,  
Ел-жұрттан мейір-шапағат кетті достар.

Үлкен-кіші жарандардан әдеп кетті,  
Қыз-келіншек, нәзік жаннан ұят кетті.  
«Ал-хайау мин ал-иман» деп, Расул айтты.  
Арсыз қауым, ғажайыптар болды, достар [7/35, 62 б.].



Қожа Ахмет Ясауи мұсылман халықтарының басына осындай ауыр рухани дағдарысқа ұшыраған кезеңде дүниеге келген болатын. «Диуани хикметте» Қожа Ахмет Ясауидің дүниеге келуі Жаратушы Құдіреттің қалауымен болғандығы туралы баяндалады. Ол туралы Сүлеймен Бақырғани былай деп жазады:

Сұбхан Ием өзі еді, Мұстафаға бұйырды,

Бадам Арыстан жеткізді, шайхым Ахмет Ясауи [7/151, 257 б.].

Бұл жолдар Қожа Ахмет Ясауидің дүниеге келуі, оған Арыстан бабтың аманатты тапсыруы Тәңір Тағаланың қалауымен болғандығына нақты дәлел. Оның үстіне Мұхаммет пайғамбардың миғраж сапарында Ахмет рухын көруінің өзі жай аңыз емес, шындық.

Осы Хикмет жолдарындағы деректерге сүйенетін болсақ, Қожа Ахмет Ясауи бабамыз Пайғамбар дүниеден өткеннен кейін төрт жүз он жылдан кейін дүниеге келгендігі баяндалады. Олай болса, біз ол кісінің дүниеге келген жылын біз нақты 1042 жыл деп айта аламыз. Демек, «Диуани Хикметте» айтылған бұл дерек тарихи шындыққа толығымен сай келеді. Бұл кезеңдегі мұсылман қоғамының Рухани әлемнен ажырап, толығымен рухани азғындыққа түсіп, тоқырауға түскен кезеңі болатын.

Ислам әлеміндегі мұндай тоқырауға ұшырап, іштей ыдырай бастағанын сол XI ғасырдағы тарихи оқиғаларға қарап отырып, бағамдауға болады. Осы XI ғасыр соңында Христиан әлемі көне рухани орталықтары болған Құддыс-Ирусалимді мұсылмандардан азат ету жолындағы күресін-Крест жорықтарын бастады. Егерде Ислам қоғамының рухани тоқырауға ұшырап, іштей ірігенін сезбеген болса, онда христиандар ондай қадамға барар ма еді? Жоқ. Дінің аты қалып, заты қоғам санасынан тыс қалды. Дін мен шариғат арасындағы ерекшелік – ұмытылып, дін тек қоғамдық қатынастарды реттейтін шариғат шеңберінде ғана қарастырылды. Алла мен адам арасында байланыс болу ықтималдығы мүлде жоққа шығарылды. Мұсылман қоғамы тек өзінің хайуани болмысының қажетімен ғана өмір сүретін деңгейге түсті. Бұл мұсылман қоғамының толығымен рухани дағдарысқа түсуіне ықпал етті. Осы кезеңде дүниеге Қожа Ахмет Ясауи сынды ұлы тұлғаның дүниеге келуі, Рухани әлем мен адам рухы арасындағы байланысты қайта орнатуы түрік халқын тарих сахнасынан кетуден сақтап қалды.

Ясауи бабамыз сол кезеңдегі адамзат қоғамының азғындауының басты себебі – материалдық болмыстың жетегінде кетіп, рухани болмысты мүлде естен шығару болғандығына куә болады. Ол «Хикметінде» былай дейді:

Күмәнсіз білгін, бұл дүние барша халықтан өтер- а,

Сенбегін сен малыңа, бір күн қолдан кетер-а,

Ата-ана, қарындас қайда кетті, пікір қыл,

Төрт аяқта ағаш ат бір күн саған жетер-а [7/8, 22 б.].

Осы хикмет жолдарында мына дүниенің баянсыз, уақытша дүние екендігі, бүгін бар кез келген адамның, ертеңгі күні ағаш атқа мінетіні, мына жалған дүниеден көшетіні анық көрсетіліп тұр. Өзіңе жақын деген ата-ана, бауырларың да, әйел, бала-шағаң да, ешкім жолдас бола алмайды. Өйткені, бұл фәни-уақытша дүние – сынақ алаңы. Шын дүние, мәңгілік мекен келесі өмірде. Сондықтан адам баласы мына жалған дүние үшін емес, мәңгілік өмір үшін өмір сүруі, күресуі керек. Ол күрестің басты нысанасы – Рухани әлем. Рухани әлеммен байланысқа түскен адам ғана мәңгілік өмірге қол жеткізе алады. Рухани әлемге жетудің басты шарты – Аллаға ғашықтық. Ол туралы «Хикметінде» былай дейді:

Ей, достар, пәк ‘ишықты қолға алдым,

Бұл дүниені дұшпан тұтып, жүрдім, міне,

Жағамды ұстап, Хұзырына сыйынып келдім,

‘Ишық жолында Мансұр сипат болдым, міне [7/ 9, 23 б.].

Осы шумақтарда баяндалатын басты мәселе – Аллаға ғашықтық. Аллаға ғашық болған жан ғана мына дүниенің қызылды-жасылды шырмауынан құтылып, Рухани әлеммен байланыса алады. Ал, адам баласы нәпсінің соңына ергенде өзінің кім екенін

ұмытып, дүние қуып, әуреге түседі. Адам өзін жаратқан Ұлы Құдіретті ұмытқан кезеңде ол адами болмысынан ажырап, хайуани болмыстың жетегінде кетеді.

Адамзат қоғамының сол кезеңдегі азғындауының басты себебі – адамның өзінің кім екендігін, қайдан келгенін, қайда баратынын ұмытумен байланысты екендігін, соның салдарынан имансыз тобырға айналғандығын Ясауи бабамыз жақсы түсінді және бұл мәселені халықтың есіне салуды жөн көрді. Ол хикметінде былай дейді:

Ол хикметімен (адамды) жоқтан бар етті,  
Он сегіз мың бүкіл әлем қайран болар.  
«Қалу бәлә» деген құлдар үлес алды.  
Кідіріп қалған құлдар діні ойран болар.

Хақ Тағала иман сыйлық етті бізге,  
Оны Хақ расулы айтты бізге.  
Салауат айтсақ қуат берер дінімізге,  
Жоқ болса, қылғандарым жалған болар [7/62, 99 б.].

Суреті адам бірақ өзі иманынан ажырап хайуани болмыс жетегінде кеткен тобырды мына тығырықтан алып шығудың жалғыз жолы – адам жүрегіне қайта иман ұялату екендігін сезінді. Ол өзінің осы мақсатын іске асыру жолында қолынан келгенінің бәрін істеді. Бұл мақсатты іске асыру жолында адам рухын тәрбилеудің барлық сатысын қолданды. Біз оны мына Хикмет шумағынан көре аламыз:

Құл Қожа Ахмет Хақтың сөзін сөйлеп өтті,  
«‘Айн ал-йақин» тариқатта боздап өтті,  
«‘Илм ал-йақин» шарифаттан көздеп өтті,  
«Хаққ-ул йақин» хақиқаттан айттым, міне [7/9, 26 б.].

Адам баласын нәпсі шеңгелінен құртқарып, тура жолға салу мақсатында Ясауи бабамыз түрлі тәсілдер қолданғанын осы шумақтан көруге болады. «‘Айн ал-йақин» тариқатта боздап өтті,» демектің мағынасы адамның рухани деңгейін көтеру арқылы нәпсі шеңгелінен құтқару жолындағы әрекеті баяндалып отыр. Егерде адам рухы нәпсінің жетегінен құтылып, тариқат жолына қадам қойса, онда ол жанның рухани әлемге өтуге бір саты жақындайды. Сондықтан адам шамасы келгенше рухани болмысынан ажырамауға күш салуы керек. Сонда ғана Рухани әлеммен байланысуға мүмкіндік алады.

Ал, «‘Илм ал-йақин» шарифаттан көздеп өтті,» демектің мағынасы ол кісінің адам рухын адами болмыс шеңберінде сақтап қалу жолында да әрекет еткенін көреміз. Өйткені бұл «илм ал-йақин» адамды жаратқан Құдіреттің адам баласына Өзінің рухын үрлеу арқылы хайуандар арасынан бөліп, саналы жаратылыс деңгейіне көтергенін білдіреді. Адам нәпсінің жетегінде кеткенде сол шарифат деңгейінен де төмендеп, хайуани болмыс дейгейіне қайта түсетінін де ескертіп отырғанына куә боламыз.

«Хаққ-ул йақин» хақиқаттан айттым, міне.» демектің мағынасы Рухани әлеммен байланысып, Ақиқатқа жету. Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың мақсаты халықты рухани дағдарыстан алып шығу болғандықтан ол кісі өзінің мүмкіндігі жеткенінше халықтың рухани деңгейін көтеріп, Рухани әлеммен байланыстыру болғандығына көзіміз жетеді. Сонда ғана адам баласы қоғамды жайлаған азғындықтан құтылып, адами болмысын қайта табады. Ол үшін дінді шарифат деңгейінен тариқат деңгейіне көтеру керектігін Ясауи бабамыз жақсы түсінді. Және тариқат жолының өзіндік ерекшелігі, қиындығы барлығын да ескертеді. Алайда, адам санасын жаңа деңгейге-тариқат деңгейіне көтермей, қоғам санасын жөнге салу мүмкін еместігін жақсы түсінді. Ол туралы Хикметтерінде былай дейді:

Тариқаттың жолдарының тосығы көп,  
Пәк ‘ишықты қолға алмай болмас жүріп,  
Дидарын көріп болмас, күн-түн ұйып,  
Еш ұйықтамай дидарын көрдім, міне [7/10, 27 б.]

Демек, тариқат жолының қиындығы көп, ең бастысы Аллаға ғашық болу. Сол бағытта тынбай еңбектенумен ғана Аллаға жетуге мүмкіндік бар. Сонда ғана Рухани әлеммен байланысып, өзінің рухани деңгейін көтере алады. Ол кісі өз Хикметінде Рухани әлеммен байланысқа түскен дәруіш пен дүние соңында жүрген пенденің арасындағы айырмашылықты былайша баяндайды:

Хақ құлдары дәруіштер ақиқатты біледі.  
Хаққа ғашық болғандар Хақ жолына кіреді.

Көңіл бөлмей дүниеге, еліктемей арамға,  
Хақты сүйген ғашықтар халайықтан кешеді.

Дүние менің дегендер, жаһан малын жиғандар,  
Құзғын құстай арамға белшесінен батады.

Молда, мүфти болғандар, жалған дағуа қылғандар,  
Ақты қара қылғандар, тақмұққа олар кіреді.

Қазы, имам болғандар, жалған пәтуа қылғандар,  
Сорлы есек сияқты жүк астында қалады.

Арам жеген әкімдер, пара алып жегендер,  
Бармақтарын шайнасып, қорқып тұрып қалады.

Тәтті-тәтті жегендер, түрлі-түсті кигендер,  
Алтын таққа мінгендер топырақ асты қалады [7/54, 90 б.]

Ясауи бабамыз осылай рухани деңгейі әртүрлі жандардың болашағының қалай болатынын салыстыра отырып көрсетеді. Руханиатты жоғары қойып, Хақтың дегенімен жүрген жандардың мәңгілік өмірге ие болатынын, ал арам, залым жандардың бар ғұмыры осы фәни-өткінші дүниемен аяқталатынын мысал етіп көрсеткеніне куә боламыз.

Демек, адам баласының әрбір басқан қадамы өлшеулі. Адалдық пен арамдықтың ара қатынасы адам болмысының болашағын айқындайтын таразысы. Олай болса, адам баласының мәңгілік өмірге қарай ұмтылуы, рухани болмысының дегенімен жүруі саналы адам үшін бұлжымайтын заңдылық болуға тиіс. Бұл бізге қазақтың «Малым жанымның садағасы, Жаным арымның садағасы» деген ұстанымының түп негізі қайдан шыққанын сезінуге мүмкіндік береді. Өзінің ар-иманын жанынан да артық көрген қазақ Ясауи жолын ғасырлар бойына өзінің рухани болмысының өзегі ретінде ұстанып келді.

Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың халықтың руханиатын ояту барысындағы іс-әрекеті үнемі қарсылыққа тап болып, бар саналы өмірі сол қарсыластарымен арпалыста өтті. Бар мақсат-мұраты хайуани болмыс қажеті болған замандастарының көпшілігі ол кісінің руханиатқа қатысты, Рухани әлеммен байланыс туралы ой-пікірлері қарсыластарының ашу-ызасын тудырып отырды. Ясауи бабамыздың Хикметтерінде бұл туралы мынадай жолдар бар:

Ей, достар, наданменен ұлпат болып,  
Бауырым күйіп, жаннан тойып, өлдім, міне.  
Тура айтсам, қисық жолға мойнын бұрып,  
Қан жұтып, қайғы зәріне тойдым, міне [7/13, 32 б.].

Бұл Хикмет жолдары Ясауи бабамыздың өз замандастарынан қаншалықты зорлық-зомбылық көргенінен хабар береді. Бұл шумақтардың мазмұнын таратып айтудың да қажеті жоқ. Тек, бір ғана «Надан барса, тозақ та болар азар» деген сөздің мағынасы ол надандардың пейіш түгіл тозаққа ылайық еместігін көрсетеді. Біз тарихи деректерден замандастарының Ясауи бабамызды ұлын өлтіргенін, Ахман, Қараман

атты бектердің жала жауып, ұры атандырмақ болғанынана хабардармыз. Мұндай қысым ол кісіге күнделікті жасалғанын жоғарыдағы Хикмет жолдары айғақтайды.

Қожа Ахмет Ясауи бабамыз өз заманындағы білімсіздік негізіндегі надандықпен күресіп қойған жоқ. Сол дәуірдегі діни таным негіздеріне қарсы күресуге мәжбүр болды. Ол Рухани әлем мен адамзат арасындағы байланыстың болуы мүмкін емес деп есептейтін діндарлармен арпалысуына тура келді. Ол кісі сол кезеңнің діндарларында діни танымдарының деңгейін танығаннан кейін оларға өз хикметінде мынадай баға береді:

Ғылым екеу – тән мен жанға басшы болар,  
Жан ғылымы Хұзырына жақын тұрар,  
Махаббат шарабынан ішіп тұрар,  
Ондай ғалым нағыз ғалым болар, достар.

Тән ғалымы залымдарға ұқсас болар,  
«Барәат» аятында хабар берер,  
Тозақ ішінде тынбай-ылғи күйер болар,  
У мен зәрді ішіп ылғи достар.

Құл Қожа Ахмет ғалымдарға қызмет қылғын,  
Ғалымдардың сөзін есітіп, амал қылғын,  
Амал қылып, Хақ жолында жаның бергін,  
Амалсыздар дидарын көрмес достар [7/20, 42 б.].

Осы Хикмет жолдары Ясауи бабамыздың өз дәуірінің «діндарларын» қалай бағалағанын көруімізге болады. Рухани әлем мен адамның рухани болмысының арасындағы болуға тиіс байланысты қамтамасыз ете алмаған молдалар дін атынан сөйлеуге қақысы жоқтығын Құран аятына сүйене отырып, дәлелдеп отыр.

Ол кісінің дін мен шариғатты бөліп қарағандығына, Абу Ханифа Нұғман ибн Сәбит сияқты дін біреу, шариғаттар көп деген ұстанымда болғандығына куә боламыз. Абу Ханифа Құран Кәрімнің «Маида» сүресіндегі «Ей, мұсылмандар, әр біріңе бір шариғат, бір жол бердік. Алла қаласа, барлығыңды бір үмбет жасар еді» деген 48 аятын [8, 5/48] және «Шура» сүресіндегі «Діндеріңе бекем болыңдар. Нухқа берген дінді саған да уахи еткенімізді, Ибрахимге, Мұсаға, Исаға бергендерімізді Алла саған да дін етіп берді.» деген [8, 42/13] аятын негізге ала отырып, әр халықтың өзінің көнеден келе жатқан салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтап қалуға құқылы екендігін дәлелдеп берген болатын.

Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың бұл ұстанымы бір жағынан түркі халықтарының дәстүрі мен мәдениетінің қайта жандануына мүмкіндік берсе, екінші жағынан Абу Ханифа мазхабының бар мұсылман халықтарының ортақ жолына айналуына жол ашты. Әр халық Ясауи үлгісімен дінді тариқат деңгейіне көтере отырып, өздерінің көнеден келе жатқан салт-дәстүрі мен мәдениетін қайта жаңғыртуға мүмкіндік алды.

Қожа Ахмет Ясауи бабамыз өзінің ұзақ жылдарға созылған күресінің арқасында дін феноменінің Алла мен адам арасын байланыстырып тұратын рухани желі екендігін және оның Алланың өзі адам баласына аманат етіп берген рухына арналған рухани қуат көзі екендігін дәлелдеді. Ең бастысы Алла мен адамзат арасындағы байланысты қайта қалпына келтірді. Ол кісі өзінің басты шығармасы «Диуани Хикметті» «Дафтари сани» деп атады. Бірінші дәптер – шариғат. Шариғат адамның физикалық болмысының қажетін өтейтін қағидалар жүйесі. «Дафтари сани» - тариқат. Тариқат – адамның рухын Алламен байланыстыратын ғылым жолы. Ясауи бабамыз тариқат жолына басымдық беріп, бұл жолды адами болмысты сақтап қалудың басты тетігі деп түсінді. Егерде адам баласы өзінің хайуани болмысының жетегінде кетіп, Рухани әлеммен байланысты үзетін болса, онда адамзаттың жер бетінен жойылатынын сезіне білді.

Бірақ Қожа Ахмет Ясауи өзінің Иман мен Исламды қайта қалпына келтіру жолындағы ұмтылысында адамның болмысын шарифат деңгейінен тариқат деңгейіне көтеру қажеттігін жақсы түсінді. Ол өзіне дейін жинақталған сопылық ілім тәжірибелерін жинақтап, сопылық ілімді жетілдіре отырып, сопылықты тариқат дәрежесіне, үлкен доктрина деңгейіне көтерді. Қожа Ахмет Ясауиге дейін сопылық жеке тұлғалардың немесе белгілі шайхтың айналасына шоғырланған топтың рухани жетілу тәжірибесі болса, Ясауи оны жалпы қоғамның иман-сеніміне айналдыра білді. Бұл адам баласының таным аясын кеңейтті.

Ясауиге дейін Абу Ханифа, Имам Матуриди Алланы тануда нақыл мен ақылды, сезім мүшелерін құрал етсе, Қожа Ахмет Ясауи бұлардың қатарына жүректі мекен еткен рухты қосты. Ол өзінің «Мират ал-Қулуб» атты еңбегінде «Шарифат сырт ағзалармен амал ету болса, тариқат – «қалб-жүрекпен», яғни көңілмен амал ету деген сөз, ал хақиқат дегеніңіз – сырмен (жүректің түбіндегі субстанция, көңіл) амал ету болып табылады, - дейді [9, 36 б.] Ал, жүректі амал еттіретін жол – біреу. Ол – Алланың зікірі. Ясауи зікір ғибадаты туралы былай дейді:

Алла жады нұрын кімге тарту қылса,  
Қу нәпсі, мемендікпен қалады екен.  
Пенде егер, зікірші болып, Алла десе,  
Кірлеген көңіл татын ашады екен.

«Фэзкуруни эзкуркум» есітіп нада.  
Зікірін айтып, әмірін ұстап мушаһада,  
Кіріп көрге, тартып түрлі мужаһада,  
Ғашық жандар сыр шарабын ішеді екен [7/92, 150 б.].

Осы зікір ғибадаты жүрек көзін ашты, иманнан ажыраған халықты иманға қайтарды. Ол да Абу Ханифа сияқты иманды бар ғибадаттың алдына шығарды. Ол иман туралы айтқан мына Хикметі иманның маңызының діндегі орны қаншалықты екендігін көрсетеді:

Хикмет бірлән әууал адам дін бар айлады,  
Он сегіз мың қамуғ алам қайран ерур.  
«Қалу бала» деген құлдар үлес алды.  
Сақут еткен құлдар діні ойран болур.

Хақ тағала иман ата (сыйлады) қылды бізга,  
Аууал Мұстафа расулы айды бізге.  
Друд етсак қууат берар дінімізга,  
Йоқ ерса, қылғанларым ойран ерур [7/62, 99 б.].

Иман болмаса, дін де жоқ. Дінді ақылмен емес, жүрекпен қабылдау қажет. Олай болмаған жағдайда иман кәміл болмайды. Қазақ халқының иман-сенімі Ясауидің осы ұстанымы негізінде қалыптасты. Иманды бәрінен жоғары бағалады. Қазақта «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген аталы сөз бар. Демек, қазақ үшін иман малынан да, жанынан да артық. Ал, Абай болса:

Алла деген сөз жеңіл,  
Аллаға ауыз жол емес.  
Ынталы жүрек, шын көңіл,  
Өзгесі Хаққа қол емес, [10, 13 б.] -дейді.

Немесе:

Ақылмен ойлап білген сөз  
Бойыңа жұқпас сырғанар.  
Ынталы жүрек білген сөз  
Бар тамырды қуалар [10, 21 б.].

Бұл жолдар қазақ халқының не нәрсе болса да, жүрекпен қабылдайтынын білдіреді. Демек, қазақ халқының діни дүниетанымы тариқат жолы арқылы қалыптасқандығын көрсетеді. Мысалы, рух, әруах, әулие туралы түсініктер негізінде Ясауи дүниетанымы жатқанын аңғару қиын емес. Қожа Ахмет Ясауи әулиелер туралы былай дейді:

Шын ғашықтар дәйім тірі өлген емес,  
Әруақтары жер астына кірген емес.  
Заһид, абид бұл мағынаны білген емес,  
Шын ғашықтар халайықтың Қызыры болар [7/141, 236 б. ].

Немесе:

Алла үшін жанын берген зая қалмас,  
Екі әлем оған бостан, әркез өлмес.  
Шын ғашықтың сыры құпия халық білмес,  
Көз жасын куә қылып жүрер болар [7/143, 242 б.].

Ясауидің бұл Хикметтері әулиелер туралы Құран Кәрімнің «Юнус» сүресіндегі «Алланың достарына еш қауіп-қатер жоқ, әрі олар қайғырмайды» [8, 10/62], -деген Құран аятымен мағыналас екендігін көруге болады. Сондай-ақ, Ясауи Хикметтерінде әулиелердің Алламен байланыса алатыны туралы да айтылады:

Хақ уәсіліне жетейін десең зары қылғын,  
Зікірін айтып, жарандарға жары бергін.  
Жапа тартып, жарандардан үлес алғын,  
Үлес алмай дидарын көрер ме екен? [7/121, 206 б.]

Бұл Хикмет те әулиелердің Алла мен адам арасын байланыстыра алатын қуаты барлығын көсетіп тұр. Ал бұған Құран Кәрімнің «Маида» сүресінің отыз бесінші аятында «Ей, иман келтіргендер! Алладан қорқындар және оған жақын болатын жолды іздеңдер және оның жолында күресіндер, сонда, әрине құтыласыңдар», [8, 5/35] - дейді. Олай болса, қазақ халқының көне дәуірлерден бері жыр-дастандарында жырланып келген, әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан әулиелерге зиарат жасау, олардан жәрдем сұрауы Исламға қайшы келмейді. Бұған мысал ретінде «Алпамыс батыр» жырындағы мына үзіндіні келтіре аламыз. Байбөрі мен кемпірінің Алладан бала сұрап, әулиелерге зиарат жасап, ең соңында Баба түкті шашты Азиз басына барып қонғанда, түсінде сол әулие келіп былай дейді:

Ей, бейшара мүгедек, жаныңызға не керек?  
Дейсің ғой маған ұл керек. әулиені қыдырдың,  
Жердің жүзін сыдырдың, маңдайыңды төбелеп.  
Әрқайсысының әр түрлі, мәртебесі бір бөлек.  
Сен үшін бәрі қиналды, бір жерге тегіс жиналды.  
«Бір ұл бер»- осыған, Бір Жаратқан Құданың,  
Дәргейіне жылады. Мен де тұрдым ішінде,  
Әулиенің күші де, Жаратушы жалғыз-ақ,  
Дәргейіне ұнады. Ұнағанын содан біл,  
Бір қыз қосып сыйлады. Сексен сегіз мың сәруар,  
Тоқсан тоғыз мың машайық, бәрінің көңлін қимады [11, 151 б.]

Қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы әулиелердің ролі осындай. Бірақ, бұл дәстүр шариғат шеңберінде қарастырылуы мүмкін болмағандықтан, діни танымы шариғат шеңберімен шектелген халықтарда әулие, әулиелерге зиарат мәселесі Исламға сай келмейтін дәстүр есебінде қабылданады. Ендігі кезекте рух, әруах мәселесіне тоқталып көрелік.

Ясауи ілімін философиялық тұрғыдан зерттеген Досай Кенжетай Ясауидің «кемел адам» тұжырымдасына талдау жасай отырып: «Өзін өзі тану» ұстанымы өзінің ішкі әлемінің жеті қырын анықтап, тереңдеп тану арқылы адамның Аллаға ашылуын мақсат етсе, «Өлмес бұрын өл» ұстанымы – адамның моральдық-этикалық және сопылық

рухани-тәжірибелік талаптар шеңберінде тәрбиеленіп, Алланың сипаттарымен сомдалуына негізделген. Бұл екі ұстаным бірін-бірі толықтырып тұратын теориялық және тәжірибелік қырлар емес, екеуі біртұтас. Ясауи ілімінде осы тұтастықтың мәні «йақин», яғни абсолюттік таным категориясы арқылы ашылған,» - дейді және бұл абсолюттік танымның жеті сатыдан тұратынын айтады. Олар: исм-ул-йақин, расм-ул-йақин, 'илм-ул-йақин, 'айн-ул-йақин, хаққ-ул-йақин, хақиқат-ул-хаққ-ил-йақин, Аллаһ-ул-хаққ-л-йақин [12, 235б.].

Бұл қабаттардың әрқайсысы он мың пердеден тұратынын, барлығы жетпіс мың перде барлығын, сол жетпіс мың пердеден өткен адамның әулиелік дәрежеге көтерілітінін Ясауи бабамыз өзінің «Пақыр-нама» атты шығармасында жазған болатын. Осы танымдық қабаттарды қазіргі күні кванттық физиканың сұйық денелерді зерттейтін саласы адам рухының(жанының) да қабаттары екендігін дәлелдеп отыр. Сол жеті нәзік қабаттан тұратын адам жанын былай атайды: 1.Эфирлі дене. 2. Астральді дене. 3.Ментальді дене. 4. Каузальді дене. 5. Интуитивті дене. 6. Аспан денесі. 7. Тәж дене [13, 25-27 сс.].

Осы нәзік жеті қабаттан тұратын денелердің адамның жаны мен тәні ажырағаннан кейінгі қозғалысын былайша сипаттайды. Эфирлі дене – адам қайтыс болған күннен кейін тоғызыншы күні өледі. Астральді дене – адам қайтыс болған соң қырқыншы күні өледі. Ментальды дене адам қайтыс болғаннан кейін тоқсаныншы күні өледі [13, сс. 26-27].

Егерде біз осы кванттық физика ғылымының ашқан жаңалықтарын қазақ халқының қайтыс болған кісіні жөнелтуге қатысты әдет-ғұрыптарымен салыстыра қарайтын болсақ, онда екеуінің арасында тікелей сабақтастық барлығын көруімізге болады. Қайтыс болған кісінің жетісі беріледі, қырқы беріледі, одан кейін жүзі беріледі, жылы беріледі.

Демек, қазақ халқының әдет-ғұрыптары қайтыс болған кісінің рухының қозғалысын негізге алып, олардың қозғалысына байланысты рухтың әр қабатымен қоштасу рәсмін өткізеді. Мұның өзі қазақ халқының рух-әруахқа қатысты салт-дәстүрлерінің қиялдан шығарылмағандығын, діни негізі барлығын және ислам діні негіздерімен сабақтастықта қалыптасқандығын көрсетеді. Бұларға қоса қазіргі күні қолданыста бар, бірақ себебі белгісіз қаншама қазақтың әдет-ғұрыптары бар. Мысалы, жаңа туылған нәрестені қырқынан шығару, бейсенбі, жұма сайын әруақтарға арналып жеті нан берілуі, тағы сондай ғұрыптардың да осы рухтың қозғалысына байланысты қалыптасқан айтуымызға болады.

Бұл Ясауи негізін салған тариқат жолының аясы тым кең, таным терен, ғылыми негізі болғандығынан, екі дүниенің ісінен хабары болғандығын көрсетеді. Бұл мысалдар қазақ халқының діни дүниетанымы мен исламдық салт-дәстүрлері тек шариғат шеңберімен шектелмейтінін, тариқат жолы арқылы да қалыптасқандығын көрсетеді. Сол себепті, шариғат шеңберінде ғана білім алып, халық алдына шығып жүрген имамдардың қазақ халқының дәстүрлі діни таным мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің түпкі мәнін түсіне алмауы заңды құбылыс. Өйткені, ол имамның оған білімі де, өресі де жетпейді. Имамдар бұл мәселені түсініп, амал ету үшін Ясауи негізін салған сопылық жолдан хабары болуы керек. Ендігі осы сопылық жолдың ерекшеліктеріне қысқаша оқталып өтелік.

Тариқат – мұсылман дінін қабылдаған халықтардың Исламның негізгі бес парызын қабыл етіп, қалған діни жол-жоралғыны сопылық жол-рухани таным негізінде қалыптастыра отырып, қоғамдық қатынастарды реттеуді толығымен әр халықтың өзінің табиғи ерекшелігіне қарай қалыптасқан салт-дәстүріне беру деп айтса болады. Енді осы мәселелерді Қожа Ахмет Ясауи бабамыз қалай шешті, соған қысқаша тоқталып көрелік.

Қожа Ахмет Ясауиге дейін сопылық жеке тұлғалардың немесе белгілі шайхтың айналасына шоғырланған топтың рухани жетілу тәжірибесі болса, Ясауи оны жалпы

қоғамның иман-сеніміне айналдыра білді. Қожа Ахмет Ясауи өз тариқатын қалыптастырғанда алдымен Исламның рухани негіздеріне баса мән берді. Соларға арқа сүйеді. Бұл Ясауи жолындағы халықтың иман-сенімінің Исламдық негіздерден айнымауының кепілі болды. Көп жағдайда Ясауи жолындағы халықтың иманының беріктігі жағынан өзге халықтарға үлгі болатын дәрежеде еді.

Қоғамдық қатынастарды реттеуді Қожа Ахмет Ясауи толығымен түркінің көнеден келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына берді. Себебі, түркінің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің өзі Алла Тағаланың бұл халыққа берген нығметі болатын. Құранда ол туралы «Біз әр үммет үшін бір шарифат және бір жол жасадық» [8, 5/48] - деген аятпен бекітілген. Оның сақталуын Ясауи тариқаттың басты шарты деп білді. Біз Ясауидің тариқат жолына мұндай қатаң талап қойғанын мәдениеті Ясауи жолы негізінде қалыптасқан қазақ халқының мәдениетіндегі исламдық шарифат жолынан өзгешелігіне қарап көруімізге болады. Мысалы, бір ғана некелік қатынастардағы ерекшеліктердің өзі шарифат пен түркілік дәстүр арасында қаншалықты айырмашылық барлығын дәлелдейді. Араб қоғамында қалыптастырылған шарифатта некелік қатынас эндогамдық сипатта, ал қазақтарда некелік қатынас экзогамдық сипатта.

Қазақтардың дәстүрінде жеті атаға дейінгі некелік қатынасқа түскендер үшін өлім жазасы белгіленген. Ал, арабтарда немере ағайындылар арасындағы некелік қатынас – Пайғамбар сүннеті. Бұл Қожа Ахмет Ясауидің түркілік дәстүрге қаншалықты мән бергенін көрсетеді. Осы түркілердің осы салт-дәстүрлік ерекшеліктерін Ясауи өзінің бізге дейін жетпеген «Фатава-и танбих»-«Пәтуалар көрсеткіші» атты кітабында негіздеп жазды деген ойдамыз. Ол кітап туралы кейінгі ғасырларда жазылған шығармалардан оқи аламыз. Міне, осы айтылғандарды жинақтап көретін болсақ, онда Рухани әлеммен қамтамасыз ететін, Исламның бес парызын негізге алып, сопылық жолдың жалпы заңдылықтарына бағына отырып, әр халықтың ерекшелігіне орай, исламдық рухани негіздерді қалыптастырып, өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрін қолдануға мүмкіндік беретін жолды тариқат деп атайтынын көруімізге болады.

Қожа Ахмет Ясауи осылай түркінің ислам дініндегі жолын, шеңберін айқындап берді. Бұл жолдан-шеңберден тыс түркі баласы үшін ислам діні болғанымен, түркі мәдениеті жоқ болатын. Сол себепті, Ясауиді кезінде Алишер Новаи сияқты ғұлама «Түркі жұртының құбыласы» деп атады. Өзге ғалымдар Ясауиге «Қтуб ал-Ақтаб» деген ат берді. Ол да «түркі жұртының Темірқазығы» дегенді білдіретін. Ясауидің рухани ілімінің арқасында Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейін дүниеге келген Жошы Ұлысы Алтын Орда атанды. Әлемдегі озық ойлы, дамығын мемлекет дәрежесіне көтерілді. Осы ілімнің арқасында мемлекеттің басқару жүйесі толығымен қайта құрылды. Үш жүз бен рулық, тайпалық жүйелер қайта топтастырылып, мемлекетті басқарудың озық үлгісі қалыптасты. Абсолюттік билік ханда да, биде де, қара халықта да болған жоқ. Заңда-шарифатта болды. Бұл мемлекетте әділдік принциптерінің қатаң сақталуына ықпал етті. Алтын Орда сияқты ұлы мемлекеттің қалыптасуы Ясауи жолының ықпалды идеологиялық күшке айналумен тікелей байланысты болса, құлдырап, күйреуі де Ясауи жолынан шегінумен байланысты болды.

### **Қорытынды.**

Қожа Ахмет Ясауидің сопылық жолды тариқат дәрежесіне көтеруі, түркілердің Исламдағы жолын айқындап беруі өзге халықтарға да өздерінің рухани-мәдени, құқықтық тәуелсіздігін қамтамасыз ететін сопылық тариқаттарды қалыптастыруына мүмкіндік берді. Сопылық тариқаттар белгілі бір халықтың рухани-мәдени болмысы мен көне дәуірден келе жатқан салт-дәстүрлеріне негізделді және тариқаттар сол халықтардағы ислам дінінің өмір сүру формасы болып қалыптасты. Осылай тариқаттар арасындағы ерекшеліктер әр халықтың өзіндік болмысын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Бір тариқат пен екінші тариқат арасындағы ерекшеліктердің болуы заңдылық деп танылды және мойындалды. Демек, Қожа Ахмет Ясауидің ислам дінін тариқат



деңгейіне көтеруі бір түркі халықтары емес, бүкіл мұсылман дінін қабылдаған халықтардың рухан-мәдени болмысында шешуші мәнге ие болды.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Кариев О.А. Фарғона фикх мактаби Буханиддин ал-Марғинович. –Тошкент: «ФАН», 2009. 22-23 бб.
2. Жандарбек З. Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы. –Алматы: «Дайк-Пресс», 2002. – 168 бет.
3. Насаб-нама, Қ.Сәруаров қолжазбасы, 64 қатар.
4. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Т.1. –Москва: ИВЛ, 1963. – 760 с.
5. Бартольд В.В. Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. Сочинения. Т.2, ч.1. – Москва: Издательство восточной литературы. 1963. – 1020 с.
6. Жандарбек З. Ясауи жолы және қазақ қоғамы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2006. – 256 бет.
7. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет. – Алматы: «Арыс», баспасы, 2001. – 272 бет.
8. Құран Кәрім.
9. Қожа Ахмет Ясауи. Мират ал-Кулуб /Жинаған Мұхаммед Данышманд Зарнуки. Баспаға дайындаған: Кенжетаев Д.Т. – Шымкент: South Print Corporation, 2022. – 253 бет.
10. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. Т.2. –Алматы: «Жазушы», 2005. – 336 бет.
11. Алпамыс батыр //Батырлар жыры. Т.1. – Алматы: «Жазушы», 2000. – 251 бет.
12. Кенжетаев Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 360 бет.
13. Аширов А. Экология сознания. –Шымкент: Полиграфия, 2007. –150 с.

## ЯСАУИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-АКСИОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

<sup>1</sup>Бауыржан Сайфунов, <sup>2</sup>Бақдаулет Айтбай

<sup>1</sup>*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Теология факультеті, Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD. Қазақстан, Түркістан қ.*

bsaifunov@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-8707-7075.

<sup>2</sup>*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Теология факультеті, Дінтану мамандығының магистранты Қазақстан, Түркістан қ., bakdaulet195@gmail.com*

**Андатпа.** Құл Қожа Ахмет Ясауи мұралары Түркі мемлекеттілігінің - темірқазығы. Ясауи және оның ізбасарларынан қалған еңбектер мемлекетіміздің төл рухани құндылықтары. Мұндай төл құндылықтар бабадан балаға аманат. Сондықтан әрбір зерттеушінің ұрпақ алдындағы міндеті атадан қалған аманаттарды кейінгі ұрпаққа қалдыруы азаматтық борышы. Ахмет Ясауи - өмір жолы ұрпаққа өрнек болатын, ғұмыры ғибрат пен елдік істерге толы тұлғалардың бірегейі. Ясауи мектебінің ең ауыр соққы қабылдаған тұсы Совет Одағы дәуірі болды. Аталған ілімнің құндылықтары: адептері, психотехникасы халық арасында таралуына қатаң тыйым салынды. Осы дәуірде Ясауи ілімін жалғастырушылар қудаланды, сібiрге айдалды, ату жазасына кесiлдi.<sup>18</sup> Бірақ Ясауи мектебінің өкілдері өздерінен соң құндылыққа толы мол мұраны кейінгі ұрпаққа жазып, қалдырып кетті. Бұл мақалада Ясауи мектебі адептерінің аксиологиялық ерекшеліктері, Ясауи ілімінің әдіснамасы, зікір дәстүрінің деректердегі көрінісі, Ясауи мектебі өкілдерінің шығармаларындағы зікір дәстүрінің жырлануы және Ясауи мұраларының тарихи-аксиологиялық маңызы зерделенеді. Мақалада дескриптивті әдіс қолданылды.

**Кілт сөздер:** Ясауи ілімі, аксиология, психотехника, жария зікір, ара зікір, хикмет айту дәстүрі, иләһи әуендер.

**Annotation.** The legacy of Kul Hoja Ahmet Yasawi is the polar star of Turkish statehood. The works left by Yasawi and his followers are the original spiritual values of our country. In a word, the teachings of Yasawi are the spiritual passport of the Turkic people. Such values are inherited from ancestors to future generations as amanat<sup>19</sup>. Ahmet Yasawi is a unique person, whose life path is a model for future generations, whose life is full of lessons and spiritual values. Yasawi School suffered the most during the Soviet Union. For example, it was strictly forbidden to disseminate the values, morals and psychotechnics of this teaching among the people.<sup>20</sup> But the representatives of the Yasawi school left a rich and valuable legacy to the next generation. This article discusses the axiological features of the adherents of the Yasawi school, the methods of Yasawi's teaching, the expression and chanting of the tradition of dhikr in the works of Kazakh thinkers. The article uses a descriptive method.

**Key words:** Yasawi's Teaching, Axiologi, Psychotechnics, Jahri Dhikr, Harra Dhikr, Wisdom Saying Tradition, Divine Melodies.

**Özet.** Kul Hoca Ahmet Yesevi'nin mirası Türk devletçiliğinin kutup yıldızıdır. Yesevi ve takipçilerinin bize bıraktığı eserler türk halkının özgün manevi değerleridir. Bu değerler atalardan gelecek nesillere emanet olarak miras kalmıştır. Ahmet Yesevi, yaşam yolu gelecek nesillere örnek olan, hayatı derslerle ve manevi değerlerle dolu eşsiz bir insandır. Yesevi

<sup>18</sup> Қараңыз: Saifunov Bauyrzhan, "Türkistan'da Ehl-i Sünnet Anlayışının Gelişimi ve Ahmed Yesevi'nin Rolü", Doktora Tezi, Erciyes Üniversitesi, Kayseri 2022, 168-178.

<sup>19</sup> entrusted to the safekeeping of some value.

<sup>20</sup> See: Saifunov Bauyrzhan, "The Development of the Understanding of Ahl al-Sunnah in Turkestan and the Role of Ahmad Yassawi", Doctoral Thesis, Erciyes University, Kayseri 2022, 168-178.

өғретісі ең бйык асыуы Совьетлер Бирлиги дйнемінде чекмиштир. О дйнемде бу йгретинин дегерлерини, ахлакын и ве психотекнигини halk арасында yaymak kesinlikle yasakti. Buna ragmen Yesevi yolunun temsilcileri gelecek nesillere zengin ve degerli bir miras bırakabilmiштир. Makalede Yesevi йгретисинин аксийоложик йзелликлери, Yesevi'nin йгретисинин йнтемлери, Kazak дйшүнйрлерин eserлериндеки zikir geleneги ve Yesevi mirasinin tarihsel-aksiyolojik йнemi incelenmiштир. Makalede deskriptif йнтем kullanilmштир.

**Anahtar kelimeler:** Yesevi йгретісі, Aksiyoloji, Psikoteknik, Cehri Zikir, Harra Zikri, Bilgelik Sйyleme Geleneги, İlahi Ezgiler.

### **Кіріспе.**

Ясауи ілімін тыңғылықты зерттеу 100 жылдан асып барады. Соның ішінде екпін қойып айтарымыз да Ясауи ілімінің таралуы дер едік. Академиялық алаңдағы алғашқы зерттеулердің ең маңыздыларының бірі Фуат Көпрүлүннің «Түрік әдебиетіндегі алғашқы сопылар» еңбегі. Алғаш рет бұл еңбек 1919 жылы Ыстамбұлда басылып шыққан. Күнімізге дейінгі Ясауи зерттеулеріне келсек, 100 жылдық уақытта осы тақырып айналасында 200–ге жуық түрлі деңгейдегі диссертациялар мен 2500–ге жуық ғылыми және танымдық мақалалар жария көріпті. Ясауи зерттеулері бойынша отандық ғалымдар ішінде Кенжетай Досай Тұрсынбайұлының еңбектері бір төбе һәм аса құнды. Қазақстан кеңістігінде Ясауиге қатысты еңбектердің қазақ және орыс тіліндегі библиографиясы Асқарбекова Набат пен Айнұр Әбдірәсілқызының құрастыруымен «Әзіреті Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының демеуімен Алматы: Арыс баспасынан 2008 жылы жарық көрді. Бұл библиографияда 1200–ге жуық еңбек орын алған. Алайда жоғарыдағы еңбектердің дені көбісі Ясауи дүниетанымын, шығармаларын тілдік, әдеби, философиялық, әлеуметтік, тәрбиелік, психологиялық, этнографиялық, мәдениеттанулық, дінтанулық және тарихи аспектіде зерттеген. Бірақ дінтанулық және теологиялық бағытта зерттелген еңбектер саусақпен санарлық әрі өте жұтаң, көбінесе тақырып аясындағы бұл бағыттағы зерттеулер Ясауиді тарихилық тұрғыдан танытуға басымдық берген. Ясауи мұрасын феномендік ілім, рухани-мәдени тұрғыдан зерделеу қажеттілігі бүгінгі таңда өзінің өзектілігін көрсетіп отыр. Әсілінде, тақырып етіп қозғап отырған Ясауи ілімінің таралуы дінтанулық, теологиялық һәм аксиологиялық тұрғыдан мұқият зерделенуді қажет етеді. Себебі, Ясауи ілімі Түркі-Ислам өркениетінің бір бөлшегі саналатын түркі мәдениетінің өзегі. Ортағасырда арабтық және парсылық жаһандану үрдісінен түркі халқының ұлттық әрі мәдениеттік мендігін жоғалтпай, ұлттың идентификациялық барлығын сақтап қалған да осы Ясауи ілімі болатын.

### **Қожа Ахмет Ясауи ілімінің кілті.**

Қожа Ахмет Ясауи ілімінің таралуына келсек, Түркістан топырағына<sup>21</sup> яғни көпшілік түркілер мекен еткен аймаққа Ясауи ілімі хикмет дәстүрі арқылы таралғанына көз жеткіземіз. Асылында Ясауи бауырластығын өзге тариқаттардан өзгешелеп тұратын жахри зікір. Яғни түркі жұртына жайылған мұсылмандық Ахмет Ясауи қалыптастырған мәдениеттің өзегі жария зікір арқылы тарағандығын баса айтуымыз керек. Ясауи ілімінің өзге сопылық бауырластықтардан ерекшелігі де осы жария зікірдің ерекше бір түрі болып саналатын «Ара зікір» дәстүрі. Ал Ясауи хикметтері

---

<sup>21</sup> Осыған дейінгі зерттеулер мен ғылыми қолданыстағы «Орта Азия, Орталық Азия» ұғымдары үшін біз өз зерттеулерімізде «Түркістан топырағы, Түркістан өлкесі» терминдерін қолданғанды жөн санаймыз. Себебі қазіргі таңда қолданып жүрген «Орта Азия, Орталық Азия» терминдері «Түркістан» ұғымын түркі жұртының санасынан сылып тастау үшін отаршыл елдердің қабылдаған ұғымы болғандықтан, аталмыш географияны тілге тиек еткенде, бұл аймақтың тарихтағы шынайы есімін қолдануды жөн көреміз. Қараңыз: Сайфунов Б. «Түркістанда Әһли-Сүннет түсінігінің қалыптасуы және Ахмет Ясауидің рөлі» PhD диссертациясы, Түркия, Эржиес университеті, Кайсери 2022, 10-14 бб.

болса «Ара зікір» дәстүрінің негізгі құрамдас бөлігінен орын алған, әрі керемет үйлесімділікпен күнімізге дейін жалғасын тауып отырған рухани классикалық жәдігер.

Барлық сопылық бауырластықтарға тән зікір ету формасы жария және құпия болып бөлінеді. Жария зікір қылу, яғни Алланы дауыстап дәріптеу түрлері басқа бауырластықтарда Жаратушыны өзіндік ашық дауыспен айту формасында іске асырылатын болса, Ясауилік жолда ерекше басымдыққа ие. Алланы еске алудың өзгеше түрі осы - Ара зікірі, әрі бұл зікір ету әдісі тек қана осы Ясауи мектебіне ғана тән, күнімізге дейін жоғалмай жеткен тасаууфтық психотехника. Ясауи мектебі өкілдерінің танымы бойынша «*Зікір – адамды жоғары дәрежеге жеткізетін құрал*».

Сұлтан Ахмет бин Махмұд Хазини әл-Хисаридің Османлы ханы сұлтан III Мұратқа (1546-1595) сыйға тартқан *Жауахир-ул-Абрар мин Әмуәжил-Бихар (Теңіз толқындарындағы ізгіліктің жасауһарлары)* атты рисаласының «Зікір түрлері және зікір әдептері» бабында Хазини, Қожа Ахмет Ясауиді, Шейхтар шейхі, мүридтер Сұлтаны дей келе, Қожа Ахмет Ясауидің:

*«Жаратқан Иенің көркем есімдеріне жататын «Алла» сөзі барлық сипаттарды өзінде жинақтайды. Алланың есімін таңдадық, осылай Алланың жәрдемімен «Һу» атына мініп, «Һу» мақамына ереміз. Бұл зікір адамды уәлилік дәрежесіне шығарады. Әбу Саид Харраз (Алланың рақымы оған болсын) «Алла Тағала бір құлына достық тілер болса, оған зікір есіктерін ашады»* [Хазини, 1995;16] - деген сөзін келтіреді.

Жалпы, Ясауи бауырластығы жахрия тариқат. Бауырластықтың өзгелерден ерекшелеп тұратын құндылығы да осы жария зікір. Жария зікір Халқа (алқа) зикр, Харра (ара) зикр болып екіге бөлінеді.

Алқа зікір - дәруіштердің алқа қотан отырып, Алланың көркем есімдерін айтып ұлықтау, таухид кәлималарын айту, Пайғамбарларға салауаттар айту, әулиелерге дұға ету және де түрлі истиғфарлар айтып Жаратушыға жалбарыну мен Хатым Сағира оқып, өткен ата-бабаларға Құран бағыштап, салауаттар айтумен тәмәмдалады. Алқа зікірде отырған дәруіштер Алланың ұлық есімдері мен таухид кәлималарын қайталағанда зікірді төрт жаққа ишара етіп салады. Алқа зікірдің кейбір мәтіндері жоғарыда тілге тиек еткен *Жауахир-ул-Абрар* еңбегінде де кездеседі.<sup>22</sup> Сондай-ақ зікірде айтылатын сөздер, жария зікірдің қыры мен сыры жайлы Түркістан топырағында сопылық құндылықтарды зерттеген бірнеше ориенталистердің зерттеулерінде де орын алған.[Казанский, 1905; 71-100; Троицкая 1926:173-198;]

Ара зікір – дәруіштер бұл зікір түрінде де алқа қотан отырады. Ара зікір, зәкірдің<sup>23</sup> басқаруымен әғузу-биссмілләмен басталып бір темппен һәм әдемі әуезбен Ясауи хикметтері айтылып, сол әуездің ағынымен, әдеппен тамақтан араның дауысына тән дыбыс шығару арқылы орындалады. [Сайфунов 2022; 182-185] Ара зікір өз ішінде ИллАлла, Алла Һу зікірін, Һу зікірін, Хай зікірін, Әнтәл Һәди зікірін қамтиды. Хазини,

<sup>22</sup> Жария зікірдің Алқа зікір түрінің мәтіні үшін қараңыз: Сайфунов Б. «Түркістанда Әли-Суннет түсінігінің қалыптасуы және Ахмет Ясауидің рөлі» PhD диссертация, Түркия, Эржис университеті, Кайсери 2022, 182-185. XIX ғасырдың бас кезінде Ташкент қаласында әйелдер арасында жария зікірдің алқа зікір формасындағы мәтіні үшін қараңыз: Троицкая А.Л., Женский зикр в старом Ташкенте, Сборник музея антропологии и этнографий, т. 7, 1926

<sup>23</sup> Зәкір, Ара зікірді жүргізуші ұстаз немесе зікір рәсімін жүргізуге ұстаздың рұқсаты берілген дәруіш.

Қожа Ахмет Ясауидің жария зікірдің нәтижесі «Зикр-ул-Адат»,<sup>24</sup> «Зикр-ул-Хайбат»<sup>25</sup> және «Зикр-ул-Мушахада»<sup>26</sup> сияқты мақамдарға жеткізетінін айтады.

Жалпы, біз қысқаша ғана тілге тиек етіп отырған Жаратушы Алланы дауыстап дәріштеудің түрлері саналатын Жария зікір, яғни Алқа зікір және Ара зікір дәстүрлері Қожа Ахмет Ясауи ілімінің кілті. Алқа зікір және Ара зікірдің практикасын жасап рухани хәлді өз бойынан өткермейінше, кез-келген адам тұрмақ, осы жолды қалап бетбұрған дәруіштің өзі де бұл ілімнің сырын ұға алмайды, аталмыш ілімнің жұмбақ сырларын пенденің түйсігі бағамдап тани алмайды. Бұл ілімнің сыры зікірді өз тәжірибесінде қолдану арқылы ғана ашылады.

Қазақ сахарасынан шыққан даңқты бабаларымыз Ясауи қалыптастырған зікір дәстүрін тәжірибеде қолданған, зікір дәстүрін ұдайы дәріштеген. Олардың ұрпаққа қалдырған құнды жәдігерлерінен бабаларымыздың Ахмет Ясауи ілімінің мираскерлері болғандығын әрі аталмыш зікір ғибадатына қатты маңыз бергенін көреміз.

«... Ала таңмен аралас, Зікір айтып зарлаған,  
Бір құдайдың достары. Құдайдың досы кім десең,  
Кешегі өткен пайғамбар, Солардың жолын құп көріп,  
Ғұлама деп айтқандар... » /Әбубәкір Кердері (1861 - 1903)/

Пайғамбар, шайхы, мүждәһәт, Күндіз-түні тынбастан  
Зікір айтып зарлапты-ай, Уақытылы ажалдан  
Артында бірі қалмапты-ай... /Сәттіғұл Жанғабылұлы (1876 - 1966)/

Қожа Ахмет Ясауи, Зікір айтып зарлаған,  
Жүзінен иман шашылған, Зікірмен шайтан қашырған,  
Көкірек көзі ашылған... /Сүгір Бегендікұлы (1894 - 1974)/

Әулие Бекет пірімнің, Оғыландыда ошағы –  
Жалыны шалқып шақырған. Дін-исламның жолында  
Баспаған қадам ғафылдан. Мүриті қойдай маңырап,  
Соңынан еріп қапылған. Зікірмен зарлап ерте-кеш,  
Аллаға жылап аһ ұрған. Дәріс айтқан ұстазы  
Үргеніште Бақыржан. Ұстанған үлгі жолы бар  
Құл Қожа Ахмет тақсырдан. Алласы қалап әуелде  
Уәлилерге бас қылған. Мигражда нұрын көргесін  
Хақ Расулі паш қылған. Арыстан баптай досына  
Аманат-құрма тапсырған. Солардың үлгі жолымен  
Бекетім шықты дін түзеп, Көкірек көзін аштырған. /Ақтан Керейұлы (1850 - 1912)/

Зікір таһлил көп айтқан, Қашар шайтан халықтан.  
Қашқандай шабақ шашырап, Шортан атты балықтан...

... Зікірші һақтың досы деп, Айтқанына нанайық.  
Хақ жолына ғашық боп, Тірідей күйіп, жанайық.

<sup>24</sup> «Лә иләһә иллАлланы» ережелердегі ұзартуларға және мағынасына маңыз беріп, оңға, солға ишара қылып, зікір айту кезінде демді тереңінен ішке тартып, жүрегіне сүйеніп, айтуы қажет зікірдің түрі. (Ахмет Ясауи)

<sup>25</sup> Зікір тілден көңілге, көңілден тілге келеді, кетеді. Ақырында зікір көңілде әбден мөрленіп, сақталады. Көңіл зікірге кіріскенде тіл үнсіз қалады. Алланың зікірі көңілден сырға, сырдан қайта көңілге келеді, кетеді. Алланың зікірі сырда қалса, сыр ғайып әлемінде зікірге кіріседі. Бұл мақамдағы зікірді «Зикр-ул-Хайбат» дейді. (Ахмет Ясауи) Хазини, *Жауахир-ул-Абрав*, 16 б. Хайбат мақамы - Алланың ұлылығының алдында құлдың бар болуының жойылуы.

<sup>26</sup> Шухуд – көзбен көру мағынасындағы сөз. Мушахада - рухани әлемге, Жаратушы Иеге қатысты сырларды жүрек көзімен көру.

/Балмағанбет Балқыбайұлы (1890-1970)/

Көрерсің Хақтың дидарын, Кір жұқпаса діліңе,  
Адал болсаң дініңе, Жұмыртқадай аршылған.  
Жаппар Хаққа ұнайсың, Зікір айтып зарласаң.  
Жамағатқа ұнайсың, Пікір етіп барласаң.  
Одан өткен амал жоқ, Шартарапты шарласаң.  
Осыларға бекем бол, Ақыретті қамдасаң.  
Мединеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет,  
Маңғыстауда – Пір Бекет, Солардан сұра, нанбасаң!...  
/Аралбай Оңғарбекұлы (1854 - 1914)/

Пендеден сақта пікірсіз, Таспиықсыз, зікірсіз  
Ауызда аят – алхам бар – Кетпесек болды шүкірсіз.  
/Нұрым Шыршығұлұлы (1831 - 1908)/

Өткен ғасырлардан бізге жеткен суреттерге қарайтын болсақ, нақтырақ айтқанда, қолда бар XIX ғасырдағы фотобейнелерге қарасаңыз сопы дәруіштердің түрінен адам шошиды.<sup>27</sup>

Белдеріне асқабақ қауашақ іліп алған, алқам-салқам жамау-жамау шапан киген, аяғында жыртық-жыртық мәсі, кейде жалаң аяқ, жалаң бас сүмірейіп тұрады. Осыған қарап, кез келген адам оны «елдің қоры, пенденің сорлысы» екен деп ойлайды. Дәруішке де керегі осы атақ. Себебі оның бойында кереметтің ұшқыны бар. Әгәрәки, оның бір шеті көрінсе, бұқара халық табына кетуге дайын тұр. Оның соңы көңілдегі рухани үйлесімділіктің бұзылуына әкеледі. Ертедегі дәруіштердің бір жерде ұзақ тұрақтамай, қаңғып жүретіні де осы. Себебі шынайы болмысын ел білсе құрметтеп, төбесіне көтереді. Бұл әлгі дәруіштің көңілінің өсуімен аяқталуы бек мүмкін. Сырт көзге оғаш көрінген дәруіш теологиялық тартысқа түссе, көп ғұламадан білімі асып түседі. Том-том хикметті жатқа соғып, ілімді ғайыптан тартады. Дүние сөзін сөйлемей, үнемі зікір айтып жүргесін тіліне құдірет дариды. Олардың дем салып берген затына дейін кие дарып кетеді. Оны қазақша «аузының дуасы бар» дейді.

Бір қызығы, дәруіш, өзін - бейшара, қотыр ит, қарабет, адамның ең сорлысы етіп сипаттаудан танбайды. Мұндай хәл, Ахмет Ясауи хикметтерінде былайша көрініс табады:

Құл Қожа Ахмет, жамандардың жаманысың,  
Барша ел бидай, сен сабансың,  
Жолдан азған адасушылардың наданысың,  
Келіндер, жиналыңдар зікірші құлдар, зікір айтайық...[Ясауи, 2010; 324]

Дәруіштердің сахарда тұрып, Жаратқанға жалбарынатын дұғасының өзі шарасыздыққа құрылған. *«Уа, Жаратқан Ием! Мені жаратпасаң нетті? Саған қарауға бетім жоқ. Әр күнім мастықпен, ар түнім гапылдықпен өтіп жатыр. Махшарда даргейіңе барудан қорқамын. Себебі бітірген түгім жоқ. Мені былай адам қылғанша бір жеміс етіп жаратып, құстың асқазанына қылтанақ етсең нетті? Ол құстың саңғырығына айналып, ең қадірсіз кейіпте жерде жатуға лайықпын. Саңғырықты күн қақтап, жел ұшырса, осылайша жоқ болып кетсем, сонда гана жүрегімді өртеген мына ауыр азаптан құтылар едім»* - деп сүмірейіп отырады. Міне, шындықта Ахмет Ясауи ілімі өз жүрегіңді күзетіп, тәкәппарлықтан арылуды мақсат етеді. Ал бұл үшін ұдайы Ұлық Алланы еске алу процесі практикалық түрде жүзеге асып отыруы шарт.

#### **Ахмет Ясауиде мемлекетшілдік көзқарас.**

Ахмет Ясауидің мемлекетшілдік көзқарас мәселесі арнайы зерттеуге негіз болатын көлемді тақырып. Бұл мәселе негізгі тақырыбымыз болмағандықтан Ясауидің мемлекетшілдік көзқарасынан бір үзік беруді ғана жөн санадық.

<sup>27</sup> Орыс шығыстанушысы, исламтанушы Александр Людвигович Кун (1840 - 1888)нің «Туркестанский альбом. Избранные фотографии 1871-1871 (каз.рус.анг.яз)» еңбегіне қараңыз.

Ахмет Ясауи «Фақырнама» еңбегінде дәруіштердің пақырлық әдебі, пақырлық мақамын танытқаннан соң хақ жолына түскен дәруішке пақырлықтың жеті мәртебесін көрсетеді. Олар мыналар: жәуәнмәрттік, сипахилік, ғаріптік, хырқалық (ұстаздық жасап тәлім беру), сабырлылық, қанағатшылдық, тәуекелшілдік. Ахмет Ясауи: «*Жәуәнмәрттік Әзіреті Әлиден қалды; сипахилік Хазіреті Сүлейменнен (оған Алланың сәлемі болсын) қалды; ғаріптік Хазіреті Яхиядан (оған Алланың сәлемі болсын) қалды; қанағатшылдық Хазіреті Мұхаммед Мұстападан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қалды. Егер һәрбір дәруіш осы жеті дәруіштік мақамнан хабарсыз болса, я болмаса біліп те оған амал етпесе, оған шейхтік жасап шәкірт тәрбиелеу харам болады*»[Үесеви, 2019; 59] дейді.

Ясауи жолының дәруіштері үшін бұлжымас қағида есептелетін бұл пақырлық мәртебелердің ішіндегі «сипахилік мәртебесі» ұғымының мәнін ашуға тырысайық.

Сипахи /Сыпай - сөзі өз тамырын «әскер» мағынасын беретін парсы тілінің «هسپا - сепох» сөзінен алады. Сипахилер, Османлы империясының қарулы күштеріндегі әскердің ең таңдаулы бөлігін құрайтын атты әскерлердің атауы. Ел арасында бұл әскери құрылым «топырақ иесі, жер иесі» деген атпен белгілі болған. [Афионжу, 2009; 37; 256-258]

Күнімізде Түркия мемлекетінің әскери шенді қызметкерлері «Subay/Субай» делінеді. Яғни түрік әскерінде субай - кіші лейтенанттан маршалға немесе гросс-адмиралға дейінгі шендері бар кәсіби сарбаздарға берілген атау. Бұл Күнімізде Түркия мемлекетінің әскери шенді қызметкерлері «Subay/Субай» делінеді.

Жалпы, сөз етіп отырған «сипахи» сөзі қазақ арасында «сыпайы» мағынасында қолданылып кеткен. «Сыпайы» деген сөзді естігенде қазақ қоғамындағы әрбір адамның ақылына «мәдениетті, тәртіпті, әдепті, тәртіппен жүретін адам» деген мағына келеді. Ал аталған қасиеттер әрбір әскердің бойында табылуы тиіс қасиет. Түркі халықтарына бойтұмар болған бұл принциптер түркі әскерлерінің қуатты һәм мемлекетшіл болып қалыптасуының негізі болды.

Бұдан түйетініміз Ясауи айтып отырған сипахиліктің бір мағынасы «топырақ иесі, жер иесі» дегенді білдіреді. Фақырнама еңбегінде Әзірет Сұлтан «...сипахилік Хазіреті Сүлеймен пайғамбардан қалды» дейді. Сүлеймен пайғамбар заманында оның халқы өз отанына ие еді, халқының абыройы дүркіреп тұрған бір дәуір-тін. Сондықтан Ясауи мираскерлері үшін туған жер – қасиетті топырақ, оны жан-тәнімен қорғау иманның бір бөлшегіндей қастерлі ұғым. Ясауи қалыптастырған даналық мектебінің өкілдері бұл ұстанымға өте берік болған.

Ахмет Ясауи «Фақырнама» еңбегіндегі бұл аталған «сыпайылық» категориясын пақырлық мәртебесі ретінде дәруіштік талаптардың ең негізгі тіректерінен етіп белгілеуі, Хақ жолын таңдаған кез келген азаматқа Отан алдында туған топырағын жан-тәнімен қорғау жауапкершілігін жүктейді. Тасаууф бауырластықтары үшін ұстаз белгілеген мұндай категориялар иман негіздері сынды қабылданатынын ескерсек, Ахмет Ясауидің көзқарасы бойынша әрбір азаматтың қасиетті жер алдындағы жауапкершілігінің қандай дәрежеде болу керектігін бағамдау ауыр дүние емес. Ахмет Ясауидің хақ жолын таңдаған һәрбір шәкіртке қойып отырған бұл талабының Мұхаммед Пайғамбардың: «*حب الوطن من الایمان* / Хубб-ул-утан мин эл-иман/ Отанды сүю иманнан» деген өсиетімен ішек-бауырымен байланып жатқандығын көреміз.

## **Қорытынды.**

Қожа Ахмет Ясауи асылында күніміздегі біз ойлайтындай дін адамы ғана емес, деректер оның дін ғұламасы болуымен қатар академиялық ғалым болғандығын растайды.

Хусамеддин Сығнақи Рисалесінде: «Ахмет Ясауи 73 ілімде дәріс беретін еді. Қағба Муаззамда 30 жыл медреседе жетекші болып, тәлім берді.»<sup>28</sup> дейді. Хазини болса «Жауахир-ул Абрар мин әмуәжи Бихар» атты еңбегінде Қожа Ахмет Ясауиді «*Кутб-ы*

<sup>28</sup> Неждет Тосун «Хусамеддин Сығнақи Рисалесі немесе Ахмед Иасауи баяны», 79.

*Араб, Пири-Әжәм, Шейх-і Түрк, Мүршид-ул-Күрд уәл-Араб уәл-Әжәм»*<sup>29</sup> деп дәріптейді. Д. Қонаев өз естеліктерінде, Ахмет Ясауидің Арыстан бабтан металлургия мен фармацевтиканың қыр сырын үйренгендігі жайында тілге тиек етеді.<sup>30</sup>

Жалпы алғанда, Ахмет Ясауи жайлы деректер оны ғылымның сан алуан саласында өз қолтаңбасын қалдырған пасионар тұлға ретінде қарсымызға шығарады. Бұл біріншіден, Ахмет Ясауидің ілімі оның ғылыми танымының һәм діни танымдық әлеуетінің қуатымен жайылғандығына дәлел бола алады. Себебі, Насабнама нұсқаларында, тб. ортағасырлық түрлі жазбаларда Ясауидің ғалымдармен ғылыми тартыста басым болып, нәтижесінде Ясауидің біліміне тәнті болған мыңдаған ғалымдардың сол сәтте халық алдында оған шәкірт болған оқиғалары хатқа түсіп күнімізге дейін жетіп отыр. Сонымен қатар, Түркістан топырақтарында әр түрлі кезеңдерде халықтың басына нәубет болып келген жұқпалы індеттерге қарсы дәрі-дәрмек тауып, түрлі пандемияларға қарсы қаһармандықпен күресіп халыққа жақын болғаны себепті Ясауи мектебінің өкілдері халықтың жүрегінен өшпестей орын алған. Осындай халық үшін жанкешті қызметтері себепті бұл мектептің ілімі төл халқының үмітін ақтағаны себепті, халық арасында күнімізге дейін өміршеңдігін жоғалтпай келеді. Ясауи мұраларының тарихи-құндылықтық маңызы түркі халықтары үшін аса зор. Оны қоруымыз керек..

Қожа Ахмет Ясауи ілімі тек қана қазақ ұлтының ғана емес түркі халықтарының тұтастығының кепілі. Түркі халықтарының рухани һәм ұлттық құндылығы. Ясауи ілімі ата-бабаларымыздан ұрпаққа мирасқа қалған аманат, ұлттық һәм мемлекеттік құндылық. Осы себепті Ясауи мәдениетінің негізгі компоненттерін құрайтын Алқа жән Ара зікір элементтері тарих парақтарында қалып, сырттан суретке я болмаса бейнежазбаға түсіріліп, архивтік материалдарға айналып шаң басып жатуға лайықты емес. Керісінше әлемге өз мәдениетіміздің өзегін танытып, ерекшелігімізді көрсетіп, жаһан жұртына паш ететін құндылығымызды дәріптеу мемлекеттің де азаматтардың да ұрпақ алдындағы міндеті екенін қаперімізде ұстауымыз керек. Себебі, Ясауиден қалған бұл мұра яғни рухани ғибадаттық рәсімнің дүниеде баламасы жоқ. Бұл ғажап адеп тек Ясауи мәдениетінде ғана бар дүние.

Бүгінгі таңда Түркия мемлекеті өз мәдени құндылықтарын әлем жұртына паш етіп, Мәуләнә фестивалдерімен әлем жұртшылығының назарын аударып, мемлекеттің туризм кластерінің дамуына орасан зор үлес қосып отыр. Мәуләнә бауырластығына тән «Рақсама» адептің түм дүнияға паш етіп, әлем жұртының таңдайын қақтырып отыр. Осылайша Анадолиялық қандастар һәм мәдениетін танытып, һәм ел экономикасын дамытып жатыр. Малайзия мемлекеті де, Қытай елі де, Индия, Жапония мемлекеттері де өздерінің тарихи-рухани құндылықтарын әлемге паш етіп, өз мәдениетінің ерекшелігімен дүние жұртын тамсандырып отыр. Біздің де өз мәдени құндылықтарымыздың ерекшеліктерімен төрткүл дүниенің назарын бұруымызға мүмкіндіктеріміз мол. Себебі жоғарыдағы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің басты қағидасы саналатын Алқа зікір, Ара зікір, Хикмет айту дәстүрі, Иләһи әуендер жанрын дамыту арқылы қоғамды кемелдікке, жастарды адамгершілікке, әскерді мемлекетшілдікке баулудың механизмдерін қалыптастыру мүмкіндіктеріміз бар.

Түйіндей келе, келесідей ұсыныстар жасағымыз келеді:

Қазақстанда «Әзіреті Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының базасында арнайы өнер мамандарын тарту арқылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Қожа Ахмет Ясауи ілімінің басты ұстындары саналатын «Алқа зікір, Ара зікір, Хикмет айту дәстүрі, Иләһи әуендер жанрын» жаңғыртып, дамытуды қолға алу керек. Бұл құбылыс тек Қазақстан ғана емес туысқан мемлекеттердегі Ясауи ізбасарларының кесенелердінде де көрініс тауып жатса құба-құп болар еді. Мысалы: Өзбекстандағы Зеңгі Ата кешенінде де Ясауи мәдениетіне тән құндылықтар жаңғырса, жас ұрпақтың көкірегі нұрлы құндылықтармен сусындар-ақ еді.

Өз ретінде Ясауи мәдениеті шығыс өмір сүру формасының ерекшелігін сақтағандықтан шетелдік туристердің де келу қызығушылығын арттыратынына күмән жоқ.

<sup>29</sup> Хазини, «Жауахир-ул Абрар мин әмуәжси Бихар», 26а, 37б, 32-33, 44.

<sup>30</sup> Әжібеков Б., Кеменгер Қонаев, Алматы: Дала 2003, 317-324.



Осылайша Ясауи бауырластығының аталмыш адептерін түркі мәдениетінің ортақ бренді ретінде шетелдік туристерге паш ету арқылы өңірдің туризм кластерін дамыту механизмдерін жетілдіруге болады. Бұл ретте түркі бауырлас елдерінің жоғары оқу орындарының өнер кафедраларында осы жанрды қолға алса, бұл бағытта жақсы жетістіктерге жету мүмкіндігі мол. Бұл жоба һәм түркі халықтарының ұлттық мәдениетін һәм рухани құндылықтарының өркениеттер қақтығысында жойылмай сақталуына және де өлкелердің әлеуметтік әлеуетін арттыруға тың серпіліс болары хақ.

Ясауи ілімі өте күрделі бағыт. Ясауи ілімі жайлы түсініп білгісі келетін кез келген зерттеуші Ясауидің мирас еткен зікір түрлерін игеріп, оның адептерін өз бойында қалыптастырмай, тасаууф техникаларының сырларын игермей, сезінбей оны зерттеп, аталған ілімді тілмен, сөзбен бейнесін сипаттау мүмкін емес. Тіпті аталған ілім жайлы бір ғылыми тұжырым жасау ғылыми этикалық тұрғыдан алғанда да дұрыс емес. Сондықтан зерттеуші ретінде Ясауи ілімінің қыр-сырын максималды түсініп, оны халыққа жеткізуде, әсіресе біз зерттеушілер үшін Ясауи бауырластығының тасаууфтық адептерін практикалық тұрғыдан игеру міндеті тұрғандығын ұмытпауымыз керек. Қысқаша мысал: есеп шығару практикасы жоқ математикті қалай математик дейміз? Я болмаса дәрігер мамандығы бойынша білімалушыға дәрігерлік тәжірибе жасатпай қалай дәрігер маман дей аламыз? Дәл осы мысалдардағыдай, Ясауи ілімін Ясауи бауырластығына тән психотехникалық ритуалдарын практикалық тұрғыда игермей тұрып, бұл ілімнің хәл-ахуалына баға беру де зерттеушінің зерттеуінің жемісті болуына күмәнмен қарататын мәселе. Ахмет Ясауи өз хикметтерінде осы тақылеттес ғұламаларды ауыр сөздермен сөккенін көреміз: «*Зікір етпей шайқымын*<sup>31</sup> десе, жайы тамұқ-дүр, Қолым(ды) ұстап жолға салғын, «Әнтәл-Һәди»... [Ясауи, 2010;179].

Ясауи зерттеулерінде қателіктерге ұрынбау керектігін Ахмет Ясауи бабамыздың өзі қаперімізге салып тұрғандай.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Saifunov Bauyrzhan. “*Türkistan’da Ehl-i Sünnet Anlayışının Gelişimi ve Ahmed Yesevi’nin Rolü*”, Doktora Tezi, Erciyes Üniversitesi, Kayseri 2022
2. Сұлтан Ахмет бин Махмұд Хазини әл-Хисари. Жауахир-ул-Абрар мин әмуәжил-Бихар, дайын. Жихан Сіһан Окуюжу, Кайсери 1995.
3. Казанский К. Суфизм с точки зрения современной психопатологий, Самарканд: Типография Труд – 1905.
4. Троицкая А.Л. Женский зикр в старом Ташкенте, Сборник музея антропологии и этнографий, т. 7, 1926
5. Электронная библиотека Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН [http:// www. kunstkamera. ru/ lib/ rubrikator/ 08 /08 \\_03/mae\\_ vii/](http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08_03/mae_vii/).
6. Кун Александр. Туркестанский альбом. Избранные фотографии 1871-1871 (каз.рус.анг.яз).
7. Ахмет Ясауи. Диуани хикмет (аударма, транскрипция, мәтін, сөздік), дайын. ф.ғ.к. Т.Қыдыр, К.Мұстафаева, Түркістан: Тұран» баспаханасы 2010
8. Ahmed Yesevi. Yesevi’nin Fakr-nâmesi ve İki Farsça Risalesi haz.Kemal Eraslan, Necdet Tosun, Ankara 2019.
9. Ерхан Афионжу, Сипахи. Ислам энциклопедиясы, Ыстамбұл: ТДІБ қоры, 2009, 37-том, 256-258.
10. Shaw, Stanford J. *History of the Ottoman Empire and Modern Turkey, Vol. 1.*, Cambridge University Press 1976, Online publication date: February 2010
11. Неждет Тосун. «Хусамеддин Сығнақи Рисалесі немесе Ахмед Ясауи баяны», 79.
12. Әжібеков Б. Кемеңгер Қонаев, Алматы: Дала 2003.

<sup>31</sup> Пір, ұстаз, жол көрсетуші ғалым-ғұлама.

## ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚАРАҚАЛПАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ

**Камалбай Сарсенбаевич Палымбетов,**

*ӨзРҒАҚБ Қарақалпақ гуманитар пәндер ғылыми-зерттеу институты жетекшісі,  
ғылыми қызметкері, филология ғылымдары докторы, доцент*

**Зияда Утеповна Бекбергенова,**

*ӨзРҒАҚБ Қарақалпақ гуманитар пәндер ғылыми-зерттеу институтының бөлім  
меңгерушісі, Филология ғылымдары докторы, профессор*

**Андатпа.** Мақалада бүкіл Орта Азия және Түркі халықтарына белгілі данышпан, ақын және ағартушы Қожа Ахмет Яссауидың «Хикметтері» нің қарақалпақ әдебиетіндегі орны және маңызы туралы сөз етіледі. Әсіресе, халқымыздың әлеуметтік жағдайы, мәдениеті мен әдебиеті, тіліне Қожа Ахмет Яссауи хикметтерінің әсері мәселелері қарақалпақ тіл білімі мен әдебиеті тарихына тиісті К.Мәмбетов, Х.Хамидов, Қ.Мақсетов, Қ.Жәрімбетов ж.т.б ғалымдардың біршама зерттеулерінде жан-жақты үйреніліп, тиісті қорытындылар жасалғаны талқыланады.

**Кілт сөздер:** Қожа Ахмет Яссауи хикметтері, діни, дидактикалық және философиялық ой-пікірлері, қарақалпақ әдебиетіне әсері

**Аннотация.** В данной статье идёт речь о роли и значении "Хикметов" известного во всей Средней Азии и среди тюркских народов поэта-мыслителя и просветителя Ходжа Ахмеда Яссави в каракалпакской филологии. В частности, всесторонне изучены и проанализированы научные выводы ряда видных учёных как К.Мамбетов, Х.Хамидов, Қ.Мақсетов, Қ.Жаримбетов и др. касательно научных задач по каракалпакскому языкознанию и истории литературы для изучения воздействия хикметов Ходжа Ахмеда Яссави на социальную жизнь, культуру и литературу каракалпакского народа.

**Ключевые слова:** хикметы, религиозный, дидактические и философские взгляды, влияние на каракалпакскую литературу.

**Annotation.** This article discusses the role and significance of "Hikmets," of the poet-philosopher and educator Hodja Ahmed Yassawi, well-known throughout Central Asia and among Turkic peoples, in Karakalpak philology. In particular, the scientific conclusions of prominent scholars such as K.Mambetov, H.Hamidov, Q. Makhsetov, Q.Zharimbetov and others regarding scientific tasks in Karakalpak linguistics and literary history are comprehensively studied and analyzed to explore the influence of Hodja Ahmed Yassawi's hikmets on the social life, culture, and literature of the Karakalpak people.

**Key words:** hikmets, religious, didactic and philosophical views, influence on Karakalpak literature

Орта ғасырлардағы түркі халықтарына ортақ ұлы данышпандардың бірі Қожа Ахмет Яссауидың есімі мен шығармалары Орта Азия, Қазақстан, Татарстан, Түркия және басқа да елдерге кеңінен белгілі.

Кеңес өкіметі кезеңіндегі кейбір зерттеулерде Қожа Ахмет Яссауидың есімі мен шығармалары діни мистикалық әдебиеттің өкілі, реакцион ақын ретінде бағаланды. Әрине, мұндай бір тарапты бағалаулар өткендегі кеңестік идеологияға негізделген еді. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы күндерден-ақ, көптеген ұлы мұраларымыз қатарында Қожа Ахмет Яссауидың шығармашылығына да жаңа көзқарастан баға беріле бастағанын көруге болады. Бұл зерттеулердің көпшілігінде дерлік Қожа Ахмет Яссауидың Орта Азия халықтарының көркем әдебиеті мен мәдениетіне, әсіресе рухани дүниесінің дамуына өзіндік дидактикалық және философиялық мазмұндағы еңбектері мен салмақты үлес қосқаны айрықша атап өтіледі.

Қарақалпақ филологиясында Қожа Ахмет Яссауидың өмірі мен шығармашылығы бойынша ең алғашқы пікір білдірушілердің бірі, филология ғылымдары докторы, профессор Камал Мәмбетов болды. Ғалымның «Ежелгі қарақалпақ әдебиеті» (Қарақалпақ әдебиетінің қалыптасу жолдары) монографиясы 1976-жылы Нөкіс қаласында «Қарақалпақстан» баспасында басылып шықты. Автор бұл еңбегінде қарақалпақ әдебиетінің қалыптасуында ежелгі түркі тілдес халықтардың жазба естеліктері саналатын VI-VII ғасырлардағы Орхон-Енисей, VII-VIII ғасырлардағы «Китаби дедем Қорқыт» жазба естеліктерінің, XIV-XV ғасырлардағы Әлішер Науайы және Әбдірахман Жәми еңбектерінің, X-XII ғасырлардағы жазба естеліктер «Оғызнама», Махмұт Қашқаридың «Диуани луғат ат-түрк», Юсуп Хас Хажібтың «Қутадғу білік», Ахмет Югнакидің «Хибат-ул хақайық» шығармалары қатарында XII ғасырдағы түркі халықтары арасына ақын және сопы ретінде белгілі болған Қожа Ахмет Яссауидың «Хикметтері»нің маңызды орын алғандығына кеңінен тоқтап өтеді. Бұл еңбектің жазылған және баспадан шыққан уақыты жоғарыда айтып өткеніміздей 1970 жылдарға тура келеді. Сол үшін де автор «Қожа Ахмет Яссауидың «Диуани хикмет», Сүлеймен Бақырғанидың «Бақырған», «Жұм-жұма», «Бибімәриям» кітаптары ислам мәдениетінің қолқанаты болуына қарамай, барлық түркі тілдес халықтарға бірдей қызмет етті» [1,42], - деген ұнамды пікірлерін білдіре отырып, «олардың шығармалары сол кезеңде Орта Азияда кеңінен таралған суфизм мен байланысты... Қожа Ахмет Яссауи негізінен мистик ақын болса да, оның өз заманына қарсы сыни пікірлері де болды. Мысалы, Яссауи хикметтеріне назар аударайық: Автор (Камал Мәмбетов – К.П.,Б.З) Қожа Ахмет Яссауидың бұл өлең қатарларын XIX ғасырдың соңында көшірілген қолжазба нұсқадан алынғанын атап өтеді [1,43].

Қазы имам болғанлар,  
Нахақ дауа қылғанлар,  
Ақыр заман болғанда,  
Йук астында қаларлар.  
Харам тамақ хәкимлер,  
Жахан малын ийгенлер,  
Өз бармағын тишләбән,

Қорқып турыб қаларлар» [1,43], – деп ақын шығармаларына діни суфистік сенімдердің үлгісі ретінде біртарапты пікір білдірген болса, кейінен осы автор (Камал Мәмбетов) 1992-жылы жоғары және орта арнаулы оқу орындары студенттеріне арналған «Ежелгі дәуір қарақалпақ әдебиеті» (Нөкіс, «Білім» 1992) оқу қолданбасында Қожа Ахмет Яссауи өмірі мен шығармаларына арнаулы орын ажыратады. Автор Қожа Ахмет Яссауидың хикметтерінің мазмұны әр түрлі тақырыптарға негізделген болып, оларда ақынның еңбекші халық тарапында тұрып, «ғәріптердің көңілін тап, жетім-жесірлерге мейірімін түссін, нәпсі бұзық адамдардан қаш» сияқты бүкіл адамзатты имандылыққа, мейірім-шапағатқа, жақсылыққа, ақиқатқа, жалпы адамилық қасиеттерге тәрбиелеуші ой-пікірлер кеңінен сәулеленгенін хикметтерден мысалдар келтіріп анализдеген.

Ең негізгісі ғалым бұл еңбегінде Қожа Ахмет Яссауидың сол дәуірдегі құран сүрелері мен бірге пайғамбар, әулиелер туралы аңыздарды да жақсы білгенін, араб, парсы және түркі поэзия үлгілерін жақсы меңгеріп, оны қарапайым тілмен түсіндіріп бере алғандығын және адамдар арасындағы жағымсыз қатынастарды сынап, «бұлардың барлығын дұрыс жолға салатын тек Алла», – деген пікірге келіп, өзі де намаз оқып, ораза ұстап, әр жылы өзінің қырық күн өмірін жер астында өткізгенін және бұл дүниеден ешқандай бақыт күтпей, жиырма жасынан бастап жалғыздыққа үйреніп, өзін «Алла тағаланың жердегі елшісімін» [2,75], – деп есептегенін «Хикметтері»нен мысалдар келтіріп, талқылаған. Профессор Камал Мәмбетов Қожа Ахмет Яссауиды діни суфистік сенімнің ірі өкілі ретінде қараумен бірге оның көпшілік «Хикметтері» мазмұны жағынан дидактикалық, философиялық және прогрессив характерге ие болып,

жақсылықты, иман, ынсап, әділеттілік, ақиқатты, мейірім-шапағатты ту етіп көтеріп, әр қандай жаман мінездерді қаралағанын өте дұрыс көрсетіп береді.

Қарақалпақ тілі және әдебиеті бойынша біршама бағалы зерттеулер алып барған Хұснитдин Хамидов өзінің «Шығыс тілдеріндегі деректер» (Нөкіс, «Білім», 1991) еңбегінде XII ғасырдың басында қазіргі Түркістан қаласының айналасында жасап өткен ойшыл, ақын Қожа Ахмет Яссауидың «Хикметтері» XIX ғасырда барлық Түркістан өлкесінде, оның ішінде қазіргі Қарақалпақстан территориясында ислам дінінің жоспарларын және сопылық сенімнің халық арасына таралуында үлкен рөл атқарғанын, бұл кітап XIX ғасырдағы қарақалпақтар арасында қолжазба және баспа түрінде көп тарқағанын, тіпті әрбір сауатты қарақалпақтың үйінде бұл кітап табылатынын айырықша атап өтеді. *«Біріншіден, Қожа Ахметтің «хикмет» – «даналық» деп аталған ғазалдары мазмұны діни болса да, поэтикасы күшті, үлкен көркем шеберлік және халыққа түсінікті тілде, үлкен лиризммен жазылған еді. Екіншіден, бұл кітаптың кіріспесінде жалпы ислам дінінің ұстанымдары, шарттары, тәртібі және сопылық сенімдері түркі тілінде баяндалған еді. Араб және парсы тілдеріндегі кітаптарға онша тісі бата бермейтін қарақалпақ молдалары үшін ислам дінінің тәртіп-қағидаларын үйрену және адамдарға үйрету саласында бұл кітап өте қажетті қолданба қызметін атқарғаны мәлім»* [3,60], - деп жазады.

Академик Хұснитдин Хамидов және зерттеуші Рано Юлдашева тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жазған «Ахмет Яссауидың «Хикметтері» – түркі халықтарына ортақ қазына» атты мақаласында Қожа Ахмет Яссауидың мұралары туралы бағалы пікірлерін білдіреді. «Шыңғысханның жүрісі алдынан батыста салынып, қалыптаса бастаған түркі әдебиетінің өкілдерінен, оны қолдаушылардан Қожа Ахмет Яссауи мен оның шәкірті Сүлеймен Бақырғаниды көреміз. Олар ұйғыршадан жеңілдетілген және өздерінен бір ғасыр кейін пайда болған шағатай әдебиетінен қарапайым, табиғи, таза «әдеп мектебі»н пайда етті. Бұл мектеп ұйғырша және шағатай әдебиеті арасындағы бір дәуірге тиісті және өзіне сай қасиетке ие болған ең негізгі ақындық мектебі болды. Сондықтан, Яссауи не ұйғыр, не шағатай, не өзбек, не татар, не түрікмен, не қазақ ақыны болмай, жалпы түркі халықтары ақыны болып есептеледі. Яссауидың өзі де *«Атым Ахмет, Түркістандур елім менің»* деп өзінің жалпы түркі жұрты болған Түркістан ақыны екендігіне төмендегі қатарларында да ишарат етеді:

««Нелер келсе көрмек керек ол худадан,  
Юсубин айырдылар ол Кәнанынан,  
Туұған жерім ол мүбәрек Түркстаннан,  
Баұырыма таслар урып келдим менә.  
«Қул Хожа Ахмет сөзлеген Ұақтың яды,  
Еситпеген досларына қалсын пәнди,  
Ғурбетленип өз шәхрине қайтып жанды,  
Түркстанда мазар болып қалдым менә».  
«Түсим озар, Бурақ тозар, кетсе базар,  
Дүнья базар ишине кирип қулар азар,  
Басым бийзар, жасым сызар, қаным тозар,  
Атым Ахмед, Түркстандур елим мениң» («Хикметлер»).

Зерттеуші Хұснитдин Хамидов және зерттеуші Рано Юлдашева жоғарыдағы мақаласында профессор Н.М.Маллаевтың «Өзбек әдебиеті тарихы» ғылыми еңбегіндегі мына пікірлерін келтіріп өтеді: *«Ахмет Яссауи «Мәутә қәблә әнтә Мәути», яғни «Өлместен алдын өлу»* деген тезисті алға қояды. Бұл-адамды фәни өмірден, өздігінен, өмірдің қызығынан бас тарту, өзін жан-жақтан қинап өлімді жақындату керек» (Ташкент, 1963, 185-бет). Міне, Яссауиде осы философияны, яғни «фәна» философиясын алға тартады. «Фәна» сөзінің мағынасы сөздіктерде «жоқ болу», «таусылу», «өлу» деген мағынаны білдіреді. Осы философияны алға қойған ол, 63

жасында жер үстіндегі тіршіліктен безіп, жер астына кіреді. Ол өзінің «Хикметтері» нде де осыны көрсетеді:

Жер үстінде өлмес бұрын тири өлдим,  
Алпыс үште сүннет деди еситип билдим,  
Жер астында жаным менен қуллық қылдым,  
Еситип уғып жерге кирди Қул Хожа Ахмет.  
Уллылардан пайзу-фатух алалмадым,  
Жүз жигирма бешке кирдим биле алмадым,  
Ұақтаала таатларын қыла алмадым,  
Еситип уғып жерге кирди Қул Хожа Ахмет.  
Бенде болсаң мийнет тартқыл ғапыл адам,  
Ақыл алсаң ғанийметдур саған сол дем,  
Аманатдур эзийз жаның жүрме бийғам,  
Еситип уғып жерге кирди Қул Хожа Ахмет.

Бұл қатарлар Қожа Ахметтің 63 жасында бұл дүниенің уайымынан безіп, жерге кіргені шама мен оның 126-128 жыл өмір сүргенінен дерек береді» [4,138], - деген пікірлерін білдіреді.

Кеңес өкіметі кезеңіндегі көптеген зерттеулерде Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллаяр және Қожа Ахмет Яссауидың шығармалары эклектизм, яғни суфизмді ислам діні мен біріктіріп қарауға бағытталған, тек исламды, мистиканы, суфизмді насихаттаушы ақындар ретінде бағаланды. Олардың барлығы жақын кезеңдерге дейін ислам дініне, өткен дәуірдегі мәдени мұраларымызға болған біртарапты қатынастың және көзқарастардың көрінісі болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қожа Ахмет Яссауидың «Хикметтерін» баспаға дайындаған өзбек ғалымы Ибраһим Хаққулов осы күнге дейінгі кейбір тарихшы және әдебиетшілердің ғылыми еңбектеріндегі ақынды діни мистикалық әдебиеттің өкілі ретінде тәркі дүниелікті (аскетизмді) және діни реакция идеяларды жырлаған ақын», – деген негізсіз пікірлерді қатаң сынға алады және ақын шығармашылығы бойынша мынадай бағалы пікірлерді білдіреді: *«Яссауидың дүниеге болған көзқарастары біздің заманымыздың адамдарына қарағанда басқаша беріледі. Ақынның махаббат, әділдік, қанағат, парасат сияқты мәселелерге қатынасы ерекше берілгендігіне күмән жоқ»*. Ол өз дәуірінің перзенті ретінде ислам дінінің көрсетпелеріне және ислам ұстанымдарына сүйеніп, іс жасайды. Мұны оның өзі де дәлелдеп береді. Ақын хикметтерінің бірінде мынадай қатарларды оқимыз:

Хушлам ойдур олимлар буни ойғон туркини,  
Орифлордин эшитсанг, агар кўнгил мулкени,  
Оят, ҳадис, маъноси турки бўлса мувафик,  
Маъносига етганлар, ерга кўяр бўркини.

Әрине, Яссауи «аят», «хадис» мазмұндарын арабшадан дәл солай аударып ала салмаған. Оларға ақын идеялық, тәрбиелілік, философиялық мақсаттар түрінде қарап, орын-орнымен пайдаланған. Дін, әкімшілік, қоғам үшін бұл табиғи жағдай деп қаралуы керек» [5,6], – деген пікірлері арқылы Қожа Ахмет Яссауидың хикметтерінің жалпы түркі әлеміндегі орны мен маңызын жоғары бағалайды.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары филология ғылымдары докторы, профессор Қабыл Мақсетовтың «Қожа Ахмет Яссауи XII ғасырдағы қарақалпақ әдебиетінің де ұлы ақыны» («Арал» журналы, №2., 1992) деген мақаласы жарық көрді. Бұл мақалада автор Қожа Ахмет Яссауидың «Хикметтері» осы уақытқа дейін (1990-жылдарды меңзейді – К.П.,Б.З) үйренілмей келгенін, тіпті, тыйым салынғанын, ол тек исламды, мистиканы, суфизмді насихаттаушы ақын ретінде көрсетіліп, олардың барлығы жақын уақытқа дейін исламға, дінге, өткендегі мәдени мұраларға болған қатынастың көрінісі болғандығын өте дұрыс атап өтеді. Мақалада 1991-жылы Ташкенттегі Ғафур Ғұлам атындағы әдебиет және көркем өнер баспасы Қожа Ахмет Яссауидың «Хикметтер»ін өз

алдына Ибраһим Хаққуловтың дайындауында кітап етіп баспадан шығарғанын, автор бұл кітапты баспаға дайындауда негіз етіп Қожа Ахмет Яссауидың хикметтерінің 1983-жылы Түркияның Анкара қаласында Камал Эраслан бастырған нұсқасын пайдаланғанын айрықша атап өтеді.

Профессор Қабыл Мақсетов Қожа Ахмет Яссауидың хикметтерінің өзіне тән ерекшелігін жан-жақты талқылай отырып: «Оның дүниеге көзқарасы, жазған хикметтері, Құран көрсетпелеріне, Мұхаммед Пайғамбардың хадистеріне, жалпы ислам дінінің қағидаттарына негізделген. Біз оның хикметтерін үйренгенде осы көзқарастан үйренуіміз керек және қазіргі кезең идеологиясы мен, материалистік философия мен шатыстырмауымыз керек. Қожа Ахмет Яссауи өз дәуірінің перзенті ретінде дүниені қалай баяндаса, тағдырды, өмірді қалай түсінсе, солай түсіндіруіміз керек». Яссауи Алла жолын ұстанған ақын. Сондықтан да, ол хикметтерінің бірінде: «Худа уанда мені салғын ва йолына» деп келтіреді. Ол бұл жолдан қайтпайтын, қатты тұратын, иманы мен іс жасайтын адам. Бірақ оның діни-моральдық философиясы өмір шындығынан ұзап кетпейді. Ол жамандық, надандық, арамдық, зұлымдық, дүниеқұмарлық сияқты қасиеттерге қарсы шығады. Ол ең ұлы нәрсе-Құдай, ең жақсы нәрселерге махаббат, ақиқат, әділдік, қанағат, ынсап, күнә, сауап, иман туралы өзінің хикметтерінде өткір насихат сөздерін көркем түрде баяндайды» [6, 66-67], – деген пікірлерін білдіріп өту мен бірге Қожа Ахмет Яссауидың осы мазмұндағы хикметтерінен мысалдар келтіріп, кең түрде анализ жасайды. Ақын өз хикметтерінде әр бір жасына өзінше баға бергендігі, оларда өмірге, дүниеге көзқарасы айқын сәулеленгені, әр жасын баяндауда тез өтіп жатқан өмірдің көрінісін көз алдына жандандыра сәулелендіргенін айрықша атап өтеді. Әсіресе, ақынның өз хикметтерінде өмірдің ащы-тұщысына, ақ-қарасына назар аударып қарағаны, ағарту жолын ұстанғаны, надандыққа қарсы күрескені, даналықты жоғары қоюы, өмір бойы пәктікті, адалдықты ұстануы, күнәға қарсы тұруы, күнә істегені үшін өкіндіргенін ашық суреттегенін атап өтеді.

Қабыл Мақсетов кең көлемді мақаласының соңында Қожа Ахмет Яссауидың еңбектерінен алынған мысалдарды түп нұсқада беруге әрекет жасағанын айрықша атап өтумен бірге *«Себебі, XII ғасырдағы бұл жазба тіл барлық түркі халықтарына ортақ әдеби жазба тіл есептелген, бұл тілге сол дәуірдің көзқарасынан қатынас жасау керек. Бұл тілді қазақ та, өзбек те, түрікмен де, қарақалпақ та, татар да, қырғыз да басқа түркі халықтары да өз тіліміз деп ұғу керек. Бабамыз Хожа Ахмет Яссауи барлық түркі халықтарына, бүкіл ата жұртымыз Түркістанға ортақ болғанындай, оның шығармаларының тілі де баршамызға ортақ... Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы топтаған насихаттарының өз алдына бір жинағы болған Қожа Ахмет Яссауи хикметтеріне, ұлы бабамыздың рухына тізе бүгіп, ұлықтауымыз лазым»* [6,71], – деп өте орынды және тұжырымды қорытынды жасайды.

Зерттеуші Рано Юлдашеваның «Қожа Ахмет Яссауи «Хикметтері»нің фонетикалық ерекшеліктері және оның қарақалпақ тіліне қатысы туралы» [7,162-165] мақаласында автор XI ғасырда (1074-жылы) Иракта араб тілінде М.Қашқари «Диуани-луғат-ат түрк» деген тақырыпта үлкен сөздік жазғанын және онда көптеген түркі тілдерінің, соның ішінде қыпшақ тайпасының тіл материалдарын, үш жүздей нақыл-мақалдарын, көптеген өлең үлгілерін келтіргенін, бұл туралы қарақалпақ тілі тарихын зерттеуші ғалымдар өз зерттеулерінде біраз материалдар тапқанын атап өту мен бірге, «Тіліміздің тарихына қатысы бар осындай фактілер XII ғасырда Сырдарияның төменгі бөлігінде жазылған Ахмет Яссауидың «Хикметтер» атты поэзиялық еңбектерінде де орын алған.

Бұл еңбектердің қарақалпақ тіліне белгілі бір мөлшерде қатысты екендігі белгілі. Сондықтан, оларды түркі халықтарына ортақ мұра деп қарауға тиістіміз. Себебі, қарақалпақ халқы бірден, бір күнде пайда болып, оның тілі де бір күнде дами салған жоқ. Ол өзі халық болып, қалыптасып, даму жолында өте көп тарихи оқиғаларды басынан өткерді. Оның қалыптасуы туысқан және көршілес халықтардың өзара араласып, бір-біріне

эсер етуі мен өте ұзақ кезеңдерде жүзеге келді. Ежелгі замандардан бастап-ақ, қарақалпақтардың, сондай-ақ Құбла және Шығыс Арал бойын жағалаған басқа да халықтардың тарихы Орта Азияның ең ұлы дариялары саналатын Әмудария мен Сырдарияның тарихы мен тұтас байланысты болған» деп атап өтіп, Хожа Ахмет Яссауидың «Хикметтер» інде кездесетін кейбір түркі тілдеріне ортақ болған «мехнат-еңбек», «артуқ-артық», «айтур-айтар», «анға-оган», «айан-аян», «аны-оны», «алар-олар», «бақып-бағып», «йығлаб-жылап», «йүрәк-жүрек» сияқты сөздердегі фонетикалық ерекшеліктерді қазіргі қарақалпақ тіліне қатысты үйренеді. Әрине, Хожа Ахмет Яссауидың «Хикметтер» індегі мұндай фонетикалық өзгерістер қарақалпақ тілі үшін бөтен емес, ХІХ ғасырдағы қарақалпақ ақындары Күнқожа, Әжінияз, Бердақ және Өтештің поэзияларында да кездеседі.

Қарақалпақ классик әдебиеті бойынша жүргізіліп жатырған кейбір зерттеулерде Қожа Ахмет Яссауидың хикметтері де белгілі дәрежеде эсер еткендігі туралы сөз етіледі. Мысалы, профессор Құрбанбай Жәрімбетов «ХІХ ғасыр қарақалпақ лирикасының жанрлық қасиеттері және қалыптасу тарихы» (Нөкіс, «Білім», 2004) монографиясында «Орта ғасырлық феодалдық кезең жағдайларында дүниелік ғылымдар мен илаһи (діни) ғылымдар, дүниелік білім беру мен діни білім беру әлі де бір-бірінен ажырамай, бірге өтілетін еді. Мектептерде, медреселерде діни сабақтар мен бірге белгілі дәрежеде дүниелік пәндер, сондай-ақ, сөз өнері, яғни поэзия сабағы да өтілген. Онда Шығыстың көрнекті сөз шеберлері Әлішер Науайының, Мұхаммед Физулидің, Сопы Аллаярдың шығармалары өтілген.

Түркілік поэзияның басқа да классиктерінің шығармаларын той-жиындарда, көркем сөз өнеріне, жалпы кітапқа ықыласты адамдардың отырыстарында оқымысты молдалар оқып берген және қиын жерлерін түсіндіріп отырған. Сондай-ақ, араб-парсы тілдеріндегі әдебиеттерді де жетік меңгерген молдалар оқып берген және қарақалпақ тіліне аударып, мағынасын түсіндіріп беретін болған. ХІХ ғасырдағы қарақалпақтарда топ болып кітап оқу, кітап жинау, оны көзқарашығындай сақтау, құрметтеу, қолдан жазып көшіру үрдіс болған. Сол мен бірге әртүрлі жиындарда Қожа Ахмет Яссауи, Әлішер Науайы, Мұхаммед Физули сияқты Шығыс әдебиеті классиктерінің де шығармалары оқылып, оларға аудиторияның жағдайына, яғни білім және көркем-эстетикалық талғам дәрежесіне қарай кең немесе қысқа түсініктер берілген...

Кітап оқушылары жиындарында түрлі мазмұндағы және әртүрлі бағыттағы кітаптар оқылып, талқыланып отырған: «Құран», «Мұхтасар» (діни және дүниелік құқық тәртіптерін баяндайтын кітап), хадистердің түркі тілдеріндегі аудармалары «Мифтахал-жанан» («Жәннат кілті»), «Мисбахил ануар» («Нұрлардың жарығы»), «Қырық хадис», Насраддин Рабғузидың «Қиссасул-анбия» («Пайғамбарлар қиссасы») кітабы, діни тақырыптағы қиссалар «Ибраһим Адхам», «Баба Раушан», ж.т.б Науайының ғазалдары, оның «Хамса» сынан «Ләйлі-Мәжнүн», «Фархад-Шырын» дастандары, Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха» дастаны, сондай-ақ, «Тахир-Зухра» дастаны, Яссауидың хикметтері, Диуанайы Мәшрабтың (Бабараһим Машраб), Сопы Аллаярдың, Мақтымқұлының тас баспа (литография) немесе қолдан көшірілген ғазал кітаптары ж.т.б толып жатқан дастандар, қиссалар, ғазалдар тыңдармандардың талаптары бойынша оқылған» [8,31-33.], - деп пікір білдіру арқылы халқымыздың тарихи, әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайлары, мәдени және әдеби орталығы мен ХVІІІ және ХІХ ғасырлардағы қарақалпақ шайырлары Жиен жырау Амандық ұлы, Күнхожа Ибрайым ұлы, Әжінияз Қосыбай ұлы, Бердақ Қарғабай ұлы, Өтеш Алшынбай ұлы сияқты ж.т.б талант иелерінің шығармаларының тақырыптық-идеялық, жанрлық және көркемдік жақтан қалыптасуында Шығыс әдебиетінің көрнекті өкілдері қатарында Қожа Ахмет Яссауидың «Хикметтер» інің де белгілі дәрежеде эсер еткендігін есепке алады. Қорыта келгенде, бұл еңбекте осындай мәдени-эстетикалық жағдайларда ХІХ ғасырдағы қарақалпақ оқымыстылары, соның ішінде қарақалпақ ақындарының өскенін, олардың әдеби-көркемдік талғамы, эстетикалық көзқарастары қалыптасқанын негіздеп көрсетеді.

Филология ғылымдары кандидаты, доцент Қонақбай Тұрдыбаевтың «Дидактикалық шығармалар-рухани байлығымыз», – деген тақырыптағы монографиялық зерттеуінің «ХІХ



ғасырдағы дидактикалық өлеңдердің шығыс әдебиетіндегі дидактикалық шығармалар мен идеялық және көркемдік байланыстары» деген бөлімінде Х және ХІХ ғасырлар аралығында өмір сүрген Сүлеймен Бақырғани, Әлішер Науайы, Мұхаммед Физули, Сопы Аллаяр, Мақтымқұлы және Абай сияқты ақындардың қатарында Қожа Ахмет Яссауидың «Хикметтер»інің қарақалпақ ақындарының шығармашылығына әсері мәселесі мазмұндық, жанрлық және көркемдік жақтан үйреніледі. Автор «ХІХ ғасырдағы классик ақындарымыздың (Күнхожа, Әжінияз, Бердақ, Өтеш – К.П.,Б.З) рухани азық және құқықтық тірек еткен шариғат заңдары мен Ислам білімі орта ғасырлық суфистік (тасаууыф) сенімнің көрнекті өкілі Қожа Ахмет Яссауидың еңбектерінде белгілі орын иелейд»

«Қожа Ахмет Яссауиды дүниедегі көптеген мемлекеттерге сопылық сенімнің атақты өкілі ретінде танытқан идеялар ақынның рухани тараптан пәк, кемел адам дәрежесіне жетуіне ұмтылуы, бұл жолда оның сопылық сенімнің төрт басқышына (шариғат, тарихат, мағрифат, ақиқат) мойынсұнып жасауы болды. Сондай-ақ, Қожа Ахмет Яссауидың хикметтерінде баяндалғанындай ақын өте жас кезінен бастап-ақ, өзі жасаған дәуірдің әрқандай жаман істерінен түңіліп, жақсы нәрселерге жетуге тынбай ұмтыла түседі. Бұл жолда ол нәпсісін тиюға және өз еркі, қалауы мен Хаққа, жалғыз Алла тағалаға сенуге, шариғат жолынан жүруге және Құран ғылымдары негізінде іс жасауға қарар етеді. Мұны мұсылмандықтың басты шарты деп біледі. Сондықтан да ол:

Құл Хожа Ахмед, қырыққа кирдинг нафсингни қирк,  
Мунда йиғлаб, охиратда бұлғил ариқ (покиза, соф, тиник),  
Пушти имон шориотдур, маған тариқ,

Тариқ кирган ҳақдин улуш олди дўстлар», («Хикматлар» 56-бет), -деген идеяларды алға тартады. Бұл идеялар ізінен Әлішер Науайы, Мақтымқұлы, Күнхожа, Әжінияз, Бердақ, Өтеш ақындардың дидактикалық мазмұндағы шығармаларының рухани дерегіне айналғаны мәлім» [9,40-41].

Осылайша, біз қарақалпақ филологиясы ғылымында кейбір монографиялық зерттеулерде және мақалаларда Қожа Ахмет Яссауидың мұраларына қатысты ой-пікірлерге обзорлық характерде тоқтап өттік. Бұл зерттеулер Орта ғасырлардағы түркі халықтарына ортақ болған ұлы ойшыл, ақын, философ, суфистік сенімнің белгілі өкілі Қожа Ахмет Яссауидың «Хикметтер»ін арнаулы зерттеуге арналмаса да, тіл және әдебиетіміз, мәдениетіміз, тарихымыз және жалпы гуманитар ғылымдардағы орны мен мазмұн-мағынасын және маңызын ашып беруге әрекет жасағанын көреміз.

Қожа Ахмет Яссауидың өмір сүрген кезеңі және ортасы, әлеуметтік жағдайы мен тіршілігі бөлек-бөлек болуына қарамай, ол жазған «Хикметтер»де көтерілген жалпы адамилық тіл, әдебиет, тарих, көркем өнер, мәдениет, философия, педагогика, этика, эстетика, әуен ж.т.б гуманитар ғылымдардың негізінде әлі де тереңірек зерттеулерді және кеңінен ең жайдыруды талап етіп тұрған маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Мәмбетов К. Ежелгі қарақалпақ әдебиеті. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1976. 42-бет.
2. Мәмбетов К. Ерте дәуірлердегі қарақалпақ әдебиеті. – Нөкіс: «Білім», 1992.
3. Хәмидов Х. Шығыс тілдеріндегі жазба деректер. – Нөкіс: «Білім», 1991.
4. Хәмидов Х., Юлдашева Р. Ахмет Яссауидың «Хикметтері» – түркі халықтарына ортақ қазына. – Нөкіс. ӨзРҒАҚБ «Хабаршысы», №3, 1997. 138-139-беттер.
5. Ахмад Яссауий. Хикматлар. – Тошкент: «Адабиёт ва санъат». 1991. 6-бет.
6. Мақсетов Қ. Қожа Ахмет Яссауи ХІІ ғасырдағы қарақалпақ әдебиетінің де ұлы шайыры. «Арал» журналы, №2, 1992.
7. Юлдашева Р. Қожа Ахмет Яссауи «Хикметтерінің» фонетикалық ерекшеліктері және оның қарақалпақ тіліне қатысы туралы. ӨзРҒАҚБ «Хабаршысы» журналы, №4, 1997. 163-бет.
8. Жәрімбетов Қ. ХІХ ғасыр қарақалпақ лирикасының жанрлық қасиеттері және қалыптасу тарихы. – Нөкіс: «Білім», 2004.
9. Тұрдыбаев Қ. Дидактикалық шығармалар – рухани байлығымыз. – Нөкіс: «Білім», 2009. 40-41-беттер.

# HOCA AHMED YESEVİ ESERLERİNİN CEDİD EDEBİYAT ÇALIŞMALARI ÜZERİNDEN İNCELENMESİ

**Hamidulla Boltaboev,**  
*Mirza Uluğbek Özbekistan Millî Üniversitesi,*  
*Özbek Filolojisi Fakültesi Prof. Dr.*  
[hbaltabaev@mail.ru](mailto:hbaltabaev@mail.ru)

**Özet.** 20. yüzyılın 10. ve 20. yıllarında Özbek cedit edebiyat çalışmaları (1906-29 yılları), türk dünyasında Yesevi'nin kişiliği, eserleri ve tarikatı hakkında araştırmalar oluşturmaya başladı. A. Sa'di'nin "Yesevi Kimdir?" makalesi (1922), ilk Türk mutasavvıfının tarihi ve özgün hayatına ayrılmıştır. Prof. Fitrat'ın makalelerinde (1926-1928), hayatı, eserleri, ideolojisi, etki alanı ve takipçilerinin "Bakırgan kitabı"na giren şiirleri incelenmiştir. Prof. O. Sharafiddinov "Özbek edebiyatı" adlı makalesinde (1939) Yesevilik tarikatı hakkındaki görüşlerini dile getirdi.

**Anahtar kelimeler:** *modern edebiyat çalışmaları, yeseviye-cehriye, orijinal hayat, "Atasözler", "Bakırgan kitabı".*

**Annotation.** In the 10th and 20th of the XXth century, Uzbek modern literary studies (1906-29 yy.) began to create researches about Yassavi's personality, work and tariqat in the Turkish world. A. Sa'di's article "Who was Yassavi?" (1922) is devoted to the historical and original life of the first Turkish mystic. Prof Fitrat's articles (1926-1928) analyzed the life, works, ideology, sphere of influence and the poems of his followers included in the "The Book of Boqurg'on" collection. In the article "Uzbek literature" prof. A. Sharafiddinov wrote about Yassavi's tarikat and genre parable

**Key words:** *jadidliterary studies, Yassaviya-jakhriya, original life, "Wise words ", "The Book of Boqurg'on".*

## GİRİŞ

Özbek Cedit edebiyat çalışmaları (1906-29), Türk dünyasında yaratılan manevi mirasa ilişkin ciddi bir çalışmaya başladı. Özellikle, ceditler, Mahmud Kaşgarlı, Yusuf Has Hacıp, Hoca Ahmed Yesevi, Lütfi ve Ali Şir Nevai'nin eserlerini incelemede ciddi başarılar elde ettiler. Özellikle ceditlerden prof. Abdurauf Fitrat, Abdurahman Sa'di, Alim Şarafiddinov ve diğerleri, 20. yüzyılın 10-20'li yıllarında Yassavi'nin çalışmalarıyla ilgilenmeye başladılar.

A. Sa'di'nin "Yassavi Kimdi?" makalesinde büyük Türk pirinin tarihi hayatındaki olaylar anlatılmaktadır. A. Fitrat, "Ahmed Yassavi" (1926) makalesinde orijinal hayatını, eserlerini ve ideolojisini inceledi. "Yesevi tarikatının şairleri hakkında araştırmalar" (1928) makalesinde, Ahmed Yesevi'nin takipçileri olan 20'den fazla şair ve velinin hayatını incelemiş, onların "Bakırgan kitabı" koleksiyonunda yer alan şiirlerini analiz etmiş ve çoğunun bu eserler Hakim Süleyman ve Ahmed Yesevi'nin takipçilerine ait olduğunu belirtmiştir. Ayrıca "Özbek edebiyatından örnekler. Tüm Türk yazılı edebiyatının ilk temsilcilerinden Hoca Ahmed Yesevi, 1. cilt (1928) antolojisinde, Ahmed Yesevi ve Hakim Ata'nın hikmetlerinden örnekler vermiştir. Bu örnekler Sovyet dönemi boyunca tüm koleksiyonlar ve antolojilerden yer almıştır.

Aynı zamanda Vadud Mahmud'un "Nevai'yekadar Türk edebiyatı" (1927) makalesi ve Alim Şarafiddinov'un tasavvuf tarihi hakkındaki makalelerinde (1929-30) Hoca Ahmed Yesevi'nin eserlerini Özbek okuyuculara tanıtmış ve onun Yesevilik tarikatının kurucusu olduğu gösterilmiştir. Bildiride bu konular ayrıntılı olarak ele alınacaktır.

**Muhakame.** XX. asrın 1920'li yıllarından başlayarak Fridrih Avgust Toluk, (Tholuck, 1821) Alferd fon Kremer (Kremer, 1868), Robert Dozu (Dozyk, 1879) ve başka alimlerin

İslam ve tasavvuf meselesine ait çalışmaları yayınlandıktan sonra (Bigiyev, 1908), bu ilmi cereyan Rusya'ya taşındı. Gururlu halkı zapt etmek için önce onun itikadını yok etmeyi planlayan Rus yönetimi kendi çıkarlarına uygun olarak Yesevî'nin eserlerinin yayınlanmasına izin verir.

1878-1896 yılları ve sonrasında "Hikmetler" Kazan'da dört defa, XX. asır başlarında Taşkent'te iki defa basılır. Müslümanlar arasında yayınlanan her bir satır dini eseri ayrıntılı gözetilen Rus bekçisi buna güya itibar etmedi. Bunun sebebi bir milliyetperver tatar aliminin sözleriyle söylendiğinde, "Hikmetler"de yer alan "zalim eğer zulüm etse Allah değil"dir, tarzındaki söyleyişler onların sömürgeci siyaseti için "tüfekten daha güçlü silah" oldu (Kasimov, 1991).

Karl Zaleman'ın "Hakim Ata Hakkındaki Rivayetler" makalesi bu türden "araştırmalar"ın sonucu olarak yayıldı. Onda Farsça bazı kaynaklardaki ("Raşahatu Ayni-l-Hayat", "Miratu-lAsror", "Hazinatü-l Asfiye" gibi) parçalar aynen gösterildi. Bunun gibi araştırmalarda tasavvufî cereyanları telkin etmede bazı batı alimlerinin çalışmalarına dayandırılarak "hıristiyanlığın izleri" ya da "Budizm bulaştırıcı" unsurlarla açıklamaya özlem var. Bu cümleden, A.E.Krimskiy "Hicri III. Asır Sonuna Kadar Tasavvuf Araştırması" eserinde alim tasavvufunun vücuda gelmesi ve biçimlenmesinde iki faktörü gördü: "onlardan biri batıdaki Hıristiyanlığın izleridir. Yani bazı ülkelerin daha önce Hıristiyanlığı kabul etmiş olmaları Müslümanlığı kabul etmelerine engeldir. Diğer, kendilerinin doğudaki Budizme bağlı yurtlara dağılmış olmasıdır" (Krimsky, 1895). Böyle telkinler doğrudan doğruya Merkezi Asya'nın kendisinde yayınlanıp dağıtılan Rus Doğu Bilimcilerinin bazı araştırmalarında da görülür. Bu görüşler A.Kazanskiy'in Semerkant'ta yayınlanan "İslamda Terki Dünyacılık" eserinde (Kazansky, 1901) ve P.Svetkov'un Aşkabat'ta yayınlanan "İslamcılık" kitabının ilk kısmında yer aldı (Svetkov, 1912).

Türkolog Mehmet Fuat Köprülü'nün "Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar" kitabı (ilk basımı 1918) (Köprülü, 1991:181-184) bu alanda Fitrat için de bu sahaya ilgilenenler için de değerli bir kaynaktır. Alim "tasavvuf dünyasına propaganda yapan ilim talipleri için bu kitabı okumasının lazım" olduğunu duyurdu. Bununla birlikte, Türk aliminin "Türk Edebiyatı Tarihi" kitabına "Tasavvuf Cereyanının Menşei" adlı özel bölüm katılıp, onda alim "bu dış sebepler" (Nasranilik etkisi, Yunan felsefesi, Budizm esareti, "neoplatonizm" ve başkaları – H.B.) mevzusu olmadan önce İslamiyetin kendi bağrında sırf, yani içli bir cereyan sonucu en çok siyasi ve kısmen de manevi mahiyete sahip olan mühim cereyanlar geçirdi pek çok fark ve ayrımlar meydana geldi ki, şeriatta belirlenen kanunlarla denk gelmeyen bir kaç vicdani durum tasavvuf cereyanının ilk basamağı hükmündeydi...

1924 yılında İstanbul Üniversitesi İlahiyat Fakültesinin reisi (sabık), Prof.Mehmet Ali Aynî'nin "Tasavvuf Tarihi" adlı araştırması yayınlanır. Bu eserde tasavvufun doğuş sebepleri İslami kaynaklar esas alınarak etraflıca gözden geçirilmesiyle batıya dağılan bu konudaki görüşlere de kendisi cevap verir. Kitabın ilk altı bölümü: Hindistan'da tasavvuf. Mısır'da tasavvuf. Yunan'da tasavvuf. Musevîlikte tasavvuf. İskenderiye hikmetleri (yeni Eflatunculuk) ve Yunan düşü- nürü Platon. İsevîlikte tasavvuf. gibi meselelerden oluşur (Aynî, 1985). Bundan başka "Yesevî Kim İdi?"mecmuasına yazılan önsözde yazar Y.Navitski'nin "Türkistanskije vedamosti"nde basılan (17 Kasım 1912) "Hoca Sultan Ahmet Yesevî (Kırgız efsanesi)" adlı makale ve 1915 yılında "Şura"dergisinde yayınlanan Ahmet Serdar'ın "Hazreti Hoca Ahmet Yesevî" adlı makalesinden alıntılar yapılır (Dostkaraev, 1994).

Prof. A.Sa'di'nin Yesevi hakkındaki görüşleri esas olarak Kazan'da defalarca basılan ve aktif olarak okunan hikmetlere ilgili çekildi. Bu nedenle 1922'de bilim adamı "Yesevi Kimdir?" makalesi yayınlandı (Yasevi kimdir? 1994). Makalede Yesevi dönemi ve Türkistan'da 12. yüzyılındatasavvurun "damar vurması" nasebeb olan Yeseviye ve Sühreverdiya, 13. yüzyılın sonlarında Harezm'de ortaya çıkan Kübraviya, 14. yüzyılda Buhara'da Nakşibendi tarikatı geniş bir şekilde yayıldı. Türkistan'daki tüm bilim adamlarıyla

birlikte Prof. A. Sa'di de Nevai'nin şu görüşlerine dayanıyordu: "Onun makamı yüksek ve meşhurdur, fazileti ebedidir ve kusursuz ihlâsı altında sonsuzdur... Ve mezarı Türkistan'da Yassi denilen yerdedir, orası mevlit ve manşai baki olmuş ve Türkistan halkının kiblesi duasidir" (Ali Şir Nevai).

A.Sa'diy'e göre Yeseviye'nin sahadaki görünümü "çok basit, doğal, gösterişsiz ve evrenseldir, çünkü bu okul Uygur ve Çigatay edebiyatı arasındaki dönemde ortaya çıkıp popüler olmuş ve etkisi sınırsız olması dolayısıyla Yeseviy'i bir "Evrensel Türk şairi" diye adlandırıyor, "Benim adım Ahmed, Türkistandır benim vatanım" sözlerine dayanmış. Sa'di şöyle yazıyor: "Kendisinin ve başkalarının kalplerine melek mertebesine varan iyilik duygusunu aşıl原因an ilk dervıştır. Şeriat alimlerinin ve dindarların gözünde "kafir"dir". Çünkü kalpten yapılan duayı, resmi dini ritüellerden daha ön planda tutar. Bu bakımdan Mansur Hallac'ın öğretilerine yaklaşır. Şu sözlere dayanmaktadır:

Gerçek derde kendim ilacım, kendim derman,  
Hem aşığım, hem maşukum, kendim canan...  
Rahm eyledim, adım rahmet, zatım subhan...  
Bir bakışta batinleri sefa ettim.

A. Sa'di'nin de belirttiği gibi 2. konu milli edebiyatın yaratılması, Türk edebiyatının menşei meselesidir. Şöyle yazıyor: "Ahmed Yesevi, milli edebiyatın yaratılmasında "ana karakter"dir", çünkü o, milli dilde ibadet edebiyatını yaratan ilk kişidir. Bu bakımdan "Nevai bunun ikinci kahramanlarından biri olarak kabul ediliyor."

Ahmed Yesevi'nin ulusal türk şairi olduğu, Tatar edebiyatını etkilediği ve Tatarlar arasında milli edebiyatın oluşumuna hizmet ettiği düşüncesi A. Sa'di'nin diğer eserlerine de yansımıştır: 15 Mayıs 1927'de A. Sa'di Tataristan maarif halk komiserliğinin Akademik merkez nezdindeki Tatar çalışmaları derneğinde "Eski dönemin Tatar Edebiyatı tarihinden Yeni Malzemeler" adlı kitapta (Sa'diy, 1927) 17. yüzyıl Tatar şairi Mavlo Kuli'nin bilgilerinden bahsediliyor, önce Ahmed Yesevi, ardından Yesevi okulu şairleri Kul Ubeydi ve Kul Şems (Şemsettin Özgandi) etkisinden bahsediliyor.

Her ne kadar A. Sa'di'nin tasavvufu ilgili görüşlerinde erken Sovyetizmin sonuçları hissedilse de, 20. yüzyıl Özbek edebiyat çalışmalarının oluşumu sırasında tasavvufu ilgili yazdığı birçok makale dikkat çekicidir. Yesevi'nin yanı sıra "İmam Gazali" (Sa'diy A. 1922) makalesi, "Çigatay edebiyatı ve Özbek edebiyatının şairleri" (Sa'diy A. 1923) "Ali Şir Navai'nin eseri - Özbek klasik edebiyatının en yüksek aşaması" doktorluk tezinde tasavvuf edebiyatı konularına odaklandı...

Tasavvuf teorisi ve onun ortaya çıkışı hakkında Fitrat "Ahmet Yesevî" makalesinin ilk bölümünde "tasavvuf hakkında" bilgi verir. Burada alim "tasavvuf ne?" diye soru sorup, onun cevabını da türlü sözlük ve menkıbe kitaplarından alıntılar yaparak onlara uygun olarak bildirme yolunu takip etmez. İlk önce, İslam tarihçisi olarak tasavvufun ortaya çıkma devriyle ilgilenen, o dönemi ayrıntılı ve tutarlı öğrenen alim onun ortaya çıkış sebeplerini, gelişim tarihini, yayıldığı coğrafyasını da bu dönemdeki olaylarda gördü: "Arap olmayan ülkeleri din adıyla istila eden Arapların dinî ve millî taassupları, bölgesel din, bölgesel kültüre karşı İslam adına kesin mücadeleleri, Arap olmayan milletleri horlamaları, küçümsemeleri (açıkça Emeviler zamanında) Arap hilafet sarayının ağır israflı giderleri, Arap valileri ve bunların kuyruğu olarak yaşayan bölge Hanları, Beylerin ağır istekleri altında halk ayrıca müstemleke halkı son derece ezilmişti. Bu ezilmeden ortaya çıkan genel karışıklıklar İslamın o günkü dönemlerinden başlayarak türlü siyasi, dini akımlara; muhalefetlere yol açar. Bunların genişlemesine sebep olur. İşte bu muhalif akımların en büyüğü, en yaygın olanı, baskı altında en çok ezilene, kendi ayakta kalma yollarını İslam baskısı altında ezilmiş olan bölgesel itikatlardan alarak ortaya çıkan tasavvuf akımıdır" (Fitrat, 1927).

Zaten tasavvuf tarihi, mukaddes İslam tarihinin ayrılmaz parçası olup, İslam tarihi toplum tarihinin mukaddes özelliklerini teşkil ederken, niçin tasavvufun oluşumunu İslamın içinde geçen doğal hayat olaylarına bağlı olarak değil de dış etkilerin gücüyle açıklarlar? Tasavvuf araştırmacısı alimlerinden E.Bertels'in yazdığına göre: Müslüman dünyasında gayet

karmaşık sayılan tasavvufun ortaya çıkış sebebinin anlamak için, ilk önce onun ortaya çıktığı İslamî toplumun durumu hakkında doğru bilgilere sahip olmamız gerek” (Bertelis, 1965:13).

Yesevî'nin özel ve menkıbeli hayatı hakkında Fıtrat makalesinin “Yesevî Kim İdi” bölümünde ayrıca bilgi verir. Alimin belirttiğine göre, “Ahmet Yesevî bir rivayete göre Yesi (bugünkü Türkistan) şehrinde, diğer bir rivayete göre Sayram'da doğdu. Onun ne zaman dünyaya geldiği belli değil, ama vefatının hicrî 562'de olduğunu “Divani Hikmet”teki bu: Dört yüz yıldan keyin çıkıp ümmet bolgay, Neçe yıllar yürüp halka hizmet kılğay – Dört yüz yıldan sonra çıkarak ümmet olur, Nice yıllar gezerek halka hizmet eder – Beyitine göre düşünüldüğünde onun hicrî 4. asrın ikinci yarısında dünyaya geldiğine karar vermek mümkündür” (Fıtrat, 1927).

Fıtrat, Yesevî'nin doğum yeri ve yılı konusunda kesin bir bilgi ve belge yok. Bunlar olmadığı için menkıbelerde yer alan bilgilere dayanarak menkıbe kitaplarındaki bilgilerin rivayet olduğunu düşünüp bu yolu seçmiştir. Burada alimin hangi kaynaklara dayandığı belirtilmese de yukarıda adı geçen Abdurrahman Cami'nin “Nafahatü'l Üns” ve Ali Şir Nevai'nin “Nasayimü'l Muhabbat” gibi eserleri iyi bildiği anlaşılmaktadır.

Fıtrat'ı bu konuda kararsız bırakan Yesevî'nin hayatı, tarikatı ve eserleri konusunda uzman araştırmacı M.Fuad Köprülü'nün büyük şeyhin Sayram'da doğduğuna dair bilgileridir. Türk alimi kendi araştırmasında Hazinî'nin “Cavahirü'l Abrar Min Avvacü'l Bihar” adlı eserine dayanarak “Aksu'dan 176 km. kuzeyde olan Sayram'da doğdu” diye bilgi veren ve bunun kaynağı olarak “İmam Muhammed Hanefî nesillerinin Sayram'da yaşadığı, Hoca Ahmet Yesevî'nin ise, bu soydan olduğu” hakkındaki Molla Musa ve Molla İsa Sayrami'nin “Tarihi Amniya” (Kazan, 1905) kitabına dayanarak bu silsilenin: ”Kamaleddin Baba (Yazarın söylediğine göre, Kamaleddin Baba'nın bu silsileden olduğu hakkında Abdullahhan tarafından hicrî 945'te verilen bilgi de var.), Seyyid İbrahim Baba, Seyyid Abdülcabbar Baba, Vadud Baba, Abdulaziz Baba, Arslan Baba, İlyas Baba, Mahmut Baba, İftihar Baba, Usman Baba, Umar Baba, İsmail Baba, İshak Baba, Abdülkerim Baba, Abdülcelil Baba, Abdurrahim Baba, Abdurrahman Baba, Abdülcabbar Baba, Abdulfattah Baba, İmam Muhammed Hanefî” (Köprülü, 1991).

Bu bilgilere sahip olan Fıtrat her iki bilgiyi de verir. İlmi söyleme tarzından anlaşıldığına göre Fıtrat birçok belgeyle birlikte, aynı yazarın eserlerine de dayanmaktadır. O yüzden de “Divan-ı Hikmet”teki Tukgan yerim ul mübarek Türkistandır Bağırında taşnı urub keldim mena Ya da Gayretlenib öz şehriğe kayta yandı Türkistanda mazar bolib kaldım mena.

Ahmet Yesevî'nin doğum yılı ve yaşı meselesinde tasavvuf tarihinde türlü rivayetler mevcut olduğu gibi Yesevî konusunda uzmanların da henüz kesin bir kararının olmadığı anlaşılıyor. Bu konuda mevcut kaynaklar esasında kesin sonuçlar verme noktasına yaklaşan Hamit Nimetov “Ahmet Yesevî Hayatına Ait Bazı Seneler” makalesinde: “O miladi 1097 yılında doğdu, miladi 1104 yılında Arslanbabaya, 1124 yılda Hamadaniy'e mürit oldu, 1157-1158 (tahminen 60'lı yıllarda) Türkistan'a döndü, 1160 yılında çileye, halvete çekildi. Halvette Hoca Ahmet tahminen 6 yıl yaşayıp 1166 yılında vefat etti” diye malumat verdi (Nimetov, 1992).

Elbette bu son karar değil çünkü Yesevî'nin nedense bütün belirli yılları sadece miladî yıl olarak hesaplanır. Halbuki hicrî, kamerî yıl hesabıyla menkıbe kitaplarındaki bilgileri dikkate alırsak “bu hesap şekli”nin biraz değişmesi gerekir. Çünkü H.Nematov'un esas aldığı Peygamberin yaşının 63 olması miladî hesapla değil, aslında hicrî-kamerî hesaplamalarda ortaya çıkan yıldır. O da miladi 570 yılına denk gelir (bu zamanlar hicrî sene hesabı kullanılmazdı), bunu fil yılı diye gösterdiler. Peygamberimiz (s.a.)in vefatı Rebiülevvel ayının on ikinci günü (yani kendi doğduğu olduğu kabul edilir. Bu tarihin de miladî sene ile 63 rakamını vermeyeceğini birinci el temel kaynaklar üzerinden bilgi veren araştırmacılar ifade eder. Yesevî hikmetlerini Türkiye'de iki defa yayınlayan titiz Türk araştırmacı Kemal Erarslan'ın bazı görüşlerine dayanarak Hoca Ahmet'in 83-84 yıl yaşadığı hakkında düşünceleri de uzun zamandır kabul görmektedir (Erarslan, 1991).

Gerçi yılı gösterilmemesine rağmen Fıtrat'ı işaret ederek art arda gelen olaylar tutarlı bir şekilde onun hayatını öğrenme konusunda birçok sorunu çözmeye yardım eder: "Yesevî'nin babası Şeyh İbrahim adlı molla, onun çocukluğunda vefat etti. Yetim kalan Yesevî o zamanın tanınmış şeyhlerinden biri olan Arslan Babadan (eğitim) aldı. Arslan Baba vefat ettikten sonra, bizim Yesevî'ye pir arayarak Buhara'ya gelir, yukarıda belirttiğimiz Yusuf Hamadanî ile karşılaşır, mürid olur. Yusuf Hamadanî öldükten sonra Buhara'da onun üçüncü halifesi olarak şeyhlik yaptı. Sonra Buhara şeyhliğini Yusuf Hamadanî'nin dördüncü halifesi Abdulhalık Gicduvaniy'e teslim edip, kendisi Yesi'ye gitti. Orda tarla halkından mürid toplayıp hanekah, şeyhlik yaptı... Yesevî 63 yaşına girince, hanekahta yer altına çilehane kazdırıp buraya girdi, dünyayla ilişkisini kesmiş gibi görüldü ve şeyhliğini devam ettirirken vefat etti. Vefatı hicrî 562 yılındadır." (Eraslan, 1991).

Fıtrat makalesinde "Divan-ı Hikmet" ve onun edebi değeri hakkında "Hikmetleri", "Mafkurası" ve "Edebi değeri" konularında fikir yürütür. Alim hikmetlere olan çalışmasıyla Yesevîlikte iki önemli meseleyi öncelikle ele aldı. Bunlardan biri "Divan-ı Hikmet" in yazarı meselesi: "Divan-ı Hikmet"lerdeki parçalar gerçekten Yesevî'nin mi? Ondan sonra devam eden şakirtleri, müritleri, onun adına bazı parçalar yazıp eklediler mi? "Divan-ı Hikmet" in hepsi hiç olmazsa, bir kısmı son zamanda büyüyen bunun gibi şakirtlerin eserleri değil mi?"

Maalesef, Fıtrat bu meselenin neticesiz olduğunu bilerek bunu çözmeyi denemedi. Bu konuda Fuad Köprülü'nün "Divan-ı Hikmet" in Yesevî zamanına yakın zamanlarda yazılan nüshası bulunmayınca "onların dil özelliklerini incelemeyen ilmi netice çıkmaz" gibi özet bilgiyi tekrarlamakla sınırlı kaldı. Bu konular çerçevesinde Fıtrat'tan sonra birkaç ilmi deneme oldu.

Bu konuda Fıtrat'tan önce yayınlanan makalelerde Yesevî hikmetlerinin mevcut nüshalarının temelinde Türk edebi dilinin kurucusu özelliğinde olduğunu belirten değerlendirmeler oldu."Bütün kitaplar, bütün eserler, Farsî diliyle yazıldığı zamanlar o kendi divanını saf Türk diliyle yazdı... O Türkçe düşündü, Türkçe söyledi, Farsça şiirler, Fars dilindeki eserler onu etkilemedi. Kendisinin Türk olduğunu, kendinin mensup olduğu Türk dilini öne çıkarıp, kendisinden sonra gelecek yazarlara örnek oldu" (Dostkaraev, 1994). Tatar araştırmacı Ahmet Serdar'ın bu görüşleri A.Sadî'nin makalesine güçlü bir ifadeyle yansır: "Demek ki, Türk dilinin Fars diliyle kültür ve üstünlük mücadelesinde Türk diline üstünlüğü kazandıran, Türk dilini köklendirip, ona yeni hayat veren başkahraman (171) Nevai değil, aslında Yesevî'dir. Nevai'nin bu alanın ikinci kahramanlarından sayılma hakkı doğrudur.

Yesevilik yolunda müridin şu talepleri yerine getirmesi gerekmektedir: Herhangi bir kişiyi mürşidinden üstün görmemek ve pirine tam bir saygıyla bağlanmak; zikir ve idrak sahibi olmak, pirinin ima ve işaretlerini kolaylıkla anlamak; dürüst ve sözüne sadık olmak; pirinin emir, teklif, vaaz ve nasihatlerine uyararak olgunluğa doğru ilerlemek. Hazinî'nin *Cevahirü'l Esrar* adlı eserinde Yesevîliğin temelleri olarak şunlar dile getirilir: Tevhide dayanan tasavvuf düşünceleri; şeriata ve Peygamber'in sünnetine tam bağlılık; şeriata dayanan tarikat; riyazet ve müşahade; halvet ve zikir.<sup>36</sup>

Yesevilik'te bilime, himmet ve sahavet duygularını olgunlaştırmaya, nefse karşı mücadelede ısrarlı olmaya, helal rızık kazanmaya büyük önem gösterilir. Yesevilik'te zikir cehrîdir. Söz konusu tarikat birçok âlim, şair ve devlet adamının kalbinde taht kurmuştur. Sadece Maverâünnehir'de değil Horasan, Azerbaycan ve Türkiye'de de yaygındır.<sup>37</sup>

### **Tarikatın Önemli Temsilcileri**

Ahmet Yesevî, şeyhülmeşayih olarak birçok müride pirlük etmiştir. Rivayetlere göre Yesevî'nin dünyanın farklı yönlerine dağılan doksan dokuz bin müridi, on iki bin sohbet arkadaşı ve birçok halifesi vardır. "...Ahmet Yesevi (rh.a)'nin dervişleri, talebeleri çok geniş bir coğrafyaya uzanmışlardır. Hindistan, Ortadoğu, Balkanlar, Kafkasya, Anadolu ve Afrika'ya kadar gitmişler, tekke ve zaviyeler kurmuşlardır. Selçuklu devletinin kuruluşunda öncü olmuşlardır, yer almışlardır."<sup>38</sup>

İlk halifesi Arslanbab'ın oğlu Mansur Ata'dır (1197), vefatından sonra yerine oğlu Abdü'l Melik, onun yerine oğlu Tac Hace, onun yerine de oğlu Zengi Ata irşat postuna geçmiştir. Harezmi Said Ata (vef. 1218-1219) ikinci halifesidir, Süleyman Hakim Ata da üçüncü halifesidir.

Abdurahman Güzel'e göre Ahmet Yesevî'nin tanınmış halifeleri şunlardır: 1. Mansur Ata 2. Sufi Muhammed Danişmend Zernukî 3. Süleyman Hakim Ata 4. Baba Maçın 5. Emir Ali Hekim 6. Lokman Perrende 7. İmam Mergazî 8. Hasan Bulgarî 9. Şeyh Osman Magrubî.<sup>39</sup>

<sup>34</sup> Rustamov E. Yassaviy hikmatlarida tarix va hayot sadosi // O'zbek tili va adabiyoti. – T.: 1972, № 4-5.

<sup>35</sup> Ahmad Yassaviy. Devoni hikmat. Faqrnoma (nashrga tayyorlovchi R.Abdushukurov). – Toshkent: G'afur G'ulom nashriyoti, 1992.

<sup>36</sup> Hasan N. Faqr'din pokiza narsa bo'lmas (so'ngso'z o'rni) / Abdurahmon Go'zal. Yassaviy "Faqrnoma"si. – Toshkent: Navro'z, 2014. – S.124-125.

<sup>37</sup> Yassaviylik / O'zbekiston Milliy Ensiklopediyasi. 14 jildlik. 10-jild. – Toshkent: O'zME nashriyoti, 2005. - B. 414.

<sup>38</sup> Kemal Yavuz ATAMAN. Maverâünnehir'de İslam Medeniyeti Üzerine Küresel Bir Analiz. Journal of the Human & Social Science ..., 2020 - dergipark.org.tr. – S.2971

<sup>39</sup> Go'zal A. Yassaviy "Faqrnoma"si. – Toshkent: Navro'z, 2014. – S.124-125.

Bunlardan Baba Maçın, Yesevî'ye intisap etmeden önce Horasan'da yaşı ilerlemiş erenlerden biriydi. Beş yıllık halvet, çile ve meşakkatten sonra Yesevî onu diğer beş halifesi ile halkın eğitimi ile ilgilenmek üzere Horasan'a gönderir. Bunlar; Şeyh Muhammed Bağdadî, Seyfiddin Bâherzî, Şeyh Kemal-i Şeybanî, Şeyh Se'diddin, Şeyh Bahaeddin'dir.

Yesevî'nin Kıpçak Türkleri arasında da halifelerinin bulunduğu Husameddin b.Şerafeddin'in *Risale-i Tavarih-i Bulğariye* adlı eserinde dile getirilir. Risalede birçok şeyhin ismi Hâce Ahmet Yesevî'nin halifesi olarak geçmiştir.<sup>40</sup>

### **Ali Şir Nevaî'nin Nesayimü'l Muhabbet'i Hakkında**

*Nesayimü'l Muhabbet* "Muhabbet Nesimleri" demektir. Eserin türü tezkiredir. Malumdur ki, tezkire - eskiden belli bir meslekte yetişmiş kişilerin hayatının anlatıldığı eserlere verilen genel addır. Çoğulu "tezâkir"dir. Tezkirenin kelime anlamı "zikredilen, sözü edilen, bahsi geçen" anlamındadır. Tezkire, şairlerin, bazen ilim adamlarının ve velilerin hayatı ve eserleri hakkında bilgiler, eserlerinden örnekler içeren tarihi ve edebi bir metindir. Tezkireler tasvir edilen kişi veya nesnelere göre birkaç çeşide ayrılır. Klasik edebiyat tarihinde şairler ve şeyhler, evliyalar için çok sayıda tezkire yazılmıştır.

Nesayimü'l Muhabbet, 1495-1496 yıllarında kaleme alınmış olup, Abdurrahman Camî'nin Nefahatü'l Üns (Dostluk Taraveti) adlı eserinin özgün tercümesidir. Büyük düşünür Nevayî çeviri olarak adlandırsa da eserin Camî'nin çalışmasından farklı birçok yönü vardır. Abdurrahman Camî'nin Nefahat ul-Üns adlı eseri 616 şeyh, veli, salih kişi hakkında bilgi vermektedir. Nevaî eseri gözden geçirmiş, bilgi verilen zat sayısını ilavelerle 770'e çıkarmıştır. Bu kişilerden 35'i "salihatu'l nisvandandır" sayılan kadınlardır. Eserin giriş kısmı Nevaî tarafından yazılmıştır. Nefahatü'l Üns'te Feriduddin Attar'ın Tezkiretü'l Evliya adlı eserinde yer alan bazı kişiler çıkarılmış, Nevaî tezkiresinde onlardan bahsetmiştir. Hint ve Türk asıllı şeyhlere, velilere, zevata Camî'de fazla yer verilmez. Nevaî ise mümkün olduğunca birçok zatı eserine almıştır. Ayrıca şair, Nesayimü'l Muhabbet adlı eserinde Abdurrahman Camî ve çağdaşı olan diğer evliyaların hayatını ve faaliyetlerini anlatmaktadır<sup>41</sup>.

Eser, şair Nevayî'nin kâmil bir mutasavvıf olduğunu gösteren önemli bir kaynaktır. VIII.yüzyılın başlarından XV.yüzyılın sonuna kadar Asya, Afrika ve Avrupa kıtalarında yaşayan 770 muhtelif salih zevatın özgeçmişi, ibretli hikâyeler, öğütler, hikmetlerden örnekler eserde yer almaktadır.

Tezkirede Ahmet Yesevî'nin başlattığı Yesevîlik tarikatının temsilcileri hakkındaki değerlendirmelere yer verilir.

*Nesayimü'l Muhabbet*'te Ahmet Yesevî ismi 611. sırada geçmektedir. Nevaî onu Şeyhü'l Meşayih yani "şeyhlerin şeyhi" olarak tarif ederken sohbet arkadaşları ve öğrencilerinin sayısız olduğunu, hem şahın, hem gedanın ihlasla kendisine bağlandığını, büyük Şeyh Yusuf Hemedânî'nin öğrencisi olduğunu, İmamın diğer öğrencileri Hâce Abdü'l Halik Gicduvanî, Hâce Abdullah Berkî ve Hâce Hasan Andâkî'lerle musahip olduğunu kaydeder: "Turkistân mulking şayh ul-maşâyihidur. Maqâmâtî âliy va maşhur, karâmâtî mutavâli va nâmahsur ermiş. Muridü as'hâbi ğâyatsiz va şâhu gadâning irâdat va ihlâsî âstânıda nihâyatsiz ermiş. İmâm Yusuf Hamadâniy q. s.ning ashâbidindur. Hoca Abdülhâliq Ğicduvâniy bila q. s. suhbat tutubdur va Hoca Abdüllâh Barqiy va Hoca Hasan Andâqiy q. r. bilaki, ham İmâm Yusuf Hamadâniy r. t. muridlaridurlar, imâm qaysi biyik marâtibğa yetibdurlar, musâhib bolubdur".<sup>42</sup> (Türkistan ülkesinin şeyhlerinin şeyhidir. Eriştiği makamlar yüce ve meşhur, kerametleri peşpeşe ve sınırsızdır. Sayısız müridi ve ashabi olup tekkesinde şahların ve kölelerin ona teslimiyeti ve güveni sonsuzmuş. İmam Yusuf Hemedânî (ks)'nin ashabındandır. Hâce Abdulhaluk Gücdüvânî (ks) ile sohbetleri olmuştur. İmam Yusuf

<sup>40</sup> Go'zal A. A.g.e.

<sup>41</sup> Yusupova D. *O'zbek mumtoz adabiyoti tarixi* /Alisher Navoiy davri. Toshkent: Akademnashr, 2013. – S.203-204.

<sup>42</sup> Metinler bu kitaptan alınmıştır: Navoiy Alisher. *Nasoyim ul-muhabbat*. MAT. 20 jildlik. J.17. Toshkent: Fan, 2001. S. 419.

Hemedânî (ks)'nin müritlerinden ve her biri yüce mertebelere ulaşmış olan Hâce Abdullah Berkî ve Hâce Hasan Endakî (ks) ile dostturlar.)<sup>43</sup>

Nevâî'nin kaydına göre dönemin birçok şeyhi Ahmet Yesevî'nin terbiyesi ve irşadı ile yüksek dereceye ulaşmıştır. Örneği, Şeyh Raziyyuddin Ali Lala Şeyh Necmiddin Kübra'nın huzuruna gitmeden önce Hâce Ahmet Yesevî'nin hizmetindedir: "...rozgâr maşâyihidin kop buzurgvârlar aning tarbiyatın tâpibdurlar va Şayh Raziyyuddin Ali Lâlâ q. s. Şayhi buzurgvâr Şayh Nacmuddın Kubrâ r. hizmatığa yetardin burun Hoca Ahmad Yassaviy q. r. hizmatida bolub erdi va aning hânaqâhida aning irşâdi bila suluk qilibdur...". (Şeyh Riyazüddin Ali Lala (ks), uluların şeyhi Şeyh Necmettin Kübra (ks)'nin hizmetine gitmeden önce Hâce Ahmet Yesevî (ks)'nin hizmetinde olmuş, onun tekkesinde, onun irşadıyla sülukunu tamamlamıştır.)

*Nesâyimü'l Muhabbet*'te Ahmet Yesevî'den sonra Kutb'ud Din Haydar hakkında bilgiler verilir. Nevaî, söz konusu şeyhle ilgili ilginç bir olayı anlatır. Aslen Türkistan padişahının oğlu olan bu şeyhte küçük yaşta cezbe hali galebe çalar. Hâce Ahmet Yesevî'nin sohbeti olmadan yaşayamaz hale gelir. Babasının karşı koymalarına rağmen şeyhin huzuruna gitmeye devam eder. Anne babası onu zorla da olsa evlendirmeye karar verirler. O da nefesine öyle bir zulmeder ki bu, etrafa yayılır. Anne baba zorla muratlarına eremeyeceklerini anlarlar. Sonunda onu kendi haline bırakırlar. Hâce Ahmet Yesevî de onu Horasan vilayetine gönderir. Ali Şir Nevaî Kutb'ud Din Haydar'ın daha sonraki hayatı hakkında şunları hikâye eder: "Hurâsân mulkiğa kelgandin songra Turbat va Zâva vilâyatida sâkin bolubdur. Anda azim riyâzatlar bila suluk qilibdur va ul maqâmğa yetibdurkim, ul mulk eli qâşida Qutbi âlamğa maşhurdur va Haydariy, qavmi ozlarin anga nisbat berurlar va turbati hamul Turbat degan yerdadur. Goyâki ul yerning âti aning turbati ânda erkan cihatdin Turbat bolubdur". (Horasan ülkesine geldikten sonra Türbet ve Zâve vilayetlerinde yaşamıştır. Orada riyazetlerle sülukunu tamamlamış, derecesi oldukça yükselmiş ve bölgenin halkı onu âlemin kutbu olarak görmüştür. Haydarî kavmi, kendilerinin onun soyundan olduğunu kabul etmişlerdir. Türbesi, Türbet adlı yerdedir, sanki o yerin adı, O'nun türbesinin orada bulunmasından dolayı Türbet olmuş gibidir.)

Yesevî tarikatının bir diğer temsilcisi de Süleyman Hakim Ata'dır. Özbekistan'ın Harezmi vilayetine bağlı Hazarasp ilçesi Bakırgan köyüne defnedilmiştir (1186). Bu zat, şiirdeki yeteneği ile pirinin sevgisini kazanmıştır. Türk edebiyatında üstadının başlattığı hikmet türünü devam ettiren bir şairdir. Şiirleri *Bakırgan Kitabı*'nda yer almıştır. *Bibi Meryem Kitabı*, *Ahir Zaman Kitabı* gibi eserlerde tasavvuf yoluna ait görüşleri bulunmaktadır.

Kaynakların tanıklık ettiğine göre Hakim Ata, Yesevî'nin en yetenekli ve hakîm öğrencisi olarak yüksek bir makama ulaşmıştır. *Menkbe-i Şeyh Hüdaydad Veli*'de nakledildiği üzere, Ahmet Yesevî öğrencilerini sınavdığı sırada sadece Hakim Ata ile Sufi Muhammed Derviş bu imtihanı geçmeyi başarır. Bunu gören Yesevî de "Ömrüm boyunca bir ve yarım öğrenci yetiştirmişim" der ve tam öğrenci olarak Hakim Ata'yı kasteder.<sup>44</sup>

Şeyh Ahmet Yesevî'nin Süleyman Hakim Ata'ya karşı sevgisi o kadar güçlüdür ki, O'nu hep yanında götürür. Bununla ilgili olarak Muhammed Âlim Şeyh Azizan'ın (1564-1631/32) *Lamahat*'ında şöyle geçer: Naklederler ki, Hazreti Sultan'ın yer üstündeki evi dar hale geldiğinde "Hakim Ata evi genişlet" der, O Zat omuzu ile işaret edince ev genişler ve herkes sığıverir. Naklederler ki Hakim Ata'nın aklından şu geçer: "Birçok kişi irşat makamına ulaştı. Bir ben kaldım. " O sırada Hazreti Sultan emreder: "Biz isterdik ki hayattayken birlikte olalım ve vefatımızdan sonra aynı yere defnedilelim. Artık sizlere izin verdim, halife yaptım. Artık Harezmi'e gidip talebeleri eğitiniz."<sup>45</sup>

<sup>43</sup> Metinlerin çevirisi yapılırken Vahit Türk'ün aşağıdaki kitabı kullanılmıştır: Ali Şir Nevâyî. *Nesâyimü'l Mahabbe min şemâyimül-fütüvve* (Yigitlik Kokularından Sevgi Esintileri) / Hazırlayan Pr.Dr.V.Türk. İstanbul, 2021.

<sup>44</sup> Yembergenov U, Shomurodov J. Sulaymon Boqirg'oni (Hakim ota). – Toshkent: O'zbekiston, 2015. – B. 5.

<sup>45</sup> Muhammad Olim Shayx Azizon. *Lamahot. Yassaviya tarihati pirlari maqomoti*. - Samarqand, 2007. – B. 58-60.

Ali Şir Nevaî *Nesayimü'l Muhabbet*'te Süleyman Hakim Ata hakkında şu bilgileri paylaşır: “Âti Sulaymândur va Hoca Ahmad Yassaviy q.s.ning murididur. Hamânâki bir kun Hoca tabhe buyurgândurlarki, mutbihe otun yetmaydur, deb kelgandur. Alar ashâbğa degandurlarki, yâzidin otun terib kelturung! Va ul zamân yâgin yâğadur ekandur. Ashâbkim otun teribdurlar, alar hizmatîğa kelgunça yâgin cihatidin otunlar ol bolğândur. Hakim atâ tergan otinlarni toniğa çirmab, quruq kelturgandur. Hoca Hazratlari degandurlarki, ey farzand, hakimâna iş qilding va alarğa bu laqab ândin qâlğândur va Hakim atâğa hikmat tili goyâ bolubdur”.

(Adı Süleyman olup Hâce Ahmet Yesevî (ks)'nin mürididir. Güya Hâce bir gün yemek pişirilmesini buyurmuş, aşçı, gelip odun yetmeyecek demiş. Kendileri ashaba "Yazıdan odun toplayıp getirin, demiş. O sırada yağmur yağıyormuş. Ashab odun toplamış, ancak yağmurdan dolayı tekkeye gelinceye kadar odunlar ıslanmış. Hakim Ata, topladığı odunları giysilerine sarmış ve kuru getirmiş. Hâce hazretleri; "Ay oğul hakîmce iş yaptın." demiş , “Hakîm” lakabı bundan sonra kalmıştır.)

Ayrıca tezkirede Hakim Ata'nın hikmetlerinin Türkler arasında meşhur olduğunu vurgulayarak aşağıdaki dörtlüğü örnek olarak sunar:

Tiki turgan bütedür,  
Barganlarnı yutadur.  
Barganlar kilmes boldi,

Meger menzil andadur. (Gürültü sona erer, gidenleri yutar. Gidenler gelmez oldu, meğer menzil oradadır.)

*Nesayimü'l Muhabbet*'te kerameti ile Emir Timur'u hayrete düşüren Hâce Bayezid Şeyh hakkında da bilgi aktarılır. Buna göre bir gün Emir Timur şeyhi ziyaret eder. “... kelurda konglida keçurubdurki, bu erning ma'nâ âlamidin habari bolsa, bizga issiq halvâ târtqây. Ul muridlarğa halvâni hud buyurgân ekandur. Bek bila salâmlaşib korişğândin songra debdurki. [avval salâm, ortasi taâm va âhiri kalâm!]. Filhâl halvâni târtturubdur. Bekka bu hâl zâhir bolğaç, murid bolib langar yasab, kop avqâf qilibdur. (O, sohbeta gelirken gönlünden; “Eğer bu kişinin mânâ âleminden haberi varsa, bize sıcak helva getirir.” diye geçirmiş. O, müritlerine helva yapmalarını zaten önceden söylemiş. Bey ile selamlaşip görüştüktan sonra şöyle demiş; "Önce selam, ortası taâm, sonrası kelim." ve hemen helvayı önüne koydurmuş. Bey bu duruma tanık olduktan sonra mürit olmuş, hemen ona bir tekke yaptırmış ve pek çok yeri vakfetmiş.)

*Nesayimü'l Muhabbet*'te ayrıca İsmail Ata, İshak Ata, Korkut Ata, Ali Ata, Demirci Ata gibi tarikat temsilcileri hakkında da bilgiler vardır.

### **Sonuç**

Ahmet Yesevî, Türk halklarının maneviyat tarihinde büyük öneme sahip bir zattır. Kurduğu Yesevîlik tarikatı dünyanın her yerine yayılmıştır. Türk halkları arasında “Medine’de Muhammed, Türkistan’da Hâce Ahmet” sözü bu zatın Peygamber Efendimizden sonra ulu bir makama ulaştığını gösterir. Ali Şir Nevaî *Nesayimü'l Muhabbet*'te Yesevî için “Şeyhü'l Meşayih” der ve “Türkistan halkının kible-ı duasıdır” tarifini kullanır. Tezkirede Yesevîlik tarikatı ile ilgili paylaşılan bilgiler tasavvuf tarihi için büyük önem arz eder. Nevaî, adı geçen şeyhlerin Yesevî'yle irtibatını nesep, haleflik, müritlik bağlamında ele alırken onların hangi ilden olduklarını, mesleği ve meşrebini, kerametinin neler olduğunu da belirtir. Söz konusu bilgiler Maverâünnehir havzasının maneviyat iklimini öğrenmek açısından önemli anahtarlardır.

### **Kaynakça**

Ali Şir Nevâyî. *Nesâyimü'l Mahabbe min şemâyimül-fütüvve* (Yigitlik Kokularından Sevgi Esintileri) / Hazırlayan Pr.Dr.V.Türk. (İstanbul, 2021.)

Ataman, Kemal Yavuz. *Maveraünnehir'de İslam Medeniyeti Üzerine Küresel Bir Analiz* (Journal of the Human & Social Science ..., 2020 - dergipark.org.tr.)

- Ataman, Kemal Yavuz. Ahmed Yesevi and Global Wisdom. (Afro Eurasian Studies, 2022 - [dergipark.org.tr](http://dergipark.org.tr).)
- Attor, Farididdin. Tazkiratul avliyo (Toshkent: G'afur G'ulom nomidagi NMIU, 2013)
- Go'zal, Abdurahmon. Yassaviy "Faqrnoma"si (Toshkent: Navro'z, 2014.)
- Hasan Nodirxon. Faqrdin pokiza narsa bo'lmas (so'ngso'z o'rnida) / Abdurahmon Go'zal. Yassaviy "Faqrnoma"si. (Toshkent: Navro'z, 2014.)
- Hikmatli kalima. Manba: <https://islom.uz/maqola/18075>. 24.03.2024.
- Islom ensiklopediyasi (Toshkent: O'zbekiston Milliy ensiklopediyasi, 2017.)
- Muhammad Olim Shayx Azizon. Lamahot. Yassaviya tarihati pirlari maqomoti. (Samarqand, 2007.)
- Navoiy, Alisher. Nasoyim ul-muhabbat. MAT. 20 jildlik. J.17. (Toshkent: Fan, 2001)
- Rustamov, Ergash. Yassaviy hikmatlarida tarix va hayot sadosi // O'zbek tili va adabiyoti. (Toshkent, 1972, № 4-5.)
- Shayx Alouddin Mansur. Qur'on azim tafsiri. 1-jild. (O'sh: Rizvon, 2016.)
- Yassaviy, Ahmad. Devoni hikmat. Faqrnoma /nashrga tayyorlovchi R.Abdushukurov. (Toshkent: G'afur G'ulom nashriyoti, 1992.)
- Yassaviylik / O'zbekiston Milliy Ensiklopediyasi. 14 jildlik. 10-jild. (Toshkent: O'zME nashriyoti, 2005.)
- Yembergenov U, Shomurodov J. Sulaymon Boqirg'oniy (Hakim ota). (Toshkent: O'zbekiston, 2015.)
- Yusupova, Dilnavoz. O'zbek mumtoz adabiyoti tarixi /Alisher Navoiy davri. (Toshkent: Akademnashr, 2013.)

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ІЛІМІ

**А. Нұрсұлтанқызы,**

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің докторанты*

**Ж.О. Аманбек,**

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, аға оқытушы*

**Андатпа.** Мақалада Орта ғасырдың ұлағатты ұстазы, түркі әлеміндегі сопы поэзиясының негізін қалаушы, Күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы және көшбасшысы Қожа Ахмет Яссауидің өмірі мен қызметі бейнеленген. Қазіргі жаһандық заманда өнегелі ұстаздың алдында өзінің елін сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, мәдениеті жан – жақты жетілген тұлғаны дайындау міндеті тұр. Қоғамның даму ағынына қарай мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру негізгі мәселелердің бірі болып тұр. Оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім тәжірибесінде технологияларды интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді

**Кілт сөздер:** Ойшыл, ұстаз, ақын, шежіре, хикметтер, еңбек, сопы, аңыз, өсиет, дін, кесене.

**Annotation.** The article describes the life and work of Khoja Akhmet Yasawi, the great teacher of the Middle Ages, the founder of Sufi poetry in the Turkic world, spiritual teacher and leader of the Kunchyks Muslims. In the modern global era, the moral teacher is faced with the task of preparing a person who loves his country, is educated, business-minded, has high moral character and is fully mature in culture. According to the flow of social development, one of the main problems facing the school education system is the technologization of the educational process. Various educational technologies are being created, and in the educational experience, technologies influence the formation of intellectual, professional, moral, spiritual, civic and many other aspects of a person.

**Key words:** Thinker, teacher, poet, genealogy, wisdom, work, Sufi, legend, testament, religion, mausoleum.

Қожа Ахмет Ясауи – ақын, ойшыл, ұстаз, бүкіл түркі жұртына имандылық нұрын шашқан діни қайраткер, ағартушы, жаңа сопылық ағымның ғұламасы, пірі. Орта ғасырда Ясауи оқуының пайда болуына бұрын дәуірлеп келген араб халифатының күйреуі мен әлсіреуі негізгі себеп болса керек. X-XII ғасырларда ұлы араб халифатының батыс бетін Еуропа әмірлері билеп, шығыс бетін қытай, парсы, түрік билеушілері, кейін монғолдар өз ықпалына алады. Қарахан мемлекеті кезінде дәуірлеп келген мұсылманшылдық идея енді біраз әлсірей бастады. Оның болашағы тұйыққа тіреліп, мистика сарыны күшейе түседі. Бұрыннан айтысып келген діни ағымдар енді ашық тартысқа шығады. Осы бір дәуірдің қоғамдық санасының жемісі ретінде Қожа Ахмет Ясауи оқуы пайда болады [1]. Оның 90 мыңдай шәкірт – мүриттері болған. Олар ұстазының ілімін Орта Азияға таратып әкеткен. XIII-XV ғасырлар арасында Ясауи ілімі Хорезм, Мәуренаһр, Анадолыға дейін жеткен. Түрік жұртында Ясауиді құрметтеп, пір тұтқаны соншалық: «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет», - деген.

Қожа Ахмет Ясауи (1093-1166) – қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер.

Өз аты Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Ясауи» ақынның қай жерден шыққандығын көрсетеді. Бірақ нақтылық үшін айтсақ, Йасы қаласы оның туған жері емес, жастайынан жетім қалып, ағайын туыстарының қолына келіп, бала кезінен



өскен жері. Ақынның туған жері қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы. Әкесі Ибрахим мұсылманша сауаты бар, сөз қадірін білетін білікті адам болған. Бала Ахметтің басты ұстазы, тәрбиешісі аталас туысы болып келетін Арыстанбаб болды. Ол өмірден қайтқаннан кейін Ахмет 17 жасында Йасы қаласына келеді. Дәл осы кезден бастап араб, шағатай, парсы, түркі тілдерінде өлеңдер жаза бастайды. Шығыс поэзиясы мен әдебиетіне ден қойды. Кейін Бұхара қаласында Жүсіп Хамаданидің діни медресесінде оқыды. Оны тәмәмдаған соң сопылық жолдың біраз ащы-тұщысын татып, көптеген қалаларды аралап, туған шаһары Түркістанға қайтып оралады да, Арыстанбаб қалап кеткен дәстүрді жалғастырды. Осында ол ислам дүниесі кең таныған кемеңгерге айналды. Ал 63 жасынан бастап қалған өмірін жер астында, яғни қылуette өткізді. Бұны Ахмет «Пайғамбар жасына жеттім. Маған одан артықтың қажеті жоқ», - деп түсіндіреді. Қанша жыл ғұмыр кешкені жөнінде әр түрлі деректер бар. Бір деректе 73 жыл, келесілерінде 85 жас деп берілген. Ж.Аймауытов ақынның 149-шы хикметіне сүйеніп, Ясауиды 125 жас жасаған дейді.

Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы – «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) қыпшақ диалектілерімен көне түркі тілінде жазылған. Өкінішке орай туындының түпнұсқасы біздің заманымызға жетпеген. Бізге жеткені XV-XVI ғасырлардағы көшірмесі ғана. Ондай нұсқалары өте көп. Олардың көбі Ыстамбұл, Қоқан, Ташкент, Мәскеу, Алматыда сақталған. Бұл шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шықты. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайыра басылды. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы болатын. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармада ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді.

Қожа Ахмет Ясауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырыпсалмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар, оны түр жағынан көркейтп, кемелдендіре түсті. Фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері бола отырып, Шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі әпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды.

Оның жолын ұстанған шәкірттері мен сопылықты уағыздаушылар түркістандық ғұламаны күллі әлемге танытты. Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарының жаңа исламдық өркениеттегі халықтық ағымының арнасын анықтап берді. Ол жаңа діни идеологияны тәңірлік шамандықпен, зорастризммен біріктіре отырып, қоғамдық-әлеуметтік санаға сіңіруде көп еңбек етті.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінде Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – топырақ сипатты болу, нәпсіні тыю. Топырақ сипатты болып, өзін халқына арнау кемелдікті білдіреді. Қожа Ахмет Ясауи кемелдікке жету үшін адамда ашқ (қуатты махаббат) пен дерт болу керек дейді. «Дертсіз адам адам емес, мұны аңла; Ашқсыз инсан хайуан жынысы, бұны тыңда». Осы хикмет жолындағы «дертсіз адам» адамдық сезімнен жұрдай, өз ұлтының, қоғамының, Отанының алдында жауапсыз, мұңсыз, қара басының қамын күйттейтін жан. «Ашқсыз адам» – илаһи фитраттан, яғни Алла тарапынан адамға берілген құдайлық сыйдан мақрұм қалған, өзінің адамдық қадірін бағалай алмайтын, парасаттылыққа ұмтылмайтын, өзін қоршаған әлемге, адамға, табиғатқа, осының бәрін Жаратушы иеге мән бермейтін жан. Дертті адамның Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі алатын орны ерекше. Ол хикметінде «Білімің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май» болсын дейді. Дертті, шерлі адам пілте болып жанып, ашқ отына түсіп, қоғамның кемшілік

тұстары мен ақсаған руханиятын көріп, көз жасы, қайрат-жігерімен одан шығар жол, дауа іздейді. Шынайы ашққа осы дерт арқылы ұласады. Алғашқы - кемелдікке жетелейтін күш-қуат көзі. Қожа Ахмет Ясауи ілімінде адамның жаратылыс мақсаты – Хаққа құлшылық ету (ибадат), ол «Сізді, бізді Хақ жаратты ибадат үшін» - дейді. Бұл ибадат (убудийат) – Хақты тану жолындағы ең жоғарғы мақам. Құдайлық ашқты, Аллаға деген махаббатпен тұтастықта көретін Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы Алла жаратқан адам баласын кемсітпей, өзімен тең дәрежеде құрметтеуді парыз деп қарайды. «Сүннет екен кәпір де болса берме азар, Көңілі қатты ділазардан Құдай бизар» деген хикмет адамның тегі мен түсіне, діні мен діліне қарамастан оған құрмет көрсету, адам ретінде ардақтауды пайғамбарлық сүннет (жүйе, заң, қағида) ретінде танытады. Өйткені Қожа Ахмет Ясауи ілімі – дін, мәзһаб аясына сыймайтын шексіз ашқ (махаббат) жолы. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында «дертті адам», «топырақ адам», «кемел адам», сондай-ақ, «ғарип адам» тұлғалары да дәріптеледі.

Жергілікті халықтың салт-санасы мен сенім-нанымына, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін діни-мистикалық мектептің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы сопылық ағымның түркілік дәстүріне даңғыл жол салды. «Ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана тануға болады» деген түсінікті теріске шығарып, сопылық әдебиет ұстанымдарын көне түркі әдеби тіл – шағатай тілінде сөйлетті. Қасиетті кітаптың арабша мағынасын толықтай түсіндіру, шарифаттың қыр-сырын, дін қағидаларын қалың қауымға өз тілдерінде тереңнен таныту мақсатында хикметтерін жергілікті халыққа жақын айшықты поэзия тілімен жазды.

Қожа Ахмет Ясауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырыпсалмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар, оны түр жағынан көркейтп, кемелдендіре түсті. Сөйтіп, бұрыннан дидактикалық сипаты басым түркі әдебиеті насихаттық ой тұжырымдармен толыға түсті. Ол фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері бола отырып, шығармашылық әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі әпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды. Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы түркі-мұсылман әлеміне кеңінен танылып, Ясауише хикмет жазу дәстүрге айналды. Кіші Азияда Хаджи Бекташ Уали, Жүніс Әміре, Сүлеймен Бақырғани хикметтерінен Қожа Ахмет Ясауи сарыны байқалды. XII ғасырдан бері түркі халқының дүниетанымына елеулі ықпал еткен Қожа Ахмет Ясауи сарыны Асан Қайғыдан Абайға, сондай-ақ, күні бүгінге дейінгі қазақ ақындары шығармаларында көрініс тапқан [2].

Ахмет Ясауи халқымыздың рухани жебеушісі, кейінгі ұрпақ тәуіп етер қасиетті әулие. Оның мазараты мәдениетіміздің мерейі, ұлтымыздың мақтанышы. Сондай-ақ Түркістан қаласынан ашылған университетке Қожа Ахмет Ясауи аты берілуі ұлы бабамызға деген үлкен құрметтің белгісі болса керек. Бұл кейінгі ұрпақ парызы.

«Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз.

Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек».

Қожа Ахмет Ясауидің ұстанған жолы, бауырлас түркі халықтарына қалдырған рухани қазынасы – жоғарыдағы проблемалардың алдын алу мен түбірімен жоюда таптырмас көмек болары анық. Өйткені, Ясауи ілімдері – халқымыздың қанында, жанында ғасырлар бойы өрілген таным-түсінік. Қожа Ахмет Ясауидің ғажайып сырға

толы хикметтерін жинақтау, аудару, бастырып шығару, нұсқаларға салыстырмалы сипаттамалық зерттеу жүргізу жұмысын жалғастыру – қазақ руханияты әлемінің мәңгілік миссиясы болғай [3].

Тарих пәні мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізі және ұлттық өзіндік сана – сезімді және адамгершілік этикалық нормаларды қалыптастыратын бірден-бір құрал. Бүгінгі күннің ең маңыздысы – туып өскен мәдениетінің әдеп-ғұрпын жақсы білетін, өз елін тарихын жақсы көретін, елдің болашағын сеніп тапсыратын ұрпақ тәрбиелеу.

Мемлекетіміздің тағдырында ерекше орны бар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бүгінгі кезеңнің қайшылықтарға толы қоғамында ұлттық сананы жаңғыртып, болашаққа дұрыс бағдар алудағы ұлттық патриотизмді дамыту әрбір ұстаздың қасиетті парызы. Алдымызда тұрған басты міндеттердің бірі ақпараттық қоғамдағы сансыз келіп жатқан, ешбір іріктеуден өтпеген ақпараттарды саналы түрде іріктеп, өзіне қажетін ала алатын, көшбасшы ұрпақ тәрбиелеу. Өзінің ұлттық негізі мен тамырын танитын, құрметтейтін, дамытатын саналы ұрпақ тәрбиелеу басты міндет болып тұр.

Біздің қоғам толерантты дегенмен, рухани тірегі жоқ қоғамда адасушылардың саны көп, сол себепті болашақ ұрпаққа рухани азық беріп, елінің шынайы жанашыры болатын, ұлттық ерекшелігімізден намыстанатын емес мақтан тұтатын дәрежедегі ұрпақ тәрбиелеу. Осы айтылғандарды ескере отырып, ұрпағымыз елінің бай тарихын терең біліп, ол ескерткіштермен байланысты қайраткерлердің тұлғалық қасиеттерін бойына сіңіре білуге машықтандыру мақсатында жасалған арнайы білім бағдарламасы қажет. Осыған орай, мектептің жоғары сынып оқушыларына «Қазақстандағы ортағасырлық ескерткіштер» атты элективті курс ұсыну идеясы туды [4].

Қожа Ахмет Ясауидің қалдырған мұраларына ерекше көңіл бөлінеді. Түркістандық ғұлама, әулие Қожа Ахмет Ясауидің аманат еткен мұраларына бүгінгі ұрпаққа жеткен төрт тармақты өлеңмен жазылған көлемді шығармасы «Диуани Хикмат» жинағы. Бұл шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейін өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді. «Диуани Хикматтан» түркі халықтарына, соның ішінде қазақ халқына, ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады.

Қожа Ахмет Ясауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырыпсалмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар, оны түр жағынан көркейтп, кемелдендіре түсті. Фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері бола отырып, Шығыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі әпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды.

Ақын өзінің «Диуани хикметінде» жазған ойы жалпы мұсылман дінінің негізгі қағида шарттарын, парыз-қарыздарын байыппен баяндайды. Мұндағы ой тұжырымы 8 жүйеден тұрады. Олар: Тәубешылдық, ғибадатшылдық, махаббат, сабырлық, шүкіршілік, ризашылдық, заһидшілдік(анықтық), ғаріптік. Бұларды түйіп айтсақ, адам құдайды танып білу үшін не істеу керек, қандай уәжіп парыздарды орындау керек, сондай-ақ адамгершілік, әділдік, адалдық, мейірім, рахым, Аллаға деген сүйіспендік сияқты мәселелер арнайы сөз болады.

«Диуани Хикметтен» қазақ халқының ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады. Түркістан қаласында жерленген Қожа Ахмет Ясауи әзіреті сұлтан аталып, басына XIV ғасырдың аяғында атақты Ақсақ Темір күмбез орнаттырды [5].

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді. Мазарда отызға жуық мешіт, кітапхана, залдар бар. Бұл Түркістан қаласында орналасқан ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші 1396-1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Яссауи қабірінің басына тұрғызылған [3].

Көптеген жазба деректерге қарағанда, болашақ құрылыстың жобасын жасауда Әмір Темір тікелей өзі қатысып, негізгі өлшемдерді анықтаған және үлкен порталды-күмбезді мемориалдық құрылыс ретінде танылды. Архитектуралық ғажайып жергілікті дәстүрді жете меңгерген парсылық шеберлердің жобасы құрылысқа негіз етіп алынған. Күйдірілген шаршы кірпіштен өрілген кесене жобасының ерекшелігі - онда Орталық Азия сәулет өнерінде бұрын-соңды ұшыраспаған шатыр жабу тәсілдері қолданылғандығында. Бұл тарихи ескерткіш тарихи құндылықтан бөлек, архитектуралық, әлеуметтік, діни және қазіргі кезде туристік құндылыққа ие.

Оқушылар Қожа Ахмет Ясауиді тарихи тұлға, діни қайраткер, жазушы, ойшыл-философ, ғалым, зерттеуші ретінде, әр-түрлі қырынан таниды. Сонымен қатар, оның тарихтағы орнын ерекше белгілейтін Қожа Ахмет Яссауи кесенесі тарихи ескерткішін зерттеу арқылы еліміздің ең басты тарихи мұрасымен танысады.

Тарихи мұраларды тану арқылы білім алушылар елінің ортағасырдағы ескерткіштерімен терең танысу мүмкіндігіне ие болады. Ол ескерткіштермен байланысты оқиғалар, тұлғаларды өз бетінше зерттеуге, ізденуге, ақпараттарды саралап үйренуге машықтанады. Білім алушыларға патриоттық сана-сезім қалыптастырудың, азаматтық құндылықтарды сіңіруге барлық жағдай жасалады. Жаңа идеялар жасауға, оны іске асыруға мүмкіндік береді. Оқушылар білімдерін толықтырып қана қоймай, өз бетінше зерттеумен айналысуға мүмкіндік алады. Тарихи мұралармен оқушыларды жақын таныстыруды тарих пәніне қосымша курс ретінде ұсынуға және оқушыларға тарихи объектілерге экскурсиялық саяхаттар ұйымдастыру барысында қолданысқа енгізуге болады және ұрпағымыз елінің бай тарихын терең біліп, ол ескерткіштермен байланысты қайраткерлердің тұлғалық қасиеттерін бойына сіңіре білуге машықтандыру мақсатында ұсынса болады.

Тарихи мұраларды тану жас ұрпаққа, білім алушыларға ортағасырлық ескерткіштер туралы білімін тереңдетуге, өз бетінше ізденіп, жинаған ақпараттарын сараптауға, жаңа идеялар жасауына оның әлеуметтік, экономикалық аспектілерін анықтап, оны жүзеге асыруға, ғылыми көзқарас қалыптастыруға ықпал етуге және ең маңыздысы ұлттық санасының өсуі мен патриоттық көзқарасын қалыптастыруына негіз береді [6].

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Яссауи мұралары – тәуелсіз Қазақстанның іргесін шайқалтпай берік етіп ұстап тұратын рухани тіректің бірі екендігі даусыз және біз мұны азаттық жылдар тарихының беттері қалыңдаған айқын сезіне түсудеміз. Сонымен бірге «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ұлт жоспарында Ұлт көшбасшысы дін мәселелері жайында былай деп атап көрсеткен болатын [7].

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет. – Түркістан: Тұран, 2010. 39 б.
2. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет. – Астана: Фолиант, 2007
3. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет (Көкшетау нұсқасы). – Астана: Фолиант, 2016.
4. Көркем аударманың кейбір мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы: Қазмем-көркемәдеббас, 1957.
5. Қырық хикмет / құраст: С.Нұржан. – Алматы: Эффект, 2013 – 88 б.
6. Кенжетай Д. Иасауи хикметтерінің мәні. – Көкшетау. Қожа Ахмет Яссауи. Конференция материалдары, 2016 ж.
7. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, akorda.kz, 2012 ж.

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ АЛЛАҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК ЖӘНЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

**Жамбыл Елемесұлы Күзембаев,**

*Астана Халықаралық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қазақстан, Астана қ.*

**Андатпа.** Ғылыми мақалада Қожа Ахмет Ясауидің хикметтеріндегі Аллаға сүйіспеншілік құнды этикалық идеялары орын алып, діни дәстүр ұстанымын сопылық идеямен жыр еткендігі баяндалады. Исламның негізгі ережелері мен қағидаларын шариатты, марифатты, тарихатты, хакихатты терең түсіндіруге мән береді. Ғұлама Қ.А.Ясауи Алланың ақ жолы - Ақиқат жолын ұғындыруды мақсат еткен хикметтері түркі еліне Адамгершілік қасиеттердің рухани жетілуін адам имандылығына байланысты түсіндіреді. Акын хикметтері өз уақытының шындығын ой-пайымдарымен, өз өмірінің болмысын, ғұмырлық тәжірибесін, Аллаға шынайы сүйіспеншілігін мұсылмандыққа тән ұғыммен жырлағаны айтылады. Қ.А.Ясауидің «Даналық кітабы» адамдардың жүрегіне мейірімділікті, ізгілікті, имандылықты, адамгершілік қасиеттерді ұялататын құдіретті киелі кітап екендігіне тоқталып, талдау жасалған.

**Кілт сөздер:** Алла, Аллаға құлшылық, Аллаға сүйіспеншілік, адам бойындағы руханилық, салт-сана, сенім-наным, әдет-ғұрып, ислам діні, шариат, марифат, тарихат, хакихат, сопылық әдебиет, сопылық таным, мейірімділік, ізгілік, имандылық, адамгершілік.

**Annotation.** The scientific article tells that the valuable ethical ideas of love for Allah in the wisdom of Khoja Ahmed Yasawi were embodied, and the principle of religious tradition was sung by the Sufi idea. He attaches great importance to the deep interpretation of the Basic Rules and principles of Islam, Shariat, Marifat, historiath, hakihat. The wisdom of the scholar K.A.Yasawi, aimed at understanding the White path of Allah - the path of Truth, explains to the Turkic country the spiritual improvement of moral qualities in relation to human morality. It is said that the wisdom of the poet sang the truth of his time with his thoughts, the essence of his life, his life experience, his true love for Allah with the concept inherent in Muslims. The analysis is based on the fact that the "Book of wisdom" by K.A.Yasawi is a powerful Bible that instills kindness, virtue, morality and moral qualities in the hearts of people.

**Key words:** Allah, worship of Allah, love of Allah, spirituality in a person, ritual consciousness, faith-belief, custom, Islamic religion, Shariat, Marifat, historiath, hakihat, sufi literature, Sufi knowledge, mercy, virtue, morality, morality.

X-XII ғасырларда Ұлы даланы мекен еткен түркі халықтарының рухани өмірінде ислам дінінің қағидалары маңызды ұстанымға айналды. Орта ғасырдың ойшылдары мен ғұламалары ислам арқылы адамның рухани дамуын, әділдікті ұстануын, адам бойындағы руханилықты жетілдіруді қағаз беттеріне хаттап, дастандарында, жазба мұраларында насихаттады.

Түркі халықтарының рухани болмысында, салт-санасы мен сенім-нанымында, әдет-ғұрыптың ислам дінін тану, ұстану дәстүрімен сопылық ағымның дәстүрін қалыптастырды. Алланың ақ жолын ұстанумен түркі халықтарын парасаттылыққа, имандылыққа, әділеттілікке, адалдыққа жеткізетін өнегелі жол ислам діні болды. Ислам дінінің заңдары мен шарттарын оймен айшықтап, Алланың Ақиқат жолын насихаттаған орта ғасырдың ойшылы, ғұлама ақыны Қожа Ахмет Ясауидің 149 хикметтен тұратын рухани бағыттағы «Даналық кітабы» болатын [1].

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерімен өз дәуіріндегі құнды этикалық идеяларды көтеріп, діни дәстүр ұстанымын сопылық идеямен жыр етті. Исламның негізгі ережелері мен қағидаларын баяндап, шариатты, марифатты, тарихатты, хакихатты терең түсіндіруге мән берді. Қожа Ахмет Ясауи өзінің философиялық ой-пайымдарымен «шариатта» ислам дінінің заңдарын, сопылық идеясын, «хакихатта» - құдайға құлшылық етуді, «мағрифатта» - дінді тануды этикалық-дидактикалық мазмұнда жазылған әдеби туындысында айқын танытты. Ғұламаның «Даналық кітабы» қыпшақ даласы мен Орталық Азия түркілеріне ортақ шағатай тілінде жазылған.

Қожа Ахмет Ясауи көшпелі халықтың ауыз әдебиетіне негіздеп, түркі халықтары фольклорының тілдік-стильдік тәсілдерін шеберлікпен жеткізді. Ойшылдың «Даналық кітабы» араб тіліндегі Құран Кәрім мен түрлі хадистерді түркі халықтарының оқуына мүмкіндік берген сопылық әдебиеттің ескерткіші, әдеби мұра болып табылады [2].

Қ.А. Ясауи өз хикметтерінде Арыстан бабаның шәкірті болғандығын, Ұлы ұстазынан Құран Кәрімді, заһир, батин ілімдерін үйренгендігін пайымды ойымен баяндайды. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде Ұлы ұстазы Арыстан бабаның ой толғамдарына ден қойып: «Жеті жаста Арыстан баб келді бабам, Хақ Мұстафа аманат берді маған, Сол сәтінде-ақ көңілім тауып баян, Нәпсім өліп, Тәңірі жолына түстім мен де...» - деп ұстазын екінші хикметінде жырласа, келесі хикметтерінде: «Кітап ашып, сурәлардың мәнін сұрап, Ұққанымша асықтым, эзер шыдап, Қол қусырып, ұстазымның сөзін сыйлап, Жаутаң қағып, көңілін бағып тұрдым мен де...» - деп Ұлы ұстазы Арыстан бабаның тәлімдік ұлағатын ой-пікірлерімен ой елегінен өткізіп отырады.

Тарихи деректердің негізіндегі мәліметтерде Қожа Ахмет Ясауи 1103 жылы Сайрам қаласында (қазіргі Түркістан облысы, Сайрам ауданы) туылған. Түркі халықтарына аты әйгілі Қожа Ахмет Ясауидің әкесі – Ибраһим, анасы – Қарашаш ана. Ахмет Ясауидің әке-анасының зияраттары Сайрамға қойылып, басына күмбез тұрғызылған. (қазіргі Түркістан облысы, Сайрам ауданы). Ахмет Ясауидің Ибраһим атты ұлы мен Гаухар атты қызы болған. Ибраһим ұлы қазіргі Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Машат елді мекенінде жерленген. Гаухар қызы Түркістанға қойылған. Тарихи деректерде «Қожа Ахмет Ясауидің ұрпақтары Гаухар қызынан тараған» - деген мәліметтер берілген.

Қ.А.Ясауи «Даналық кітабында» ислам дінінің басты ережелері мен қағидаларына тоқталады. Ғұлама шариат, тарихат, хакихат, мағрифат төрт ұстанымды философиялық ой-пайымдарымен түсіндіреді. 1.«Шариғатта» ислам дінінің заңдарын, шарттарын, ғұрыптарын жасауды талап ететіндігі туралы өнегелі сөздерімен ой түйеді [3].

Ойшыл адамгершілік тәрбиесінде мұсылмандықта құдайға құлшылық етуді парасаттылықпен жырлайды. 2. «Тариқатта» Аллаға деген сүйіспеншілікті арттыра түсу насихат-өсиет ойлары, сопылық мақсаттары жырланған.

Ғұлама жырларымен имандылықтың, шыншылдықтың, әділеттіліктің, адалдықтың мұрат-мақсатын үйретудің негізгі идеясын ұстанған. 3. «Мағрифат» дін жолында дүниені жаратушы иесі Алла екенін, Алланың ақ жолын ардақтап, тағзым етумен танып-білу, түсіну адамгершілік парыз екенін парасаттылықпен жырлап: «Адамдарға жақсылық жасасаң, Алла-тағала саған риза болып, ісінді оңдайды, мақсатына жеткізеді» - деп ой түйген. 4. «Хақиқатта» Аллаға жақындап, оны танып-білу, құдайдың құдіретіне сену мен құдайға құлшылық ете білу, әлемді жаратуда бір құдірет барын біліп, табыну мұсылманның парызы екенін айтады [4].

Бұл төрт ұстаныммен Алланы танып, ақиқатқа жету жолында адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікпен руханилықтың сырын ұғындырады. Қ.А. Ясауи «Даналық кітабында» Аллаға сүйіспеншілік пен сопылық танымды Алланың адамдарға жасаған кеңшілігімен, қайырымдылығымен түсіндіреді.

Имандылық жолымен адам басындағы қиыншылық пен азапты сабырлықпен жеңе білу керектігін ескертеді. Адамдар өмірдің қанша қуанышы мен қиыншылығын

басынан өткізсе де, имандылық жолында қуанышқа сабырлықпен, қиыншылыққа төзімділікпен қарауы шарт екенін айтады.

Ғұлама хикметтерінде Аллаға сүйіспеншілік, сопылық танымды насихаттай отырып, «Ислам дінінің жолымен адам Аллаға сенімділігін арттырып, шарапатына, кешірімділігіне ден қойғаны дұрыс» - деп ой ұсынады.

Қ.А. Ясауи хикметтерінде Аллаға деген наным-сенімге жан-тәнімен бой ұсынған адам ғана Алланың нұрына бөленіп, рухани тазарады, имандылыққа, ізгілікке жетелеген құдіретті күшпен адамның қасиеті, ішкі жан-дүниесінің тазалығы жаңғыратындығын айтады [5].

Ғұлама адам бойындағы адамгершілік қасиеттермен Аллаға деген наным-сенімді ұқтыра отырып, дүниедегі ақ пен қараны, оң мен солды анықтап, адамды ізгі істерге бастайтын аса құдіретті күшті - имандылық деп таныған. Иmandылық - Алланы мойындаған адамға ғана тән және адамды ұлы қасиеттермен рухтандыратын, Алланың Ақиқат жолына түсіретін құдіретті күш деп түсіндіреді. Адам бойынан табылатын имандылықтың басты көрінісі - мейірімділік, кешірімділік пен жанашырлық екенін рухани байлықтың сырын ұғындырады. Қ.А.Ясауи философиялық ой-пайымдарымен адамның қадір-қасиетін оның ішкі жан дүниесінің рухани тазалығымен саралайды.

Ғұлама Алланың ақ жолы - Ақиқат жолын ұғындыруды мақсат еткен хикметтерінде түркі еліне Адамгершілік қасиеттердің рухани жетілуін адам имандылығына байланысты дейді. Хикметтермен өз уақытының шындығын ой-пайымдарымен, өмірінің бүкіл болмысын, ғұмырлық тәжірибесін, ізденістерін, Аллаға деген шынайы сүйіспеншілігін мұсылмандыққа тән ұғыммен жырлаған.

Ойшыл «Даналық кітабында» адам бойындағы имандылықтың басты көрінісі туралы философиялық пікірлері мен ой-танымдарын поэзия тілімен жеткізеді. Қ.А.Ясауи өзінің ғұмыры мен қызметін имандылықтың идеялық-өнегелік жолына арнап, өзінің өнегелі ой-пайымдарымен әділдікті, жан тазалығы мен адамның рухани дамуын насихаттады.

Ғұлама он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы хикметтерінде өз өмірбаянын жырға қосып, «Даналық кітабында» негізгі идеяның философиялық мәнін, көркемдігін жетілдірген. Қ.А.Ясауидің «Даналық кітабындағы» философиялық идеялар X ғасырдан бастап исламның ілімін этикалық-философиялық тұрғыда қалыптастырды. Философиялық-этикалық бағытта түркі халқын имандылыққа, рухани тазалыққа, татулыққа, ізгілікке үндеді.

Көрнекті ғалым Е.Э. Бертельс Қожа Ахмет Ясауидің дидактикалық сарындағы хикметтерінің түркі поэзиясымен дәстүрлі байланыста екенін дәлелдеп: «Ахмет Ясауидің жырлары күні бүгінге дейінгі қазақ даласынан Кіші Азияға дейін кеңінен тараған фольклорлық лириканың түрлерімен ұқсас болып отырады. Бұл ерекшелікті сопылық әдебиетте алғаш рет Ясауи бастап тұрақтандырды. Осыдан кейін өзге елдердің дәруіштік поэзиясында да бұл үрдіс жалғасын тапты, сөйтіп, жазба поэзия мен фольклордың байланысы бұдан былай жаңа сипат алды», пікір айтқан [7].

Тарихи деректермен дәйектелген мәліметтерде Қожа Ахмет Ясауи «Даналық кітабының» алғашқы түпнұсқасы сақталмаған. Кітаптың ескі нұсқасы XV ғасырдың ортасында араб әрпімен көшіріліп, «Даналық кітабы» деген атпен Қазан (1887–1901), Стамбұл (1901), Ташкент (1902–11) баспаларында басылған. Қ.А.Ясауи хикметтерінің философиялық идеясын, ислам дінін насихаттаудағы ой-танымын, жазылу тарихын, поэтикасын М.Ф. Көпрүлузаде, Е.Э. Бертельс, Н.С. Банарлы, А.К. Боровков, Э.Р. Рустамов, В.И. Зохидов, т.б. ғалымдар зерттеп, жариялады. Ежелгі дәуір әдебиетінің тарихында түркі тілдес халықтарының XII ғасырдағы ескерткіші Қ.А. Ясауидің «Даналық кітабы» әдеби мұра болуымен айшықталады.

Бізге жеткен Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің ең толық нұсқасы Қазан басылымы. Бұл басылымда 149 хикмет жарияланған. Ислам дәуірінің әдеби мұрасы болып табылған Қ.А. Ясауи хикметтерін А.Н. Самойлович, Е.Э. Бертельс, А.К.

Боровков, Г.Ф. Благова орыс ғалымдары терең зерттеп, имандылық туралы ой-пайымдарын жоғары бағалаған [6].

Ұлы ғұлама Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін зерттеуде өзбек ғалымдары Э.Р. Рустамов, Н.М. Малаев, В.И. Зохидов әдебиеттің дамуына үлес қосты. Қазақ ғалымдарынан М.Жармұхамедұлы, Е.Дүйсенбайұлы, М.Шафиги, С.Дәуітұлы Қ.А. Ясауи хикметтерін қазақ тіліне аударды. Қ.А. Ясауи хикметтерінің түркі халықтарына ортақ дәстүрі туралы мазмұн жағынан Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев, Ә.Дербісәлиев, А.Қыраубаева, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Ш.Ыбыраев, М.Мырзахметов, С.Дәуіт, М.Жармұхамедұлы, Е.Дүйсенбайұлы, И.Нұрахметұлы, С.Нұржанов зерттеді. Ғалым Иманғазы Нұрахметұлы: «Көкшетаудағы өнер және әдебиет институтында Қ.А. Ясауидің 50-ге жуық хикметінің қолжазбасы бар, бұл жазбалардың тілін шағатай емес, ортағасырлық түрік жазба тілінде жазылған әдеби жазба мұра дегеніміз дұрыс» - деп пікір білдірген.

Қ.А. Ясауидің хикметтерін жинақтау, аудару, бастырып шығару, нұсқаларына салыстырмалы зерттеуде ғалым Иманғазы Нұрахметұлы «Даналық кітабының» Көкшетау нұсқасындағы аудармасының идеялық бірлігін сақтап, ғылыми тілмен аударған [7].

Қолжазба Көкшетаудағы өнер және әдебиет институтынан табылғандықтан «Қ.А. Ясауи хикметтерінің толық нұсқасы Көкшетау нұсқасы» деп аталған. И.Нұрахметұлы қолжазбадағы түсініксіз сөздерге түсініктеме жасап, хикметтердің мазмұндық-құрылымдық бірлігін тұтас сақтаған.

Қ.А. Ясауидің «Даналық кітабы» адамдардың жүрегіне мейірімділікті, ізгілікті, имандылықты, адамгершілік қасиеттерді ұялататын құдіретті киелі кітап. Бұл кітап адамдарға қажетті қанағат-ынсапқа терең мән беріп, адамның ішкі жан-дүниесінің жаңғыруын талдап, Алла алдында рухани таза болуды талап етеді. «Даналық кітабы» түркі халықтарын исламның рухани әлемімен таныстырып, Алланың Ақиқат жолын ұғындыруды мақсат еткен ойлы тұжырымдарымен көркемдік жалғасын тапты.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы, 1995.
2. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы, 1996.
3. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет. – Түркістан: Тұран, 2010.
4. Қожа Ахмет Ясауи . Диуани хикмет. – Түркістан, 1991.
5. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет. – Астана: Фолиант, 2007.
6. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиеті тарихы. - Алматы, 2006.
7. Ясауи тағылымы. – Түркістан, 1996.



## ПРОФЕССОР АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ РУХАНИ ҮРДСІН ДАМЫТУДАҒЫ ОРНЫ ТУРАЛЫ

Г.С. Симұқанова,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,  
Қазақстан, Астана қ.*

**Андатпа.** Мақалада профессор А.Сейдімбектің көшпелілер туралы зерттеулері негізінде көне қазақтардың дүниетанымдары мен наным-сенімдеріне, дәстүрлеріне зор әсер еткен көне діндер: Зороастризм, Тәңіршілдік, Суфизмге, олардың ерекшеліктері мен сабақтастықтарына талдау жасалады. Сопылық ілімнің ірі өкілдерінің және оның негізін салушылардың бірі Қожа Ахмет Ясауидің діни-философиялық көзқарастары жеке қарастырылып, Тәуелсіз Қазақстанның рухани болмысының тарихи тұрғыдан қалыптасуындағы Ясауидің рөлі көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** зороастризм, тәңіршілдік, суфизм, Қ.А.Ясауи, көшпелілер, руханият, сабақтастық.

**Annotation.** The article analyzes the ancient religions: Zoroastrianism, Divinity, Sufism, their features and continuity, which greatly influenced the worldviews, beliefs and traditions of the ancient Kazakhs, based on the researches of Professor A.Seydimbek about nomads. The religious-philosophical views of one of the great representatives of Sufism and one of its founders, Khoja Ahmet Yassawi, are considered individually, and the role of Yassawi in the historical formation of the spiritual nature of Independent Kazakhstan is shown.

**Key words:** zoroastrianism, divinity, sufism, K.A.Yassawi, nomads, spirituality, continuity.

Исламдық -сопылық білім беру форматы қалыптасып, оның дамуына қаржылай қолдау көрсетілді. Мешіттердің жанынан медреселер мен исламдық білім беру орталықтарының көптеп ашылуы халықтың сауаттылығының артуына түрік тілінің кең көлемде қолданылуына елеулі үлес қосты (Жаң Внды 2000:58). Алтын Орданың өзінде әдебиет пен ғылым саласында үлкен даму болды. Алтын Орда дәуірінде әдебиет саласы Ясауидың сопылық мектептерінің рухани мұрасымен байыды.

Ибн Баттутаның естеліктерінде, Алтын Ордада жүрген кезінде жергілікті тұрғындар әуелі араб тілінде, сосын түрік және парсы тілдерінде құран және жыр оқып жатқандықтары айтылады (Жаң Внды 2000:58). Алтын орда мемлекетінде Ислам дінін таратуда ең көп қолданылған тіл – түрік тілі болған. Ясеуи тарихаты сопыларының қажырлы еңбектерінің нәтижесінде, көшпелілер түрік тілінде Ислам дінімен таныс болды. Алтын Ордада дін таратушылардың басым көпшілігі ислам ілімін жетік меңгерген түріктер болды. Түрік тілі ислам дінін таратудың құралына айналды. Бұл жағдай өз кезегінде моңғолдардың тілінің түркшеленуін ілгерлетті.

5. Ұлт аралық теңдік татулық саясатын жүргізді.

Ясауи ілімінің адмми құндылықтарын негізге алған Алтын орда мемлекеті моңғол-қыпшақ руларын негіз еткен мемлекет бола тұра васалды халықтар мен өзге ұлт өкілдеріне қаратада теңдік тиімділік саясатын жүргізді. 1330-1340 жылдары Берке-сарайда болып қайтқан Әйгілі саяхатшы Ибн-Батутаның баяндауынша , Берке-Сарай көп ұлт өкілдері өмір сүретін, тіршілігі қайнаған орта ғасырлық іргелі қалалардың бірі болған. Қалада тек мұсылмандар ғана емес, Русь, Бұлғар, Мажар, Роман, Чаркес,Армен, Грузин, Арап, Кавказ халықтарының өкілдеріде көп тұрған (Зардыхан Қинаят 153).

Жоғрыдағы жетістіктерді қортындыласақ, Қожа Ахмет Ясауи тарихаты Алтын Орданың исламдану үдерісінде маңызды рөл атқарды. Оның әсері тек діни саламен ғана шектелген жоқ. Әлеуметтік, саяси, тіл және мәдени салаларға да елеулі ықпал етті. Осы ілімінің арқасында батысқа жорық жасаған моңғолдар мен сахара қыпшақтарының исламдануы жүзеге асырылды. Түрік тілі мен арап жазуы үлгісіндегі Шағатай жазуының таралуы кеңейді. Шыңғыс-Жошы ұрпақтары билеген аймақтарда Ясауи іліміндегі сопылар мен олардың мектептері өте маңызды рөл атқарды. Қожа Ахмет

Ясауи ілімінің таралу ықпалы барған сайын кеңейе түсті. Ясауи мектептері аймақтың исламдану процесінде және қоғамдық өмірінде маңызды және құнды рөл атқарды. Алтын Орда бірте-бірте Ясауи ілімін мемлекеттік идиология еткен ислам мемлекетіне айналды. Бұл ілім этникалық және әлеуметтік жағынан алшақ жатқан Қыпшақ, Моңғол, Хорезм және Қырым аймақтарын біріктірді. Көшпелі өмір салтына бейімделген Ясауи ілімінің идеология еткендіктен, Шыңғыс хан әулетінің билігі барлық жерлерде құлаған кездеде Алтын орда мемлекеті мен одан тарған хандықтарда жалғаса берді. Алтын ода дәуірінен бастап Ясауи ілімі қзақ хылыққының, түрік әлемінің ұлттық идеологиясына айналды.

### Пайдаланған әдебиеттер

- Қинаятұлы Зардыхан. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. Астана: Елорда,-2004.
- Жаң Внды. Алтын орданың исламдануы. ҚХР Гуй Яң қаласы: Гуй Жоу педагогикалық университеті Орталық азия тарихы мәдениеті журналы,-2002 жылғы 2саны. 张文德.论金帐汗国的伊斯兰化.贵州师范大学学报 ,-2000年 第2期.
- Жаң Внды ( Чжан Венде ). Орталық Азиядағы Кубравийа тарихатына талдау. ҚХР Гуйяң қаласы: Гуйчжоу педагогикалық университетінің хабаршы журналы (гуманитарлық) .1992 жылғы 2 саны. 张文德.中亚库布拉维教团述论. 贵阳市: 贵州师范大学学报( 社) , 1992年2期.
- Зікрія Жандарбеков .Ясауи жолы және қазақ қоғамы.Алматы: Ел-шежіре баспасы,- 2006.
- Сафарғалиев М.Г. Алтын орданың ыдырауы. Алматы: Дайк-пресс,-2014.
- Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Алтын Орданың өркендеуі және оның құлауы. Қытайша аудармасы. ҚХР Бейжің: сауда баспасы,-1985. 格列科夫, 雅库博夫斯基1 金帐汗国兴衰史[ M]1 北京: 商务印书馆, 1985.
- Чин Жилету. Моңғолдардың исламдануы туралы. ҚХР Ішкі моңғол: Әлеуметтік ғылымдары журналы.1991 жылы 5 саны. 新吉乐图: 伊斯兰化蒙古概论.内蒙古社会科学 1991 年05期.
- СМИЗО ,Тизенгаузен Владимир Густавович. Алтын Орда тарихына байланысты материалдар жинағы. Мәскеу 1941. СМИЗО. Тизенгаузен, Владимир Густавович .Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды.том II .Москва,-1941.
- Әбусейітова М.Х. Қазақстан тармхына қатысты парсы деректері . IV том Алматы: дайк-пресс,-2006. Әбусейітова М.Х. История Казахстана в персидских источниках. том IV7 Алматы: дайк-пресс,-2006.
- Чин Жилету. Моңғолдардың исламдануы туралы. ҚХР Ішкі моңғол: Әлеуметтік ғылымдары журналы.1991 жылы 5 саны. 新吉乐图: 伊斯兰化蒙古概论.内蒙古社会科学 1991 年05期.
- Уаң Шаулин, Сай Бин. Алтын орданың Өзбек ханы туралы. ҚХР Чң Ду: Сы Чуан өлкелік өнер және ғылым институты хабаршысы. 2014 жылғы 1 саны. 王绍林, 蔡斌: 试论金帐汗国月即别 .四川文理学院学报.2014 年第1期.

## ЯСАУИДІҢ ХИКМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ХАДИС

**Нұрперзент Аханұлы Қыпшақбаев,**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Теология факультеті, Теология кафедрасы магистр оқытушы*

**Андатпа.** Қожа Ахмет Ясауи Орталық Азия Түркістан географиясында, түрік және ислам әлемінде өз ойларымен, шығармаларымен терең із қалдырған көрнекті тұлғалардың бірі. Оның идеялары мен ойларының әсері өмір бойы жалғасты. Осыған байланысты Қожа Ахмет Ясауи қызметінің сан алуан аспектілерін зерттейтін көптеген зерттеулер жүргізілді. Оның хадис ғылымы мен мәдениетіне деген қызығушылығы, зерттеуде көп көңіл бөлінбеген. Сол себепті мақалада осы аспектісі басты нысанға алынған.

**Annotation.** Hodja Ahmed Yesevi is one of the important figures who left deep traces in the Central-Asian Turkestan Geography and the Turkish and Islamic world with his thoughts and works. The effects of his ideas and thoughts have continued to increase since the time he lived. On this occasion, many studies have been conducted examining various aspects of Hodja Ahmed Yesevi. His interest in hadith science and culture, an aspect that is not much emphasized in the studies, led us to such a study.

Ислам дінінің Құраннан кейінгі басты қайнар көзі ретінде ардақты Пайғамбарымыздың (с.а.с) хадистері тұрады. Құран – жаратылыс заңдылықтарына байланысты мәселелерді толықтай қамтыған кітап. Ал хадистер болса, Құран аяттарының өмірде қалай жүзеге асатынын үйрететін пайғамбардан келген үлгі-өнеге. Негізінен, Құран аяттарының біраз бөлігі мағына тұрғысынан толықтай түсіндірілген болса, басым бөлігі жалпылама түрде берілген.

Хадис – ардақты Пайғамбарымыздың (с.а.с) айтқан сөздеріне, жасаған іс-әрекеттеріне (әфғал) және әртүрлі жағдайларына қатысты мән-жайларды қамтитын ғылыми атау.

Хадис – «айту, түсіндіру» деген мағынаны білдіретін «тахдис» сөзінен туындаған «хабар беру, ақпарат жеткізу» деген етістіктен туатын зат есім. Уақыт өте келе Пайғамбарымызға телінген әрбір сөз, қимыл-әрекет және тақрир (құптау) «хадис» деп аталған. Бұл жайлы ибн Хажар: «Шарифат бойынша хадис дегеніміз - Пайғамбарымызға қатысты барлық нәрсе», - деген [1, 376].

Түркі әлемінің рухани ұстазы, түркілер арасында рухани-мәдени өрлеудің негізін салып берген ұлы тұлға Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері мен еңбектері әлі күнге дейін зерттеліп біткен жоқ деп айтуға толық негіз бар. Осы кезге дейін Ясауи мурасы философиялық, тарихи, әдеби, мәдениеттанушылық, этнопедогогикалық, тілдік, әлеуметтік, діни тұрғыдан зерттеу нысанына айналуда.

Бұл мақалада Ясауидің хикметтерінде келген хадистерге тоқталатын боламыз. Хикметте келген хадистерден басқа сол мағынаны беретін хадистерді де келтіріп ашықталады. Ясауи хикметтерінде хадисті бөлместен, ана тіліне аудармастан сол қалпында түпнұсқамен береді. Мұны – «Иқтибас» (Quotation) дейді. «Қазақша шеттен алып пайдалану», «кірме», «алу», «тауып алу», «табу» деген мағына береді [2, 56].

Хадис қалай берілсе, сол қалпында жазу сақталады. Иқтибасқа мысал ретінде Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен Сүлеймен Бақырғани хикметтері келтіріледі. Себебі ұстаз бен шәкірттің шығармаларында хадис көбінесе төл нұсқасын сақтай отырып (мұнда тәржімсіз деген ойды айтпақ болдық) беріледі.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде пайғамбар хадистерін кеңінен қолданылады. Себебі Қожа Ахмет Ясауи түркі сопылығының көшбасшы ұстазы, шын мәнінде хадистердің нағыз маңызын хикмет түрінде халыққа жеткізген кемеңгер.

Қожа Ахмет Ясауидің иқтибасты Пайғамбарымыздың хадистерін хикметтерде қолдануы;

*Ақылды болсаң жарандарға қызмет қылғын,  
«Әмір мә руф»<sup>79</sup> қылғандарды ізет қылғын,  
«Нәһи мункәр»<sup>80</sup> қылғандарды құрмет қылғын,  
(С)ол себептен алныс үште кірдім жерге [3, 10]*

Әбу Нурайрадан жеткен хадисте Алла елшісі (с.а.с) былай дейді. «Қандайда да бір жаманшылық көрген адам оған қолымен тосқауыл болуға шамасы келсе, оны қолмен тоқтатын. Оған шамасы келмесе, жүрегімен сол жамандықты жек көрсін. Алайда бұл иманның ең төменгі дәрежесі», - деген. (Әбу Дәуіт, салат 239-242). Басқа хадисте Хузайфа ибн Яманнан жеткен хадисте Алла елшісі (с.а.с) былай дейді: «Мына жанды тәнде ұстаған Алланың атымен ант етемін! Не жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыятын боласындар, не Алладан бір жаза келіп, бұдан құтылу үшін дұға етсеңдер де дұғаларың қабыл болмайды», - деген [4, 607].

Жақсылықты жаю, жамандықты тыю ынта-жігері шамасы келген әрбір мұсылманның міндеті болса, алдымен өкілеттігі мен ілімі бар адамдардың мойына жүктелген бір жауапкершілік. Әркім ілімі мен қабілетіне сай осы бір діни міндетке көңіл бөліп, бұл жауапкершілікті арқалай білуі тиіс. Ахмет Ясауи бабамыздың да өмірдегі негізгі миссиясы қоғамды рухани тәрбиелікке тәрбиелеп, кемелдікке жетіп, жақсылыққа шақырып жамандықтан тыю. Біз бұны Ясауи хикметтерінен көре аламыз. Хикмет;

*Әлсіз болып жатқанда,  
Періштелер кіргенде  
«Мән раббук?»<sup>81</sup> деп сұрағанда,  
Не қылармын, Құдайым [3, 29]  
Ол «Әләсту бираббукум» дегенінде,  
«Қалу балә» дегенімді білалмаспын.  
«Уә мә динукум?»<sup>82</sup> деп және сұр(а)ғанында,  
«Дінім – Ислам» дегенімді біле алмаспын [3, 134]*

Жоғарыдағы екі хикмет бір-бірімен байланысты. Себебі хадисте келгендей Пайғамбарымыз (с.а.с) сахабаларына қабір азабынан Аллаға сыйыныңдар дей келе; «Күмәнсіз, өлген адам өзіне қойылған «Раббың кім? Дінің не? Пайғамбарың кім? - деп сұралады..... [4, 607]

Бұл хадистен түсінетініміз, Пайғамбарымыз (с.а.у.) адамдарға бірден әсер ететін болғандықтан қабір азабымен ескерту арқылы кейбір маңызды мәселелерге баса назар аудартқан. Ясауи бабамызда хикметтерінде қабірдегілер арқылы тазалық, әдеп, ұят, ғайбат, ұрлық және өліге қатты жоқтау деген секілді мәселелерді ортаға шығарған. Хикмет;

*Ғалым ол -дүр қыш жастанып білім қылса,  
Күндіз -түні таңсәріге (дейін) зарын қылса,  
«Фәліәзхәку»<sup>83</sup> аятын тәпсір қылса,  
(С)ондай ғалым – ғалым болар, достарым -ау.  
«Уәліәбку кәсира»<sup>84</sup> деп Тәңрі айтты,  
Мағына ұққан ғалым тынбай жылап еді,  
Жылай -жылай кездері соқыр болды,  
(С)ондай ғалым – ғалым болар, достарым -ау. [3, 31 6]*

<sup>79</sup> Әмір мәруф – жақсылыққа шақыру

<sup>80</sup> Нәһи мункәр – жамандықтан қайтару

<sup>81</sup> Мән раббук – Раббың кім?

<sup>82</sup> Уә мә динукум – Дінің не?

<sup>83</sup> Фәліәзхәку – Аз күліп

<sup>84</sup> Уәліәбку кәсира – Көп жылайтын едіңдер

Ардақты сахаба Әнас (р.а.) былай дейді: «Бірде Расулулла (с.а.у.) сахабалар жайлы жағымсыз хабар естіп, оларды жинап алды да, оларға: Алла маған жәннат пен тозақты көрсетті. Сол күнгідей жақсылық пен жамандық атаулыны бұрын-сонды көрген емеспін, Егер менің көріп-білгендерімді білсеңдер, аз күліп, көп жылар едіңдер», - деген. Хикмет;

*Ұлы, кіші жарандардан әдеп кетті,  
Қыз, әйел, жастардан ұят кетті,  
«Әл хәйа-у минәл иман»<sup>85</sup> деп Расул айтты,  
Ұятсыз қауым ғажайыптар болды, достар [3, 45]*

Ясауи бабамыз бұл хикметінде пайғамбарымыздың «Ұялу-иманнан» - деген хадисті келтірген. Ұялуға қатысты, ұялу иманнан екендігі жайлы басқада көптеген хадистер келген. Мысалға: Әбу Масғуд Уқба ибн Амр әл-Ансари әл-Бадри (р.а.): «Алла елшісі (с.а.у.): Шын мәнінде, адамдарға әуелдегі пайғамбарлардан «ұялмасаң білгенінді қыл», - деген сөз қалған», - деді», - деген [5, 139].

Басқа хадистерде «Әр діннің (өзіне лайық) бір әдебі бар. Исламның мәйегі - ұят» (ибн Мәжә, Зуһд 17),

Мұсылман үшін, ұят – оны әрқашан жақсылыққа, ізгілікке қарай итермелейтін қасиет. Сондықтан да адамзат тарихы бойынша, барша иләһи діндер сөз, амал және іс-қимылда ұятты негізге алуды бұйырған. Әдеп мен мінездің негізгі өзегін құрайтын ұят, біздің қоғамымызда да ұрпақтан ұрпаққа ажырамас асыл қасиет ретінде жалғасып келеді. Ясауи хикметтерінде де осы бір асыл қасиетті көруге болады. Хикмет;

*«Күллу йәумин бәтәр»<sup>86</sup> деді Хақ Мұстафа,  
Үмбет болсаң құлақ салғын әһлі уәфа,  
Жақсыларды(ң) сауабын берер, бізге жаза,  
Қиямет күн жазаларын тартар, достар [3, 48]*

Келесі бір хадис деп келетін «Куллу йәумин бәтәрүн / Барлық күн жоқ болады» деп келетін сөз тіркесі. Бұл сөз тіркесі де хадис деп айтылғанымен негізгі хадис топтамаларында мұндай хадис кездеспейді. Сондай-ақ аталған сөзді Мұхаммед Пайғамбарымыздың айтқандығы жайлы да нақты дерек жоқ. Дегенмен мағынасы жағынан сау ақылмен таразылағанда дүп-дұрыс сөз. Сөз тіркесінен біз, әрбір тіршілік иесінің өмірінің ертелі-кеш бітетіні сияқты, күндер, түндер, апталар, айлар һәм жылдардың да соңы бар. Бірақ аталған сөз мәтіндік тұрғыдан негізгі хадис топтамаларында кездеспегендіктен бұл сөз тіркесін де «хадис» деп айтуға нақты әрі толық негіз жоқ [6, 172]. Хикмет:

*«Әлкәззабу лә уммәти»<sup>87</sup> деді сізге,  
Ол – Мұхаммед Хақ Расулы деді бізге,  
Жалғанышыға жаннат жоқ-дүр «уаллаһ» аңа,  
Жалған сөйлеп имансыз кетпең(дер), достар [2, 52]*

Әбу Һурайрадан келген хадисте Алла елшісі (с.а.с) былай деген: «Бізді алдаған бізден емес». (Мүслим, Иман 164). Басқа хадисте «Мұсылмандардың арасында дауға жол жоқ! Бізді алдаған бізден емес!», - деген (Дарими, Буюғ, 10). Хикмет:

*«Куллу муттақи әл мин»<sup>88</sup> деп айтты Расул,  
Ей, Ахмет, бұ(л) хадисті қылғын қабыл,  
Суйрі халқы қабыл қылмай болды малул,  
Жаһіл халқы пір қадірін қашан білер [3, 74]*

Негізгі хадис жинақтарында «Кулли муттақин алимен / Барлық тақуалық етушілер бізден» деп келетін хадис те кездеспейді. Бұл сөзді Хз. Пайғамбарымыздың

<sup>85</sup> Әл хәйа-у минәл иман – Ұят иманнан

<sup>86</sup> Күллу йәумин бәтәр – Барлық күн жоқ болады

<sup>87</sup> Әл-кәззабу лә уммәти – Үмметім өтірікші болмайды.

<sup>88</sup> Куллу муттақи әл мин – Барлық тақуалар бізден

айтқандығы жайлы да нақты ақпарат жоқ. Бұл жағдайды назарға алсақ, аталған риуаяттың да «ойдан шығарылған» деген ықтималдылығы басым [6, 173]. Хикмет;

*Барша азға суретінен тіл кешпейінше,  
«Муту қаблә ән тәмуту»<sup>89</sup> болмайынша,  
Заһиринда бас көзін жұмбайынша,  
Батинында іш көзі көркеймес ол [3, 125]*

Жалпы сопылық әдебиеттерде кездесетін қанатты сөздер көп жағдайларда халық арасында хадис ретінде қабылданған. Алайда халық арасындағы көпшілікке хадис деп танылып жүрген қанатты сөздерді негізгі хадис кітаптарынан кездестіру қиын. Дегенмен де ойдан шығарылған және әлсіз хадистер топтастырылған еңбектер де бар. Бұл еңбектердің барлығында Ибн Хажар әл-Асқаланиге (1372-1449) сілтеме жасалып, жоғарыдағы аталған хадистің негізгі хадис кітаптарында барлығы дәлелденбегені айтылады. Сондай-ақ мәшһүр ғалымдардың бірі Алиюл Қари айтады: «Мен де бұл қанатты сөзді атақты сопылардың сөзі деп айтамын» - деп пікір білдірген. Аталған хадистің мағынасын «мәжбүрлі түрдегі хақ өлім келмей тұрып, өз еркіңізбен өліңіз» дегенді білдіреді. Ерікті өлудегі мақсат өлместен бұрын нәпсінің және нәпсінің құлы болудан, нәпсі қалалуарынан туындайтын қателіктер мен немқұрайлылықтан өлместен бұрын құтылу» деп түсіндіреді [6, 167].

Бұл қанатты сөз сопылық шығармаларда көп кездесетін «физикалық өлім келмей тұрып, ку нәпсі мен оның қалауларын өлтіру» деген мағынада қолданылған сөз тіркесі. Хикмет;

*Бір күн сені(ң) әмірің болар қазан,  
Ажал келмей, тәубе қылғын, ей, надан,  
Мүмкін саған рахым етер Ием ЙәзданЗ ,  
(С)ол себептен Хақтан қорқып зарға кірдім [3, 132]*

Бұл сөз тіркестері Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.с) келесі бір хадисін еске түсіреді. Жәбир ибн Абдулладан жеткен риуаятта Алла елшісі бір күні жамағатқа мынадай насихат айтады: «Ей адамдар! Өлім келмей тұрып Аллаға тәубе етіңдер! Сіздің қолыңызды байлайтын дүниелік машақаттармен әуре болмай, игі амалдар жасауға асығыңыз! Алланы ұдайы еске алыңыз және де жасырын һәм жария түрде садақа беріп, Алланың сіздерге нәсіп еткен нығметтерінің хақысын беруге тырысыңыз, ұмтылыңыз, сонда ризық-несібеңіз артады Алланың жәрдеміне ие боласыз әрі рухани тазарасыз» [6, 184].

Қорытынды.

Қожа Ахмет Ясауи әлемінде Пайғамбарымыздың орны бөлек. Оның Пайғамбарға деген сүйіспеншілігі мен адалдығын Хикметерінен көруге болады. Ахмед Ясауидің түсінігінде адамдар пайғамбардың сүннетімен ең идеалды мағынада өмір сүрсе, адамда болуы керек болған рухани күш-қуат көздерін ашылатындығын айтады. Осы түсінігімен ол сүннетті форма ретінде емес, сенім ретінде, ой-пікірінде және барлық іс-әрекетінде ахлақ ретінде өмір сүріп, ұсынуға тырысты. «Диуани Хикмет» еңбегіндегі хикметтерді бір-бірлеп қарастырғанда; олардың әрқайсысы Пайғамбардың өнегелі тұлғасы мен сөздерінің адамзатқа ұсынғысы келген әмбебап уағыздарын қарапайым стильде жеткізуге тырысқаны байқалады. Мысалы келтіретін болсақ; иманға, құлшылыққа, ой толғауға, хикметке, шүкіршілікке, сабырға, шынайылыққа, сүйіспеншілікке, сыйластыққа, бірлікке, ынтымаққа, теңдікке, ынтымақтастыққа және осыған ұқсас оңды істер мен мінез-құлыққа шақырады.

Тағы да ол адамды қорлау, көреалмаушылық, менмендіктен, екіжүзділіктен, кекшілдіктен, атаққұмарлықтан тазарту арқылы өзін және қоршаған ортасына жан-жақты қызмет ететіндей дәрежеге көтеруді, тәрбиелеуді қажет етеді. Негізінде Пайғамбардың мақсаты осыдан басқа нәрсе емес еді. Мұхаммедтің (с.а.у.) сөзі, ісі,

<sup>89</sup> Муту қаблә ән тәмуту – Өлім келмей тұрып өл.



тұжырымы болып табылатын хадис/сүннетпен тығыз байланыста болуы оның бойында белгілі бір хадис мәдениетінің қалыптасуына сөзсіз себепші болды.

Олай болса біз бұл мақаламызда Ясауи хикметтеріндегі кейбір хадистерді ортаға шығарып, оларды жанама хадистермен салыстырып көрсеттік. Ясауи хикметтеріндегі кейбір хадис деп танылған хикметтерді хадис кітаптарынан табылмады. Бұл дегеніміз ол – хадис деген категорияға жатпайды дегенді білдірмейді. Ислам ғалымдары құлшылықта кейбір әлсіз хадистерге амал қылуға болады деп пәту береді. Алайда сенім мәселесінде тек мутауатир немесе сахих хадистер болуы шарт. Ясауи хикметіндегі «*Куллу муттақи әл мин*», «*Муту қаблә ән тәмуту*», «*Куллу йәумин бәтәр*» деген хикметтер хадис деп келген. Алайда біз «Қанатты сөздер» деп бердік. Себебі хадис кітаптарында дәл осы мәтінде хадис келмеседе, осы мағынаны қамтитын аят пен хадистер бар екендігін айтамыз. Яғни риуаят, мәтін әлсіз, ойдан шығарылғанмен мағынасы сахих.

Біз хадистерден пайда алып, оларды дереккөз ретінде көрсету тұрғысынан сахих хадистерді алға шығаруды, сенімді дереккөздер мен ғылыми өлшемдерге сүйене отырып объективті сананы қалыптастыруды жақтаймыз. Қожа Ахмет Ясауидің еңбектеріндегі хадис білімі мен мәдениетіне қатысты мәліметтерді ашуға тырыстық. Сондықтан мұндай маңызды тұлғаның көп айтыла бермейтін басқа қырларын әліде зерттеуді қажет етеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Ибн Хажар, Нузһәтун-назар, 37-б.; Али әл-Мунауи, әл-Иауакит уәд-дәрур 1/228
2. Қыдыр Т. Ортағасырдағы қазақ даласында ислами әдебиеттің қалыптасуы. Филол.ғыл. канд. дисс.. – Алматы, 2005. – 170 бет.
3. Ахмет Иасауи. Диуани хикмет (аударма, транскрипция, мәтін, сөздік). – Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2010. – 400 бет
4. Хадистер аясында Ислам. Нұрс-Сұлтан, 2020. 7 том. – 607 бет.
5. Мұстафа әл-Бұға, Мухиддин Мисту. Әл-Уафи. Имам ән-Науауи таңдаған қырық хадис шархы/ ауд: Қ.Спатай – Алматы: «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2013. – 392 бет.
6. Носа Ahmed Yesevinin HADİS KÜLYÜRÜ Doç.Dr. Ahmet YILDIRIM, Türkiye Diyanet vakfi 2012 yıl, 227.

### Қ.А. ЯСАУИДІҢ МҰРАЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

#### АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Д.Ө. Мұстапаева,

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*  
Қазақстан, Түркістан қ., [dildash.mustapaeva@ayu.edu.kz](mailto:dildash.mustapaeva@ayu.edu.kz)

**Аңдатпа.** Мақалада Ахмет Ясауи кесенесі, құнды жәдігерлер туралы баяндалады. Кесененің рухани маңызы мен кесене жанындағы құнды нысандар туралы айтылады. Кесененің құрылымы мен бөлмелер атаулары көрсетіледі. XII ғ. бөлмелер туралы мәлімет берілген. Әлемдік құнды мұралар тізіміндегі Ахмет Ясауи кесенесіндегі құнды жәдігерлердің атқарған қызметі жайында зерделенеді. Тайқазан және кесенеде әзірленген әлім асының мәні мен ерекшеліктері талданады. Ясауи кесенесінің Асхана бөлмесінде тұрған ағаш астаулардың қызметі, құндылығы туралы айтылады.

**Кілт сөздер:** Қожа Ахмет Ясауи, кесене, жәдігерлер, құндылықтар, ғасырлар.

**Annotation.** The article is about the mausoleum of Ahmed Yasawi and its valuable relics. The spiritual significance of the mausoleum and historical buildings near the mausoleum are described. Features of the device of the mausoleum and the names of the premises are highlighted herein. The article also provides information about the premises that were in the XII century. The role of valuable relics of the mausoleum of Ahmed Yasawi, which was included in the list of World Heritage Sites, is narrated. The meanings and features of the bronze cauldron - Taikazan, as well as the Halim ritual food, which was prepared in the mausoleum, are analyzed. The historical significance and value of the wooden bowls located in the premises of Askhan is revealed.

**Key words:** Khoja Ahmed Yasawi, mausoleum, relics, values, centuries,

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Әлемдік құнды мұралар тізіміне енген, елдің сан ғасырлық рухани құндылығын жинақтап тұрған киелі орын. Кесенеге жыл сайын көптеген зияратшылар, саяхатшылар басқа да жұртшылық көптеп келіп көруде. Ясауи кесенесі және кесенеге арнайы жасалған құнды ортағасырлық жәдігерлердің білім беру, тәрбиелеу, ағартушылық, мәдени тұрғыдағы беретін әсері мен маңызы ерекше екені белгілі. Осы тұста кесенедегі құнды жәдігерлердің атқарған қызметін келушілерге дұрыс түсіндіріп, ақпарат берудің маңызы үлкен.

Ахмет Ясауи кесенесіне сан ғасырлар бойы «Әзірет Сұлтаным» деп зиярат ете келген сол кезеңдегі қоғамда үлкен бір сыйлау, қадірлеу, қасиеттіні құрметтеу сезімдері күшті болғанын аңыздар, ғылыми деректер растайды. Ертеде зияратқа келген кісілер, бұрынғы ел басқарған тұлғалар кесенеге келгенде жарты шақырым жерден атынан түсіп, жаяу келген екен. Мұндай үрдіс Орта Азия аумағындағы барлық киелі орындарға тән болған.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің әлемдік маңызы ерекше. Кесене 2003 жылдан бері ЮНЕСКО-ның тізіміндегі әлемдік құндылықтардың бірі.

XIV ғасырда Әмір Темірдің бұйрығымен салынғанға дейін де Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ел зиярат ететін киелі орын болды. Қабірхана мен кіші мешіт бөлмесі Ахмет

Ясауи өмір сүрген кезеңдегі, ғасырға тән XII құрылыс материалдарының негізінде салынды. Сол дәуірдің бөлмесінің қабырғасын кесененің солтүстік тұсында сақталған қабырхана бөлмесінің қабырғасынан көруге болады. Бөлме сол кезеңде кең қолданылған құрылыс материалдарын, бояусыз өрнекті терракоталық тақтайшаларын қолдану арқылы жасалған.

Екі жүз жылдан соң Ақсақ Темір зиярат ете келе отырып, оның үстіне қалған бөлмелерін салдырды. Бұл Әмір Темірдің Қожа Ахмет Ясауи бабаға, іліміне, өз қарамағындағы елдің рухани құндылығына деген көзқарасы болар. Кесенеде отыз бестен аса бөлме бар. Оның ішінде сегіз үлкен бөлме әр түрлі қызмет атқаратын бөлмелердің бір кешенін құрайды. Қожа Ахмет Ясауи жерленген Қабырхана (Көрхана), Кіші мешіт бөлмесі, Үлкен Ақ сарай, Кіші Ақ сарай, Кітапхана, Асхана, Құдықхана, Қазандық бөлмелері кесенедегі үлкен бөлмелер.

Кесене – күмбезді, қас бетті құрылыс. Қазіргі кезде үш күмбезді – Қабырхана, Қазандық, Мешіт бөлмелерінің күмбездерін көруге болады. Қазандық бөлмесінің күмбезінің ішкі бөлігі сталактиттермен әрленген. Кесененің іші, сырты ислам өнерінде дамыған әшекейлеу үлгілерімен әшекейленген. Бұлар көркем каллиграфиялық жазулар үлгісі геометрияланған куфи, сулс, насх жазуларымен түсірілген өрнектер кешені. Кесененің сыртқы қабырғалары, іші ислам дінінің ережелеріне сай Құран аяттары, хадистер мәтіндерімен әрленген. Бұл заттардың жасалуы, әрленуі ортағасырлық ислам өнерінің талаптары, елдің дәстүрімен үйлестіріліп орындалған.

Қабырхана бөлмесінде жасыл нефрит тастан жасалған құлыптас қойылған. Құлыптас Әмір Темірдің бұйрығымен арнайы түрде алдырылған дейді. Құлыптас кесененің салуға бұйрық беріліп, салынған соң қойылған. Жасалған кезеңі 14 ғасырдың екінші жартысы. Көптеген деректерде, 19 ғ. жазбаларда қабырхана бөлмесінде қабырғасты жапқан қабыржапқыштар туралы айтылады.

Қожа Ахмет Ясауиге байланысты заттардың бірі – құлыптас. Осы құлыптас бетін жапқан – *қабіржапқыш (қабірпұш) қазіргі кезге дейін сақталған*. Қабіржапқыштың жоғалмай сақталуында қоғам қайраткері, ғалым Ө.Жәнібековтың еңбегі зор. Кейінгі жылдары қабіржапқышты ғалымдар зерттеп, заттың ислам өнерінің туындысы, жергілікті елдің мәдениетінің көзі екенін тұжырымдады. Түйе жүнінен иіріліп тоқылған матадан жасалған, бетін алтын, күміс жіптермен зерлеп кестелеген, таза жібек мата мен өте жұқа етіп илеген тері бөлшектерінен жапсырмалар тігіліп, өрнектелген қол өнер туындысы. Жапқыш бетіндегі кестеленіп түсірілген ою-өрнектер кесенедегі өрнектермен сәйкес келеді. Мұндай сәйкестіктің орын алуы кездейсоқтық болмаса керек. Атап айтқанда, Қабірхана күмбезінің жиегі, Қазандық күмбезінің төрт қырлы қабырғасында орналасқан терезенің картушындағы, солтүстік беттің ойығының майоликалық белдемшесіндегі, мешіт бөлмесі михрабының өрнектелуіндегі ирек тәрізді өсімдік өрнегі, қабіржапқыштың жиегіне толығымен айналдыра жібек матамен жапсырма әдісімен кестеленіп тігілген өрнектермен бірдей.

Ел «Сұлтаным» деп қастерлеген халқымыздың киелі орнында ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтарын бойына жиып, айтар сыры мол құнды жәдігерлер бар. Уақыт тезінен, көптеген ғасырлардың саяси, мәдени, әлеуметтік өзгерістері мен жаңғыруларынан өте отырып осы кезеңге дейін сан ғасырлар сырлары мен дәстүрлерін бойына жинақтаған осы заттар туралы айтып өтейік. Бұлар: Тайқазан, шырағандар, кесененің керемет жәдігерлердің бірі-есіктер, діни-рәсімдік, ел дәстүрінде ежелден келе жатқан «халім асы» және т.б. жәдігерлерді атуға болады. Қазіргі кезде кесенеге зияратқа келген адамдарды, саяхатшылардың Тайқазанға ас пісірілген деген пікірлері кездеседі. Тайқазанға ас пісірілмеген. Суға арналған қазан екені сыртындағы жазулардан анық байқалады. Осыған орай бұл құнды жәдігерге байланысты, кесенеде әзірленіп таратылған ас туралы айтып өткен орынды болар.

Тайқазанды XIV ғ. екінші жартысында Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнап, Қарнақ мекенінде құйдырған. Қазанның жасалу уақыты

1393-1399 жылдарды қамтиды, құйылып аяқталған мерзімі сыртында көрсетілгендей 1399 жылмен мерзімделген. 1935 жылы сол кездегі Ленинград қаласында өткен Иран өнрі мен археологиясының Конгресіне арналған көрмеге уақытша алып кетілген Тайқазан 1989 жылы қайтадан өзінің киелі орнына қайтып орналастырылды. Бұл құнды затты ас пісірілуіне арналмаған және өз бойына сан ғасырлар сырын жинақтап тұрған қасиетті зат.

Орта Азия тұрғындарының арасында заттың сыртына жазылған қасиетті сөздер суға ерекше бір қасиет береді деген нанымның болғаны белгілі. Ол суды ішкен адам кеселінен айығады, денсаулығы жақсарады деп түсінген. Аталмыш қазанның сыртқы бөлігі бес бөліктен тұрады. Бірінші, жоғарғы бөлігіне қазанды айнала арабша құран сүресінен үзінді түсірілген және бұл жазулардың аудармасы М.С. Бекчуриннің, П.Лерхтің, П.И. Ахмеровтың, Н.И. Веселовскийдің, М.Е. Массонның, А.А. Ивановтың, т.б. зерттеулерде берілді [1].

Аталған жазу құранның 9-шы сүресі, 19-аятты қамтиды, ал екінші бөлігі жиырма төрт бұрыштарға бөлінген. Осы бөлігінде өз ара бірдей қашықтықта он үлкен томпақ және он үлкен көркем тұтқа орналасқан. Тайқазанның сыртқы сипаты, ондағы жазулар қазанда ас пісірілмегенін сөзсіз дәлелдейді. Ал, пікірлерге сүйенсек «қазанда қант қосылған су толы болатын да, мұны мешіт қызметкерлері жұма намазы аяқталған соң емдік қасиеті бар су ретінде діңкіштерге үлестіріп беретін» деп айтады [2, 22 б.].

Кезінде қазанды суреттеген Жүсіпбек Аймауытов «Әзірет Сұлтан» атты мақаласында «Қақ ортада дәу қола қазан тұр...» жүз кісі болмаса, қозғай алмас кеспе түптес он екі құлақты дәу қола қазанның жан-жағы бұрандалы шүмек, үсті-басы машқи жазу. Қазанның биіктігі кісі бойы қол ұсыным... Шырақшылар «Бұл қазанда бір заманда су тұрушы еді, мынау шүмектерден ағызып алушы еді»... дейді [3, 11 б.].

Қазіргі кезге дейін тайқазанның атқарған қызметі туралы ел арасында бірнеше пікірлер кездеседі. Бір пікірлер бойынша бұл қазанда ас пісірілген деп тұжырымдалады. Бірақ зияратқа келген адам қазанды көрген соң, бұл ойдың жаңсақ екенін түсінеді. Себебі, өте көркем жасалған қазанның сыртқы тұрпаты ас әзірлеуге қолданбағанын айғақтап тұр. Ал, суға арналғаны туралы мәліметті, жоғарыда атап өткендей деректерден, қазанның сыртындағы жазуынан табуға болады. Сонымен қатар Әмір Темірдің «Вакуфтық грамотасында» келтірілген деректер де бұл пікірдің дұрыстығын растай түседі. Осы деректі 1898 жылы Ә.Диваев парсы тілінен орыс тіліне аударып, 1901 жылы «Туркестанские ведомости» газетінде жариялаған. Осы «Вакуфтық грамотаның» «Әмір Темірдің қолхаты» деп аталған аудармасында «Бұл қасиетті зират жанында жергілікті жамағат ішінен су тасушы және сыпырушының міндетін атқаратын екі адам болуы тиіс» деген тұстары бар [4, 223-228 б.].

«Су тасушы» міндеті арнайы түрде енгізілгені белгілі болып отыр. Тайқазанның сыртына жазылған «хауз»-суға арналу туралы пікірмен «су тасушының» арасындағы белгілі бір байланыстың болғаны анық. «Су тасушы» қызметін атқарған адам суды қайда тасыған деген сауалдар туындайды. Су тасушы қызметі тайқазанға су құю үшін және «халім аба» асын дайындау үшін, тағы басқа да жұмыстарда қолданылған болу керек. Арнайы түрде дүйсенбі мен жұма күндері келген зияратшылар, кедей, мүскіндерге арналып халім ботқасы әзірленіп таратылып отырған. Әмір Темірдің сый грамотасында (Вакуфтық грамота) бұл туралы төмендегідей нұсқаулар кездеседі: «Әрбір аптаның дүйсенбі мен жұмасында екі жарым батпан бидай және екі батпан ет, қажетті мөлшерде тұз бен отыннан әулиелердің аса ұлық Сұлтаны-Әзірет Сұлтанның ғимаратында, иә, бәрінен жоғарыдағы Алла оның жанын нұрландыра берсін, «халим аба» (ет пен бидайдан жасалған) дайындау керек, ал түстік аса қасиетті құранды жатқа білетін қариларға, оқушыларға, Бәрінен жоғарғы жаратушының есімін дәріптеушілерге, яғни «зікір» салушыларға, сол сияқты жергілікті кедейлерге, кембағал адамдарға, жетімдер мен мүскіндерге беріледі....» [4, 193-204 б.]. Әрине, бұл бидай мен еттен жасалған бұл тамақ Тайқазанда әзірленбеген, ол үшін басқа қазандар қолданылды.

XIX ғ. жазба деректердегі мәліметтерге сүйенгенде, кесененің уақыптық жағдайы туралы арызда Ахмет Ясауи кесенесінде жұма күндері халім әзірленгені байқалады. Кесенедегі шамдар үшін май, тахаратхана үшін ағаштар қажеті туралы айтылған. Яғни сол кезде жарықтандыруда шырағандар қолданылған [5,120]. Орта ғасырларда, кейінгі кезеңдерде, атап айтқанда XIX ғасырдың соңына дейін қасиетті орындарда ас халім дайындап тарату рәсімі болған. Оның мәні, жасалу реті туралы XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдағы ғылыми зерттеулерде, атап айтқанда Мір-Салих Бекчурин, Ә.Ә. Диваев, Н.С. Лыкошин, М.Е. Массон, Д.Х. Кармышева т.б. зерттеулерінде зерделенді [1].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сол жақ тұсында дәліз арқылы жалғасқан асхана бөлмесінде жұма намаздан соң кедей-кепшіктерге, зияратшыларға халім асы үлестірілген. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстік шығыс бөлігінде халимхана бар. Халимханада дүйсенбі мен жұма күндері кедей-кепшік пен дәуріштерге тегін үлестірілетін ас-халим әзірленетін болған [2, 17]. Қазіргі кезеңде кесененің осы бөлмесінде «халім асы» салынып таратылған астаулар тұр. «Әлім», «халім» деп аталған діни рәсімдік астың дайындалуы және таратылуы көптеген ғасырларға ұласты.

Оның заттай куәсі ретінде Мемлекеттік «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейінде, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Асхана бөлмесінде тұрған ағаш астауларды айтуға болады. Қазақ халқының заттай мәдениет туындыларына зер салсақ, ас салуға арналған ыдыстар ағаштан ойылып, жонып жасалған.

Әзірет Сұлтан кесенесіндегі ағаш есіктер, қабырхана, қазандық есіктері, қорда сақталған ағаш ұстындар ағаш заттардың ежелден кең қолданыста болғанын, күнделікті тұрмыста, сәулет өнерінде кең қолданылғанын дәлелдейді. Әрбір географиялық аймақтың өзіне тән өсетін ағаштар түрі кең қолданылғаны анық.

Қожа Ахмет Ясауи ілімін таратып, өзінің халқына қызметін жасай отырып, ас пен істің қасиеттілігі, Адал еңбек ету ұстанымдарын берік ұстанып, адал еңбек еткен және шәкірттерінің де адал еңбекпен өмір сүруіне тәрбиелеген. Осы негізге сүйене отырып ежелден келе жатқан елдің кең дамыған кәсібі ағаштан бұйымдар жасаған екен.

«Ахмет Ясауи уақытын үшке бөледі екен. Күннің жартысын ғибадат етуме, екінші бөлігін шәкірттерге сабан берумен, үшінші бөлімін ағаштан қасық, ожау, құрал-саймандар жасап сататын. Жасалған заттарды қоржынға салып, өгізіне артып Иасы базарна жіберген екен. Кім зат алса, ақшасын қоржынға салып кете береді екен. Осы еңбектен тапқан нәпақасымен отбасын бағып, оқушыларына жұмсаған [6, 70].

Халім асының туралы деректер Әзірет Сұлтан кесенесіне Әмір Темірдің әмірімен берілген вакуфтық грамотасында көрсетілген. XIV ғасырдың екінші жартысында «Әмір Темірдің» вакуфтық грамотасының жетінші пунктінде «Әрбір аптаның дүйсенбі және жұма күндері екі жарым батпан (батпан -8-16 пұт көлемінде) бидай және екі батпан ет, қажетті тұз, ағаш Әзірет Сұлтан кесенесінде халим аба асы әзірленсін. Қарилерге, жетім-жесір, мүсәпірлерге әзірленсін. Күн сайын жүз батпандай бидай ұнынан кедей-кепшік, мүсәпірлерге арнап нан пісірілсін. Түскі ас пен нан дайындау үшін жүз есекке артылатындай ағаш отын бөлінсін» деп айтылған [5].

XX ғ. басында халім ботқасын дайындау кесенеге түсетін табыстың төмендеуіне байланысты әзірленбеген. Бұл жағдайға қоғамда болған саяси-экономикалық өзгерістер де өз ықпалын тигізгені анық. Әлім дайындау рәсім XIX ғ. соңы мен – XX ғасырдың басында да болған. Құдай ас ретінде дайындалып, таратылып отырған астың елдің өмірінде әр кезеңдерінде әзірленіп отырғаны және аса қадірленгені анық.

Дәуріштердің кең танымал асы 1864 жылдан соң Әзірет Сұлтан кесенесінде асхана бөлмесінде әзірленуін Түркістанға арнайы келіп, дәуріштер асын таратқанын көрген Н.С. Лыкошиннің зерттеуінен көруге болады. Зерттеуде «Жолбарыс хан» мешіті деп аталған мешіт бөлмесі аталады, бұл кесенедегі кіші мешіт бөлмесі болар. Кесенеді күндіз, жұма намаздан соң бидайдан жасалған халім асы таратылған. 1870-ші жылдары

кесенені бұздыру қаулысы болып, бірақ ол іске асырылмаған. Одан кейінгі кезеңдерде кесене,оның аумағындағы ғимараттардың жағдайы,жөндеу мәселелері туындаған.

Елде ет тартуға арналған ағаш ыдыс «астау» деп аталған. М.Е. Массон өз еңбегінде ет пен бидайдан әзірленген халим ботқасын үлкен «шара» деп аталатын астауға салынып, төрт адам төрт тұсындағы ағаш тұтқасынан ұстап қазандыққа алып келгенін баяндайды.Осы жерде аспаздар халимді ағаш аяқтарға салып тарататын болған [7,5].

Әзірет Сұлтан кесенесінде сонымен қатар ағаш есіктер, қола шырағандар да ерекше құнды ХІІ ғасырдың жәдігерлері. Ислам сәулет өнерінің бір бөлшегі есіктерді өрнектеу белгілі бір ережелерге сай дамығаны белгілі. Осыған орай өрнектік сарынды геометрияланған,эпиграфикалық, өсімдік тектес өрнектердің үйлесуінің керемет үлгілерін шеберлер дамыта білген. Оның бір үлгісі ретінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қазандық және көрхана бөлмелерінің ағаш есіктерін айтуға болады. Қоладан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары халық өнерінің інжу-маржандарына жатады. Ағашқа ою-өрнек салу өнерінің Қазақстан мен Орта Азияда өте ерте заманнан дамып келе жатқаны белгілі.

XIV ғ. екінші жартысымен, 1397 жылмен мерзімделген Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ағаш есіктерінің әрленуі осының куәсі деуге болады. Кезінде көрхана есігінің ою-өрнектері сүйекпен ерекше нақышталған. Есік халықтың дүниетанымында киелі болып қабылданады. Ол бір әлемнен екінші әлемге өту нүктесі деп есептеледі. Ислам діні арқылы санада берік орныққан, дін аша келген рухани тұлғалардың есімдеріне де «баб» сөзі қосылып аталуының да өзіндік осындай бір тұжырымы бар.

Қабірхана есігінің сақталған, күміспен апталған пластиналарында сулс қолтаңбаларымен Жаратушы Алланың есімдері жазылған. Қабірхана есігінің тұтқалары 1959 жылы жоғалған. XIV ғасырда жасалған құнды жәдігердің кейінгі тағдыры, заттың қайда, қай жерде екені туралы деректер жоқ. Мүмкін болашақта ол туралы тың деректер, мәліметтер табылып қалар. Ғалымдар қабірхана есігінің тұтқалары,олардағы жазулар туралы зерттеулерін 1905 жылы кесененің жоспарын, өлшемін алып, зерттеуге келген экспедицияның архитекторы А.Гуржиенконың салған суреті арқылы жүргізді. Есік тұтқаларында насх үлгісінде Сағдидің «Гүлстанынан» үзінді жазылған.

XIV ғасырдың 1397 жылы құйылған шырағандар сол кезеңнің жетістіктері қолданылып жасалған заттар. Қазан қою, шырақ қою дәстүрінің ықылым заманнан келе жатқан белгі екені рас. Ал, заттардың формасы мен жаңаша түрленуі осы байырғы дәстүрдің жалғасын тауып, дамуы деуге болады. А.А. Ивановтың тұжырымы бойынша XIV-XVғасырларда күрделі сипаттағы шырағандар жасау дәстүрі болған, бірақ XVI ғасырда жалғасын таппады. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған керамикалық, метал шырағандар әр түрлі сипатта болып келеді. Бірақ бәрінің атқаратын қызметі жарық беру, шырақ қызметін атқару болғаны белгілі. Атап өткендей қасиетті жерлерге қазан қою, су бастауы болу, шырақ қою дәстүрін XIV ғасырда Ахмет Ясауи кесенесіне арнап жасалған тайқазан мен шырағандар жалғастырып, жаңа бір түрде сол кезеңнің өнер туындыларының жетістіктерін қолдана отырып қайталайды.

Әзірет Сұлтан кесенесі мындаған жылдар бойы тұғырында тұрып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан рухани мәдениеттің белгілерін көріп, түсіну мүмкіндігін беретін, қасиетті орын. Елдің ежелден келе жатқан құндылықтарын тану мен өмір сүру ортасындағы ерекшеліктерді танытатын жер.. Ел «Әзірет Сұлтан» деп қастерлеген тұлғаның қазақ халқының, түркі халқының өміріндегі орны ерекше.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Мир-Салих Бекчурин. Ғажайып Түркістан қаласындағы Әзірет Сұлтан мешітінің сипаттамасы.-Орынбор, 1866. «Әскери жинақ»N7-8 //Әзірет Сұлтан (таңдаулы мақалалар жинағы). –Шымкент: «Жібек жолы», 2000. -64 бет; Диваев А.А.

Жалованная грамота, данная Тимуром Туркестанской мечети Азрета Ясави/Пер.с персид.//Туркестанские ведомости. -1901. N39, 41; Лыкошин Н.С. Пол жизни в Туркестане. Очерки быта туземного населения. Склад-т-ва В.А.Березовского.– Петроград, 1916. -415 бет; М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. –Ташкент, 1930. – 25 с.; Массон М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. Қазақ және орыс тілдерінде), - Шымкент; «Жібек Жолы», 2000; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков: Материалы к историко-этнографическому атласу. –Алма-Ата: «Наука»Каз ССР, 1980. -256с.; Нұрмұхаммедов Н.-Б. Ахмет Ясауи сәулет ғимараты: Альбом.-Алматы: Өнер, 1988. -168 бет.

2. Нұрмұхаммедов Н.-Б. Ахмет Ясауи сәулет ғимараты: Альбом.-Алматы: Өнер, 1988. -168 бет.

3. Аймауытов Ж. Әзірет Сұлтан (Қожа Ахмет Ясауи)//Әзірет Сұлтан (таңдаулы мақалалар жинағы). –Шымкент, 2000. -64 бет

4. Диваев А.А. Жалованная грамота, данная Тимуром Туркестанской мечети Азрета Ясави/Пер.с персид.//Туркестанские ведомости. 1901. N39, 41;

Диваев Ә. Тарту. –Алматы: Ана тілі, 1992, -204 б.

5. Шуховцов В.К. Письменные документы из г.Туркестана.В.кн. Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории). –Алма-Ата, 1981.-245с.

6. Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, эпсана, хикаялар. –Алматы: «Эффект», 2009. -152 бет.

7. М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. –Ташкент, 1930. – 25 с.;Массон М.Е. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Сәрсен Бек Сахабтың ықшамдалған тәржімесі. – Шымкент: «Жібек Жолы»,2000. -64 бет.

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРҒА АХМЕТ ЯСАУИ ІЛІМІНДЕГІ ДІНИ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫ ЫҚПАЛЫ

Гульзира Абиласановна Шадинова,

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, филос.ғ.к.,  
доцент м.а., Қазақстан Түркістан қ.  
e-mail: gulzira.shadinova@ayu.edu.kz*

**Андатпа.** Бұл мақалада қазіргі Қазақстандағы жастарға Ахмет Ясауи іліміндегі діни сауаттылықтың маңызды ықпалы туралы мәселелер қарастырылады. Қазіргі Қазақстанда діни сауаттылық жастардың санасын қалыптастыруда және оларды еліміздің рухани мұрасымен таныстыруда шешуші рөл атқарады. Бұл зерттеу көрнекті сопылық ғұлама Ахмет Ясауи мұрасын қазақ жастарына оқытудың діни және мәдени болмысты тереңірек түсінуіне қалай ықпал ететінін қарастырады. Қазақстан жастар арасындағы діни сауаттылық деңгейін және оның Ясауи ілімдеріне сезімтал болғанымен бағаланады. Мақалада діни сауаттылықтың мәдени сабақтастығын, әлеуметтік тұрғыдан және Қазақстандағы жастар арасындағы ортақ құндылықтарды ілгерілетудегі маңыздылығын көрсете отырып, Ахмет Ясауи қағидаларын оқытуды жетілдіру, рухани-мәдени мұраның болашақ ұрпаққа үндестігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстармен тұжырымдалады.

**Кілт сөздер:** жастар, Қазақстан, Ахмет Ясауи, құндылық, даму, қоғам.

**Annotation.** This article deals with the important influence of religious literacy in the teachings of Ahmet Yasawi on the youth of modern Kazakhstan. In modern Kazakhstan, religious literacy plays a crucial role in shaping the minds of young people and introducing them to the spiritual heritage of the country. This study examines how teaching the legacy of the prominent Sufi scholar Ahmet Yasawi to Kazakh youth contributes to a deeper understanding of religious and cultural identity. Kazakhstan is valued for the level of religious literacy among young people and their sensitivity to Yasawi teachings. The article summarizes the cultural continuity of religious literacy, its importance in promoting common values among young people in Kazakhstan from a social point of view, and offers suggestions for improving the teaching of Ahmet Yasawi's principles, ensuring harmony of the spiritual and cultural heritage for future generations.

**Key words:** Youth, Kazakhstan, Ahmet Yasawi, value, development, society.

Бүгінгі күні рухани құндылықтардың қалыптасуында теориялық, сонымен бірге практикалық жағынан жан-жақты зерттеле бастағандығын көруімізге болады. Адамды адам еткен басты қасиет - рухани даму. Яғни, адам бойындағы агрессия - ол рухани мешеуліктің көрінісі. Нәпсі құмарлық, мансапқорлық, пайдакүнөмдік тағы басқа адамның шынайы табиғатына жат келетін қасиеттер қазіргі кезде адамның болмысын билеп алған. Міне, осылардан арылуға тырысқан адам - рухани дамудың алғашқы қадамдарын жасауға талаптанған жан.

Бүгінгі таңда рухани құндылықтардың мәнін, маңызы мен ұлттық ерекшеліктерін анықтау басты мәселе. Сондықтан Қазақстан үшін рухани құндылықтар туралы ілім дәстүрлі дүниетаным. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында «Біздің суверенді және тәуелсіз Отанымызда өзіндік құндылықтарымыз бар және оларды сақтай қорғай білуіміз керек. Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық [1, 24 б.].

Ал енді қоғамдағы әлеуметтік құндылықтар, жеке адамдардың бостандықтары мен құқықтары мәселесіне келсек, біздің еліміздің азаматтарының бәрі этникалық тегіне, дініне, т.б. қарамастан, бәрі де тең құқылы, бәріне де тең мүмкіндіктер берілген.



Мұның өзі қазақстандықтарды іштей топтастыруға, ортақ Отанымыздың болашағы мен бүгінгі мүддесі жолында бірігуімізге, сөйтіп, бірте-бірте ұлттық идеяны ту етіп бірегей халыққа айналуымызға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы – қазақ ұлтының төрткүл дүниедегі жалғыз Отаны, бірден-бір қара шаңырағы екені әлемге аян. Қазақ диаспорасының арқа сүйер сүйеніші де, өсіп-өнетін атамекені де – тек тәуелсіз Қазақстан, байырғы қазақ жері. Сондықтан қазақ ұлты дамуының этникалық-мәдени және құндылықтық кеңістігі де Қазақстан Республикасы.

Әлем қазіргі кезеңде түбірінен өзгеруде. ХХІ ғасыр түркі тектес егеменді елдер үшін керемет тарихи заман болмақ, білім мен ғылымды дамыту, интеллектуалдық ұлтты, адами капиталды қалыптастыру халқымыз үшін тамаша өркениет пен демократия жолы, қазақстандық экономиканың өсуі мен дамуына сенеміз. Іштегі және сырттағы қазақтар рухани-құндылықтық және этникалық жағынан біртұтас ұлт болып ұйып, келешекте өркениетті Қазақ елі жаңа белестерге көтерілетініне ешқандай күмән жоқ. Ол үшін бізге тұрақтылық, бейбітшілік, төзімділік, қарқынды еңбек, жүйелі құқықтық тәртіп пен әлеуметтік-экономикалық реформа қажет.

Жаңа жас буынның дүниетанымын қалыптастыру мен тәрбиелеуде ұлттық дәстүріміздегі адамгершілік пен ар-ұят ұстанымдарын бүгінгі заман талаптарына сай тиімді түрде қолдана алсақ, бұл ұлтжанды және иман жүзді ұрпақ қалыптастырудың негізі болады. Жаңа қоғам қалыптастырудың жалпы әлеуметтік мәдени механизмінің мәнді бөлігі ретінде дәстүршілдік көрінеді. Этномәдени дәстүрді қайта жаңғырту, мәдени мұраны сақтау, ұлттық өзіндік ерекшелік және жалпыадамзаттық құндылықтардың арақатынасы бағдарламалары түбегейлі маңызға ие. Мәдени шындықтың өзі адамның өзіндік бірегейлігін айқындайды. Қазіргі заманауи өркениет жағдайында этникалық мәдениет ұлттық мәдениеттің ерекшелігін айқындайтын қабат болып табылады.

Жастардың рухани әлемінің жағдайы жастар үшін ғана емес, бүкіл қоғам өмірі үшін де маңызды орын алады, өйткені жастар біздің болашағымыз. Жастардың рухани мәдениетін құраушылардың бірі құндылықтық бағдарлар болып табылады яғни, белгілі-бір мәндерді өмірді ұйымдастырушы бастамалар ретінде қабылдау және өзін соған сәйкес ұстау. Қазіргі кезде өркениет жаһандық дамудың әр түрлі кезеңдерін басынан өткізуде. Еліміздің тәуелсіздік болып қалыптасуының өзі де күрделі тарихи кезеңдерден өтті, қазір де әлеуметтік, саяси, мәдени тұрғыдан қиындықтар аз емес. Ең бастысы жастар мәселесі, олардың үлкен тұлға ретінде қалыптасуындағы рухани құндылықтар, ұлттық мәдениеттің әсері туралы сұрақтар ең басты мәселе болып табылады [2, С. 72].

Бүгінгі өскелең ұрпақ еліміздің болашағымен тығыз байланысты, ертеңгі елге жол сілтейтін, ел тізгінін ұстар шырақшы болып қызмет етуде. Бұл өткелдің басы-қасында жетістікке жетуге, аға ұрпақ мұрасын жалғастыруға дайын жастар тұрғаны сөзсіз. Еліміздің дамуы мен өркендеуінің бүгінгі жолы жастардың әл-ауқаты мен мүмкіндіктеріне тікелей байланысты. Маңызды алғышарттарға мықты білім, бәсекеге қабілетті дағдылар және салауатты өмір салтын ұстану жатады.

Біз қатал бәсекелестікке толы қазіргі қоғамда жиырма бірінші ғасыр жастары үшін жалынды қайрат пен физикалық күштің болуы өте маңызды. Олар өмірдегі күнделікті өзгерістерге, оқиғаларға және жаңалықтарға төзімді болуы керек. Ең бастысы, олар батыстық өмір салтына бей-берекет еліктеуден аулақ болып, оның орнына Елбасы Н.Назарбаевтың «жақсыдан сабақ алып, жаманнан жирену керек» деп ұлықтап айтқанындай. Елбасының жастарға ұлт болашағының тірегі екендігіне ерекше мән беруі олардың иығына жүктелген зор жауапкершілікті аңғартады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Еліміздің ертеңі – жастардың қолында» деген өткір сөзінде айтылғандай, бүгінгі болашақтың іргетасы деп танитын ұрпақтың жетелеуімен

ел ілгері басып келеді. Басты мақсат – зерделілікке, тапқырлыққа, талғампаздыққа, ой тереңдігіне, төзімділік пен табандылыққа тән жас ұрпақты тәрбиелеу [3]».

Қазіргі жастар жай ғана енжар азаматтар емес, олар ұлтымыздың болашағын белсенді түрде ойлайды және ел тізгінін ұстайды. Елбасы өзінің әсерлі сөзінде айтылған көзқарасқа берік болып, жастарға қолайлы жағдайлар мен мол мүмкіндіктер жасау жолында үздіксіз жұмыс істеп келеді. Жастардың жігері мен белсенділігі елдің даму қарқынының серпінді көрсеткіші болып табылады. Қай қоғамда болмасын, оның жастарының белсенділігі ұлттың өркениет көшімен алға басып келе жатқанын немесе артта қалғанын көрсетеді.

Жастық шақтың алғашқы кезеңдері өзіне сену сезімімен, тауларды жылжыта алатын оптимизммен және әртүрлі салаларда, соның ішінде спортта, саясатта және бизнесте көшбасшылық рөлдерді алуға дайын болуымен сипатталады. Елбасының әрбір жолдауында жастардың білімін арттыру, салауатты ұрпақ тәрбиелеу, егемен еліміздің іргесін нығайта түсудің маңыздылығы айтылады [3].

Жарқын болашаққа бағдарланған Қазақстанның сенімді де өршіл азаматтары – ұлтымыздың ірге тасы саналатын білімді де білікті жастар деп айту өте орынды. Демек, ұлт өз жастарын қолдау мен тәрбиелеуді, олардың ел тағдырын құрудағы шешуші рөлін ұғынуды үнемі басты орынға қояды.

Ислам құндылықтары мен ұстанымдары мұсылман қоғамдастықтарындағы жастардың дүниетанымы мен мінез-құлқын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Моральдық даму және исламдық құндылықтар: жастар мәселесін шешудің негізі әсіресе мұсылман халқы бар қоғамдар жағдайында өзекті және маңызды. Жастардың ислам құндылықтарына негізделген адамгершілік дамуы мықты адамгершілік қағидалары бар тұлғаны қалыптастыруға көмектеседі, бұл өз кезегінде жастардың кезігуі мүмкін әртүрлі мәселелерді шешуге көмектеседі.

Бүгінгі күндегі қоғамдағы қарама-қайшы мәселелер кешені, үрдістердің бірыңғайсыздығы жастар ортасы мен қоғамда бәсекелі қақтығысқа әкелуі мүмкін. Алайда қазіргі заманғы жастар өзінің болашағын өзі жасаушы, өзінің күнделікті алып жүрген білімін, ерік-жігері мен шығармашылық белсенділігін тиімді пайдалана алатын, өмір ағысына икемделе білген, өз болашағына сеніммен қарайтын жеке тұлға. Оның алдындағы ең басты мақсат-қоғамда жаңадан қалыптасып келе жатқан қадір-қасиеттер мен әдеп-жоралғыларды өз бойына сіңдіре отырып, жаңа қоғамдық жүйеге бейімделіп, ене білу.

Елбасымыздың «Қазақстан-2030» атты еңбегінде ертеңгі күні ел тұтқасын ұстар азаматтардың бүгінгі өнегелі тәрбиесі, олардың бойына дүниеге деген жаңа көзқарастық бағдар-жекешіл, дербес дүниетанымдық бағдарды, қазақстандық Отанын сүйгіштік сезімді, нарықтық экономикалық қатынастар жағдайында жемісті еңбектенуге қажетті білімді, біліктілікті, дағды-шеберлікті сіңіру, қатаң бәсекелестік пен бұралаң бұрылысы көп жаңа бетбұрыстық жолда асқақ адамшылдық пен адамгершілік қадір-қасиеттерді, жұғымды мінез-құлық нормалары мен жоғары имандылық құндылықтарды, саяси кемелділік пен әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру - уақыт талабы [4, 85 б.].

Жастардың саяси санасы бос кеңістікте қалыптаспайды. Оған этникалық, діни, мәдени факторлар тікелей әсер етеді. Әсіресе, діни қайта жаңғырту түбегейлі саяси-әлеуметтік факторға айналып отыр. Мемлекеттік саясаттың басты мақсаты-жастардың шығармашылық, жаңашылдық қуатын қоғамды алға бастайтын басты күшке айналдыру.

Қоғам өмірінде дін рөлінің артуы, діни ұйымдар белсенділігінің күшеюі мен қанат жаюы жағдайында жастардың дінге деген қызығушылығы артып келеді. Олар үшін әлемдік дәстүрлі діндердің рухани-адамгершіліктік мұрасы, оның мазмұны мен мәні үлкен мәнге ие. Бұған адамзаттың өркениетті дамуы мен рухани жаңғыруына қатысты

күйіп тұрған мәселелерге анық та, нақты жауаптардың болуы керектігін талап ететін, әлемдегі қалыптасқан тәртіп те ықпал етуде.

Жастар – қоғамның ертеңі. Олар, бір мезгілде, бүгінгі шынайылықтағы белсенді қоғамдық күш. Сондықтан жастардың бойында тартымды мәдени, саяси және діни дүниетанымдық позицияны қалыптастыру – мемлекеттің және қоғамның басты міндеттері қатарын құрайды.

Сенім жеке адамның қоғамдағы және күнделікті өмірдегі жүріс-тұрысын белгілі бір стандартқа сәйкестендіретін, адамгершілігін, ізгілігі мен мінезін бейнелейтін ішкі рухани компас қызметін атқарады. Дәстүрлі қазақ қоғамында туу, өсу, жастық шақ, өмір сүру, қартаю, отбасылық қарым-қатынастар, сыйластық, әдептілік, ізеттілік сияқты құндылықтар сияқты өмірдің сан алуан аспектілерін қамтитын жеке адамгершілігіне үлкен мән беріледі. Бұл элементтер қоғамда моральдық принциптер мен айтылмаған кодтардың дамуының негізін құрайды [5].

Дін мамандары қазақ халқы ұстанған Ханафи мазхабы мен Матруди ақидасының, яғни, еліміз үшін дәстүрлі исламның «қолданбалы қағидасының» үлгісін Қожа Ахмет Ясауи мұрасы арқылы көрсетулері керек.

Ясауи іліміндегі адамгершілік, халыққа адал қызмет ету, төзімділік, қарапайымдылық, сабырлылық идеялары – ұлттық дүниетанымымыздан терең орын алған ұстанымдар. Ясауи нәпсіні тізгіндеу, адалдық, тазалық арқылы адамның алдымен исламды, Хақты, өзін тануын талап етеді. Ясауи хикметтерінде айтылатын: «Сүннет екен, кәпір де болса берме азар» деген қағида нағыз дінаралық төзімділіктің кемел қағидасы болса, «Адамды ақиқатқа жетелейтін бірден-бір жол – білім жолы» деген пікірі білім-ілім жинауға үндеу болып табылады [6, 122 б.]. Қазіргі таңда жастарға дін аясында берілуі тиіс діни құндылықтар Ясауи мұрасында жатыр, біз өзімізге лайық дүниені осы жерден жинақтауымыз керек.

Өз дәуірінде Ясауидің кең насихатының арқасында түркі танымында кездесетін Шаман, Зорафра, Манихей, Будда, Христиан діндеріне негізделген күрделі, кейде бір-біріне қайшы келетін ұғымдар ысырылып, Алла және пайғамбарлар, қасиетті кәлам Құран жайлы қалыпты ұстыны бар жүйелі ілім Ислам келді.

Ахмет Ясауи адам бойында кездесетін даңққұмарлық, мақтансүйгіштік, күншілдік, екіжүзділік, сатқындық, надандық, кекшілдік, алдау сияқты жаман әдеттердің болатынына қынжылыс білдіреді. Ұят, ынсап, әділдік, кішіпейілдік, қарапайымдылық, адалдық, тақуалық секілді ізгі қасиеттердің төмендеп кеткеніне күйінеді. Саналы болуға, терең ойлануға, өмірдің ақиқатын түсінуге шақырады. Сол үшін әдептілік пен тектілікті дәріптеуді, туған ел мен жерге деген сүйіспеншілікті өз шығармашылығының мұраты етеді.

Ясауи мұраларының мәні ешқашан жойылмақ емес. Ол бүгінгі өмір үшін де аса маңызды. Өсіресе, жастарды имандылық пен ізгілікке, отансүйгіштікке, адалдық пен тазалыққа, төзімділікке шақыруда оның берері мол. Қазіргі уақытта қоғамның әрбір мүшесінің елге жанашыр азамат болып қалыптасуы, адами құндылықтарды құрметтеуі, өзге дін өкілдеріне төзімділікпен қарауы қаншалықты маңызды болса, біз сол идеялардың кешегі Ясауи бабаларымыздың мұраларынан бастау алатынына қазір анық көз жеткізіп отырмыз. Сол үшін исламның тарихын, жүріп өткен жолын, ата-бабаларымыздың ислам мәдениеті мен өркениетіне қосқан үлесін тану – парыз. Осы орайда, елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқан «Біз тегіміз – түрік, дініміз – Ислам екенін ұмытпауымыз керек» деген ұстанымды жетекшілікке ала отырып, қанымызға сіңісті Ислам дінін, соның ішінде ханафи-матуриди мәзһабын, тариқатта бүкіл түркі жұртының мұсылман дінін қабылдауында үлкен рөл ойнаған Ясауи жолын, оның діни-ағартушылық көзқарастарын концептуалды түрде дамыту қажет. Сонда ғана биік дамуға бет алған әлемдік өркениетке өз үлесімізді қоса алмақпыз [7, 135 б.].

Діни сауаттылық дегеніміз барлық әлемдік, дәстүрлі, жаңа пайда болған діни ағымдардың тарихын, ілімін білу. Ал әр діннің тарихын танып-білу мен оны жалған

діндерден ажырата алу дағдысы қалыптасқан жас буын бойында діни толеранттылық сезімі мен радикалды идеяларға қарсы «ақпараттық иммунитет» қалыптасады.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінде «жан тыныштығы» «шындыққа жету» адамгершілік қасиет пен сипатқа ұласудың методологиялық қолданылу аясы тариқатта, яғни сулук (практикалық жол) этикасынан; Аллаға қауышудың жолы қоғамға, адамға қызмет етуден, тікелей моральдан өтеді. Нәтижеде рух, рухани тазалыққа, өзін-өзі меңгеруге қолы жетіп, «кемел адам» типі қалыптасады [8, 97 б.]».

«Инсан камил» дәрежесіне жетілудегі Ахмет Ясауидің рухани-танымдық жолы, ұлы ғұламаның ақиқат жолын бағыт-бағдары етіп алып, бар ғұмырын адамзат бойындағы асыл қасиеттерді ақиқатпен ұштастыра отырды. Оның «кім Алланы жан-тәнімен сүйсе, ол соғұрлым оған жақындай түседі және Аллаға жақындау бойындағы күнәларыңды тазартады» - деген көзқарасы – түркі халықтарының танымының бөлінбес бір бөлшегіне айналды.

Жастарды қорғау мәселесіне тоқталар болсақ, жастарды жат пиғылды радикалды топтардың ықпалынан сақтауымыз керек. Өздерін Ханафи мазхабын ұстанып, сүннет жолындамыз деп таныстыратын топтар жастарды мешіттерде, ғаламтор сайттары арқылы да торуылдауда. Діни сауаты төмен жастар санасына түрлі әдістер арқылы сына қағып, арбауда. Мұндай өкінішті оқиғалардың алдын-алу діни сауаттылық деңгейін көтеру арқылы ғана мүмкін болуда. Қазіргі таңда Агенттік бастамасымен ғаламтордағы қаптаған радикалды сайттарға мониторинг, дінтанулық сараптама жасау арқылы заң жүзінде жабу жұмыстары жүргізілуде.

Елбасы дәстүрлі дініміздің жағдайына тоқтала келе, бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұрғанын қадап айтты. «Жастарымыздың бір бөлігі өмірге жат, жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитет әлсіз» екендігін алға тартты. Сондай-ақ, «Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек» деп ескертті [7, 72 б.]

Осы тұста қоғам қайраткері, белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбековтің «Дін ұстай білсең – қасиетің, ұстай білмесең – қасіретің» деген мәні мен мазмұны терең сөзі еске түседі [9, 98 б.]. Расында қоғамдағы дінге қатысты мәселелердің дені психологиялық және танымдық себептерден туындап отыр. Дін қоғамда танымдық, ғылыми, идеялық және практикалық тұрғыдан өзіннің функционалдық тепе-теңдігін қамтамасыз ете алмаса, басқа қолайсыз жағдайларға себеп болып, әр түрлі топтардың, қанаушылықтың, өш пен дұшпандықтың объектісіне айналуадан ада бола алмайды. Қоғамдағы сауатсыздықтың салдарынан пайда болған «таза ислам», «дәстүрлі ислам» және «саяси ислам» ұғымдарының шығуы – осының айғағы.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек», - деп атап көрсетті. Сонымен қатар Ұлт көшбасшысы өз Жолдауында: «...біздің мемлекетіміздің зайырлы келбеті – Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты. Мұны Қазақстанның қазіргі және болашақ саясаткерлері, барлық қазақстандықтар айқын түсінуге тиіс [10, 72 б.]», - деп ерекше айтып өтті.

Белгілі дінтанушы Ә.Дербісәлінің айтуынша: «Саясат күніге өзгереді – ал дін мәңгілік» - деген сөздерді елдің көзқарасын түйіндеп, алға бағыт – бағдар беріп тұрғаны түсінікті [11, 7 б.] Ахмет Ясауи ілімінің қазақ дүниетанымына әсері айқын. Ол қазақ ұлтының тарихы мен философиясына, дәстүрлі мәдениеті мен діни танымына және өмір салтына тікелей әсер етті. Сопылық ілімдегі сабырлық, тәубешілдік

мақамдарының ізі әлі күнге дейін халық санасында. Жүрекпен илану сенімнің ең үлкені. Міне бұл қазақтың нанымында бар.

Қазіргі таңда ахлақ мәселесі және адам бойындағы рухани қасиеттерді жетілдіру мәселесі маңызды болып отыр. Рухани тәрбие бастауы жастарға имандылық пен шарифат заңдарындағы адамгершілік принциптерінде. Түрлі ағымдардың ықпалына түсуден жастарды бөліп алу қасиеті Ахмет Ясауи ілімінде жатыр. Сондай-ақ егемен Қазақстанның рухани тамырлары Түркістанда десек қателеспейміз. Бұл Ахмет Ясауи ілімімен тығыз байланысты.

Ясауи тариқаты сопыларының іс-шаралары тариқаттан тыс яғни, жергілікті халық арасында үгіт – насихат жүргізу барысында құрған сұхбаттары негізінде анықталды. Мұндай сұхбаттар сопылық ұғымдармен қатар, дәстүрлердің адам жаны үшін тиімді екенін танытқан. Міне осылайша, ислам аясында өрісін кеңге жайған сопылық дәстүрлер әрбір адамзаттың танымына әсер ету арқылы түркі халықтарының рухани мәдениетінің сопылық сипатта дамуына жол ашып берді. Ахмет Ясауи ілімінің Қазақстан аймағында ХХІ ғасырға дейін кең таралуы Ясауи тариқатының дәстүрін жалғастырған муридтерге тікелей тиесілі. Оның сопылық дәстүрінің ізін өз дәуірінен кейінгі кезеңдерде өмір сүрген ойшылдар өмір тәжірибесі мен шығармашылығынан көре аламыз.

Сонымен, кез келген дін, соның ішінде ислам да адамның білім алуына шектеу қоймайды. Қазіргі заманда сауаты бар адам ешқашан көш соңында қалып қоймайды. Сондықтан жастар Алла Тағала берген жастық шақ пен алтын уақытты дұрыс бағалап, білім алуға, кәсіптің белгілі бір саласын игеруге барынша күш жұмсауы қажет. Жастар заманауи техникалық байланыс құралдарының барлық түрін игеріп шығуы тиіс. Өйткені рухани құндылықтар жүйесінің өрбуіне, оның қоғамда өзінің игілікті қызметін атқаруына адамның рухани дамуы негіз болады. Адам рухани тұрғыда жетілген сайын оның рухани құндылықтарға деген сұраныстары ұлғайып, олар бірте-бірте өмірінің мәнді өзегіне айналды. Сондықтан адамның рухани дамуының кейбір, астарларына талдаулар жасау арқылы ақиқаттың сан қырлы құрылымын ашып көрсетуге болады.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. Айқын №18 (1929) 28 қаңтар 2012.
2. Туркпенова С.Ж. Социальная адаптация как способ профессионального самоутверждение молодежи. Глобализация и вопросы социокультурной адаптации. Материалы II Конгресса социологов Казахстана. – Астана, 2005. – 375 с.
3. Жастар саясаты – ел ертеңін айқындайтын басты бағыт//[Электрондық ресурс]. URL <http://saran-sgtk.ucoz.org/news/>
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1998. – 96 б.
5. Ислам құндылықтарының қазақ жастарының өміріндегі маңызы// [Электрондық ресурс]. URL <https://massaget.kz/blogs/28232/>
6. Ясауи Қ.А. Диуани хикмет. Даналық кітабы. – Шымкент: Ғасыр-Ш, 2001. – 260 бет.
7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Қарағанды, 2006. – 372 бет.
8. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Иасауи //Иасауи жолы №3 (2). – Түркістан: Ұлттық рух, 2005. 86- 96 бб.
9. Жолдасбеков М. Ел тағдыры – ер тағдыры. – Алматы, 1997. – 324 бет.
10. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050» Стратегия: бір халық – бір ел – бір тағдыр» атты халыққа Жолдау – Егеменді Қазақстан, 17.01.2014.
11. Дербісәлі Ә. «Ислам және заман» //№32. – Алматы, 2009. 7-8 бб.

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ СОПЫЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫ

**Жахангир Ешбайевич Нурматов,**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
PhD., доцент м.а*

*Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды (Грант № AP19680093)*

**Андатпа.** Бұл мақалада түркі ислам өркениеті мен философиясының тарихындағы Қожа Ахмет Ясауидің тұлғасы мен философиялық тұжырымдары туралы сөз қозғалады. Мақалада Ясауи философиясының негіздері, оның сопылық ахлақ философиясы, тұлғасы, оның әлем туралы көзқарастары секілді мәселелер қамтылған. Адамның рухани сапарындағы (сәйр сулук) жағдайлары, сопылықтағы шарифат, тариқат, мағрифат, ақиқат жолдарының ерекшеліктері, сопылық жолында кәміл муршидтің маңыздылығы, сопылықта нәпсі тәрбиесі сияқты мәселелерге талдау жасалады. Қожа Ахмет Ясауидің ғылыми мұрасы мен моралдық-этикалық көзқарастарының қазіргі күніміздегі маңыздылығы көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** Қожа Ахмет Ясауи, Диуани хикмет, сопылық, философия, нәпсі тәрбиесі

**Annotation.** This article talks about the personality and philosophical conclusions of Khoja Ahmed Yasawi in the history of Turkic Islamic civilization and philosophy. The article covers such issues as the foundations of Yasawi's philosophy, his Sufi philosophy of Akhlaq, personality, his views on the world. Issues such as the circumstances of a person's spiritual journey (sayr suluk), features of Sharia in Sufism, tariqa, magrifah, the path of truth, the significance of Kamil Murshid in the Sufi path, and the education of lust in Sufism are analyzed. The importance of the scientific heritage and moral and ethical guidelines of Khoja Ahmed Yasawi in our time is emphasized.

**Key words:** Khoja Ahmet Yasawi, Diwani Hikmet, Sufism, philosophy, self-education

### **Кіріспе.**

«Пири Түркістан», «Әзірет Сұлтан» және «Сұлтанул Әулия» сияқты лақаб аттармен танымал Қожа Ахмет Ясауи түрік халықтарының діни, мәдени және рухани өмірінде маңызды орынға ие. Ол өзінің насихаттарында қарапайым халық түсінетін жеңіл әдісті қолдана отырып, хикметтер арқылы исламдағы терең мәселелерді баяндап берді. Қожа Ахмет Ясауидің осы хикметтері кейінірек «Диуани Хикмет» деп аталатын еңбекте жинақталып, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалды. «Диуани Хикметте» орын алған даналы сөздер исламның захири әрі батыни қырларын бірге қарастырып, практикалық және моралдық үкімдерді тыңдаушыларға жеткізуді мақсат етті.

Қожа Ахмет Ясауи тірі кезінде Ясауилік деп аталатын қалыптасқан тариқат туралы айту мүмкін емес. Қожа Ахмет Ясауидің сопылық көзқарастарын өзінен кейін өмір сүрген шәкірттері ары қарай жалғастырады, осылайша Ясауилік тариқаты қалыптасады.

Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауидің сопылық туралы көзқарастары мен тұжырымдары туралы сөз қозғалып, оның сопылық тарихындағы алатын орны көрсетіледі. Адамның рухани сапарындағы (сәйр сулук) жағдайлары, сопылықтағы шарифат, тариқат, мағрифат, ақиқат жолдарының ерекшеліктері, сопылық жолында кәміл муршидтің маңыздылығы, сопылықта нәпсі тәрбиесі сияқты мәселелерге талдау жасалады. Қожа Ахмет Ясауидің ғылыми мұрасы мен моралдық-этикалық көзқарастарының қазіргі күніміздегі маңыздылығы көрсетіледі.

### **Қожа Ахмет Ясауиде Аллаға ғашықтық пен адамды сүю қағидаты.**

Орталық Азия мұсылмандарының әлеуметтік-рухани өмірінде Қожа Ахмет Ясауидің орны ерекше. Қожа Ахмет Ясауидің толеранттылық ұстанымдарының қайнар көзі сүйіспеншілікке негізделеді. Ол халыққа исламды түсіндіру барысында төзімділікті негізге алып адамдарға жақсы қарым-қатынас жасауға үгіттеген. Қожа Ахмет Ясауидің «Пақырнама» еңбегінде бұл жолды ұстанатын кісі шарифат, тариқат, мағрифат және ақиқат жолдарынан жүретінін көрсетеді. Бұл жолдардың әрбір мақамында адамға болған сүйіспеншілік және көркем мінез сияқты қасиеттерге ерекше көңіл бөлінген [1].

Адамдармен жылы қарым- қатынаста болу, адамдарға қызмет ету, ешкімді ренжітпеу, кедейлерді сую және оларға көмектесу, толерантты және кішіпейіл болу сияқты қасиеттерге ерекше назар аударған. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінде де адамға болған сүйіспеншілік мәселесі осы принциптер мен мақамдар аясында қарастырылған. Қожа Ахмет Ясауидің ойынша адам, Алланың жаратқан пендесі болғандықтан адам жақсы көрілуге лайықты. Тіпті осы сүйіспеншілік арқылы Аллаға жету және оның разылығын алуға да болады. Өйткені жасалған әрбір жақсылық және қайырлы жұмыстар Алланың ризасына қол жеткізуге апатарын себеп болып табылады. Қожа Ахмет Ясауи адамдарға көмектесу бұл - Алланың бұйрығы екенін айтады. Оның ойынша адамға болған махабат бұл Алланың адамдардан талап еткен нәрсесі. Алланың сүйіспеншілігі мен ризасы, адамдарға жасалатын жәрдем мен көмектесуде жасырынған.

Қожа Ахмет Ясауи бойынша адамдарды топтарға немесе белгілі бір категорияларға бөлу түсінігі жоқ. Ол адамдардың ұлтына, нәсіліне, дініне немесе жынысына қарамастан барлық адамға құшағын ашады. Ешкімді ренжітіп жүрегін жаралап алмауға шақырады. Адамдардың көңілін ренжітетін және Аллаға ұнамайтын әрбір істің соңы тозақ (Сижжин) азабына себеп болатынын тілге тиек етеді. Бұл түсінікті Ахмет Ясауидің мына хикметінен көруімізге болады:

*Сүннет екен кәпір де болса берме азар,  
Көңілі қатты ділазардан Құдай бизар.  
Алла күә, бұндай құлға Сижжин әзір  
Ғалымдардан есітіп бұл сөзді айттым міне.*

### **Сәйри сулук (рухани сапар) мәселесі.**

Қожа Ахмет Ясауидің Диуани хикметінде адам баласы төрт негізгі жолдан өту арқылы ақиқатқа қол жеткізетіндігін алға тартады. Бұл төрт жол шарифат, тариқат, мағрифат және ақиқат жолдары болып табылады. Сопылық жағдай мен мақамдарды «төрт жол мен қырық мақам» үлгісінде топтастыру Қожа Ахмет Ясауидің еңбектерінде алғаш рет кездеседі.

*«Шарифаттың бақшасында саяхат жасадым,  
Тариқаттың гүлзарында кездім,  
Ақиқаттан қанат жасап көкке ұштым,  
Мағрифаттың есігін аштым достар»*

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде шарифат, тариқат, ақиқат және мағрифат жолдарын былайша баяндайды:

*«Ариф сол, Хақ әмірін орындаса,  
Алладан басқа нәрседен нәпсін алыс ұстап, берік болса,  
Шарифат барлығы бес әріп, дұрыс орындаса  
Одан кейін тариқатқа кіру керек»*

*Тариқат барлығы бес әріп, егер білсең,  
Нақты біліп, шарттарын орындасаң,  
Бес көшені кезіп, жел сияқты өтсең,*

*Одан кейін ақиқатқа кіру керек»*

*Ол да бес әріп, жақсы білсе Хаққа жетеді,  
Мен және менікі есімдігінен күдігі жойылады,  
Білсе орындаса, ғибадатта ешқандай қауіп жоқ,  
Мағрифаттың майданына кіру керек.*

*«Бұл жолдарды өтпей муршид болса,  
Пасық, надан мурид болып, қолын берсе  
Бұндай істер ертең ол жерде қабылданбаса,  
Махшар орны халқының барлығы күлсе керек» [2].*

Осы жоғарыда айтылған мақамдар «Диуани хикметте» иерархиялық түрде баяндалып, рухани сапарға аяқ басқан кезде ең әуелі шарифат есігінен өту қажет екеніне аса назар аударылады. Шарифат дегеніміз сенім, ғибадат және қарым-қатынас сияқты діннің негіздері мен Мухаммед пайғамбардың сүннетін өз ішіне қамтиды. Осы мақамнан кейін адам баласы тариқат жолына аяқ басуына болады. «*Рисале дер Адабы тариқат*» атты еңбекте тариқаттың мағрифат, жомарттық, шыншылдық, яқин, тәуекел және тәфәккур деген алты шарттары алға тартылады. Бұл жолды таңдаған адам осы айтылған шарттарды толық орындауы қажет. Тариқат әдебін орындаған сәйри сулук жолындағы адам, бұл мақамнан кейін мағрифат жолына, одан кейін ең жоғары мәртебе ақиқатқа қол жеткізеді [3].

Қожа Ахмет Ясауи бойынша шарифат жолы иман және ғибадат негіздерімен байланысты принциптерді қамтиды. Тариқат жолында тәубе ұғымымен байланысты шайхқа қол беру принципі басталады. Бұдан кейінгі кезекте *хауф* және *рәжа* сияқты сәйри сулукке байланысты жағдайлар мен шайхқа қызмет көрсету аясында кейбір қағидағтар орын алады [1]. Мағрифат жолы болатын болса, адамның жан тәнімен осы жолға толық байланып, дүниені тәрік етуі, сондай-ақ алдынан шығатын кезекелген қиындықтарға шыдамдылық көрсету болып табылады. Ақиқат жолына шыққан адам сәйри сулуктің соңында қол жеткізген мақамдардағы моралдық құндылықтарды өзінде көрсете алуы қажет болады.

Қожа Ахмет Ясауи бойынша адам рухани сапарға шығуда (сәйри сулук) ең бірінші шарифат ілімін толық меңгерген болуы керек. «Алдымен шарифат, кейін тариқат» сөзі Қожа Ахмет Ясауидің негізгі ұстанымы. Оның ойынша шарифатсыз сопылық (тариқат) дұрыс болмайды. Бұл мәселені төмендегі хикметтерінде көрсеткен:

*«Кімде кім тариқат дағуасын алға тартса,  
Алғашқы қадамы шарифат болуы керек,  
Шарифат амалдарын толықтырып,  
Одан кейін бұл дағуаны қылу керек*

*Шарифатыз сөз етпейді тариқатта,  
Тариқатсыз сөз етпейді ақиқатта,  
Міне бұл жолдардың орны білінеді шарифатта,  
Барлығын шарифаттан сұрау керек» [2]*

### **Сопылықта муршидтің маңыздылығы.**

Барлық ілімде ұстаз, жол көрсетуші болғаны сияқты сопылықта да бұл мәселеге өте қатты назар аударылады. Өйткені сопылықты адамгершілік ретінде алдымен осы имандылықты өмір сүретін адамға еліктеу арқылы үйренуге болады деген пікір айтылады. «Шайхы жоқтың шайхы шайтан» сөзі сопылықта муршидтің қажетті екенін білдіретін түсінік.

*«Одан кейін бір ер керек мақсат қойған,  
Мүмкін болса ол бір ерден уәкілетті,*



*Шаригатқа дұрыс, сәйкес керемет иесі,  
Сондай ердің етегіне жабысу керек».*

Қожа Ахмет Ясауи сәйри сулук сапарына шыққан адам өз мақсатына жету үшін муршидінің қызметінде болуы қажет екенін алға тартады. Оның ойынша тариқат жолы адамның жалғыз өзі жүретін жол емес. Ешқандай жол көрсетушіге қажеттілік жоқ деп ойлаған адам, тариқаттың қауіп-қатерлеріне өзін тастаған болып есептеледі.

*«Муридтің қызметін жасауға әдеттен,  
Өздігімен осы жолға кірдім деп айтпа,  
Егер білсең, тариқаттың қауіптері бар,  
Муридсіз бұл жолға кірмегін достар»*

Сопылықта сәйри сулук жасайтын кезде оған жетекші болатын муршидтің жан-жақты жетілген, толыққанды (кемел) адам болуы керек. Толық жетілмеген немесе рұқсат алмаған кісілердің жетекшілігінде рухани білімді алуды қалау қауіпті болып есептеледі. Өйткені әрбір ілімнің өзіне тән әдісі мен қағидаттары болғаны сияқты сопылықта да осындай қағидаттар бар. Міне Қожа Ахмет Ясауи де осындай қауіпті жағдайлардан және өтірік муршидтерден сақ болу керектігін ескертеді.

*Кімде кім білместен бұл жолдарды шайхым десе,  
Кереметтен әулиелікке хабар берсе  
Батыл болады Рухул әмин де болса,  
Өзін мұндай батыл жолдардан қорғау керек».*

Қожа Ахмет Ясауи өтірік шайхтарды төмендегідей сипаттайды:

*Ақырзаман шайхы бейнесін дұрыстайды  
Зухд, тақуа жасамай, ішкі әлемін бұзады  
Керемет дейді, бейқамдық ұйқысында көргендерін  
Риямен халыққа өзін сатады достар» [2].*

Қожа Ахмет Ясауи осындай өтірік шайхтардың болашақта да көп болатынына назар аударады. Бұл адамдардың басты ерекшеліктері шарифаттан хабарсыз болуы және сүннетке амал жасамауы. Олар тек айналадағыларды алдаумен шектелмей, олардың мал-мүліктерін көздеген адамдар деп айтады.

### **Қожа Ахмет Ясауиде нәпсі тәрбиесі.**

Жалпы сопылық ілімде ең маңызды тақырыптардың бірі нәпсі тәрбиесі мәселесі. Сопылық ұғымына анықтама бергенде сопылықты нәпсі тәрбиесі деген анықтамалар да кездеседі. Нәпсі сөзі сөздікте дене, жан, рұх, әуестік және т.б мағыналарды білдіреді [4]. Ал термин ретінде адамның жаман мінез-құлықтары және көріксіз сипаттары, болымсыз барлық сезімдердің мекені болған сезім ретінде сипатталады. Сопылықтың негізгі мақсаты адам баласы өзін жамандыққа бағыттаған нәпсісін тәрбие етуі дегенді білдіреді. Сол себептен нәпсі тәрбиесі сәйри сулуктің негізі болып табылады. Муридтердің кемелдену жолында ең әуелі нәпсінің жаман қалауларынан құтылуына байланысты [5]. Қожа Ахмет Ясауи де нәпсіні тәрбиелеу жолында үнемі күресу керек екенін, тіпті ұлы мақамдағы адамдарда да нәпсіге құл болу қауіпінің бар екенін алға тартады:

*«Әй достар, кәпір нәпсінде алтыс бас бар,  
Әр баста жүз мың шайтан әскері бар  
Ұлы тұлғалар нәпсі қолында топырақ болған  
Күнәмнан саған жылап келдім міне[2].*

Сәйри сулук жолына түскен адам рухани тәрбиеде көтерілуі үшін өзінің нәпсісін тануы қажет. Осылайша жаман сипаттар мен мінез-құлықтардың қайнар көзі ретінде белгілі нәпсімен күресу нәтижесінде рухани тұрғыдан дамуға қол жеткізе алады. Қожа Ахмет Ясауидің ойынша бір муридтің нәпсі тәрбиесіндегі негізгі жетекшісі бұл оның

шайхы болу керек [6]. Ол муршидтердің муриттерді жан-жақтан сынайтынына байланысты мына хикметте баяндалады:

*«Мурид болсаң муршидке берік бол әй талиб,  
Муридтерін муршидтер кезкелген мәселеде сынайды»*

### **Матуридилік дәстүр мен Ясауи құндылықтарының сабақтастығы.**

IX және X ғасырлардан бастап әсіресе Орта Азия халықтарының арасында ислам дінінің кең таралуында, имам Ағзам Әбу Ханифаның және имам Матуридидің түркі халықтардың ой-санасына, мәдениетіне, салт-дәстүріне үлкен әсері болды. Өйткені имам Матуриди өмір сүрген аймақтар мен халықтардың діни сенімдерінің негізі деп санауға болатын салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарға сәйкес ұсынылған исламдық ақида мен амалдар, түркі халықтарының исламды жаппай қабылдауына мүмкіндік бергені ақиқат. Сондықтан да қазақ халқының діни тәжірибесі мен діни түсінігінде матуридилік сенім жүйесінің алар орны ерекше. Осы діни тәжірибенің ең басты ерекшелігі антропоцентристік ұстаным, яғни адам ерік бостандығын алға шығарған, ой тұжырымдары мен көзқарастарын теологиялық мәтіндерге негіздей отырып рационалды әдісті қолданған исламдық сенімдік жүйесі болып табылады. Осыған сәйкес Имам Матуриди Орта Азия және қазақ даласынан шыққан Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағуни, Ахмет Иүгінеки, Махмут Қашқари, Абай, Шәкәрім, Ғұмар Қараш, Мәшһүр Жүсіп сынды ғұламалардың сенімдік көзқарастарының қалыптасуына ықпал етті. Сондықтан да матуридиліктің Орта Азияда тамыр жаюына Қожа Ахмет Ясауидің орны ерекше екенін айтуымыз керек. Қожа Ахмет Ясауидің сопылық философиясында қоғамдағы толеранттылық пен ақыл ой еркіндігі сияқты құндылықтарға аса мән беріледі. Ясауи ілімінде иман мен амал тұтастығының, діни фанатизм мен құдайлық детерминизмнің дұрыс емес екенін насихаттайды. Өйткені бұндай түсініктер халықты ойсыздыққа итермелейді.

Қожа Ахмет Ясауидің сопылық көзқарастарының басты ерекшеліктерін төмендегідей түйіндеп көрсете аламыз:

*Түркі тілінде еңбек жазуы:* Қожа Ахмет Ясауи – сопылық ойлары мен ілімдерін түркі тілінде баяндаған тұңғыш атақты сопы. Бұл оның шығармаларының Орта Азиядағы түркі халықтары арасында кеңінен таралуына және ықпалды болуына мүмкіндік берді. Сол кезеңдегі ғалымдардың көпшілігі араб немесе парсы тілдерінде шығарма жазса, Қожа Ахмет Ясауи түрік тілінде жазуы оны ерекше етеді.

*Ясауи ілімі:* Қожа Ахмет Ясауи – Ясауилік деп аталатын сопылық жолдың негізін салушы. Бұл жолдың негізінде зухд (дүниелік байлық пен мал дүниеге берілмеу) және тақуалықта (Аллаға деген терең құрмет пен қорқу) жатыр. Сонымен бірге, Ясауи ілімі жеке тұлғаның ішкі жан дүниесін ашуға, өзіндік болмысын тануға бағытталған.

*Жалпы халыққа бағытталған ілім:* Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімі тек элитаға немесе арнайы топтарға емес, жалпы халыққа бағытталған ілім. Оның ілімінде күрделі философиялық концепциялардың орнына жалпы халық оңай түсінетін және қабылдай алатын қарапайым және түсінікті тіл қолданылады.

*Әлеуметтік жауапкершілік:* Қожа Ахмет Ясауи ілімінде әлеуметтік әділеттілік, кедейлерге көмек көрсету сияқты әлеуметтік міндеттер маңызды орын алады. Бұл оның ілімінде рухани ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік өлшемді де көруге мүмкіндік береді.

*Діни өлеңдер мен жырлар:* Қожа Ахмет Ясауи сопылық ойларын өлеңдер мен жырлар арқылы жеткізген. Бұл өлеңдер терең рухани мәселелерді қамтыған.

### **Қорытынды.**

Қорытындылай келе, түркі мұсылмандығының қалыптасуында Қожа Ахмет Ясауидің орны ерекше екенін айтуымыз керек. Өлең тілін қолдану арқылы, сондай-ақ исламдық құндылықтарды қарапайым халықтың түсіне алатын әдіспен түсіндіруі түркі

халықтарының Ясауиге болған сүйіспеншілігін арттырған. Қожа Ахмет Ясауидің сопылық көзқарастары Диуани хикмет еңбегінде көрініс тапқан. Көптеген хикметтерінде сопылық және тариқат әдебіне байланысты қағидаттарды көрсеткен. Оның хикметтерінде барлық насихаттар адамның камил адам (инсани камил) болуына бағытталған. Сондықтан да Қожа Ахмет Ясауи сопылық жолына түскен адам ең бірінші кезекте нәпсінің тәрбиесімен айналысуы қажет. Адам баласының нәпсін тәрбиелеу үдерісінде ғибадат, зікір, узлет (халует), сұхбат және қызмет сияқты діни тәжірибелердің маңызды екенін атап өтеді. Қожа Ахмет Ясауи бойынша бұлардың барлығы толыққанды адам болудағы риязат әдістері болып табылады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Vural, A. (2023). Ahmed Yesevî'de Seyr u Sülûke Dair Temel Meseleler. Külliye, 4(2), 306-330.
2. Hoca Ahmed Yesevî. (2017). Divân-ı Hikmet (M.Tatçı, Ed.; H.Bice, Çev.). Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi
3. Tosun, Necdet. Ahmet Yesevi /Editör: Necdet Tosun. – Ankara: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, 2015. 240 б.
4. Bice H. (2020). Divân-ı Hikmet'te Tasavvufî Kavramlar. Ankara Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü
5. Bilgin A.A. (t.y.). Yesevîlikte Zikir ve Sema. Geçmişten Geleceğe Hoca Ahmed Yesevî Uluslararası Sempozyumu, 2, 1368-1378.
6. Demirdaş Ö. (2019). Ahmed Yesevî'nin Divan-ı Hikmet'inde Şeriat, Tarikat ve Hakikat. İnsan ve Toplum Bilimleri Araştırmaları Dergisi. (8) 4, 2501-2521

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИҒА ҚАТЫСТЫ АҢЫЗ-ӘПСАНАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

**Мұхит Жылқайдарұлы Төлегенов,**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Теология факультеті, Теология кафедрасы PhD, докторы  
e-mail: [mukhit.tolegenov@ayu.edu.kz](mailto:mukhit.tolegenov@ayu.edu.kz)*

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Ғылыми комитетінің АР19680418 «Матуриди сенім жүйесінің қазақ діни  
танымындағы орны» атты гранттық жобаны жүзеге асыру аясында дайындалды.*

Қожа Ахмет Ясауи тұтас түркі жұртына «Әзірет Сұлтан», «Сұлтан ул-ағрифин», «Құтыб ул-ақтаб», «Шайх ул-машайых», «Ата Ясауи» деген құрметті есімдермен танымал болған тұлға. Оның өмірі мен рухани мұрасы, ілімі, әулеті, тәлім-тәрбиесі жайлы тарихи деректер аз болғанымен, түрлі аңыз-әпсаналар арқылы бүгінге келіп жеткен мәліметтер жетерлік. Олардың басым бөлігін ауызша дәстүр бойынша таралған хикаялар құрайды. Дегенмен Ясауи ілімі мен мәдениеті жайлы құнды ақпараттар беретін, оның шәкірттері мен ізбасарлары жазып қалдырған қолжазба, рисала, шежірелерде де Әзірет Сұлтанға қатысты бірсыпыра аңыздар орын алған. Атап айтқанда, Мәулана Сафи ад-дин Орұң Қойлақының «Насаб-намасында», Ысқақ қожа Қазығұртидің «Хадикат ал-арифин», Ахмет Хазинидің «Жауахир ул-абрар мин амуаж уәл-бихар», Хусейін Сығнакидің «Менақыб-ы Қожа Ахмет Ясауи», әл-Кәшифидің «Рашахат айн әл-хаят» деген еңбектерінде Қожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірттерінің өмірін өнеге еткен әпсаналар бар. Бұлардың көбісі орта ғасырларда түркі халықтары арасына кеңінен таралып, мұсылман білім ордалары – мектеп-медреселерде де бастауыш ілім сатысында қолданылған. Сонымен қатар ел арасында аңыз-әпсаналарды жыр-дастанға айналдырып жырлаушылар желісі де өткен ғасырдың 60-70 жылдарына дейін үзілмей жеткенін ескерсек, халық тәлім-тәрбиесінде ізгілікке, адамгершілікке, имандылыққа, мейірімге, адалдыққа баулу үшін мұндай дүниелердің маңызы үлкен болғанын түйсінуге болады.

Аңыз – тарихта болған бір тұлғаның өмірін, ел есінде қалған үлкен бір оқиғаны немесе жер-су атауларының шығу төркінін арқау ететін баян. Уақыт өткен сайын бастапқыда шынайы сипаты қою, боямсыз қалпын сақтайтын хикая-баяндар өзгеріске ұшырап, айтушының жеткізу шеберлігі мен көңіл-күйіне, қабылдау түйсігіне қарай өзгеріске ұшырай береді. «Тарихи адамдар мен сол заман туралы нақты жазба деректер ұмытылып, әңгімеге халық қиялы араласады да, жаңа жанрлар мен жанрлық түрлердің тууына жол ашады» [1, 30].

Арыстан бап, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Данышпан Зарнұқи, Құсшы ата, Жүсіп ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Баба Түкті Шашты Әзіз, Бадр ата сияқты Орта Азияны мекендейтін түркі халықтарының арасына сопылық ілімді таратқан тұлғалар халықтың құрметі мен сүйіспеншілігін иеленіп, алуан түрлі аңыз-әпсаналардың басты кейіпкерлеріне айналған. Олар жай ғана ауыздан ауызға таралып қоймайды, міндетті түрде бір ізгі мақсатты көздейді. Халықтың ілім игеруге деген ынта-ықыласын қолдап, қоғаммен байланыстың жөнін, өмірді мәнді әрі ғибратты сүрудің негізгі қағидаларын, тәлім-тәрбие берудің тиімді тәсілдерін үйретуге бағытталады.

Аңыз-әпсана дінтану саласында негізінен мифология, аксиология, агиография сияқты ғылыми терминология шеңберінде қарастырылып келгенімен, оның әдеби, мәдени, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық т.б. ерекшеліктері де жеке-жеке зерделене бастады. Бұл тұрғыда аңыз ұғымына жақын *әпсана, миф, хикая, қисса,*

*дастан, тәмсіл, менкыбе* деген сөздердің түркі халықтарында жиі қолданылатынын айта кету қажет. Бұлар әдеби, пішіндік және мазмұндық тұрғыдан бір-бірінен ерекшеленгенімен, негізінен атқаратын қызметі бірдей болып келеді. Яғни тыңдаушының сезіміне, ішкі жан күйіне, мінез-құлқына әсер етіп, оның бойында сөз болып отырған кісі немесе оқиға жайлы ой, түйсік тудыру. Мәселен, осындағы *менкыбе* сөзі негізінен түрік ғалымдарының зерттеулерінде «Өмірде болған, халық жадында қалған діни, тарихи, саяси тұлғаларға қатысты хикаялар» ретінде анықтама берілген. Ислам дінін таратуда ерен еңбек еткен әулие сопылар жайлы Ахмет Йашар Оджақтың «Kültür Tarihi Kaуnaғı Olarak Menâkıbnâmeler» (Metodolojik Bir Yaklaşım) деген монографиясында егжей-тегжейлі зерделеніп, сан салалы пайымдар баяндалған. Автор «Түрік мәдениетінің ислам кезеңінде тудырған, назар аударуға тұрарлық әдеби өнімдерінің бірін құрайтын әулие менкыбелерінің аталмыш мәдениеттің тарихи, социологиялық және психологиялық, фольклорлық тұрғыдан зерттелуінде қайнаркөз ретінде қызмет етуі тұрғысынан маңызын айтып жатудың өзі артық» деп баға береді [2, 11].

Әсіресе дүниені танудың алғашқы кілті ретінде танылған *мифтер* ежелгі дәуірден бері адам психологиясымен қоса қабат өріліп, сенімінің, дінінің, сезімдерінің, құндылықтарының қалыптасуының іргетасына айналған. Жер жүзі, ғалам, аң-құс, жан-жануар, өсімдік, су көздері, тау-тас, төбелердің пайда болуы мен адамның жаралуына қатысты мифтер кейін әлемдік діндер пайда болғасын, жүйеленіп, діни сипат иеленіп, *себен-салдар* байланысы бойынша жаңаша мазмұнға еніп, күнделікті тұрмыс-тіршіліктің, қарым-қатынастың, тәлім-тәрбиенің ажырағысыз бір бөлігін құрады. Адамның көрінбейтін әлем, өлгеннен кейінгі өмір, ақырет жайлы түсініктерінің дені мифтер мен аңыздар, қиссалар желісімен дамып-жетіліп, діни сенімдерінің бастауы осы жолмен орнықты деуге негіз бар. Неміс ғалымы Вильгельм Вундт, швейцар ғалымы Карл Гюстав Юнг, ағылшын ғалымы Карен Армстронг зерттеу еңбектерінде мифтердің, аңыз-эпсаналардың адам психологиясындағы, сана-сезіміндегі орнын, рөлін айрықшалап көрсетеді. Психология ғылымының құрушысы Вильгельм Вундт өзінің «Миф және дін», «Халықтар психологиясы» деген кітаптарында кез келген халықтың табиғатын оның діні, тілі және мифтері арқылы танып-білуге болатыны жайлы тұжырым айтқан. Кез келген салт-дәстүрлер мен рәсім-жоралғылардың мифологиялық, психологиялық астары бар: ол адамды киелі әлемге кіргізіп, ізгі қасиеттерін дамытуды көздейді.

Карен Армстронг «Мифтің қысқаша тарихы» деген еңбегінде мифтер мен аңыздар адамның өмірдің мәнін табуға деген талпынысын қолдайтынын келтіреді. «Мифология көбіне о дүние жайлы баяндайды. Сол жақтағы тіршілікке акцент қояды. Ғылымда оны «Тәңір әлемі» дейді. Тәңір әлемі ғайыпта тұр. Көзге көрінбейді бірақ сөйте тұра оның шындығы бұ дүниемен салыстырғанда әлдеқайда күшті деп айтылады. Мифтердің негізгі тақырыбы осы Тәңірлік әлем. Мұны академиялық ортада «мәңгілік философия» деп атайды. Неге дейсіз ғой. Себебі, барлық аңыз-эпсана, діни ритуалдар, қоғамдық ұйымдар, қазіргі барлық дәстүрлі қоғам осы философияға сүйенеді. Яғни Тәңірлік әлем жайлы түсінік модерн адамның да өміріне өте қатты ықпал етеді.

Әрине, ғылым қатты дамыған кей қоғамда сәл басқаша. Мәңгілік философия бойынша былай. Бұ дүниеде біз көретін, еститін, ұстайтын, сезетін не бар, Тәңірлік әлемде солардың түпкі негізі түгел өзгеріссіз сақталып тұр. Тәңірлік әлемдегі түпкі нұсқа бұ дүниемен салыстырғанда әлдеқайда бай, күшті һәм сенімді. Жердегі барлық зат қазіргі бет-бейнесін, Тәңірлік қайнардан тартады. Барлық болмыс Тәңірлік әлемнің осындағы өрнегі дерсің. Бірақ олар Тәңірлік әлемдегі саф нұсқасы сияқты кәміл емес. Сиясы жайылып кеткен нашар көшірме сияқты. Пенде пақыр Тәңірлік әлеммен бірлесе қимылдағанда ғана күш қуатын толыққанды қолдана алады.

Біз көп шындықты интуитивті деңгейде сеземіз. Бірақ анығын айта алмаймыз. Аңыздар айтылғанда соларға түр бітіп, әдемі бейнеде сомдалып шыға келеді. Мифтер

тәңірлер өмірінен хабар береді. Аңызды ешкім еріккеннен немесе көңіл көтеру үшін шығармайды. Оның мақсаты адамдарды құдіретке қызықтыру. Соларға еліктеуге үгіттеу. Олардың құдіретін өз бойында сезініп көруге үндеу. Аңызды ешкім еріккеннен немесе көңіл көтеру үшін шығармайды. Оның мақсаты адамдарды құдіретке қызықтыру. Соларға еліктеуге үгіттеу. Олардың құдіретін өз бойында сезініп көруге үндеу» [3, 15].

Аңыз өмірден мән табуға септесіп қана қойған жоқ. Сонымен бірге адам психикасының беймәлім болып келген құпия сарайларын ашты. Егер аңыз болмағанда жанның бұл сарайларын зерттеп, мейірім, махаббат, үрей, қорқыныш, торығу, ерік-жігер сияқты сезімдердің қайдан шығып жатқанын білу мүмкін болмас еді. Ғалымдар «бұл психологияның бірінші баспалдағын құрайтын таным үлгісі» деп сипаттайды. Аңыз бен ертегінің кейіпкерлері жер асты патшалығына сапар шегеді. Шым-шытырық жолмен адаспай жүріп өтеді. Жыртқыштың жағын айырып, дәулер мен мыстандардың жігерін майырады. Осы айқастың бәрі майдан даласында емес, адамның түпсанасында өтіп жатыр. Бұл арқылы аңыздар мен мифтер іштегі рухани күйзеліспен қалай күресуге болатынын көрсетеді. XX ғасырдың бас кезінде Юнг адамның жан дүниесіне мифтерді зерттеу арқылы жаңаша жол салды. Ол өзінің адам психологиясына қатысты ашқан жаңалықтарын түсіндіру үшін интуитивті түрде мифологияға бет бұрды. Көне аңыз-эпсаналарға жаңа тәпсір жасады.

Бұл жаңалықтан гөрі көненің жаңғыруына қатты ұқсайтын. Аңыздың өзіне тән табиғаты бар. Ол қатып қалған бір формада тарамайды. Бір оқиғаның бірнеше қисса варианты бола береді. Ол қандай да бір ортодокс стандартқа көнбейді. Қиссаның қойнауындағы ақиқаттың дәнін жаңа заманға жеткеру үшін оның баяндау тәсілін өзгертуге мәжбүрміз. Мифология тарихында адамзат келешекке қадам басқан сайын аңыз бен қиссаларын қайта байыптап, заман талаптарына бейімдейді. Бірақ адам табиғаты өзгермейді. Модерн заманға қатысы жоқ көне өркениеттер өндірген аңыз-қисса, эпсана адамзаттың қанағатын өтеуге әлі де қабілетті. Жан түкпірінде бұғып жатқан үрей мен мәңгілік қалаудың бабын қиссалар ғана таба алады.

Юнгтің архетип теориясына қатысты мынадай ой айтуға болады. Түпсананың терең түкпірінде архетиптер орналасқан. Адам түпсананың тұңғық терең қатпарларына бойлаған сайын мифологиялық сипатқа ие мазмұн ұшыраса бастайды. «Бейне бір тәніміз сияқты, біздің түпсанамыз да өткен шақ жайлы естеліктер мен сарындардың қоймасына айналған» [4, 47]. Архетиптер – түпсанада жүйе, құрылым жасаушы элементтер ретінде әрекет ететін психиканың бастапқы, алғашқы бөлшектері. Олар адамның мінез-құлқында әмбебап қабылдау моделінің қалыптасуы үшін туа бітті негіз, сондай-ақ, қандай да бір объект немесе оқиғаға жауап ретінде көрініс табады.

Архетипті дайын сезімдік қабылданатын бейнелермен шатастыруға болмайды. Архетиптер психологиялық материалды белгілі бір бағытта ұйымдастыру үшін қызмет ететін формалар ғана. Архетиптер бірдей немесе ұқсас мифтік идеяларды қайта-қайта тудыруға дайын күйде тұрады. Архетип «дәуірдің қолайлы немесе қолайсыз шарттары оятпайынша, жабық және түпсана тереңінде жата беретін бейнелер» [4, 53].

Демек, адамның түпсанасындағы архетиптер ояну үшін оған адамның өмір сүріп отырған заманының қозғау салуы қажет. Бұл жағынан алғанда, әрбір халықтағы аңыз-эпсаналар мен мифтер ол халықтың мыңжылдық өткенін сақтайтын, адамның түпсанасындағы архетипін оята алатын құдіретті күш десек, Қожа Ахмет Ясауи жайлы халық аузындағы дүниелер де осындай әлеуетке ие.

Түркістан өңірі аңыз-эпсаналар мен хикаяларға толы аймақ. Өйткені бұл жер дін ғұламаларының, әулие, пір, ишандардың мәңгілік тыныс тапқан қасиетті мекені. Қазақ жырларында өте көп кездесетін «Әзіреті Қаратау – Әулиенің кені еді» деген тіркес осы ойды дәлелдей түседі. Осы аймақтағы аңыздарды арнайы зерделеген ғалым Асқар Дүйсенбі Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыздарға қатысты мынадай ой білдіреді: «Қожа Ахмет Ясауи атына, өміріне қатысты эпсаналардың жалпы мазмұнына,

идеясына үніліп қарар болсақ, халықтық әңгімелер оның әрбір өсу, толысу, білімінің кемелдену, ұстаздық ету секілді кезең, уақыт сәттеріне мән, маңыз беріп, ізгілікті өмір сатыларындағы қайсыбір қадамын болсын қаперде ұстап, қадағалап отырғандығын байқаймыз. Сондықтан да Қожа Ахмет Яссауи өмірін екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Бірінші кезең – оның өміріндегі ілімдаралық жолға түсіп, сауат ашу, Отырарлық ғұлама Арыстан бабтан бата алып, білімін жетілдіру секілді жайлар болса, екінші кезең – Ясы қыстағына қоныстап, шәкірт тәрбиелеп ұстаздық бағытқа бет бұруы. Міне осы екі кезеңдегі өмірі мен қызметтерін баяндайтын қолдағы бар әпсаналар мен жазба деректер осы төңіректе сөз қозғап, ой өрбітуімізге таудай тірек, жанды дерек бола алары анық» [1, 136].

Бірінші кезеңге тиесілі аңыз-әпсаналар жайлы ой толғағанда «Құрма аманаты» аңызының айрықша маңызы бар екендігі көрінеді. Бұл аңыздың желісі бойынша «Пайғамбар бірде серіктерімен келе жатқанда, жолда азықтары таусылды. Жебірейіл алтын табаққа салынған пейіштің құрмасын әкелді. Пайғамбар «біссімлә» деп қол созды. Серіктері де жапырлай құрма жеуге кірісті. Бір кезде пайғамбардың ойына миғраж сапары оралды. Көңілі толқып кетті. Табақтағы бір құрма көзіне оттай басылды. Түркі даласында дүние есігін ашатын үлгілі үмбеті есіне түсті. Кереметі, құрма қолға түспей дөңгелей берді. Сахабалар таңғалды. Сол сәтте Жебірейіл де келіп жетті.

- Уа, Хақ нәби! Бұл Сайрамдағы Ахметтің несібесі, – деді. Серіктері «Сайрамы несі» деп аңтарылып қалды. Сол кезде пайғамбар:

- Уа, Жебірейіл, миғраждағы Ахмет күні кеше кездескендей есімде. Бірақ ол төрт ғасырдан соң тумай ма? Ол заманға бұл құрма қалай жетеді? – деді. Жебірейіл:

- Тәуекелі мықты бір сахабаға тапсыр. Алла жәрдем берсе жеткізеді, - деді. Пайғамбар сахабаларына қарап:

- Уа, бауырлар! Мына құрманы 400 жылдан соң Сайрамда туатын Ахметке кім жеткізеді? Кім тәуекелге бел байлайды? - деді.

Ешкім үндемеді. «Төрт жүз жылға дейін ғұмырымыз жетпейді-ау» деп күмәнданып тұрды. Сол кезде Арыстан сахаба:

- Алла ғұмыр берсе аманатты иесіне жеткізейін. Не де болса нар тәуекел, - деді.

- Жарайсың, Арыстаным. Тәуекел ет те тас жүт. Ажал келмей өлмек жоқ. Ер азаматқа кеттік дегенде «қашан» демейді, «қайда» деп сұрайды. Осы ерлігің үшін Тәңірім мақсатыңа жеткізсін. Ғұмырың ұзақ болсын! Кәне, аш аузыңды, - деді де, құрманы тілінің астына жасырып: – Таңсәріде тұрып, түркі даласын бетке аласың. Ұзақ сапар, ауыр мехнат шегесің. Бармаған жерің, баспаған тауың қалмайды. Темір етігің теңгедей, темір таяғың тебендей болар. Жеті дарияны кешіп өтесің, жеті таудан асып өтесің. Аманаттың жүгі ауыр. Дұшпанға сырыңды берме, досыңа қырыңды берме. Діттеген жеріңе жеткенше мың өлім, мың қауіп қасыңда жүреді. Күніне тоқсан тоғыз бәле жауса да бір Алладан күдер үзбе. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағына келгенде аманат иесі алдыңнан шығады. Санасында сәулесі бар бала жүзінде иманы бар момынды жазбай таниды.

- Ахметті мен қалай танимын?

- Оған алаң болма. Ізетті баланың медресеге кірген ізі сайрап жатады. Шыққан ізін шаммен іздесең де таппайсың, - деді.

Арыстан бәрімен қоштасып, сапарға шықты. Айтқандай, аманатты жеткізу оңайға соқпады. Кей кездері жапан түзді жалғыз кезді. Қарсақ жортас шөлден асты. Құлан жортпас белден асты. Балдырлы-балқаш көлден асты. Жетпіс түрлі елді аралады. Жетпіс жұрттың тілін білді. Дос та жолықты, дұшпан да кезікті. Бірде қонақ боп бал ішсе, бірде қуғынға түсіп қан ішті. Бірақ аманаттың міндеті бір сәт босаңсуға мүмкіндік бермеді. Неше таңның атып, неше күннің батқанын айта алмайтын жасқа жетті. Себебі төрт ғасыр артта қалды. Иманға толы кәрі жүрек аманаттың иесіне жетіп қалғанын

сездіріп тұрды. Бұл кезде төрт қақпалы Сайрам шаһарына да жетіп еді. Ұзақ жолдан қажығасын дем алмаққаөзеннің жағасында аялдады. Бір кезде:

- Ассалаумалейкүм, Арыстан ата, мүбәрәк пайғамбардан алған бата, – деп бір жас бала сәлем берді. Баланың түрі бейтаныс болғанмен әдебі мен ибасы пайғамбар сүндетін есіне салды.

- Көп жаса, қарағым. Кімнің баласысың? - деді Арыстан бап.

- Әкемнің аты – Ыбырайым, шешем – Қарашаш. Мүбәрәктай болсын деп әкем атымды Ахмет қойған.

- Қайдан келсің?

- Медреседен.

- Неге теріс қарап келе жатсың? Алдыңмен жүрсең болмай ма?

- Бабам Әзіреті Әлі «маған бір әріп үйреткен адам мені құлдыққа сатса ризамын» деген. Ұстазымнан дәріс алып келем. Құран-хадиске жүйрік қылған ұстазға арқамды көрсетіп, теріс қарап жүргенім әдепсіздік болады. Ілім-білім мың саты. Оның тоғыз жүз тоқсан тоғыз сатысы әдептен тұрады. Бір сатысы ғана жаттанды ғылым. Сондықтан әдептен оза алмадым, – деді Ахмет. Кәрі сахаба сол кезде барып медресеге кірген ізі бар, шыққан қадамы жоқ ізетті баланы тани кетті.

- Балам, атың Ахмет, кеудең толы хикмет екен. Аманатыңды ал, аузыңды аш! - деді де төрт жүз жыл сақтаған құрманы тілінің астынан суырып, Ахметтің таңдайына тастады. Бала ойланбастан жұтып қойды. Арыстан бап сасып қалып:

- Аманатты осынша жыл сақтағанда, еңбегімді елемегенің қалай? Тым болмаса «Ата, ауыз тиіңіз демедің ғой?», - деді.

- Ата, онсыз да ұзақ жыл сорып, етін жеп, сүйегін қалдырыпсыз. Дәмін тататын да ештеңе қалмапты, - деді қулана жымышп.

- Ең болмаса, бір ауыз алғыс айтпадың ғой. Қанша дегенмен арқалап әкелген еңбегім бар дегендей...

- Жарайды, ата. Сыйға сый, сыраға бал деген. Бұдан былай жұрталдымен сізге келіп түнесін, бізден тілек тілесін.

- Әумин, бала. Айтқаның келсін, - деп бетін сипады» [5, 47].

Халық аузындағы «Арыстан бапқа тіле, Қожа Ахметтен тіле» деген сөздің бастауы осы аңызға сәйкес, пайда болған.

Ал шәкірт тәрбиелеуіне қатысты төмендегідей аңыз кеңінен таралған. Мұнда Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттеріне негізінен даналық үйреткені жайлы айтылады: «Бір күні Хақ сыпырасы жайылған соң әдеттегідей сұхбат басталды. Яссауи баба көңілдегі хикмет сандығы жайлы айтып отырды. Бір шәкірті:

- Тақсыр, хикмет сандығын қайдан табамыз? - деді.

- Жүректің махаббат құжырасынан.

- Махаббат құжырасы қандай хикметпен зейнеттелген?

- Ұлық Алла жүректің ішіне құлшылықтың төрт дариясы мен кәлима тайба ағашының көшетін жасырған. Ағаштың сансыз бұтағында «лә-илләһа илләла» деген жазу бар. Оның бір тамыры ықыластан, бір тамыры иманнан, бір тамыры табандылықтан нәр алады. Діңгегі шарифат, бұтақтары тарикаттан жаралған. Момындар зікір алқасында кәлимань көп айтса бәйтеректің бұтағы бүр жарады. Жапырағы жайқалады. Жұпар иісті гүл шашады. Періштелер иісінен мас болады. Бұл хәлге жеткен мұсылман бос сөз бен артық әңгімеден тыйылады. Бауырлар, естерінде болсын, егер пенденің тілі мен жүрегі қатар сөйлесе былыққа белшеден батады. Жүрегі сөйлеп, тілін тыйса басы бәлеген шатылудан аман қалады. Тілі мен жүрегін үнсіздікке бірдей баулыса көкірегі інжі-маржанның қоймасына айналады. Момындар зікірден ғапыл қалғанда жүректегі бәйтерек сола бастайды. Қураған ағашқа шайтан ұя салады. Ол кезде пенденің сырты сопы, іші сұм болады. Сұлу көрсе сұқтанады. Құлшылық етсе бұлданады. Нәпсісіне құл болады. Ар-иманы тұл болады. Бірақ мейрімді Алла сонда да



жүректерге күн сайын мың мәрте назар салады. Көңілдегі кәлима ағашы гүлдесе Тәңірі риза болады. Тамыры қуарып, жапырағы солса қаһарланады, - деді Яссауи баба.

- Тақсыр, көңілдегі төрт дарияның жайын баян етсеңіз, - деді және біреуі.

- Көңілде ғибадаттың төрт түрлі дариясы ағып жатыр. Бірі – тәуекел, бірі – ойқұмарлық, бірі – тақуалық, бірі – зікір дариясы. Алланың дидарына ұмтылғандар осыларды кешіп өтіп ғашықтық шарабын ішсе, шарифат төсегіне отырса, тариқат жастығын жастанса, мағрифат гүлін иіскесе, махаббаттың тандырына күйіп-жанса оған көп ұзамай Тәңірден сүйінші хабар жетеді, - деді» [5, 49].

Бұл аңыз-эпсаналарды қазіргі кезде оқу-тәрбие ісінде кеңінен қолдануға болады. Себебі олар жас баланың көңіл-күйіне мінез-құлқына әсер етіп, оларды құндылыққа баулиды. Сондықтан ғалымдар аңыз-эпсананы мінез-құлықтың құлабызына, яғни жетекшісіне балайды. Олардың негізгі функциясы – адамды қайырлы жолға, ізгі сапарға жетелеу. Адам салт-дәстүр мен діни ғұрыпты кие тұтып, өмірінде кеңінен қолданғанда ғана аңыз-эпсаналар құпиясын ашып, сана-сезімге сәулесін шашады. Әсіресе кісінің түпсанасында жасырын жатқан архетиптер осы сипатты аңыз-эпсаналарды кеңінен айтып баяндаған сайын оянып, шын болмысын, шынайы табиғатын танып-білуге деген құштарлығын күшейтеді.

Бала жас кезінде білуге, көруге қатты құштар болады. Олардың жаны аңыз-эпсана, қисса, ертегі тыңдауға құмартып, осы арқылы олардың қиял көкжиегі кеңейеді. Жүсіпбек Аймауытов «Психология» деген еңбегінде «Тәрбиенің мақсаты не?» деген сұраққа былай жауап береді: «Тәрбиенің мақсаты – адамды маңайындағы табиғат төңірегіне, әлеумет төңірегіне ыңғайласуға ықпал беретін күш-құрал жасап беру. «Тәрбиесіз» адам өмірде әрбір жаңа күйге ұшыраса берекесі кетіп, рәсуа болады. Ал «тәрбиелі кісі жадына сіңірген өнегелер, дерексіз ұғымдар арқасында бұрын ұшырамаған хәлге түссе де, шара табуға оңтайлы келеді. Бір сөзбен тәрбиені былай тағайындауға болады: қылық пен икемдік жүзінде бойына сіңірген әдетті іс істеуге (амалға) жанастырып, ұйымдастыру» [6, 56].

Ал Мағжан Жұмабаев бала тәрбиесін жақсы жүргізу үшін, оны ізгілік пен мейірімге, сұлулыққа құштар ету үшін ертегі мен аңыздардың қосар үлесі зор екенін былай бағамдайды: «Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі – тым қымбат нәрсе. Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды. Ертекке шын көңілімен нанады. Бала құрғақ ақылды ұқпайды. Жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзің желге айтылғанмен бірдей. Егер сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертекте өтірікшінің өтірігінен қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады.

Қысқасы, балаға ертегі – тым қымбат нәрсе. Бірақ ертегінің ертегісі бар. Кейбір ертектер баланы бұзудан басқаға жарамайды. Мысалы, дию, пері, жалмауыз кемпір, аруақ, көрден кебінін жалмап шығатын обыр, жын-шайтан секілді ертегілерді балаға айту тіпті де дұрыс емес. Мұндай ертегілер баланы бұзады, қорқақ, жасық қылады. Қазақтың баланы «бөки келеді», «қызыл көз келеді» деп қорқытулары да тым-ақ жарамайтын іс» [101].

Осы пайымдарға қарап, баланың жан құмарлығын қандыру үшін аңыз бен ертегінің пайдасы мол екенін аңғаруға болады. Бұл жағынан алғанда, Қожа Ахмет Ясауи жайлы аңыз-эпсаналар адамды кемелдікке жетелейтін, оның көкірегінде ар-ұят, ізгілік, ерік-жігер, жауапкершілік, мейірім мен махаббат, жәрдемсүйгіштік, даналыққа құштарлық сынды құндылықтардың өркендеуіне жол ашатын дүние. Қазақ халқында тәрбие үдерісінде тек жас баланы ғана емес, ересек адамды да аңыз-қисса арқылы ізгі іске баулу қағидасы өркен жайған. Ауыз әдебиетінің білгірі В.Радловтың «Қазақтар үшін бір ғана қиссаның әсері жүз молдадан артық тәрізді» деп ой қорытуы осы ойды айқын дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, білім берудің ұлттық мазмұны ұлы тұлғаларымыздың ілімі мен мұраларын, олар жайлы аңыздар мен әпсаналарды, оларға қатысты өлең-жырларды тәлім-тәрбие үдерісіне жан-жақты енгізгенде ғана өзінің мақсатына жете алады. Бұл жағынан, тұтас түркі жұртының ұлы ұстазы Қожа Ахмет Ясауидің мұралары мен оған қатысты аңыз-әпсаналарды жас ұрпаққа кеңінен таныту келешектің көркеюіне, жастардың обал-сауап, адамгершілік, имандылық, даналық сынды қасиеттерді жүрегіне түйіп өсуіне, қазіргі кездегі ғасыр дерттерінен алыс тұруына септесері анық.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Дүйсенбі А.К. Түркі аңыздары мен әпсаналары. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2011. – 260 бет.
2. Ocak A.Y. Kültür Tarihi Kaynağı Olarak Menâkıbnâmeler (Metodolojik Bir Yaklaşım). – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1992. – 130 s. 7
3. Армстронг К. Краткая история мифа. – Москва: Эксмо, 2011. – 160 с.
4. Юнг К.Г. Тавистокские лекции: исследование процесса индивидуации /пер. с англ. - Москва: Рефлбук; Киев: Ваклер, 1996. – 295 с.
5. Керімбай С., Төлеген М., Нәби Ә., Тасболат А. Яссауи феномені. 4-басылым. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы», 2021. – 450 бет.
6. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: «Мазмұндама баспасы», 2023. – 360 бет.
7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: «Мазмұндама баспасы», 2023. – 176 бет.

## Қ.А. ЯСАУИ МЕН ШӘКӘРІМНІҢ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҒЫ

Гулмира Мынбаевна Султанова,

№ 28 мектеп-лицей, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақстан Түркістан қ.

**Андатпа.** Бұл зерттеуде Қожа Ахмет Ясауи еңбектері мен Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының рухани сабақтастығы зерделенеді. Бүгінгі таңда екі дәуір ойшылының бір-бірінен нәр алып жатқан, үндесіп тұрған ой-пікір тұжырымдарды көреміз. Екі ұлы тұлғаның надандық, мейрім, ынсап, әділдік турасында айтқан ойларының үндестігі атап көрсетіледі.

**Аннотация.** В этом исследовании изучается духовная преемственность произведений Ходжи Ахмета Ясави и Шакарима Кудайбердиұлы. Сегодня мы видим, как два мыслителя эпохи взаимодействуют друг с другом. Подчеркнута согласованность мнений двух великих личностей о невежестве, доброте, стремлении, справедливости.

**Annotation.** In this study, the spiritual continuity between the works of Khoja Akhmet Yassauï and those of Shakarim Kudaiberdiuly is explored. Today, we observe how the ideas of these two thinkers from different eras mutually enrich and harmonize each other. The alignment of their thoughts on ignorance, kindness, honesty, and justice is emphasized.

Дүние – шалқар көл,  
Замана-соққан жел,  
Алдыңғы толқын-ағалар,  
Кейінгі толқын- інілер,  
Кезекпенен өлінер,

Баяғыдай көрінер, - деп ұлы Абай атамыз айтқандай замана толқыны толассыз соғуда. Жүрдек уақыт зымырап өтуде. Ғасырлар керуені үздіксіз жылжуда. Тоқтаусыз алға басқан замана көшінің бірінен-біріне ауысар, жалғасын табар асыл мұралары мен өркенді өсиет-өнегелері шексіз. Уақыт-нағыз халық игілігіне қызмет ететін тұлғаларды, толқын бетіне шығаруда.

Ал қазақ топырағынан нәр алған тұлғалар әр дәуірде өмір сүрсе де ізгі мұраттарының сабақтастығы байқалады. Әлемдік әдебиетте өзіндік орны бар Түркі әдебиетінің гүлденуі, шарықтаған кезеңі Х-ХІІ ғасыр. Оның орталығы – Хорезм, Отырар, Бұхар, Испиджаб, Ясы қалалары болса, басты өкілдері Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн-Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Махмұт Қашқари, Жүсіп Хас Хажыб Баласұғұн, Ахмет Иүгінеки және Қожа Ахмет Ясауи [1, 143].

Жалпы, ислам дінін қабылдаған түркі халықтары ендігі жерде соңғы хақ дін, жаңа мәдениеттің негізінде жаңа белестерге көтерілді. Өнері мен әдебиеті дамыды. Ортағасырлық ислам ренессансы кезінде Орта Азия мен Қазақстанда аты әлемге әйгілі болған, ғылымның жаңа беттерін ашып, өз қолтаңбаларын қалдырған ұлы ғалымдар шықты.

Орта Азия Ренессансының үздік өкілдерінің бірі де бірегейі – Қожа Ахмет Ясауи. Қожа Ахмет Ясауи – түркі тілдес халықтар арасында сопылық жазба әдебиеттің негізін қалаушы, дара тұлға. Ол көрнекті ақын, есімі ислам әлеміне мәшһүр ойшыл қайраткер 1103 жылы орта ғасырлық Испиджаб (Сайрам) қаласында туған. Ақынның толық аты-жөні: Хазіреті Сұлтан Шейх-ул-Ислам Қожа Ахмет Ясауи шайық. Болашақ ғұлама ақын ер жете келе қазіргі Түркістан (бұрынғы Ясы) қаласына қоныс аударып, осындағы атақты Арыстан Баб шайықтан тәлім-тәрбие, діни дәріс алып, оны тереңдетуді алға

қойған болашақ ақын Бұхара шаһарында оқыды. Бірнеше уақыттан кейін елге атақты ғұлама болып оралады.

Ахмет Ясауидің түркі әдебиетіндегі сара жолын кейінгі толқындар жалғастырып отырған. Әрі оны жетілдіре түскен десек те болады. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Майлықожа жырлары, Қожа Ахмет Ясауидің «Даналық хикмет» кітабының жыр арқауымен үндесіп жатыр. Дәл осы кезеңді, қазақ әдебиетінің, мәдениетінің гүлденген, жанданған ренесанстық кезеңі дейміз.

XIX ғасыр қазақ мәдениетінің алтын ғасыры дейтін болсақ, алтын ғасырдың алтын дінгектерінің бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Қожа Ахмет Ясауидің тәңірге сену, хақ жолындағы қадамын жалғастырушылар арасында Шәкәрімнің өлеңдерінің шоқтығы биік. Шәкәрім өз заманында қазақ арасындағы, қала берді бүкіл Түркістан өлкесіндегі білімдар, ойшыл азаматтардың бірі болды. Араб, парсы, түркі тілдерін жақсы білді, орыс тіліне жетік болды.

«Жасымнан жетік білдім түрік тілін,

Сол тілге аударылған барлық білім» [2,143] деп өз жырларында түркі тілінің кереметтігін айтады.

Көп тіл білу арқылы ол Шығыстың классикалық поэзиясынан, түркі әдебиетінен нәр алды. Бүгінгі таңда екі дәуір ойшылының бір-бірінен нәр алып жатқан тамырластықты, үндесіп тұрған ой-пікір тұжырымдарды көреміз. Бұл жұмысымызда тұлғалардың кемелдену жолындағы рухани сабақтастықты зерделейміз.

Ислам дінінің өзге діннен озықтығын, өміршендігін, адамзат өміріне ең қажетті дін екенін айқын анықтай білген Қ.А. Ясауи Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) хадистеріне терең үңіледі. Оны зердесіне тоқиды. Құран кәрімнің әрбір аятындағы әр сөзіне мән береді, оны жете түсінеді. Алайда, қарапайым халық араб тіліндегі бұл құнды дүниелерді толық оқып, түсіне алмайтынын негізге алып «Диуани хикмет» (Ақыл кітабын) немесе «Даналық кітабын» тұтас түркі халықтарына түсінікті шағатай тілінде жазады [1, 67].

«Даналық кітабы» бұл тұтас түркі әлемінің әдебиетінде өзіндік орны бөлек дүние десек, ол әрбір мұсылман баласын жамандықтан безіп, адамгершілік асыл қасиеттерге уағыздайтын шығарма. Ақын мына жалған дүниедегі алпыс үш жылдық ғұмырында ойға түйгендерін, көргені мен білгенін, өз басынан өткерген оқиғаларымен ұштастыра жырлап түркі әдебиетінің фольклорлық-эпикалық формасын жетілдіре түскен шығарма. Шығарманың қай тарауын, қай хикметін алсаң да өмірдің өзі ақиқатын жеткізіп тұрған, шынайы шындықты ту етеді. Хикметті түсінігі бар, түйсігі бар, жүрегіне Алланың рахымы түскен мейрім-шапағаты бар жандар ғана ұғатынын ақын өзі айтып кетеді:

... Менің хикметтерімді надан естімес,

Ділі, көңілі қара кеңесімді білмес.

Менің хикметтерімді түйсігі барға айтыңыз,

Құдай рахымы түскен сақиларға айтыңыз [3, 13].

Ғұлама хикметтерінде Алланы танып-білу, сүю арқылы ғана бүкіл адамзатты сүюге болады. Адамзатты сүйген құлдар ғана Хақ Тағаланың шапағатына ие болады дегенді айтады.

Ораза ұстап, намаз оқып, тәубе қылған,

Таңнан тұрып, «Алла» деп құлдық қылған.

Машайықтар қызметін тамам қылған,

Ондай құлдар Хақ дидарын көреді екен [3, 49].

Шәкәрім атамыздың Құдайдың бар екендігіне еш күдік, күмән қалдырмайтын бірнеше сыр сөздерін оқи аласыз. Соның бірі:

Ей, жастар! қалай дейсің бұл дүние,

Мұны бүйтіп жаратқан қандай кие?

Білімсіз, мақсұтсыздан шыққан болса,  
Мақсұт, білім, ой шығар бар ма жүйе?  
Керексіз жаралған бір тозаңы жоқ,  
Тәртібі таң қаларлық зор мәшине.  
Алыстан іздемей-ақ ойласаңыз,  
Көру үшін жаралған көзіңіз де.  
Себебі толымдының ісі толық,  
Ең түпкі жаратушы – мінсіз ие.  
Күш, білім, шеберлікті іс білгізер,  
Есті, мінсіз шебердің ісі емей не? [3, 201]

Алла тағаланың адам балаларын артықша етіп жаратып, жер бетіндегі бүкіл игілікті адам балалары үшін жасағандығын айтып, былай дейді:

Бір Құдай неше түрлі жан жаратты,  
Не үлкен, не кішкентай тән жаратты.  
Керексіз, жансыз нәрсе жаратқан жоқ,  
Есепсіз қанша мың мен сан жаратты.  
Өсімді, ең күшті жан адамда тұр,  
Алдында жақсы да тұр, жаман да тұр.  
Өзгенің барлығы жалғыз адам үшін,  
Жаралып орны-орнымен ғалам да тұр [3, 98].

Сондықтан да Шәкәрім атамыз сансыз нығмет беріп, адамзат баласын махаббатпен жаратқан Алла тағаланы мінсіз деп танып, жаннан артық сүюді міндеттейді.

Аллаға сеніп, құлдық ұрып, дұға қылған адамдардың жүрегіне адамзаттық асыл қасиеттер орнайды. Надандықтан қашу, Алланы танып білуге құштарлық, Алланың сүйген құлы болу үшін Алланы шексіз сүю, қарапайымдылық, мейірімділік секілді ізгілік жолын көрсетеді.

Шәкәрім «Хақиқатты дәл көруге, жан көретін көз керек» деп, ислам дүниетанымындағы жүрек мәселесіне қатты көңіл бөледі. Құран сырларын терең түсініп, Алланы сүю, адалдық, мейірімділік, шынайы махаббат қылу мұсылманға тән қасиеттер деп біледі.

Күллі жаратылысқа ой жүгіртіп, адамның табиғатпен байланысын сезініп, Алланы тану – Шәкәрім дүниетанымындағы басты мақсат. Табиғаттың, жан-жануардың, өсімдіктің, бүкіл әлемнің Құдайдан еш бөлек еместігін былай деп жырлайды:

Бұл әлемнің әр түрлі,  
Бөлек емес ешбірі.  
Бәрі де – Жардың бір сыры,  
Не көлеңке, не нұры [3, 47].

Қ.А. Ясауи Надандықтың азабын көп тартқанын, надандықтан жанының күйгенін айтады.

Уа, достар, наданменен жақын болып,  
Бауырым күйіп, жаннан тойып өлдім ғой мен.  
Тура айтсам да теріс жолға мойнын бұрар,  
Қан да жұтып қасірет уына тойдым ғой мен.  
Наданменен өткен өмірің тозақ болар,  
Надан барса дозақ та одан қашар [4, 21].

Уа, осындай дәруіштен сақта Құдай!

Ол наданға мейір қылмай жанымды алғай! [4, 78], - деп Қожа Ахмет Ясауи надандықтың адам баласына келтірет залалы, надандардың тура сөзді түсінбей, теріс жолға тартатынын әшкерелеп сынады. Наданға мейір түскенше, жанымды ал дейді.

Ал Шәкәрім надандықтан, қараңғылықтан құтылудың бірден-бір жолы білімге шақырады.

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,  
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.  
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік  
Бір білімді данышпан жан табалық [2, 31].  
Әкең түгіл, арғы атаң айтса-дағы,  
Білімі жоқ наданның тілін алма [2, 37].

Адам оқып, білім үйренуі керек. Білімсіз, ғылымсыз өнер табылмайды. Біліммен, еңбекпен жаратылыстың мол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын байлық жоқ. Табылған байлықты, адам баласының керегіне жарату қажет. Білімді, еңбекті, ғылымды біріктіріп, адамзаттың бақытты өмірі үшін жан тазалығымен әділетті, шапағатты жолмен жүзеге асыру керек. Сондықтан да әрқайсымыздың бойымызға ұждан сіңірілуі керек.

Ұждан дегеніміз – мейрім, ынсап, әділдік.

Мейрім. Ясауи бабамыз адам бойындағы ең асыл қасиеті имандылық деп есептеп, оның негізі – мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау деп айтады. Оған дәлел ретінде «Диуани хикметтен» мына жолдарды келтіреді:

«Қайда жүрсең, көңілісізге жұбаныш бол!  
Зұлым көрген жолда болса, сүйеніш бол!  
Махшар күні дәргейіне жақын болғын  
Менменсіген халайықтан қаштым ғой мен» [4, 17]  
Ғаріп, пақыр, жетімдерді қылғын шадман,  
Тұзақ салып, ғазиз жаның болсын құрбан.  
Тағам тапсаң, жаныңменен қылғын мейман,  
Хақтан естіп бұл сөздерді айттым ғой мен [4, 19]

Ал Шәкәрімде мейрімділік:

«Алланың пендесіне рақымы мол,  
Сен де өзіндей адамға мейірімді бол.  
Ол жаратты, Сен-дағы жаратып бақ,  
Бардан барды шығарсаң болады сол [3, 213]

Ынсап. Ясауи хақты таныған, білген адам, өзін таниды, біледі. Ал хақ пен өзін білген адам құдайдан қорқып, ынсапқа келеді десе Шәкәрім «ынсапқа» аспайды, саспайды бір қалыпты ұстайды деп жоғары баға береді:

Өзін білгені – хақты білгені,  
Құдайдан қорқып, ынсапқа келгені [4, 14]

Үмбет болсаң, ғаріптерге бодан болғын,  
Аят, хадис айтқандарға құлақ салғын.  
Не берсе де ырзығыңа риза болғын,  
Қанағат ғып, шоқ шарабын іштім ғой мен [4, 18]

Ынсап деген аспайды, кем қалмайды,  
Орнын таппай ол, сірә, қозғалмайды.  
Рахым жақсы көреді аяғанды,  
Адамға қаттылықты ойға алмайды, [3, 128]

Әділдік. Қожа Ахмет Ясауи Құдайға беріліп құлшылық етушілердің өзін жалған ғашықтар, шын ғашықтар деп бөледі. Жалған ғашықтары дүние жолында жалған сөйлейтіндер болса, шын ғашықтары Алла жолына жан-тәнімен берілген даналар деп сипатталады.

Тіліменен үмбетпін деп жалған сөйлер,

Кісі малын алмақ үшін арбап сөйлер.  
Адалын мұнда тастап, арам көздер,  
Наданларға осыларды айтқым келер.  
Шәкәрім бабамыз Алла жолында адал, әділ болуды жүйелеп көрсетеді:  
Бір Аллаға сыйынған адам өлмес,  
Құдайсыз қу қолынан іс те келмес.  
Белін бекем бұғанның белі талмас,  
Ел бұзса да, адалдық өзгерілмес.

Адамзат өзін-өзі сынау керек,  
Тазалық, әділдікті ұнау керек.  
Өлсе де тура жолдан мойын бұрмай,  
Ақтан көрген бәлеңе шыдау керек.  
Шын мұсылман болайын деп ойласаң,  
Құдайға құл болудың мәнісін біл», - деп жырлаған

Қожа Ахмет Ясауидің Құран кәрім, хадистер мен сопылық ілімінен нәр алған ойлары Аллаға сеніп, құлдық ұрып дұға қылған адамдардың жүрегіне адамзаттық асыл қасиеттер орнайды. Надандықтан қашу Алланы танып- білуге құштарлық, Алланың сүйген құлы болу үшін Алланы шексіз сүю, мейрім, ынсап, әділдік секілді ізгілік жолын көрсетеді. Ал Шәкәрім өлеңдерінде Алла тағаланың адам балаларын артықша етіп жаратып, жер бетіндегі бүкіл игілікті адам балалары үшін жасағандығын айтып, адамзатты да Алланы танып-біліп, шын сүйюге, хақ жолында, әділдік жолында жүруге шақырады. Алланы шын сүйген құлдары ғана Хақ тағаланың шапағатына бөленеді деген ойды айтады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Алматы: Алатау, 2005. – 332 бет.
2. Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары. (Өлеңдер. Дастандар. Қара сөздер). – Алматы: Жазушы, 1988. – 650 бет.
3. Шәкәрім. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 321 бет.
4. Яссауи. Диуани хикмет. – Алматы: «Отбасы христоматиясы», 2021. – 144 бет.

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ТУҒАН ЖЫЛЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР

**Берік Байболов,**

*«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы  
Ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы*

**Ұлықбек Жүнісбаев,**

*«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы  
Ғылыми-зерттеу бөлімінің кіші ғылыми қызметкері  
Қазақстан, Түркістан қ.*

**Андатпа.** Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауидің неше жыл ғұмыр кешкендігі жөнінде «Диуани хикметтің» бірнеше нұсқаларынан, Орын Қойлақының және Ахмет Ясауидің бауыры Садыр шайыхтан тарайтын, тәжіктер арасында жаһри зікір үлгісін насихат қылған Зуннун Уәли ұрпақтарының парсы тілінде жазған насабнамаларынан, отандық және шетелдік ғалымдардың жарық көрген еңбектерінен деректер келтіріліп, Ахмет Ясауидің қайтқан жылы нақты белгілі болуына байланысты туған жылын тағы 60 жылға ары қарай созу турасында ғылыми тұжырымдама ұсынады. Және де сол ғылыми тұжырымдаманың негізінде бәлкім Ахмет Ясауи бабаның туғанына 930 жыл емес екені түзетіліп, алдағы жылдарда 980 жыл толатыны атап өтілсе делінеді.

**Кілт сөздер:** Әзірет Сұлтан, Ясауи әулеті, Насабнама, қолжазба шежіре.

**Annotation.** This article provides data on how many years Khoja Akhmet Yasawi lived, from several versions of «Diwani Hikmet» and Nasabnama, written in Persian by descendants of Zunnun Wali, who descended from the brother of Oryn Koilaki and Akhmet Yasawi Sadyr Shayykh, propagandizing the Jahri zikr model among Tajiks, from published works of domestic and foreign scientists, and The theory is also put forward that the year of birth of Ahmet Yasawi is not 60 years old, but even more. And based on this scientific concept, it will probably be proved that not 930 years have passed since the birth of Ahmed Yasawi, but 980.

**Key words:** Aziret Sultan, Yasawi dynasty, Genealogy, handwritten genealogy.

Түркі әлемінің рухани көшбасшысын заманында «Әулиелердің сұлтаны» (Султан ул-арифин), «Түркілердің сұлтаны» (Султан-и Турки), «Бақытқа ашылған қақпа» (астана-и саадат), «Рухани тіректердің ұстазы» (кутуб ул-ақтаб), «Шайхтардың шайхы» (шайх ул-машайих), «Түркі елінің пірі» (пир-и Туркистан), «Әзіреті Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи» ретінде танылғаны тарихтан белгілі.

Халықтың ерекше ілтипатына ие болып, «Әулиелер Сұлтаны» атанған, кейінгі ұрпақтың да руханият әлеміндегі бағдарын айқындауда жетекші рөл атқарған Қожа Ахмет Ясауи артына баға жетпес байлық, өшпес мұра қалдырып кеткені белгілі. Әулиенің ізіне ерген шәкірттері Түркістан атырабынан асып, оның ілімін төрткүл дүниеге мәшһүр етті. Алайда, ғылым әлемінде осы күнге дейін Қожа Ахмет Ясауидің туған жылы, неше жыл ғұмыр кешкендігі жөнінде ғалымдар бір байламға келген жоқ?.

Бізге жеткен деректер бойынша ұлы ұстаз 1093 жылы Сайрамда туылып, 1166/67 жылы Түркістанда дүние салды деп жазады. Сонда ғұлама 73 жыл өмір сүрген. Келесі деректерде Қожа Ахмет Ясауи 1103 жылы туылып, 1166/67 жылы қайтыс болды» [1.6] – деген мәліметтер кездеседі. Демек, ұлы ұстаз 63 жыл өмір сүргендігін аңғаруға болады.

Қожа Ахмет Ясауидің артында қалған көл-көсір еңбектерінің бірі һәм бірегейі «Диуани хикмет» кітабында өзінің 125 жыл өмір сүргендігін жазып қалдырған. Отандық ғалымдар М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы М.Шафиғидің «Ақыл кітабында»:

Хақ тағала рахымымен пәрмен қылды,  
Естіп оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Алпыш үште сүндеттерін бекем тұтып,



Естіп оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Жер үстінде өлмес бұрын тірі өлдім,  
Алпыс үште сүндет деді естіп білдім.  
Жер астында бар жаныммен құлдық қылдым,  
Естіп оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет  
Жарандардан пайда, көмек ала алмадым,  
Жүз жиырма беске кірдім, еш нәрсе біле алмадым.[2.35]

«Әзірет Сұлтан» музей-қорығының алғашқы қор сақтаушысы О.Дастановтың 1967 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Әулиелі жерлер туралы шындық» атты кітабында «Қожа Ахмет Ясауи Мұхаммед пайғамбардың жасына келген соң жер астынан үй (ғибадатхана) салдырып, мұнда тағы да алпыс екі жыл өмір сүріпті» [3.35] – деген пікір білдіреді. Музей-қорықтың қорында сақталған 1847 жылы көшірілген «Диуани хикмет» қолжазба кітабында:

Алпыс үште дауыс жетті: «Ей, құл, жерге кіргін деп,  
Жаныңмен де, жараныңмен қоштасып ап жүргін деп.  
«Һу» семсерін қолға алып нәпсіңді жой біртіндеп»,  
Бір уа Барым, сенің дағы дидарыңды көрем бе? [4.31] десе мына хикметте:  
Тәң сәріде дүйсенбі күні қылуатке кірдім,  
Мұстафаны аза тұтып ендім жерге.  
Алпыс үште «сүннет», – деді, естіп тұрдым,  
Мұстафаны аза тұтып ендім жерге! [5.22].

Демек, Қожа Ахмет Ясауи алпыс үш жаста дүниеден өтпегендігін дәлелдейтін хикметтерде осындай өлең жолдары кездеседі.

Қожа Ахмет Ясауи әулетінің шежіресі болып табылатын «Насабнама» қолжазбасының 80-ге жуық түрі ғалымдар зерттеулері нәтижесінде анықталған. 1988 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының тұрғыны Сәруаров Қуандық ақсақалдың үйінде сақталған «Насабнама» шежіресі табылған болатын. Қолжазбаны 1992 жылы белгілі текстолог ғалымдар Ә.Муминов, З.Жандарбек шағатай тілінен қазақ тіліне аударып, кітап етіп жарыққа шығарды. Сол Насабнама шежіресінде: «Ясауи Ахмет Қожа ата 120 жыл өмір сүрді. Он екі мың атақты муридi болды. 40 қылуатханасы бар еді. Қылуатке кіріп, 41-ші күні шығатын еді. Ясауи Ахмет Қожа Қағбаға барып намаз оқитын еді» [6.29] – деген деректерді кездестіруге болады.

Үстіміздегі жылдың қаңтар айында Қырғызстан Республикасы, Жалалабад облысы, Алабұқа ауданында Қожа Ахмет Ясауи әулетінің өкілдері Тажиддинов Минавар ақсақал (76 жаста), зайыбы Тажиддинова Мадина (66 жаста), ұлы Тажиддинов Муслим (48 жаста) музей-қорық әкімшілігіне келіп, бабаларынан жеткен Қожа Ахмет Ясауи әулетінің парсы тілінде жазылған ұзындығы 40 метрге жуық «Насабнама» шежіресін таныстырып, қолжазба шежіренің электронды нұсқасын музей қорына сый ретінде өткізді. Шежірені Тажиддин ақсақал қартайған шағында әулетке түскен жас келін Рахилаға сандықта сақтап, келесі ұрпаққа жеткізуді аманаттаған екен. Шежірені сақтаған Рахила апа бұл күндері 93-ке келіп, әулетін жинап, «Насабнаманы» Тажиддинов Минавар ақсақалға табыстаған. Шежіреде Қожа Ахмет Ясауидің және зайыбының шыққан тегі жайлы мәліметтер, ұлы Ибрахим, қызы Гауһар хұштаж, күйеу баласы Ахмет әл-Қарачуки есімдері жазылған. Музей-қорықтың кіші ғылыми қызметкері Ұ.Жүнісбаев пен ясауитанушы-ғалым З.Жандарбек шежіренің XX ғасырдың басында көшірілгендігін, көптеген басқа шежірелерде жоқ мәліметтердің бар екендігін алға тартты. Аталмыш шежіреде:

بیان اولاد سلطان صدیر شیخ ابن خواجه ابراهیم ااتا که برادر عینی حضرت سلطان خواجه احمد یسوی میباشد شمه از مناقب حضرت سلطان العارفین خواجه احمد یسوی آنکه مدت عمر ایشان صد وبست سال بوده شصت و سه سال در خانقاه بیرون چون آفتاب در مسند افاده وهدایت |...| خلایق را از حسیض تقلید بذروه تحقیق رسانیده واصل بقرب کبریا کردند بعد ازان متابعت بحضرت سرور کاینات نموده در خلوتگاه چون آفتاب غروب نموده پنجاه وهفت سال دران خلوتگاهی زمینی معتکف شده محرم اسرار الهیه گشته چندین هزار مخلصان را بمرتبه ولایت وکرامت رسانیده مُرشِد

صمدانی ساختند درین مدت صد و بیست<sup>90</sup> سال همه دم صاحب و مجالسة بحضورت خضر والیاس علیهما السلام میگردند در بعض مناقب حضرت سلطان خواجه احمد یسوی مذکور است که نزد حضرت سلطان در خلوتگاه هذار مردان واصلین بحق تعالی و تقدس میبودند یعنی همیشه آن هزار اولیا با همراهی حضرت سلطان خلوت نشین بودند در مدت صد و بیست<sup>91</sup> سال نود و نه هزار مرید را بمرتبه شیخوخت رسانید بدست خود ارشاد داده واصل بحق گردانیدند

*Аудармасы:* «Хазірет Сұлтан Ходжа Ахмед Ясауидің нақ бауыры Ходжа Ибраһим Атаның ұлы Сұлтан Садыр шайх әулетінің баяны. Арифиндердің Сұлтаны Ходжа Ахмед Ясауиге берілген сыйлардың бір бөлігі – ол 120 жыл өмір сүрді. 63 жылын сыртта күн жарқырап түсіп тұратын ханакада халайықты тура жолға салып, ең төменгі сатыдан жоғары сатыға жеткізіп, Ұлық Аллаға жақындауға жеткізді. Одан кейін ғаламның сардарының соңынан еріп, күн көзі көрінбейтін, жер асты қылуетханасында иғтикаф қылып, Иләһи сырларға үңіліп, мыңдаған мухлистарды әулиелік дәрежеге жеткізіп, муршид жасады. Осы 120 жыл өмірінде хазірет Хызыр және Иляс ғаләйһима әс-сәләмдармен бірге сұхбаттас болды. Хазірет Сұлтан Ходжа Ахмед Ясауидің кейбір Манақибтарында Хазірет Сұлтанның қасында қылуетханада мың ерлер Ұлық Хаққа жетті, яғни ол мың әулие әрқашан Хазірет Сұлтанмен бірге қылуетте отырды. 120 жыл өмірінде 99 мың мүридті шайхылыққа мәртебесіне жеткізіп, иршад беріп Хаққа жеткізді» - деген деректерді кездестірдік [7].

Түркістандық ақсақал Нажимов Оразбай Сейдрахманұлының отбасында сақталған «Насабнама» шежіресінде де бізге беймәлім деректерді кездестірудің мүмкіншілігі туды. Шежіре сегіз метрге жуық. Шағатай тілінде жазылған. Шежіреде Қожа Ахмет Ясауидің 120 жыл өмір сүргендігі, ұлы Ибраһим (бала күнінде Сүйір әулеті өкілдерінің қолынан қаза тапқан), қызы Гауһар хұштаж және Жәмилә есімді қызының бар екендігі жазылған. Шежіредегі деректерді одан әрі нақтылау үшін М.Е.Массонның «Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви» кітабында: «В городе Туркестане до 1896 года недалеко от мавзолея Ходжа Ахмеда существовал мазар, якобы, его дочери Джемаль-ханым, а за городом и до сих пор стоит невзрачное сооружение на могиле другой его дочери Гаухар-хуштадж» - деген мәліметтер бар [8,30].

Онымен қоса, А.Добромысловтың 1912 жылы Ташкентте жарық көрген «Города Сырь-дарьинской области» кітабында да дәл осындай деректерді кездестіруге болады. Түркістандық ақсақал Нажимов Оразбай Сейдрахманұлы Қожа Ахмет Ясауидің шежіреде айтылған екінші қызы Жәмиләдан тарайтын әулеттің өкілі. Өкінішке орай, кеңес үкіметі кезінде бабалары көп қудалау көргендіктен, Ясауи әулетіне қатысты бірнеше қолжазбаларды сандық түбінде тығып сақтау қажет болғанын айтады.

Зерттеулердегі «Насабнама» шежіресінде Қожа Ахмет Ясауидің 120 жыл өмір сүргендігін деректер нақтылай түседі. Ал жоғарыда айтылған хикметтерде Қожа Ахмет Ясауидің 125 жыл өмір сүргендігі нақты жазылады.

Қосымша деректерді саралай келе, 2014 жылы «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы дайындаған «Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, эпсана, хикаялар» кітабында да ұлы тұлғаның неше жыл өмір кешкендігі жөнінде мәліметтер кездеседі?. Онда «Қожа Ахмет Ясауи 120 жыл өмірі болды. Он екі мың сейіттері мен мүридтері болды. Қырық қылуетханасы бар еді. Қылуетке кірер еді. Қырық бірінші күні шығар еді» - деген деректер жазылады [9,31].

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи 1093 жылы туылып, 1166/67 жылы қайтыс болса, 73 жас өмір сүргендігі шығады. Ал 1102 жылы туылып, 1166/67 жылы қайтыс болса, 63 жыл өмір сүрген. Ал 120 жыл өмір сүргендігіне көз жеткізу үшін, әдебиеттерде келтірілген туған жылы 1093 ж., 1102 ж. емес, керісінше одан әрі 1046 жылға сәйкес келеді. Қайтыс болған 1166/67 жылы нақты деуге болады. А.Добромысловтың 1912 жылы Ташкентте жарық көрген «Города Сырь-дарьинской

<sup>90</sup> بیست

<sup>91</sup> بیست

области» кітабында Қожа Ахмет Ясауи хиджра жылы бойынша 562 біздің жыл санауымыз бойынша 1166-1167 жж. қайтыс болды» - деп жазады [10, 108].

Сонда Қожа Ахмет Ясауи 1046 дүниеге келіп, 1166/67 жылы қайтыс болған. Сонда «Диуани хикмет», «Насабнама» шежірелерінде жазылған деректерде 120 жыл өмір сүрген уақыты нақтыланады. Жоғарыда айтылған деректерді саралай келе, Қожа Ахмет Ясауидің туылғанына биыл 930 жыл емес, керісінше 978 жыл толып отыр. 2026 жылы Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 980 жыл толады деген тұжырым жасаймыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. О.Дастанов «Әулиелі жерлер туралы шындық». Алматы. 1967.6.
2. М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы М.Шафиғи, «Ақыл кітабы». Алматы. «Өнер баспасы».2007. 35.
3. О.Дастанов «Әулиелі жерлер туралы шындық». Алматы. 1967.35.
4. Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикмет»: Кітап. Кітапты шағатай тілінен аударғандар: К.Асетова, Т.Қыдыр. Көркем аударма жасаған: Кенжеғали Көшім-Ноғай. – Алматы: «Издательство Золотая Книга» ЖШС, 2021.31.
5. «Жетпіс хикмет». Жауапты редактор: Н.Ахметжанов. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі. 2017.22.
6. Ә.Муминов, З.Жандарбеков «Сафи ад-дин Орын Қойлақы. Насабнама», Түркістан, «Мұра», 1992. 29.
7. «Насабнама» шежіресі. Қырғызстан Республикасы, Жалалабад облысы, Алабұқа ауданы. 1910. Аударған: Ұ.Жүнісбаев
8. М.Е.Массон «Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви». «Жібек жолы» баспасы.2000.С.30
9. «Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, эпсана, хикаялар». Баспаға дайындаған-филол.ғылым.канд. Б.Қорғанбеков. Алматы. Эффект. ЖШС. 2014.31.
10. А.Добромыслов «Города Сырь-дарьинской области». Ташкент.1912.С108.

**Қ.А. ЯСАУИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ  
ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ТҮРКІ ТАРИХЫНДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
«ХИКМЕТТЕРІНІҢ» АБАЙДАҒЫ «ҚАРА СӨЗДЕРМЕН» САБАҚТАСТЫҒЫ**

**Қ.Р. Қаратышқанова,**

*Халықаралық туризм және меймандостық университеті, қауымдастырылған  
профессор м.а, философия ғылымдарының кандидаты,  
Қазақстан, Түркістан қ. [k.karatyshkanova@iuth.edu.kz](mailto:k.karatyshkanova@iuth.edu.kz),  
<https://orcid.org/0000-0001-5722-81231>*

*Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант № АР19680093)*

**Андатпа.** Зерттеудің мақсаты – Қожа Ахмет Ясауидің түркі өркениетіндегі рөлін көрсете келе, оның көзқарастары мен Абайдың «Қара сөздеріндегі» діни-философиялық ұғымдардың сабақтастығын айқындау. Түркі халықтарының тарихында сопы-ойшыл Қожа Ахмет Ясауидің рөлі бағамдалып, «хикметтердегі» өмірмәнді құндылықтық аспектілерге ерекше назар аударылады. Қожа Ахмет Ясауи мен Абай шығармаларындағы өлім, білім, мақсат, таухид, махаббат сынды концепттердің сабақтастығы көрсетіліп, талданады.

**Кілт сөздер.** Құран, Қожа Ахмет Ясауи, Абай, таухид, хикметтер, махаббат, білім, Қара сөздер.

**Annotation.** The purpose of the study is to identify the role of Khoja Akhmet Yasawi in Turkic civilization, to determine the continuity of his views and religious and philosophical concepts in Abai's "Words of Edification". The role of the Sufi thinker Khoja Akhmet Yasawi in the history of the Turkic peoples is assessed, special attention is paid to the life aspects in the thinker's "Hikmets". The continuity of such conceptual concepts as death, knowledge, purpose, unity, love in the works of Khoja Akhmet Yasawi and Abai is shown and analyzed.

**Key words.** Koran, Khoja Akhmet Yasawi, Abay, tawhid, Hikmets, love, knowledge, Words of Edification.

Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған және оның есімімен аталған ясауилік жолы сүннет, сопылық және хорасандық маламатилік ілімдеріне негізделіп, түркілік болмыстың барлық дерлік қырларын көрсете білді. Қалаларда низамия медреселерінде, далада көшпенділер арасында жазбаша да, ауызша да тараған «хикметтері» арқылы өзіне лайық Пир-і Түркістан атағын алған Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарының рухани өрлеуінің жолбасшысы болды. Осы жолда түркілер армандаған бақытты өмір мен табысты мемлекеттік құрылым жүйесін жасап берді. Аббастық дәуірдегі исламдық ренессанстың қалыптасуы мен дамуына түрткі болған түркілік ой-сана төңкерісіне ықпал етті. Дүниеге түркілік сопылық поэзиясының «піріне» айналған Юнус Эмре, Джаладдин Руми, Нияз-и Мысри, Жүсіп Баласағұни, Джами, Науаи, бірқатар

анадолылық акын-ойшылдарды келтірген ясауилік рухтың қайнар көзі Құран мен сүннет болды.

Оның жетекшілігімен жүзеге асырылған түрік сопылық әдебиеті өнімдері ислам әдебиетінде ерекше орын алып, маңызды кеңеюді қамтамасыз етті. Фуад Көпрүлү Ахмед-и Ясауидің түрік тарихындағы маңыздылығын мынандай пікірлерімен білдіреді: «Қожа Ахмет Ясауи шығармаларында басты әрі маңызды негізгі екі нәрсе көзге түседі: исламдық, яғни діни-сопылық ерекшелік пен ұлттық, яғни халық халық әдебиетінен алынған элемент. Исламдық ерекшелігі негізінен шығарманың тақырыбынан, мазмұнынан, мағынасынан орын алса, ұлттық ерекшелік керісінше, өлеңнің пішінінен, түрінен, өлшемінен орын алды. Исламды жаңадан қабылдаған және бұл діннің негізін түсінуге ұмтылған түркілер пішімі, пошымы жағынан өздеріне ешқандай да жат емес бұл шығармаға үлкен баға берген еді [1,160]. Оған дейін түркілер арасында сопылықпен айналысқан тұлғалар болған. Бірақ олар не парсы мәдениетінің ықпалымен ірі ислам орталықтарында парсыланды, не жаңа дінді тарату үшін үлкен түркі бұқарасына қосылып, сол жерде ұмыт болды. Олардың ешқайсысы өздерінен кейін өмір сүре алатын және жалғасатын күшті орната алмады. Бірақ Қожа Ахмет Ясауи өзінің мықты болмысымен түркілер арасында ғасырлар бойы өмір сүрген үлкен тариқат негізін қалады. Ясауилік – түркілер арасында алғаш құрылған тариқат.

Сопылық дүниетаным мен дәстүрдегі басты мақсат – адамның теріс сипаттардан арылып, жан дүниесін тазартып, Алла тағалаға рухани жақындау арқылы Өз.Пайғамбарымыз үлгісін көрсеткен кемелділіктің ең көркем және ең жоғары үлгісі кемел адам халіне жету, «Шын мәнінде сен әлбетте ұлы мінезге иесің» (Қалам, 68/4). Сол асыл мақсатқа жетуді түркі жұртына ортақ әулие-дана Қожа Ахмет Ясауи де, қазақтың бір туар ақыны, кемеңгер данышпаны Абай Құнанбайұлы да көздеді. Абай Құран Кәрім, хадистер мен сопылық ілімінен нәр алып дүниеге келтірген «Қара сөздерінде» осы биік мақсатқа жетудің сырларын, қиыншылықтарын түсіндіреді, сонымен бірге, рухани жетілуді қалайтын әр адамның жолын түзейтін, жақсы мұсылман, бақытты тұлға, қоғамға пайдалы болуды көрсететін кеңестер беріп ашықтайды. Ең алдымен, адамзат кеселіне айналған дүниеқұмарлық пен уайымсыздықтың ой-сананы жегідей жеп түбіне жеткенін айтады.

21 қара сөзінде «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас. Әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемеске керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білместіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады». Абай ойды бұзатын дерттерді: дәулет үшін білімді құмарту, я бір нәрсеге құмарлық... бұлар күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер» [2, 41], - деген Абай кімнің тура жолда екенін, кімнің адасқанын тек ақыл мен ғылым құндылығымен берді.

**Өлім.** Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде дін заңдарының маңыздылығын, екі дүние аражігін ажыратып көрсетуде осы «өлім» түсінігімен көрсетеді. Хаққа ұнаған амалдың тек дін заңдарына қайшы келмеуі керектігімен беріп, арғы дүниенің жауапқа тартатындығымен маңыздығын алға тартады:

Хор қызбен өмірлі боп "өлім" деген,  
Олжа ма, ораза тұтсаң, бөлінбеген!  
– Хақ жомарт лайықты пендесіне,  
Көсіліп жатар ертең көрің де кең! [3,120].

Дүниені билеп-төстеп тұрса да,  
Жиһан малын жинаса да мұншама,  
Өмір бойы сауық-сайран құрса да,  
Өлім келсе, бірі де опа болмайды [3,149].

Алла мен адам бетпе-бет өзара делдалсыз келетін уақыты сахар уақытының өлімді еске түсіретінін мына хикметтерінде айтады:

Саһар уағында тұрғайсың, өлімді еске алғайсың,

Қорқыныштан "көкке" ұшқайсың саһар уақыты ішінде [3,407].

Исламда иман негіздерінің мәні тағдыр мен ахиретке сенуге құралатынын Абай былай жеткізеді: «Жұрттың бәрі біледі өлетұғынын және өлім үнемі қартайтып келмейтұғынын бір алғанды қата жібермейтұғынын. Қазақ осыған да амал жоқ нанады, анық өз ойына, ақылына тексертіп нанбайды... және һәмманы жаратқан құдай бар, ахиретте сұрау алады, жамандыққа жазғырады, жақсылыққа жарылғайды, жазғыруы да, жарылқауы да пенде ісіне ұқсамайды, бегірек есепсіз қинауы да бар, бегірек есепсіз жетістіруі де бар деп – бәріне сендік дейді» [4].

Ия, бірде-бір заманауи ғылым сырын аша алмай отырған ахиреттік дүние сырын ашу дін ғұламаларының еншісінде. Абай да Қожа Ахмет Ясауи сынды «өлім келсе, бірі де опа болмайтынын», барлығын жаратқан Құдай тағала жақсылықты да, жамандықты да жаратқанын, алайда оны жасау пенденің еншісінде екенінен сөз қозғайды. Қожа Ахмет Ясауи өз заманының дүниеқоңыз бай-манаптарын, билік адамдарын сынаса, Абай да махшардың дүние мен мансапқа қызыққандар үшін дайындаған тозақ барын еске түсіреді. «Махшарға барғанда құдай тағала қажы, молда, сопы жомарт, шейіт соларды қатар қойып сұрар дейді. Дүниеде ғиззат үшін сый-құрмет алу үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола, бір ғана құдай тағаланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді» деп топшылайды.

*Білім - адамзат үшін парыз.* Қожа Ахмет Ясауи «хикметтерінде» кемел адамның жолын суреттей отырып, рухтар әлемінен туған, дүниелік сапарындағы мақсатын білетін, кездесетін қиындықтарды жеңуге бел буған және кімнің кім екеніне жол көрсететін ескертулер береді. Бұл ақыл-кеңестер сопылық ілімнің рухани тәрбиесі кезінде адам бойында болуы тиіс ізгі қасиеттер туралы болса, олардың қайнар көзі Құран Кәрім мен хадистер. Қожа Ахмет Ясауидің еңбектерінде Құран мен Сүннеттің әрқашанда өзекті және жалпыға ортақ қағидаларына сүйене отырып сөз еткен адами құндылықтар туралы кейбір тұжырымдары Құран сөзімен сабақтас келеді: Құран аятында білімнің болуы және оқу мен үйрену адам баласы үшін парыз екені айтылады. «Сондай Жаратқан Раббыңның атымен оқы!» (Алақ, 96/1); «Білгендер мен білмегендер тең бола ма?,-де. «Шын мәнінде ақыл иелері ғана үгіт ала алады» (Зүмәр, 39/9). Адам білімге мұқтаж және білім алуға қабілетті. Егер олай болмаса, Алла тағала пайғамбарлар жібермес еді. Түркі-ислам тархындағы барлық дерлік жетістіктер басында білімге деген құштарлық тұрды, ол «хикметтерден» де айқын көрінді:

Алла деп алып білім, тәлім көрдім,

Анадан қайта туған сәби болдым.

Арылып күнәсінен пәни жолдың,

Адалдық мақамына қайттым міне [3,38 бет].

Бір ием білім берді беделді етіп,

Жер-көктен шайтан безді жеделдетіп.

Шалқыдым шарап ішіп өлендетіп,

Қашан да хақтан сабақ алдым міне [3,78 бет].

Білімді ғашық сүйіспеншілігіменен қиямет күн

Құдайына есеп-жауап береді екен.

Бұл ғаламда тартқан қорлық, жапаларын

Көкірегінен жарып алып, алланың қасына апарады екен [3,411 бет].

Қожа Ахмет Ясауидің қырық мақам ішінде де мағрипаттың ғылым-білім алу мақамы бар:

Шариғаттын базарында сайран салдым,  
Білімнің бақшасында қайран қалдым.  
Тариқаттың сарайында тайраңдадым.  
Хақиқаттың есігін аштым, достар [3,325 бет].

Абай «қара сөздерінде» кемел адамның өмірлік жолын сипаттай отырып, дүниелік өмірінде кездесетін қиындықтарды жеңуге бел буғандарға ескертулер береді. Бұл ақыл-кеңестер сопылық ілімнен рухани тәрбие алған адам бойында болуы тиіс білім мен ғылымға қатысты ізгі қасиеттер десек, олардың қайнар көзі - Құран кәрім мен хадистер. «Кімде-кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық құмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы – олар да бірдей болмайды» [2,48 бет], яғни пенде шын ниетімен амал жасап, құдайдың разылығын алу үшін ниетте болады.

**Мақсат қою.** Даму қалау мен күш-жігерге байланысты. Адам алдына биік мақсаттар қою арқылы дамиды. Жетістікке жетуге құштарлық пен толқу бар, мұраттарын біліммен және тәжірибемен нәрлендіретін және болашаққа парасатты көзқараспен қарайтындар өз мақсаттарына жетеді. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін нағыз ақылдылар, даналар түсініп, түпкі мақсаттарына жарататынын баяндайды:

Менің хикметтерімді даналар есітсін,  
Сөзімді дастан қылып, мақсатына жетсін [3,435].

«Бір жек көрген нәрселеріңнің Сендер үшін хайырлы болуы мүмкін. Және жақсы көрген нәрселеріңнің сендерге жаман болуы да мүмкін. Алла Тағала біледі, сендер білмейсіңдер» (Бақара, 2/216.) аяты жамандық деп көрген нәрсенің бізге жақсылық әкелетінін ескертеді. Адам даму мен ілгерілеу жолында тосқауылға тап болса, берілмеуі керек. Мүмкіндіктер әрқашан өздерін дұрыс көрсете бермейді. Объективті және оң көзқараспен қарауды білетіндер «Әр мәселе шын мәнінде мүмкіндік» деп біледі. Олар өз түсінігімен мәселелерді пайдасына айналдыра алады. Абай қазақта «Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың» деген бар дейді [2,58]. Яғни, «әр нәрсенің өлшеуін білу – бір үлкен керек іс. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады». Пайда мен зарарды айыратығын қуат – ақылды иелену Абайда міне осы мақсат.

**Таухид (Бірлік идеясы).** Ислам дінінің ең негізгі қағидасы – Алланың бірлігін қабылдайтын таухид. Діннің негізі таухид болса, адам баласына тек Аллаға ғана құлшылық ету, Одан басқаға құл болмау, басқа болмысты жарылқамау міндеті жүктеледі. Сондықтан исламда адамдарға артықшылық бермей және діні, нәсілі, түсі, тілі немесе лауазымы сияқты айырмашылықтарға қарамастан, тапсыз теңдік идеясы басым келеді. Бауырластық, теңдік, әділдік, татулық сияқты ұғымдар осы түсінікке байланысты. Негізінде Құран Кәрімде: «Әй, адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқындар» аятында (Ниса, 4/1) барлық адамдардың жаратылыс жағынан бір және тең екендігі айтылады. «Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың тақуалыларың», аятында (Хужурат, 49/13) дүниелік өлшемдер бойынша адамдар арасындағы кез-келген асыра сілтеушіліктің дұрыс еместігі айтылады. «Хикметтерде» таухид, бірлік қағидасын алшақтатпай қабылдап, теңдік ұғымын келіспеушіліктерге алаңдамай қабылдау арқылы адамдардың қарым-қатынасы қорғалып, қоғамның бірлік пен ынтымағына ұластыруы мүмкін:

"Бір құдайдан қорыққандар, бірлік қыл!"  
- деді расул, әй, Ахмет, тірлік біл.  
Қабыл қылмай, Сүрия \* бағы сырғып тұр,  
Қашан білер пір қадірін надан ел? [3,132]

Ол мақамда Таухид атты дарақ бар,  
Саясында құлдар пырақ жаратқан.  
Әр бұтақтың мың жыл жарық таңы атқан,  
Әрқайсысы өз орнында мекендер [3,133].

Абай «Тасдиқ» кітабында «Біз Алла тағалаға «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демеклік те – ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демеклік те Алла тағалаға лайықты келмейді. Оның үшін мумкинаттың ішінде не нәрсенің үжуді бар болса, ол бірліктен құтылмайды. Әрбір хадиске айтылатұғын бір хадимге тағриф болмайды. Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам Алла тағаланың ішінде. Мұны Құдай табарака уа тағала кітаптарда сегіз субутия сипаттары бірлән, уә тоқсан тоғыз әсма-и хусналар бірлән білдірген» [2,10 бет] деуімен ақыл «бір» ұғымын ақыл түсінетіндей Алла тағалаға сипаттай қолданатынымызды, дегенмен ақыл жаратылғандықтан тәні бардың барлығына бір сөзін қолдана алатынымызды, ал сол үшін Құранда сегіз субутия сипаттарымен Алла тағала танытылғанын алға тартады.

**Махаббат.** Ақыл мен білімнің болуы маңызды, бірақ адамды жетілдіретін, оның бойындағы барлық жамандықты жойып, оны биіктететін ең басты құндылық – махаббат. Сондықтан махаббат жердегі және о дүниелік бақыттың кілті, қоғамдағы тыныштықтың қайнар көзі және әрбір адам бойында болуы керек өмірлік қажеттілік. Қожа Ахмет Ясауи махаббаттың тартымды күшімен адамдар арасындағы қарым-қатынас жақсарып, араздық достыққа айналады, ал ықыласы барға Алла тағала жақын құлынан болуды жазады:

Ықыласыңмен, Құл Ахмет, байлап бел,  
Махаббаттың отын жұтып, жайнап бер.  
Жағанды ұстап, таң атқанша сайрап көр,  
Рахым қылса, мүмкін, жақын пенде етер [3,134]

Адам жаратылысы – тән (қайрат), жан (жүрек), ақыл арқылы түгелденіп, оның өзіне ғана тән адамгершілігі – ақыл мен жүректен шығатын қасиеттер арқылы қалыптасады. Яғни нағыз адамгершілік – ақыл, әділет, рақым қасиеттерін қамтитын жәуанмәрттік арқылы жетіледі. Зерттеуші М.Әліпхан Абайда осы адамгершілік қасиеттің биік шыңы – имани гүл болып, Абай шығармаларындағы имани гүл – Алланы, адамзатты, әділетті сүю деп береді. Толық адам танымы – Абай жырлаған адамгершілік ілімнің сырт құбылысы болса, имани гүл-үш сүю – оның ішкі мәні мен өзегі болады [5, 9].

**Қорытынды.** Қожа Ахмет Ясауидің Құран кәрім, хадистер мен сопылық ілімінен нәр алған ой-пікірлері сегіз ғасырға жуық уақыт өтсе де, түркі әлемінің назарын өзіне аударған тарихи де, заманауи де, жолбасшы бола білген маңыздылығымен еліктіреді. Қожа Ахмет Ясауидегі адамдардың ішкі дүниесінің байытатын үгіт-кеңестер қазіргі таңда да өзектілігімен маңызды және адамдарды дүниеде де, ақыретте де бақытқа жетелейтін қуатқа ие.

Сол кезде де қазіргідей Қожа Ахмет Ясауидің «хикметтері» панасыздарға пана болды, жапа шеккендерге жұбаныш болды:

Баяндап, хикмет айтып бісмілдамен,  
Дүр-ғауһар шәкірттерге шаштым міне.  
Еркіммен қан жұтып, шер құштым да,  
мен "Екінші дәптер" сөзін апштым міне [3,35].

Ақыл – иманның қорушысы. Ақылды, иманы берік адам ешбір жамандыққа, сатқындыққа, жауыздыққа бармайды. Адамды арсыздық пен арбау әлемінен тек ақыл мен сенім ғана ажыратады. Демек, хикметтің мазмұнын имандылық, парасаттылық, әділдік, адалдық, бір сөзбен айтқанда, ахлақ құрайды [3, 273]. Абай, руханият әлеміне жол ашқан Қожа Ахмет Ясауидің «хикметтерімен» үндес болып, «қара сөздерінде»



ақыл мен мейірімді аса құрметтеуімен адамның жаратылыстағы орнына жоғары баға берді:

"Әна Әлхақтың" мағынасын білмес надан,  
Дана керек бұл жолдарға пәк, мардан.  
Ақылды құлдар хақ жолын жадына алған,  
Жаннан кешіп, жаратқанды сүйдім міне [3,223].

Хақ алдында ақылы кәміл түк қыла алмас,  
Ғашық өрті лапылдаса, жанды қоймас.  
Көбелектей отқа түсіп, өзін білмес,  
Бұл сырлармен дүниеден тойдым міне [3,229].

Дүниені кезген нәпсінің тойымы жоғын, өмір мәні бұл еместігін алға тартқан бұл өлең жолдарында Абай өзін-өзі танудың, ішке үңілудің, ішкі «менді» зерттеп білудің кемелдену, ғылыми таным үшін қажеттілігін айтады.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Көпрүлү Ф. Түркі әдебиетінде алғашқы сопы-ақындар. Аудармашы К.Коч. Түркістан, 2017. -176 бет.
2. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. Қара сөздер, аудармалар, поэмалар. – Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2020. – 234 стр.
3. Қожа Ахмет Йасауи Хикмет жинақ. Аудармасын жасағандар — Мұхамедрахым Жармухамедұлы, Мақсұт Шафиғи, Сәрсенбі Дәуітулы. Алматы:ЖШС «Жалын», 1998, 656 бет.
4. <https://abai.kz/post/6>
5. Әліпхан М. Абайдағы толық адам танымы – М.Мырзахметұлының ғылымдағы зор жаңалығы /Türkologia, №2(110), 2022. 10-29 бб.

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ РУХАНИ ТАНЫМ

Светлана Күзембаева,

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Философия кафедрасының аға оқытушысы*

**Андатпа.** Ғылыми мақалада Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі рухани таным ұстазы Арыстанбаб жиі еске алуымен айқындалып, ойшыл ұстазының айтқандарына зейін қойып, ой қортуды ұсынғандығы баяндалады. Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикмет» еңбегінде өз заманының шындығымен қоса, өз өмірінің бүкіл болмысын, ғұмырлық тәжірбиесін, ізденістерімен құлшыныстарын, Алланың ақ жолын Ақиқат жолын табу мен тану үшін не істеу керектігін өлеңдік өрнекпен, ғұламалық тереңдікпен, шын мұсылмандық ұғыммен ой түйеді. Ақын хикметтерінде әділетсіздіктен, зұлымдықтан сақ болуға шақырады. Қожа Ахмет Ясауи үшін Хақ жолы – адамның рухани кемелдікке жету жолы, адамның адамгершілік қасиеттері мен өмір сүру жолы. Адамның руханишылығы оның адамгершілік қасиеттер иман түрінде көрінеді. Иман адамның өмір сүру амалы, адами желінің шеңбері, рухани қор жинайтын құралы болып табылады.

**Кілт сөздер:** Алла, Аллаға құлшылық, Аллаға шынайы сүйіспеншілігін ислам, сопылық таным, ақиқат, хикмет, философия, адамгершілік қасиеттер, наным-сенім, имандылық, мейірімділік, кешірімділік, жанашырлық.

**Annotation.** The scientific article notes that the teacher of spiritual knowledge in Hikmet, Khoja Ahmed Yasawi Arystanbab, often recalled and suggested concentrating and comprehending what the thinker said. Khoja Ahmet Yasawi in his work "Diwani Hikmet" reflects on the realities of his time, on the whole essence of his life, on his life experience, his searches and aspirations, on what needs to be done to find and know the path of truth of Allah, with poetic expression, with humane depth, with a truly Muslim concept. The poet urges to be afraid of injustice, evil in his hikmet. For Khoja Ahmed Yasawi, the path of the ISA is a person's path to spiritual perfection, moral qualities of a person and the path to life. A person's spirituality is manifested in his moral qualities. Faith is a way of human life, a circle of human network, an instrument of spiritual accumulation.

**Key words:** Allah, worship of Allah, true love for Allah, Islam, Sufi knowledge, truth, Hikmet, philosophy, moral qualities, faith, faith, kindness, forgiveness, compassion.

Түркі әлеміне есімі таныс Қожа Ахмет Ясауи барлық ғұмырын философиялық тұрғыдан адами кемелденуге жұмсаған. Ойшылдың атақты «Диуани хикметін» де осы мақсатта жазған. Хақты тану, оны шын сүю арқылы кемелденген адам кейпіне өту – бұл ойшылдың көздеген мақсаты.

Қожа Ахмет жырлары әділдік, шапағаттың, мейірімділік, тақуалық, шыншылдық, ойлылық, тазалық секілді игі істерге шақырады. Оны өзінің парасаттылықты пайдаланумен байламға келтіру жолымен өмір мен тұрмыс, тіршілік туралы талғамдарын паш етеді. Қ.А.Ясауи хикметтері тақуалық ғұмыр, ғаріп, пақыр, жетімдерге пана болып, қамқорлық жасау, Алла елшісінің жолын ұстау, өмірді босқа өткізбеу һәм Құрани Кәрімнің сүре, аяттарындағы уағыздар мен Мұхаммед пайғамбарымыздың қасиетті хадистеріндегі философиялық өсиетнамаларды еске түсіреді. Ұлы ақын бұрынырақ ғұмыр кешкен мұсылман шығыс ойшылдары мен даналарының кәміл адамгершілік туралы идеясын алға тартады.

Адамгершілік – ерте кездерден жырланып келе жатқан арналы тақырыптардың бірі. Бұл тақырыпқа қалам тартпаған философ ғалымдарымыз кемде-кем шығар. Адамгершілік-адам бойындағы киелі қасиет. Адамгершілігі арқылы адам өзге

жаратылыс иелерінен, уақыт пен кеңістіктен ерекшелінеді. Адамның адами қасиеті оның адамгершілігі, ізгілігі арқылы көрінеді.

Қожа Ахмет Ясауи даналық сөздерінің көпшілігінде ұстазы Арыстанбаб жиі еске алынады, ақын ұлы ойшылдың айтқандарына құлақ қойып, ой жібере қарауды ұсынады. Менмен, көрсеқызар кеудемсоқ, дүниеқоңыз болмауға, тәубаға келуге ақыл-кеңес береді.

Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикмет» еңбегінде өз заманының шындығымен қоса, өз өмірінің бүкіл болмысын, ғұмырлық тәжірбиесін, ізденістерімен құлшыныстарын, Алланың ақ жолын Ақиқат жолын табу мен тану үшін не істеу керектігін өлеңдік өрнекпен, ғұламалық тереңдікпен, шын мұсылмандық ұғыммен айтып отырған. Ана сүтімен, ата тәрбиесімен, ұстаз ұлағатымен, қаршадайынан қанына сіңген, бойына дарыған, жүрегінен жай алған, ұлы наным, Оны осы Ақиқат жолындағы тынымсыз ізденіске түсірген, басынан кешкен барлық хикметтер туралы толғандырған, бүкіл ынта-ықылас, күштар көзімен Ақиқат жолын тануға, табуға ден қойған, бұл мұрат жолында ол қиналыс пен қиындықтың қандайына болса да көнген, төзген.

Мұсылман әлеміне аты әйгілі ұлы ақын әрі кемеңгер, ойшыл, философ Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» екі әлемнің мән жайын сипаттайтын туындысы адамгершілік пен имандылық тәрізді мәні зор мәселерді қарапайым поэзия тілімен жырлауға арналған. Адам өміріндегі әр алуан қарым-қатынас мансап пен билік, байлық пен әділдік, кедейлікпен қанағатшылдық, ынсап пен нәпсі, тәубашылдық пен Алланы тану секілді түйінді жәйттер мұсылман діні тұрғысынан ашылып, жан-жақты сарапталады. Бұл дүниенің баянсыздығы мен о дүниенің бақилығын өзара салыстыра отырып, ол тұрмыстық мәні дүние-мүлікте емес, адалдық, мейірімдік, қайырымдылық пен адамгершілік деген терең мәні бар ой ұсынады. Қожа Ахмет Ясауидің сопылықтың азапты, ауыр өмірін бастан кешіргенін білеміз. Өзіне дейінгі сопылар секілді ол да баянсыз жалғананн безіп, о дүниенің рақатына батуды арман етті, сол үшін дүние-мүліктен, қуаныш-қызықтан баз кешіп, құдайға күндіз-түні құлшылық ету арқылы Аллаға деген таза махаббатына шық жуытпауды мақсат тұтты. Мұндағы басты талап: барға қанағатшылық, төзімділік, Алланың дидаһарына ғашық болу, жетім-жесір, мүсәпірлерге мейірлі болу, ғаріптік жолын ұстану болып келеді.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінің танымдық тірегін құрайтын адамгершілік қағидалардың өзегі – ахлақ (мораль). Ахлақ – хикметтің нәтижесінде қалыптасқан рухани құндылықтар жиыны. Адам ахлақ арқылы адамдық болмысқа, мәнге ие болады. Яғни, адам ахлақтық-рухани құндылықтарды бойына сіңіргенде ғана “шындыққа”, “жан тыныштығына” қауышады. Қожа Ахмет Ясауи ілімінде “жан тыныштығы”, “шындыққа жету” адамгершілік қасиет пен сипатқа ұласу арқылы тарихатта жүзеге асады. Аллаға қауышудың жолы қоғамға, адамға қызмет ету – тікелей ахлақтық кемелдену арқылы өтеді. Нәтижесінде рухани тазалыққа, өзін-өзі меңгеруге қолы жетіп, “Кемел адам” тұрпаты қалыптасады. Көшпелі түркі қауымын имандылыққа шақыру арқылы Қожа Ахмет Ясауи ілімі барша түркі халықтары мәдениетіне үлкен өзгеріс енгізді.

Қожа Ахмет Ясауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырыпсалмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар,

оны түр жағынан көркейтп, кемелдендіре түсті. Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі әпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды. Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы түркі-мұсылман әлеміне кеңінен танылып, Ясауиге хикмет жазу дәстүрге айналды. Кіші Азияда Қажы Бекташ Уәли, Жүніс Әміре, Сүлеймен Бақырғани хикметтерінен Қожа Ахмет Ясауи сарыны байқалды. XII ғасырдан бері түркі халқының дүниетанымына елеулі ықпал еткен Қожа Ахмет Ясауи сарыны Асан Қайғыдан Абайға, сондай-ақ, күні бүгінге дейінгі қазақ ақындары шығармаларында көрініс тапқан.

Бағасыз гауһарымды наданға сатпа» – деп, бар жан-дүниесімен сопылыққа берілген Яссауи, «егер мен басымнан айырылсам да, бұл жолдан маған жалт беру жоқ»-деп, өзінің осы адал жолда екендігін аңғартады. Ахмет Яссауи түркі тілдес халықтардың рухани танымында шешуші орын алды. Сопылық философия адамдардың дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Сопылар Алланы тануда және Аллаға деген махаббатқа жету жолында рухани тазалыққа және ішкі жан дүниенің тазалығына ерекше мән береді. Яссауи тариқатының түркі халықтары арасында ислам дінінің таралуында өзіндік орны бар. Сонымен бүгінгі ұрпаққа жеткен бұл көлемді шығармасы – «Диуани хикмет/ Диуани Хикмет». Төрт тармақты өлеңмен жазылған шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейін өмір жолын баяндайды, тіршілікте көрген қиыншылықтарын қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын өз шығармасында көркемсөз үлгілерімен жеткізе білді.«Диуани Хикметтен» түркі халықтарына, әсіресе өз елімізге қатысты , ертедегі мәдениетімізге, әдебиетімізге, тарихымызға, этнографиямызға, экономикамызға қатысты бағалы деректерді табуға болады.

Сонымен қатар адамның өмірінде ұйқының бұзылу , яғни қанбауы, қабынуы имундық жүйемізге өте қатты әсерін тигізеді. Егер адам 5 сағаттан ақ ұйықтаса, оның вирустық инфекцияны жұқтыруы, басқа адамдармен салыстырғанда жоғары дәрежеде болады. Сондықтан кез келген аурудан сақтану үшін уақытылы ұйықтау керек. Дұрыс ұйықтау ол орталық жүйке жүйесінің жасушаларын қалпына келтіріп, иммунитетті нығайтады әрі адамның өмір жасын ұзартады. Ұйқы барысында адамның миы белсенді жұмыс жасап, өзін-өзі емдеу мехенизмдері іске қосылады екен. Ұйқы кезінде қан қысымы мен гормоналды метаболизм қалыпқа келіп, қант деңгейі тұрақталады. Сонымен қатар ұйқы кезінде біршама маңызды гормондар өндіріліп, дене күші қайта қалпына келеді. Бұл біздің күндізгі уақытта белсенді болуымызға әсер етіп, үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік ашады. Сау ұйқы адамның мұқияттылығын күшейтеді. Сонымен қатар есте сақтау қабілетін жақсартады.

Ұйқысыздық – адамның денсаулығын нашарлатады. Егер біз ағзамызды демалтуға қажетті уақыт бермесек, онда жүйке жасушалары қозып, қалыпты қызмет атқармайды. Нәтижесінде көңіл-күйіміз түсіп, мазасыз және агрессивті жүреміз. Алайда ұзақ ұйықтаудың да зияны бар. Ғалымдардың айтуынша ересек адамға 8 сағатық ұйғы жеткілікті. Яғни кешкі сағат 22:00 ден таңғы 5:00 ке дейінгі ұйқы адам ағзасына ең пайдалы ұйқы болып табылады. Таңсәріде тұрып амалдарыңды орындап, ғылыммен айналысқан өте пайдалы болып табылады. Қазақта мақал бар: «Ерте тұрған еркектің бір ісі артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» демекші, Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерінде таңсәріде тұрып Аллаға мініжат студен бастау керектігін былай айтады:

Аш ей, момын, көзіңді , Сахар мезгіл болғанда,  
Құтқар оттан өзіңді, Сахар мезгіл болғанда.

Сахарларда барша гүл мадақтайды Құдайды,  
Айтып бұлбұл аңсарын, махаббаттан жылайды.

Зікір қылсаң еңісте сахар мезгіл болғанда,

Түсер көктен періште – сахар мезгіл болғанда.

Жазықта нұр аққасын сахар мезгіл болғанда,  
Ашар жәннат қақпасын – сахар мезгіл болғанда.

Ояу құлдар кек қыспай, сахар мезгіл болғанда,  
Өлетінін еске ұстай, сахар мезгіл болғанда;

Сахар сырын жалғанда ғашық құлдар ұғады,  
Қорқыныштан көкке ұшқай – сахар мезгіл болғанда.

Көрер олар Құданы сахар мезгіл болғанда,  
Кеудеңе нұр толғанда –жүрегінді қолға ал да, –

Сахар мезгіл – хош сағат, болар рахат һәм жәннат,  
Тәңірге қыл ғибадат – сахар мезгіл болғанда!

Қожа Ахмет Ясауидың дүниетанымдық тұжырымдамасының теория негізін шариғат пен мағрифат құраса, ал тәжірибелік негізін тариқат белгілейді. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымының мәні – “адамның өзін-өзі тануы” арқылы “Хақты тануы”. Бұл жолдың алғашқы мақамы (басқышы) – “тәуба”, соңғысы “құлдық”. Бұл жолдағы адам “жаратылған – мен” екендігінің ақиқатына, жаратылыс сырына көзі жеткенде, өзінің адамдық парызы – “Алла мен адамның және адам мен қоғамның” арасында “көпір – жол” болу екендігін ұғынады. Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам “кемелдікке” жетуі үшін қажетті деңгейдегі білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет. Хикметтерде адам жаратылысы – Жаратқан иенің ұлылығын көрсетеді. Ал, нәпсі құмарлық, менмендік, өркөкіректік – адамды адамшылықтан кетіретін қасиеттер. Қожа Ахмет Ясауи– халқына жақсы мен жаманның, ақиқат пен жалғанның арасын айыруға тура,ақиқаттың ақ жолын сілтейді.Қожа Ахмет Ясауи шығармасы өскелең ұрпақты шынайылық пен әділдік үшін ғұмыр кешуді көздейді. Адал еңбегімен халыққа қызмет етумен байланыстырылады. Ясауи өзінің ерекше қабілеті мен дарынын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелең болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама. Оның әдеби шығармалары бүкіл түркі әлеміне оның ішінде қазіргі қазақ әдебиетінің және әдеби тіліміздің кемелденуіне ерекше ықпалын тигізді. Ал, оқу-ағарту саласындағы көзқарастары бүкіл түркі әлеміндегі, оның ішінде еліміздегі педагогикалық ой-пікірлердің пісіп жетілуіне, хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде ерекше мәнге ие. Сол себепті Ясауидің ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпақ емес.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Яссауи, Хожа Ахмет. Диуани Хикмет. Отбасы хрестоматиясы, 2021.
2. Үстүнер, Каплан. Диван шииринде тасаууф. Бирлешик китапеви, Анкара 2007. 292 б.
3. Ераслан, Кемал. Хожа Ахмет Йесеви// Йесевилик Билгиси. МЕНБ йайындары, Анкара 2000, 106-107 б.
4. Болай, М. Нажи. Фараби ве Ибн Синада каврам анлайышы. МЕНБ йайындары. Стамбул 1990.

ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕП

СОПЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЙЕЛ: ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНДЕ ӘУЛИЕ АНАЛАРДЫ  
ҚАСТЕРЛЕУДІҢ РУХАНИ БАСТАУЛАРЫ

Назира Нұртазина,

*тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Қазақстан, Алматы қ. [nazira.nurtazina@mail.ru](mailto:nazira.nurtazina@mail.ru)*

**Андатпа.** «Сопылық және әйел» тақырыбы Орталық Азиядағы сопылық мән-мәтінінде, сондай-ақ Ясауи мұрасы мен қазақ дәстүрі тұрғысынан да толық, жан-жақты зерттеуді талап етеді. Тақырып өзектілігіне арысын айтпағанда, тек Гаухар Ана мен Домла Ана («Ұстаз-ана», ел аузында «Домалақ ана» атанып кеткен Нұрилла) культін еске түсірудің өзі жеткілікті дәлел бола алады. Сопылық тарихында есімдері әйгілі Ибн Араби, Зун-нун Мысири, Жүнейт және т.б. тұлғалар әйелдердің рухани әлеуетін өте жоғары бағалаған. Сопы әйел (суфия), шайхы ана, бибі-ғиас, пір-ана, ишан-айым сияқты ұғымдар мен атақтар еріксіз назар аудартады. Қазақ халқының тарихи жадында әулие аналардың өз есімдері мен ел аузында құрметке ие лақап есімдері жақсы сақталған. Қазақтың кейбір ру атаулары әулие аналардың есімімен аталып кеткен, олар тұтас бір рулы елдің қамқоршыларына айналып, «елана», «елапа», «аққол ана» т.б. атаулармен әйелдер мен жас нәрестелердің піріндей болып, биік дәрежелерге көтерілген.

**Кілт сөздер:** сопылық, ясауия, әулие әйелдер, қазақ мәдениеті, аналар культі

**Annotation.** The topic «Woman and Sufism» requires a more complete, comprehensive study in the context of Central Asian Sufism, the legacy of Yasawi and the Kazakh tradition. Suffice it to recall the cult of Gauhar Ana or Domla Ana («Mother Teacher», Nurilya). The spiritual potential of women was highly appreciated by Ibn Arabi, Zun-nun Misri, Junaid and others. Notable concepts and titles are Sufia, Shaykha, Bibi-Ghias, Pir-Ana, Ishan-Ayim. The names and honorary nicknames of holy women have been preserved in the historical memory of the Kazakhs. Holy mothers were elevated to the rank of full-fledged patroness of the Kazakh tribes, protectors of the female family and offspring.

**Key words:** Sufism, Yasavism, holy women, Kazakh culture, cult of mothers

Қазақ халқының ата-бабалары – ежелгі түркі тайпалары өздерінің пантеонында Ұмай анаға табынғаны белгілі. Көшпелі бақташылар мен жауынгерлер қоғамында әйелдер өздерінің күшімен, батылдығымен, төзімділігімен, белгілі бір дәрежедегі еркіндігімен ерекшеленді. Ұлы Далаға ислам мәдениеті келген соң ғана ұжымдық менталитет құндылық бағдарын толық өзгертіп, қайта құрылымдалды. Бұл мәселеде ислам дінінің әйелдерге көзқарасына қатысты қате стереотиптердің қалыптасуына орай түрлі пікір алшақтығына қарамастан, ерте және классикалық исламда (шамамен ХІІІ ғасырдың аяғына дейін) нәзік жаратылыс иелеріне көптеген әлеуметтік, діни, мүліктік құқықтар берілгенін, ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалғанын, сондай-ақ ауыр еңбектен босатылғанын, т.б. да әлеуметтік құқықтары болғанын айта кетуіміз керек.

Шын мәнінде, ислам дінінде ерлер мен әйелдердің діни теңдігі исламға дейінгі діндермен (еврей, үнді-будда дәстүрлері) салыстырғанда айтарлықтай дамыды. Құранның көптеген аяттары «иман келтірген ерлер мен иман келтірген әйелдер» деп басталады. Мұсылман әйелге тіпті Құранды, дінді үйрену парыз делінген (мысалы, иудаизмде Тауратты оқуда әйелдерге шектеу бар). Егер Ислам дінінде «діни қызметкерлер» (духовенство) деген қатаң ұғым жоқ екенін ескерсек, сондай-ақ бір-бірінен білімімен, әділдігімен, тақуалығымен, «ең үлгілі мұсылман» сипатына лайықтылығымен асып түсетін діни көшбасшылар мен Құран, шарифат білгірлері (ғұлама, имамдар) арасындағы айырмашылықтар ғана бар екенін ескерсек, мұсылман әйелдің де руханиятта жоғары дәреже табуына толық мүмкіндігі болғаны өзінен-өзі түсінікті жайт. Ал әйелдерді нақты әлеуметтік тәжірибедегі шектеу мен тежеу инерциясы көбіне исламмен емес, шығыс халықтарының мыңжылдық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүріне байланысты болған.

Әрине, кез келген дін мен ежелгі дәстүрден біз қазіргі уақыттағы гендерлік теңдік мәселесіне сай ұғымды іздеп отырған жоқпыз, оның заманауи түсінікпен сәйкес келмейтіні де анық. Десек те, жоғарыда атап өткеніміздей, исламның негізгі демократиялық дәстүрлері әйелге рухани тұрғыдан өзін-өзі дамытуға белгілі бір дәрежеде жағдай туғызып, мүмкіндік берді (егер қыз баланың бойынан ерекше дарыны байқалса немесе мистикалық тәжірибеге бейімі болса, онда оның қасиетінің толық ашылуына жағдай жасалған). Әйел адамның белсенділігіне теориялық негіз болатын аяттар мен хадистер де, әйгілі сопы ғұламалардың пікірлері де жеткілікті. Мысалы, Пайғамбардың: «Бір иманды әйел қайырлы іс жасамайтын мың еркектен де қайырлы», «Жұмақ ананың табанының астында» деп келетін хадистері, хазіреті Хадиша, Фатима, Айша және т.б. сияқты алғашқы мұсылман әйелдердің тақуалығы мен жоғары рухани дәрежелері әйел адамның рухани кемелдену мүмкіндігінің ерлерден кем түспейтініне меңзейді.

Сопылық философияның ең көрнекті өкілдерінің бірі Ибн Араби (XII ғ.) әйел адамның интуитивті танымға бейім болатынын айтқан болатын. Ол Құдайды тану жолында әйел адамның жоғары әулиелік деңгейге жете алатынын, мысалы, «абдал» (сопылық бойынша әулиелердің құпия иерархиясындағы ең жоғары категориялардың бірі) дәрежесіне дейін көтеріле алатынын атап көрсеткен [1, 12 б.]. Сондай-ақ әйелдердің рухани әлеуетін Зун-нун Мысри, Жүнейт және басқа да сопылықтың белді ғұламалары жоғары бағалаған. Құпия ілімдерде Рух белсенді, жаратушы бастау ретінде – ер адам, ал енжар материя (нәпсі) мен табиғат – әйел сипатында бейнеленетінін білетін сопылар «әйел адам әулиелік дәрежеге көтерілгенде әйел емес, ерге айналады», - деген тұжырымға келген [2, 286 б.].

Бағдад халифаты дәуірінде (VIII-XIII ғасырлар) атақты әйел дәрігерлер мен әйел заңгерлердің (факихтер) болғандығы шығыстану классиктерінің зерттеулерінен белгілі [3]. Бірақ ғалым әйелдерге қарағанда, әулие әйелдердің қатары көп болған. Олардың бірқатары ресми ұстаздың (шайхы) алдын көріп (әйгілі шайхылардың әпкелері, қыздары, апалары, аналары), жақсы рухани білім мен сопылық (тарикат) тәжірибесі арқылы әулиелікке қол жеткізген, тіпті озық мистиктерге (сопыларға) айналған (бұл «вилаят хасса» жолы еді).

Ал көптеген қарапайым тұрмыстағы әйелдер мен аналардың иман келтіріп, тура жолдан ауытқымай ғұмыр кешуі, ерекше тақуалығы мен адалдығы арқылы әулиелік қасиеттері ашылып, шыдамдылықтың, кешірімділіктің, аскетизмнің ең жоғары үлгілерін көрсете білген. Олардың жүрегінде Аллаға және оның барлық жаратқанына деген сүйіспеншілікке ғана орын берілген (мұндай жалпыға ортақ әулиелік «вилаят амма» деп аталды). Жалпы алғанда, әулие (аулия) – бұл «күллі әлемнің барлық күнәсы мен азабын өз мойнына алатын адам» (Эмиль Дерменгем, Магриб елдеріндегі әулиелер культіне қатысты еңбектердің авторы). Сопылардың шығармашылығы арқылы Шығыс

мұсылман әлеміне ана махаббатының қасиеті туралы астарлы әңгімелер (хикаяттар) көптеп тарады.

Исламдағы әулие әйелдің прототипі немесе идеалы – Басралық (VIII ғ.) әйгілі әулие Рәбия әл-Адауия, ол туралы агиографияда 100-ден астам аңыз сақталған. Шығыс мұсылман елдерінде (VIII-XIX ғ. басы) көптеген әулие әйелдер есімі тарихтан мәлім, солардың бірқатары: «екінші Рәбия» – Рәбия Димашки (Сирия), Фатима Нишапури (атақты гностиктердің бірі ретінде танылған), Фатима Балхи (Бистами шайхының шәкірті), Фатима Бағдади (Үммі Зейнеп), Басралық Мәриям, Захра Валия, Айша, Имам Жафар ас Садықтың қызы; Нишапурлық Айша, Меккелік Айша, Айша Димашки, Үммі Мұхаммед (Абдуқадыр Гилани шайхының тәтесі), Бағдадтан шыққан Зейнеп, Әзиза (Үммі Айман), Тебриздік Бибичен Халвати, Египеттік әулие Нафиса (туған жері – Мекке, Пайғамбар ұрпақтарынан шыққан; алапат су тасқыны кезінде әулие Нафиса Нил өзеніне бетпердесін тастап, долы толқынды тоқтатқан, сондай-ақ басқа да көптеген кереметтерді көрсеткен), Мервтен шыққан Бибиак, Басралық Фахрия (XIV ғ.), Саида сопы, Сақина Бегім (Шираздан), Зұбайза, Иран билеушісінің қызы (әдеби лақап аты – Жахан), Бибі Хаяти Кермани (ақын және мистик, Ниматулла орденінің мүшесі, XIX ғ.) және т. б. [1]. Аннемари Шиммель Үндістандағы мұсылмандар арасынан шыққан Моғол билеушісі Шах-Жаханның қызы Жиханара, Қадырия тариқатының өкілі Бибі Жамал Хатун (XVII ғ.) [4, 337 б.] сияқты әулие әйелдерді де еске алады.

Әлішер Науаидің *«Насаим әл-мұхаббат мин шәмайым әл-футаууат»* (XV ғ. аяғы) агиографиялық шығармасында Әбдурахман Жәми, Фаридуддин Аттар және т. б. ғұламалардың «тазкира» жанрындағы шығармаларынан белгілі «әулие» деңгейіне көтерілген мұсылман сопы әйелдердің есімдері келтірілген. Науаи өзіне дейінгі авторлардың еңбектеріндегі мәліметтері толықтырып, нақтылай түскен. Кітапта көрсетілген 770 әулие сопының ішінде Шығыс мұсылман елдерінің әйел әулиелерінің де есімдері бар (әрине, Науаи өмір сүрген XV ғасырға дейінгі уақыттар қамтылған). Автор мұндай рухани білім алған әйелдерді «ерлер дәрежесіне жеткен ариф әйелдер» (*«Еркек дәрежесіне жеткен ариф әйелдер туралы»*) деп атады. Сопылықтағы «ариф» дәрежесі – «Құдайдың разылығына қауышқан», «гностик», кемелдікке жеткен әулие дегенді білдіреді. «Насаим әл-мұхаббат» тізімінде 35 әулие әйелдің есімі аталған, олар:

1. Рабиға Адауия
2. Лубәбәт әл-Мутәғабби
3. Мәриям Басри
4. Райхана Уалиха
5. Муғаза Адауия
6. Уфайра Абида
7. Шағуана
8. Курдия
9. Сирин қызы Хафса
10. Рабиға Шамия
11. Хәкимә Димашкия
12. Умми Хассан
13. Фатима Нишапурия
14. Зәйтуна
15. Фатима Бардағия
16. Ахмет бин Хизрауаихтың жолдасы Умми Әли
17. Шайқы Әбу Абдулла Хафифтің қызы Умми Мұхаммед
18. Әбу Бәкір Каттанидың қызы Фатима
19. Физза
20. Сари Сақатидің шәкірті.
21. Тухфа
22. Умми Мұхаммед



23. Бибиәк Мәруия
24. Кағб қызы
25. Мусанна қызы Фатима
26. Сауданың күңі
27. Мәжһуләнің әйелі
28. Мәжһуләнің күңі
29. Мисрияның әйелі
30. Мисрия Ухраның әйелі
31. Харазмияның әйелі
32. Хабашияның әйелі
33. Исфәһанияның әйелі
34. Фарисияның әйелі
35. Бибиәһә Мунәжжимә [5, 252 А парағы].

Осыған байланысты жергілікті (Оңтүстік Қазақстан өңірі бойынша) агиология материалдарында кездескен «*биби-ғиас*» сөзін (атақ) келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз. Бұл «биби-ғиас» құрметті атағын Сайрамдағы ежелгі әулие Қожай Салықтың әйелі иеленген екен [6, 50 б.].

Сопылықта «ғийас» – әулиелер иерархиясындағы «қорғаушы» санатын иеленгендердің жоғары дәрежелі атағы, ал «биби» – ханым мағынасын беретін, яғни әйелдің тұрмыста екенін білдіретін атау. Демек, классикалық сопылық дәуірінде мұндай атақтар мен эпитеттер сопылық жолдағы әйелдерге де берілетін болған деп санауға болады. Ортағасырлық мұсылмандардың бір бөлігі Пайғамбардың қызы Биби Фатиманы әулиеліктің ең жоғарғы сатысы – «құтып» дәрежесінде болған деген де пікірлер келтіреді. Сопылық агиографияда әулие әйелдердің түсіне Қызыр (Қыдыр Ата) еніп, аян беретіні, түрлі сырларды ашатыны туралы хикаяттар да кездеседі.

Дәстүрлі сопылық жамағаттар (тарикаттар) әйелдерді өз қатарына қабылдаған (бірақ алқа зікірлерде ерлер мен әйелдер бөлек отырғызылған). Зерттеушілердің еңбектерінде ХХ ғасырдың басына дейін Ташкентте әйелдердің зікір рәсімдері орындалғаны туралы мәліметтер бар [7].

Сопы әйелдерді «суфия» деп атаған, сонымен қатар «шайхы» термині де қолданылған (яғни әйел шайхы), «хазірет» атанған әйелдер де болуы мүмкін. Тіпті кейінгі кезеңде, Бұхара, Самарқанд және басқа қалаларда пәрәнжа пайда болып фанатизм күшейген кезде (ХІХ ғ. ІІ ж.), яғни кешегі күнге дейін аймақта ишан әйелдер болғандығы баса назар аударарлықтай қызықты деректер. Өзбекстанның архив қорларында 1880 жылғы құжат сақталған, онда жергілікті ишандарды арнайы зерттеп, қадағалап отырған орыс шенеунігі жергілікті мұсылмандарда «*ишан-айым*» (яғни, ишан әйелдер) деп аталатын әйелдер кездесетінін жазды: «Ишан-айым деп аталатын ишан-әйелдер де бар. Аудармашы (қолы) Ю. Кубиков. 6 қараша 1880 ж. Жаңа Марғылан қаласы» [8, 6 б.].

Жоғарыда «әулиелік» қасиеттің өзгеге өзегін жұлып бере алатын жанқиярлықпен, таза жүрекпен, биік адамгершілікпен де келетінін айттық (ешбір жамағатта, тарикаттарда мүшелікте болмай-ақ, рухани ілім алмай-ақ әулие бола алатын ақ жүрек қарапайым адамдар). Демек, Тасаууф теоретиктері қалыптастырған сопылық даналық ілімі әулиелікке жетудің «төте» жолы да болатынын терістемейді, ол жол: адамгершілік жолында ерлік көрсету, басқа адамдар үшін өз жанын құрбан ете білу, мейірімділік пен кешірімшіл болудың биік үлгісін таныта білу. Мұсылмандардың діни ұғымында өз бақытын, өз жан қалауын, денсаулығын күйеуінің, өз отбасының, балаларының, жақындарының, тіпті бүтін бір халықтың жолына құрбан еткен әйел-аналардың ерлігі Алла тағала тарапынан үлкен сый-сияпатқа (сауап, дәреже) лайық болып, пайғамбарлар мен шейіттердің (дін үшін жан қиған адамдар) ерлігіне парапар (!) болады деген түсінік бар. Қазақтарда әулие аналар (қасиет дарыған ана), дана келіндер, абыройлы ару қыздар

(қыз әулие) отбасылық-рулық деңгейде Құт пен Киенің, Ырыс пен Бақ-берекенің иесі болып танылатынын ғасырлар бойы қалыптасқан нанымдардан байқауға болады.

Сопылық жолдағы әулиелердің, әйгілі шайхылардың тұлғаларын тәрбиелеу мен қалыптастырудағы олардың аналары мен жұбайларының (кейде – әжелері, апалары, әпкелері) рөлі аз зерттелген тақырып. Сопылық агиографияда, қазақ халқының ұғымына сай, көптеген әулиелердің (ерлер) бойындағы қасиет генетикалық жақтан анасынан («нағашыдан») дарығаны мойындалған. Ұлттың қамын жеген батырлардың, елім деп еңіреп өткен ерлер мен халқына қамқор болған данагөй абыздардың қайсысын алсақ та, тұлға боп қалыптасу жолында аналарының және әйелдерінің рөлі зор болғаны тарихтан мәлім. Бұл тұрғыда қазақтың «Алып – анадан» деген сөзі бар. Қазақ әулиелері туралы әңгімелерде олардың кеңесшісі, қолдаушысы, көмекшісі, тілекшісі болған өте қуатты, көреген әйелдер бейнесі жиі кездеседі.

Мысалы, Айқожа ишанның жас кезінде оның болашағын әйел адам болжап береді. Бұхараға оқу іздеп бара жатқан жолда тоқтаған үйдің иесі – әйел адам бала Айтқожа туралы түс көріп, түсінде оның көкте ұшып жүргенін айтады және сол түсін оң жорып, баланың үлкен ілім иесі болып еліне оралатынын, халқына адал қызмет ететін тұлғаға айналатынын болжаған [9, 103 б.]. Бүкіл қазақ даласына әйгілі Марал ишанды (Марал ишан Құрманұлы) анасы қиын жағдайда адалдық пен әділдікке баулып, тәрбиелеп өсірген, Бәйдібек биге жұбайы Нұрилла (Домла Ана/Домалақ Ана) үнемі төніп тұрған қауіп туралы ғайыптан хабар айтып, ескертіп отырған. Сол сияқты Пір Бекет Атаның да жұбайының дәретсіз жер баспайтын, әулиелік қасиетке ие адал жар болғандығы туралы мәліметтер жеткілікті.

Жалпы, Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың тұтынған жолы, кейінгі қазақ мұсылмандық дәстүрін қалыптастырған ілім – сопылықты ұстанған әйелдер туралы өз деңгейінде толыққанды зерттеулер жүргізілуі тиіс. Қазақтардың тарихи жадында, аңыздарында әулие әйелдердің (Әулие ана, Бибі ана, Бегім ана) көптеген өз есімдері мен ел аузында құрметпен аталып кеткен лақап есімдері жақсы сақталған. Бұл ретте қожа руларынан шыққан қыздарды құрметтеп, кейбірінің есімдері қазақ ру атауларына беріліп, оларды ұлықтап, «*пір ана*» санау дәстүрі де болған [6, 40 б.]. Әулие, пірлікке қол жеткізген түркі әйелдерінің көбі атақты шайхылар мен қожалар отбасыларынан шыққан болуы мүмкін. Әулие әйелдер өз ортасында ұстаздық етіп, емші, тәуіпшілікпен де айналысып, «аққол» аналарға айналған. Сондай-ақ, жоғарыда айтылғандай, тақуалық, төзімділік, адалдық т.б. қайырлы мінез-құлыққа ие болған Құдайға иман келтірген әйелдер де («әулие» – бұл «Құдайға жақын адам», «Құдайдың досы» болғандықтан) дәстүрімізде әулие саналған. Тіпті зорлық-зомбылық пен әділетсіздіктің құрбаны болған, сүйіктілерінен аяусыз ажыратылған жас қыздар мен жесірлер де халық аузында әулиелердің қатарында құрметпен еске алынады (дәстүрлі исламда таза махаббат жолында қаза тапқандар да шейіттер қатарынан саналады).

Қазақстанның киелі географиясында әйелді қастерлеуге, аңызға айналған сұлуларды, эпостардың кейіпкерлерін, қасиетке ие болған аналарды еске алуға байланысты топонимдер, гидронимдер бар. Әйел анаға табынумен байланысты киелі орындардың, мазарлардың арасында Бибі Мәриям, Анар ана, Алма ана, Жезбике ана, Шаш-ана әулие, Алып ана, Бегім ана, Ақшеңгел әулие ана, Мейрам ана (Мейрам ана), Бесік ана (азан шақырылып қойған есімі ұмыт болған) [6, 29-б.]. Бибі Мәриям аты аңызға айналған дін таратушы қожа – Ысқақ Баптың қызы, әйгілі әулие Баба Түкті Шашты Әзиздің (Баба Туклас) жұбайы болған. Қарашаш ана (ұлы шайхы Ахмет Ясауидің анасы, өз есімі – Айша), Айша Бибі (Абдрахим бабаның қызы), Гаухар ана (Ясауи бабаның қызы), Домла ана (өз есімі Нұрилла, «домла» – «діни ұстаз»; Ясауи бабаның ұрпағы) кесенелері Қазақстандағы ұлттық маңызы бар зиярат орындарына айналып кеткен тарихи жәдігерлер. Тимуридтер сәулет өнерінің теңдессіз туындысы – Рәбия Сұлтан Бегім (XV ғ.) мавзолейінің Ясауи баба кесенесінің қасына салынуының да рухани астарлы мәні бар.

Нұрила – Домла Ана (Домалақ Ана болып кейінірек бұрмаланған) кесенесіне тәу етіп, зиярат ету дәстүрі Қазақстанның оңтүстігінде, әсіресе, Ұлы жүздің Дулат, Албан, Суан руларының арасында кең тараған. Нұрила Әлиқызы әйгілі сопы, шайхы Махмұт Ағзам Касани Сейіт қожаның немересі болған. Шежіре бойынша, Махмұт Ағзам Ясауи бабамыздың қызы – Гаухар ананың ұрпағы. Өзі діндар, ата-анадан ерте жетім қалған Нұрила анамыз түсінде Қожа Ахмет Ясауи бабасын жиі көретін болған екен. Ол бабасынан өзінің болашақ жары, дүниеге келетін балалары туралы аян алып біліп отырған. Егде жастағы рубасы Бәйдібек бидің жұбайы атанып, көп ұзамай ұл перзент көретінін де түсінде әулие Қожа Ахмет Ясауи бабасының аяны арқылы біліп, бабасының айтуымен ұлының есімін Тілеуберді қойған. Нұрила Ана мұсылмандық діни білім алған, тасаууфты меңгергендіктен «домла» атағын алған болса керек (Орталық Азияда «домла»/«дамолла» атағы – жоғары дәрежелі діни білім алған ұстаздарға берілген).

Түркістан облысының, Бәйдібек ауданында жуырда (2023 ж. қазан) жүргізілген өңірлік этнографиялық зерттеу жұмыстары кезінде кесенеге зиярат етушілер мен кесене шырақшысының аузынан әулие Домла Ана туралы біраз тың мағлұматтар алдық. Олардың айтуынша, әулие ананың әруағы әлі күнге дейін зиярат етуші адамдардың түсінде еніп, әйелдер мен балаларды емдейтін көрінеді. Сол жазып алған деректердің ішінен бізге ертегідей болып әсер еткен бір оқиғаны келтіре кетуді жөн көріп отырмыз (шырақшы бұл оқиғаны Алланың кереметі және шынымен болған оқиға деп сендірді): жақын маңдағы ауылдың мектептен үйге қайтып келе жатқан үш баласы (қыз балалар) тапа-тал түсте тылсым құбылыстың куәсі болған екен. Аяқ астынан тымық күні дауыл тұрып, үлкен құйын көтеріле келіп, бір қыз баланы көтеріп алып кетіпті. Сәлден соң аяқ асты басылып, әлгі құйын көтеріп кеткен қыз бала жерге жайменен қолмен қойғандай боп топ ете қалыпты. Құйын арасында әлгі қызға аппақ киінген әйел адам көрініп, құлағына: «Домалақ анаға кел!» - деп сыбырлаған екен. Осы оқиғадан соң-ақ, әлгі қыздың ата-анасы дереу қыздарын ертіп, зияратқа келген. Құран оқытып, дұға тілеп, қорқынышы қуанышқа ұласқан ата-ана қыздарын әулие ананың басына түнетіп қайтқан екен (қыз баланың одан ары қарайғы өмірінен мәлімет жоқ) [10].

Қазақстанның оңтүстік, батыс аймақтарында «Қыз әулие» аталатын киелі орындар (қасиетті орындар, мазарлар, үңгірлер) бар. Ертедегі жаугершілік замандарда зорлық-зомбылық құрбаны болған жас әйелдердің көп болғанын мойындауымыз керек. Одан соң, кейінгі орта ғасырлар мен жаңа дәуірде ескірген әдет-ғұрыптар мен мұсылмандық дәстүрдің біте қайнасып кеткен тұсында да, әйел құқығына қатысты мәселелерде әділетсіздіктер мен теңсіздік орын алып, әйелдердің өз сүйіктісіне тұрмысқа шығу құқығы шектелген. Азия халықтары мен тайпалары арасында өзара текетірестер мен даулы мәселелерді шешкенде, бітімге келудің соңы қыз алып, қыз берісумен аяқталып отырған. Өлкетанушылар мен халық емшілерінің айту бойынша, Қазақстанның оңтүстік аймағындағы «Қыз әулие» атанып кеткен киелі орындардың бірі үңгірге қамалып, зорлыққа ұшыраған жас қыздардың аянышты тағдырымен байланысты екен, кейбір нұсқаларда қыздар кәпірлердің зорлығынан қорғану мақсатында ерлікпен шайқасып, шейіт болған деп те айтылады. «Қыз әулие» аталатын киелі орындардың тағы бірі Маңғыстау (Бейнеу) өңірінде. Бұл қасиетті орындарға зиярат етудің де өз тәртібі бар, ол жерлерге тек әйел адамдар ғана зияраттап барады және шырақшылары да егде жастағы әйел адамдар болып келеді.

Қазақ халқының дәстүріндегі әулие аналарды қастерлеп, құрмет тұтудың бір көрінісі – қазақтың кейбір ру-тайпа атауларының аталарының (патриарх) емес, әулие аналарының (матриарх) есімдерімен аталу фактілерінің кездесетіні. Мысалы, Қазақстанның солтүстік-шығысындағы Нұрын руы (кейде Мұрын деп те аталады) әулие аналарының есімімен аталған, Нұрынның (толық есімі Нұрын-ниса болуы мүмкін, бұл есім Азиялық мұсылман елдерінде өте танымал болған). Шежіре бойынша Нұрын ана - Домла ананың (Домалақ ана) туған қызы, яғни Сейт қожалардың жиеншар ұрпағы.

Нұрын анамыз заманында әрі бай, әрі би болған Байыс атаның баласы, жауынгер-қолбасшы Сармырза батырға атастырылған екен [11]. Сіңлісі Қызай (лақап есімі) да Қазақстанның шығысында тұтас бір рулы елдің құрмет тұтқан анасы (матриарх) болған (Қызай руы).

Дін ұстанған қожа руынан (Бақсайыс тармағы) Қазақстанның солтүстігіне танымал, білімді әйел – Айғаным ханша шыққан, ол – әйгілі Уәли ханның жұбайы, ағартушы-ғалым Шоқан Уәлихановтың әжесі. Айғаным, Бопай ханым (Бәтима), жоңғарлармен соғысқан Гаухар, Айбике сияқты қасиетті батыр қыздар, ханымдардың тұлғаларын қазақ халқы әйелдер қауымының қамқоршы, қолдаушы пірлері ретінде құрмет тұтқан. Әулие аналар, көбінесе қожа әулеттерінен шыққан әйелдер, өз заманында қазақ руларының, бүтіндей бір әулеттің, оның ішінде әйелдер мен жас балалардың рухани қамқоршылары, желеп-жебеушілері, тәуіп-емшілері ретінде құрметті дәрежеге көтерілген.

Қазақ халқының және сопылық-мұсылмандық дәстүрлеріндегі әулие әйелдер культіне қатысты алғашқы зерттеу еңбегімізді қорыта отырып, Қазақстанның әр түкпірінде есімдері ұмыт болған немесе тиісті деңгейде зерттелмеген, насихатталмаған кие қонған кейіпкерлердің, сондай-ақ әйелдердің зиярат ету нысандарының әлі де көп екенін айтқымыз келеді. Жалпы, Қазақстан материалдары негізіндегі «сопылық және әйел» тақырыбы Орталық Азия мен басқа да Шығыс мұсылман елдерінің мәдениетіндегі ұқсас сюжеттер мен мотивтермен салыстыра, салғастыра отырып, толыққанды, жан-жақты зерттеуді талап етеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Sufi Women. By Dr. Javad Nurbakhsh. – London, 1999- 264 p.
2. Фритьоф Шуон. Очевидность и тайна. Пер. с англ. Сост. проф. Сайид Хусейн Наср. – Москва, 2007. 384 с.
3. Мец, Адам. Мусульманский ренессанс. Пер. с нем. – Москва, 1973. 473 с.
4. Schimmel, Annemarie. Mystical Dimensions of Islam. 2nd Edition. The University of North Carolina Press, 2011. 544 p.
5. Әлішер Науаи. Нәсаим әл-мухәббәт мин шәмаим әл-футәууәт. Қолжазба. Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Шығыстану институтының қолжазба қоры. Инв.нөмер: 5420. 274 бет.
6. Әшімұлы Ш. Өткен әзиз әулиелер. – Қызылорда, 2021. – 500 бет.
7. Троицкая А.Л. Женский зикр в старом Ташкенте // Сборник Музея антропологии и этнографии. Т. 7. – Л., 1928. - С. 173-199.
8. Өзбекстан Республикасы Ұлттық архиві. И-1 қоры. 16-тізім. 2100-іс, 6-п.
9. Айқожа ишан (зерттеулер, естеліктер). – Қызылорда, 2016. – 330 бет.
10. АДМ (Автордың далалық материалдары). ҚР, Түркістан облысы бойынша этнографиялық зерттеулер, 2023 ж., қазан-қараша.
11. Орта жүз Найман-қаракерей ішіндегі Нұрын (мұрын) руының шежіресі. Қолжазба, 20 б. (1987 жыл Семей облысы, Ақсуат ауданы шежірешілері мен өлкетанушыларының аузынан жазылып алынған). Автордың жеке архивінен).

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ СОПЫЛЫҚ МУЗЫКА: генезис, поэтика, композиция

**Тынысбек Қоңыратбай,**

*филология ғылымдарының докторы, филология және өнертану профессоры,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
[tynysbek55@mail.ru](mailto:tynysbek55@mail.ru)*

**Андатпа.** Сопылық ағымның Орталық Азияны мекендеген көптеген халықтар мәдениетінен алатын орны зор. Ислам дінінің жеке бір тармағы ретінде көптен қарастырылып келсе де, музыка өнеріне қатысы өз дәрежесінде зерттеле қойған жоқ. Ислам дүниетанымының көп заман музыка, сурет өнеріне тиым салып келгені белгілі. Мақалада сопылық нанымның тегі, сопылық дәстүрді дамытқан ақындар, солардың өлеңдеріне жазылған мистикалық мазмұндағы музыкалық жанрлар мен әуендер табиғаты сөз болады.

**Кілт сөздер:** ислам, сопылық, зікір салу, само, гирья, мінажат, мәрсия

**Annotation.** Sufism occupies an important place in the culture of many peoples of Central Asia. Although it has long been seen as a separate branch of Islam, its connection to musical art is still not fully explored. The Islamic worldview has long been known for banning music and painting. The article tells about the origin of Sufi beliefs, poets who developed Sufi traditions, the nature of musical genres and melodies of mystical content written on the verses of Sufi poets.

**Key words:** Islam, Sufism, spell, oneself, weight, prayer, marcia

Орталық Азия – адамзат баласының көне ошақтарының бірі. Оны мекендейтін қазақ, қарақалпақ, қырғыз, тәжік, түрікмен, өзбек халықтарының мәдениеті бір жағынан өздерінің этникалық болмысымен дараланатын болса, екінші жағынан толып жатқан ұқсастықтарды да кездестіруге болады. Олардың бір қанаты тарихи және мәдени тектестікке бастаса, екінші тармағы діни наным-сенімдердің ортақтығына, үшінші саласы сол негізде қолданысқа түсетін музыка өнерінің дәстүрлігіне алып келеді. Осы құбылыстардың барлығы дерлік ортағасырлық дүниетаным жүйесімен астасып жатады.

Орталық Азия халықтарының орта ғасырлардағы мәдениетін діни ұғым-түсініктерсіз қарастыру қиын. Ерте замандарда бұл аймақта политеизм көрініс беріп, тұрғылықты халықтар түрлі ағымдар мен культтік сенімдерді ұстанған. Сол себепті ертедегі жазбалардан бұл аймақта отқа табынушылық (зороастризм), бақсылық (шаманизм), тәңірлік, будда, манихей, нестериан діни нанымдарының ұшқындарын қатар кездестіруге болады.

VIII ғасырдан бергі жерде Таяу Шығыс пен Орталық Азияда ислам діні орнығып, оны тұтынушылар сүннит және шиит болып жіктелген. Сүннит бағытын қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен, өзбек және тәжіктердің негізгі бөлігі ұстанған. Орта ғасырлардағы Орталық Азия жерінде сопылық ағым да бой көрсеткен. Оның ұстанған бағыты – нәпсіні тазартып, рухтың дәрежесін көтеру [1].

Осыған орай діни терминологиясы да қалыптасқан. Мысалы, сопылық нанымда Аллаға сыйынудың төрт түрлі арнасы бар. Олар: *шариғат*, *тариқат*, *хақиқат*, *мағрифат*.

Мұндағы *шариғат* – дін, *тариқат* – ақиқатқа апаратын жол, *хақиқат* – сопылық ілім, *мағрифат* – Алланы мистикалық негізде қабылдау. Шариғат пен хақиқат егіз ұғым. Оларды бірінсіз бірін түсіну қиын.

Сопылық дүниетаным аясында поэзия мен музыка өнерінің дамығаны да байқалады. Оның көрнекті өкілдерінің санатында Ансари, Аттар, Хайям, Навои, Жәми, Ширази, Ясауи, Бақырғанилер болған. Бүгінде қазақ, өзбек, тәжік халықтарының

ақындары ретінде танылып отырса да, оларды ортағасырлық сопылық дүниетаным жақындатады.

XX ғасырдың бас кезінде сопылық әдебиет үлгісі саналатын «Диуани хикмет» пен «Хакім ата» кітабы Стамбул, Қазан, Ташкент, т. б. қалаларда жарық көріп, оларды зерттеуге Е. Бертельс, А. Боровков, Г. Благова, К. Ераслан, М. Кепрюлюзаде, А. Самойлович, С. Серткая сияқты ғалымдар ден қойды. Қазан төңкерісіне дейін Қожа Ахмет Ясауи мұрасы туралы «Қазақ» газетінде жарияланған шағын мақала авторы М. Дулатов болды. Кеңес дәуірінде бұл тақырыпқа Ж. Аймауытов та қалам тартты. Бұлар Ясауи есімін көпшілікке таныстыру мақсатын көздеген шолу материалдар болатын.

Қожа Ахмет Ясауи мен Сүлеймен Бақырғани мұраларын ғылыми негізде игеріп, әдебиет тарихына қосу ісі өткен ғасырдың 40-жылдары қозғала бастаған. Екеуінің мұраларына қатысты алғаш ғылыми зерттеу жариялаған ғалым – Әуелбек Қоңыратбаев. 1945 жылы ғалымның «Қожа Ахмет Ясауи – суфизм ақыны» атты мақаласы жарық көрген [2]. Зерттеуші сопылық ағымның негізгі ұстанымы – Алланы жүрекпен, сезіммен тану екенін анықтап, олардың шығармаларындағы негізгі идеяға назар аударған. Шарап тақырыбын биік пафоспен жырлағандардың қатарында Ясауидің замандасы Омар Хайям, т. б. болғанын көрсеткен. Сопылық нанымды ұстанған Ясауидің түркілік әдебиет үлгісін жасағанын баса көрсеткен.

Ясауи мен Бақырғани мұралары Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл-әдебиет институты жоспарлаған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты қос томдық басылымның екінші томына енгізіліп болған. Бірақ Ясауи хикметтерін XI-XII ғасырлардағы түркілік әдебиеттің биік көрінісі ретінде бағалаған Ә. Қоңыратбаев мақаласы республикалық партия ұйымының назарына ілігіп, саяси сынға ұшырайды. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде шығыстану курсынан дәріс беріп жүрген Ә.Қоңыратбаевқа «пантүркист» деген айдар тағылып, қызметінен босатылған.

Осындай асыра сілтеушіліктердің салдарынан бұл тақырыпқа қазақ ғалымдарының 60-жылдарға дейін қайта оралуға мүмкіндігі болмады. Ә.Қоңыратбаевтың аталған мақаласы кейін оның өзге кітаптарына енгізілді [3;4]. Одан бергі жерде А.Ясауи мұрасы туралы Р.Бердібай, Х.Сүйіншәлиев, М.Жармұхамедов, т.б. әдебиетшілер мақалалар жазды. Сопылық фәлсапаға философтар да ден қоя бастады. Орта ғасырлар жағдайында сопылық дүниетанымды ұстанған Ахмет Ясауи түркілік поэзияны жақтаған болса, осы бағыт кейінгі зерттеулерден жалғасын тауып келеді.

Сопылық дүниетаным аясында туған әдебиет зерттелсе де, сопылық поэзияны арқау еткен сопылық музыка үлгілері мен музыкалық-орындаушылық үрдістер өз дәрежесінде қарастырылды деп айту қиын. Ясауи мен Бақырғани ұстанған сопылық бағыт бір ғана қазақ топырағы емес, Орталық Азия елдеріне де ортақ. Демек сопылық музыканың қалыптасу кезеңдерін де осы шеңберде қарастыру қажет болады.

Сопылық наным көптеген елдерге тарап кеткен. Зерттеушілер оның Батыс Еуропа елдеріндегі көріністері туралы да деректер келтірген болса [5], бұл бағыттың арғы тегі VII ғасырдан тамыр тартатыны байқалады. XII ғ. шегінде сопылық тұтас дүниетаным жүйесі ретінде қалыптасқан. Оның зерттелуі XIX ғасырдағы шетел ориенталистерінің ізденістерімен де тығыз байланысты. Сопылық Руми, Хафиз, Хайям сияқты есімдері шығысқа мәлім ақындардың шығармашылығымен тығыз байланысты болса, сопылық салттардың атқарған ролі де елеулі болған.

Түрлі діни-ғылыми әдебиеттерде ислам дінінің музыка өнерін теріс қабылдағаны айтылады. К. Розеншильд шығыс музыкасының дамуын сөз еткенде дәл осы шектеуді алға тартып отырады [6]. Ислам дінінің музыка, сурет өнеріне шектеу қойғанын өзге зерттеушілер де жазған. Тіпті музыканы насихаттауға тиым салынған хадистер де болған. Бірақ бұл мәселе тұсында ислам өкілдерінің іс-әрекеттерін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Олар керісінше жағдайды байқатады.

Біріншіден, музыканы қабылдамаса да ислам дінінің өкілдері барлық Құран аяттарын музыкалық мақаммен орындаған. Олардың мистикалық үн-әуені әлі күнге сақталып келеді. Екіншіден, ислам шетенінде туған сопылық дүниетаным музыка өнерін теріске шығармай, оны өздерінің наным-сенімдерін атқару үстінде пайдаланып отырған. Сонда сопылықтың басты белгісі – өмір болмысынан қол үзіп, ерекше бір күйге түсу де, ал оған апаратын жол – музыка болып шығады. Сопылық үрдістің поэзиялық мәтінге құрылған вокалдық және аспаптық музыкалық формалары болған. Олар туралы мәліметтерді Е.Э. Бертельс жазып кеткен [7, 68].

Жалпы, сопылық дегеніміз – дүниетаным жүйесі, исламның бір тармағы. Бір қарағанда Алланы жүреппен танимыз деген сопылық бағыттың музыка өнеріне төтелей қатысы жоқ сияқты. Бірақ ішкі мазмұнына, сопылық идеялардың өмір сүру, таралу ерекшеліктеріне келгенде музыка өнерінің де белгілі қызмет атқаратынын аңғару қиын емес.

Бүгінде Орталық Азиядағы сопылық дәстүр аясында қолданысқа түскен музыкалық-орындаушылық дәстүрге қатысты пікірлер айтылып жүр. Кезінде С.Д. Давлатова, А.Низамов, Т.П. Снесарев сияқты музыкатанушылар сопылық музыка аясында қалыптасқан жанрлар табиғатын сөз еткен. Қазірде ондай ізденістердің саны көп емес, бірақ кездесіп отырады [8].

Сопылық нанымда екі түрлі дәстүр жиі байқалады: бірі – зікір салу, екіншісі – музыка тындау (само). «Зікір» сөзінің мағынасы – еске салу. Сопылық тәжірибеде ол Аллаға мадақ айтатын, мазмұны діни нанымға толы, адамның өзінің ішкі әлеміне үңілу тәсілі болып табылады. Зікір салушы белгілі бір музыкалық ырғаққа құрылған қимылдар жасап, өзгеше («жалша») қалыпқа түседі. Дем алуы да ырғаққа тән дене қимылдары арқылы жүзеге асырылады.

Сопылықты зерттеушілердің бір тобы зікір салу мен тындауды өзара бірлікте қарастырады. Е.Бертельстің анықтауынша, само-сопылар бас қосқанда орындалатын, діни мазмұндағы өлең жолдарын музыка әуенімен айту [7, 56]. А.Низомов зікір салудың арғы тегін зороастризм дәуірінен тартады [9].

Орта ғасырларда сопылық ағымды тұтынған ақындарға келер болсақ, зікір салуды әр түрлі бағалағанын көреміз. Олардың бірі зікір салуды Алланы ұмытпай, үнемі еске алып жүрудің шарты десе, екіншілері мүридін (шәкіртін) жаратушы туралы ілімге баулудың құралы деп бағалаған [8].

Зікір салу – музыка әуенінің қолданылуымен атқарылатын діни іс-әрекет. Оны орындау екі түрлі жолмен жүзеге асырылады: бірі - іштей, екіншісі – сырттай дауыстап айту. Сопылық дәстүрде алғашқысы *жахри*, соңғысы *хафи* деп аталады.

Одан әрі зікір салу *аз зікір* және *қатты зікір* болып тағы да жіктелген. Еске алу – само жеке немесе аз-зікір аталған көпшілік ортада орындалуы мүмкін. Әдетте ол ұстамды ырғақпен басталып, бірте-бірте екпіні мен жылдамдығы арта береді. Зікір салу барысында екі түрлі әрекет орындалады. Бірінде зікір салушылар «ла илаһа илалла» деген сөзді сан рет тақ сан түрінде қайталаса, екіншісіне «Алла» сөзін арқау етеді. Оның алғашқы «А» дыбысын айтқанда сопы иегін кеудесіне соқса, «лаһ» буынын айтқанда басын артқа тастап жібереді.

Орталық Азияда зікір салу ауызекі дәстүрмен қатар жазба әдебиеттен де көрініс тапқан. Оған бақсылықтың да қатысы бар. Зікір салудың дауыс шығарып айтатын үлгісінің Өзбекстан мен Түркістан аймағында болғанын зерттеушілер анықтап кеткен. Оның арқауын тартқан Қожа Ахмет Ясауи еді. В.А. Гордлевский өз жазбаларында Түркістанда «ара зікірдің» 2-3 сағат бойы салынып, араның ағашты кесуін суреттегенін көрсеткен. Артынан зікір салушылар бір-бірін құшақтап, бастарын көршісінің кеудесіне қоятын болған.

Өзбек және түрікмен музыкасын жинаған В.А. Успенский зікір салу кезінде айтылатын музыкалық әуендерді нота жазуына түсірген. Оның көрсетуінше Ташкентте кепшіктің сүйемелімен діни мазмұндағы зікір мақамы айтылатын болған.

Түркістандағы Ясауи кесенесінің маңында 12 мақамның *үшшақ, науа* сияқты түрлері қолданылған. Ясауи дәстүріндегі қатты зікірдің поэзиялық үлгілері оның хикметтері негізінде орындалған. В.А. Успенскийдің көрсетуінше, қатты зікір най, даф сияқты музыкалық аспаптармен сүйемелденген. Оның басты ерекшелігі – қайталанып отыратын музыкалық ырғаққа құрылуында.

Сопылықтың көрінісі – самоның арқауында Құранды тыңдау ұғымы жатыр. Оны дін өкілдерімен қатар кәсіби музыка мамандары да орындаған. Таңертең немесе кешкі намаздан соң сопылар бас қосып, дауысы әсем біреуге Құраннан үзінді оқитын болған. Одан әрі зікір салушы мистикалық мазмұндағы өлеңдер айтып, оларды қолындағы музыкалық аспабымен сүйемелдеген. Барған сайын орындауын үдетіп, тыңдаушыларын ерекше күйге түсіргендіктен, олардың ақыл-есі мен іс-әрекеттері бақылаудан шығып, экстаз үстінде сопылар үстіндегі киімдерін жыртатын болған. Түрік елінде зікір әуенін тыңдау барысында тамбур, ребаб, най аспаптары қолданылған. Оның тәжіктердегі үлгісін ЮНЕСКО материалдық емес мәдениет тізіміне қосқан [8].

Сопылық дүниетаным аясында қолданылатын туындылардың бірі – неке тойы кезінде орындалатын музыкалық ән-әуендер. А.Низамов үйлену тойларының әлеуметтік, тұрмыстық және діни арналарын сөз етіп, сопылық нанымның музыкалық әуенмен байланысын көрсетеді. Ол ислам канондарындағы Мұхамед пайғамбардың Әбубәкірге қаратып айтқан мына сөзін келтіреді: Заңды неке мен заңсыз некенің айырмасы аса зор. Сол себепті үйлену (заңды неке) кезінде кепшік ойнап, ән салу керек. Оны тойға қатысушылар ғана емес, айналадағы жұрт та естуі керек.

Бұдан шығатын қорытынды біреу: неке қию кезіндегі музыканың қызметі – сол салтты көпшілікке жеткізу, жария ету. Орталық Азияның кейбір аймақтарында бұл салт нақыш, айдым, зікір салуға ұласады. Мұндағы зікір – белгілі бір музыкалық ырғаққа құрылған діни іс-әрекеттер. Зерттеушілер оның түрікмен жері мен Түркістан аймағында кездесетінін жазған. Тіпті ХХІ ғасырдың бас кезінде де Ясауи кесенесінің маңынан зікір салушыларды көруге болатын еді.

Орталық Азия халықтарында кездесетін музыкалық шығарма үлгісін Г.П. Снесарев сипаттап кеткен [10, 35]. Оның көрсетуінше ертеде сопылық мазарларды айналып жүретін «тавор» атты діни салт та болған [10, 35]. Ол музыканың қатысуымен орындалған. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қолын тигізіп, айналып жүрген жандарды көргенде осы салт еріксіз еске оралады. Бұл реттегі сопылық наным шамандық салтпен сабақтасып жатады.

Сопылық дүниетаным аясында *мәрсия, мадақ, нат, мінажат* сияқты бірқатар музыкалық жанрлар да қалыптасқан. Мұндағы *мәрсия* – қаралы, *мадақ* – ода, *нат* – пайғамбарды дәріптеу, *мінажат* – Алланы мадақтау әндері болып келеді. Сонымен қатар *нат* – сапа, сипаттау, *натхони* – ән салу, орындау деген мағынаны білдіреді. Бұл музыкалық жанрлар Орталық Азияның көп аймақтарына тараған.

Нат – Мұхамед Пайғамбардың істеріне арналған мадақ болса, оның поэзиялық арқауында қасида, меснеуи жанрлары жатады. Аталған жанрларды сопылық поэзия өкілдері – Ансари, Аттар, Навои, Жәми шығармаларынан жиірек кездестіреміз.

Нат – дутар немесе домбыраның сүйемелдеуімен орындалады. Оның неке салтына байланысы орындау ерекшеліктерінен көрініс береді. Яғни нат орындалған кезде екі тарап - орындаушы және тыңдаушылардың болуы шарт.

Ансари өмір сүрген ХІ ғасырда мінәжат кең тараған музыкалық-поэзиялық жанр болған. Кейбір зерттеушілердің пікірінше мінәжат жанрын кәсіби жағынан жетілген, шебер орындаушылар айтқан [11, 243].

Сопылыққа қатысты сөздіктерге жүгінер болсақ, «мәніжат» дегеніміз – Аллаға құпия түрде сыйыну, өз ой-армандарының жүзеге асатынына сенім арту болып шығады. Иран ғалымы М.Баркешлидің анықтауынша, мінәжаттың ізі Иран емес, Орталық Азия халықтарында көбірек байқалатын болған. Зерттеуші О.А. Сухарева



мінажат жанры соңғы ғасырларда шамандар ортасында кең тараған дейді [12]. Тәжік ғалымы О.Мурадов минажат жанрының тәжік шамандарында кездесетінін жазған.

Сопылық дүниетанымды зерттеген ғалымдар музыка тыңдаудың (само) адамға ғана емес, оның денесіне де әсер ететінін жазған. Минажат аты-шулы он екі мақамның дохақ тармағымен орындалған. Осының өзі орта ғасырларда Орталық Азия аймағында туған музыкалық жанрлардың сопылық көзқарас аясында қалыптасқанын аңғартады.

Сопылық сенім аясында орындалатын нат жанры туралы Е.С. Федорова да пікірлер қалдырған [13]. Зерттеушілердің көрсетуінше *нат* жанрының басты ерекшелігі – біркелкі орындалуында. Осы белгісі оларды эпос айтушыларына жақындатады. Өзбек әдебиетінің классигі Әлішер Науаи поэзиясында, мысалы, нат үлгілері жиі кездеседі. Бірақ ол бұл жанрды өзімен замандас ел билеушілерді мадақтау мақсатында қолданбаған. Сопылар көне музыкалық дәстүрлерді ән-әуендерді сүйемелдеу үдерісін жетілдіру үшін қолданған деуге болады.

Сопылық дүниетаным аясында қалыптасқан келесі жанр – мадақтау, яки маддо. Бұл жанр тәжік, кейінгі қазақ мәдениетінен де кездеседі. Оны ертеде ер адамдардан құралатын шағын ансамбль орындаған. Мазмұны діни сипаттағы газел, меснеуи, рубаи, бәйіт болып отырады. Мадақтауды дәруіштер орындаған. Әдеби-поэзиялық мәтін ретінде Ахмет Ясауи, т. б. орта ғасыр ақындарының өлеңдерін қолданған.

Мадақ – көпшілік жанр. Орта ғасыр жағдайында ірі базар мен көпшілік алаңдарда орындалған. Оның гирья, йиги, мәрсия сияқты музыкалық жанрлары негізінен тыңдаушыларға бағышталған.

Орталық Азиядағы сопылық музыка туралы пікір қалдырған зерттеушілер Адам атаның алғашқы әнін раст мақамында орындалғанын жазады. Енді бір деректерде Адам атаның орындағаны гирья – жоқтау делінеді. Бохарзи гирьяның үш түрлі жағдайда орындалатынын жазып көрсеткен: мақсатқа ұмтылудан, қорқыныштан және қуаныштан.

Лондон университеті жанындағы SOAS ғылыми қызметкері Разия Султанова өзінің «Yassavi zikr in twenty-first century Central asia: sound, place and authenticity» атты мақаласында өзбек (Андижан) пен қазақ (Түркістан) жеріндегі сопылық музыка көріністерін тілге тиек етіп, ХХІ ғасыр жағдайындағы Түркістанда зікір салушылардың бар екенін жазған [14].

Жалпы сопылық дүниетаным аясында қалыптасқан музыкалық жанрларды былайша жинақтауға болар еді:

Үшшақ – ғашықтар мақамы.

Раст - 12 мақамның басында тұратын көне сарын.

Само – музыка тыңдау.

Гирья – жоқтау, көне сарын.

Минажат – құпия әңгіме, тәубеге келу.

Мәрсия – қаралы жоқтау, ХVІ ғасырда туған.

Бұл аталған музыкалық жанрлардың көпшілігі исламға дейінгі кезеңде байқалмайды. Мысалы, гирья Мәуереннаһр аймағында Адам ата бейнесімен байланысты туған. Ал наурыз, шаһноз, аджам сияқты ән салу дәстүрлері исламнан әріден бастау алады.

Сопылар тәжірибесіндегі музыка мен поэзияның орны ерекше. Дәл осы екеуі арқылы оның мистикалық мазмұны көпшілікке жеткізілген. Әр кездері сопылық діни, этикалық және философиялық қызмет атқарып, дүниетамын жүйесін білдірген. Орта ғасыр ақындары мен музыка орындаушыларының көркем ойлау жүйесіне ықпалын тигізген. Осы және басқа да мәселелерді зерттеуші А.К. Шаяхметова өз еңбегіне арқау еткен [15].

